

1. ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ ҰҒЫМЫ, ПӘНІ, ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛЕРІ

1.1. Қылмыстық-атқару құқығы нормалары ұғымы мен мазмұны

Қылмыстық-атқару құқығы өз алдына бөлек сала және тұтастай жүйелі құқықтық құрылым ретінде, өзінің құрылымына қарай қылмыстық-атқарушы құқықтық қатынастардың субъектілері мен қатысушыларының тиісті тәртіп үлгісін анықтайтын әртектес нұсқамалардан тұрады. Осыған орай, *қылмыстық-атқару құқығы нормалары деп қылмыстық жазаны атқару немесе өтеу барысында қоғамдық қатынастардың араласуынан туындайтын тиісті тәртіп үлгісін тануға болады.* Норма – құқықтың құрылымдық элементтерінің бірі, ал құқық нормаларын қабылдау іс жүргізуде және жазаны атқару мен өтеуге байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттеуші құрал ретінде қызмет етеді.

Сөйтіп, *қылмыстық-атқару құқығының нормасы дегеніміз – субъектілер мен қатысушылардың (қылмыстық жазаны атқаратын мемлекеттік органдар, мекемелер, қоғамдық қауымдастықтар, лауазымды адамдар, сотталғандар және өзге де азаматтар) қылмыстық жазаны атқару не өтеу кезіндегі тиісті тәртіп үлгісі.*

Қылмыстық-атқару құқығының нормалары қылмыстық жазаны атқару, өтеу кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, осыған байланысты осы құқықтық қатынастардың субъектілерінің, қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Бұл құқықтар мен міндеттер субъектілердің жазаны атқару (өтеу) және түзету арқылы әсер ету шараларын қолдану жөніндегі қызметін белгілейді.

Норма құқық саласының негізгі элементтерін көрсетеді және оның бастапқы деңгейі болып табылады. Белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар кешені (мысалы, бас бостандығынан айыруды, түзеу жұмыстарын, қамауға алуды өтеу, жазасын өтеуден босату және басқалар кезінде туындаған) тиісті бір қылмыстық-атқару құқығын тудырады және ол құқықтың осы саласының екінші деңгейі болып табылады. Ал құқық саласының өзі болса түрлі институттардан тұратын оның құрылымының үшінші бір, жоғары деңгейін қалыптастырады. Өз кезегінде, құқық институттары мемлекеттің құқық қалыптастырушылық қызметі үшін елеулі маңызы бар құқықтық реттеуші объектіні нақты анықтауға қол жеткізеді.

Өзінің мәніне, ішкі мазмұнына қарай құқықтық норма екі жақты – өкілетті міндеттеуші – сипатқа ие болады. Егер құқық нормаларының іске асуы салдарынан құқық қатынастары субъектілерінің әлде бірінде субъективті құқық пайда болған болса, онда басқа да субъекті де сондай тиісті міндеттер пайда болады. Мысалы, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталған адам жақын туыстарымен ұзақ немесе қысқа уақыттық кездесуге ие болады (ҚР ҚАК 117-бабы). Басқа жағынан түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғандардың мұндай құқығының орындалуына мүмкіндік

жасап қана қоймай, бұл кездесуге толығымен рұқсат етіп, тиісті мәнде ұзақ уақыттық, сондай-ақ қысқа уақыттық кездесу өткізетін орын белгілеп, оны тиісінше жабдықтап қоюға тиіс.

Ал өз жағынан сотталған адам жаза өтеудің белгіленген тәртіптерін бұлжытпай орындауға міндетті. Оның күзетілетін объекті шебін бұзуға немесе түзеу мекемесінің аумағынан шығуына, ұтыс тігіп немесе басқа да пайда көздеп карта және өзге де құмар ойындар ойнауға тыйым салынады. Мұндай жағдайлар бола қалғанда әкімшіліктің міндеті мен құқығы тәртіп бұзушылықтың жолын кесу мақсатында тиісті шаралар қолдану, тіпті қару қолдануға дейін баруға болады.

Қылмыстық-атқару құқығының нормаларын материалдық және процессуальдық деп жіктеуге болады. Материалдық нормалар тәртіптік ережелердің мазмұнын белгілейді (мысалы, ҚР ҚАК 77-бабы – Түзеу мекемелеріндегі тәртіптің негізгі талаптары – тәртіпті, оның талаптарын сақтауды білдіреді; ҚР ҚАК 69-бабы – Түзеу мекемелерінің түрлері және т. б.). Процессуальдық құқық нормалары материалдық құқықты жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін реттейді (мысалы, ҚР ҚАК 91-бабы бас бостандығынан айыруға сотталғандардың айдауылсыз немесе айдауылмен жүріп-тұру мүмкіндігін белгілейді. Бұл – құқықтың процессуальдық нормасы).

Тәртіптік ережелердің белгілену сипатына қарай Қылмыстық-атқару құқығының нормалары реттеуші, көтермелеуші және қорғаушы болып бөлінеді.

РЕТТЕУШІ нормалар қылмыстық-атқару құқығы қатынастары субъектілері мен қатысушыларының құқығы мен міндеттерін белгілейді. Олардың өзі міндеттеуші, құқық жүргізуші және тыйым салушы болып бөлінеді.

Міндеттеуші нормалар құқық қатынастары субъектілеріне тиісті талаптарды белгілейді, қалыптастырады, мысалы, ҚР ҚАК (Айыппұл салу түріндегі жазаны орындау тәртібі) 22-бабының 1-бөлігі сотталушы үкім заңды күшіне енген соң бір айдан кешіктірмей айыппұл төлеуге міндетті екендігін; (Қоғамдық жұмысқа тартылған сотталғандардың жазасын атқару шарттары: 31-бабының 1-бөлігі сотталғандар жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен ережелерін сақтауы, еңбекке адал қарауға; өздеріне бөлінген объектілерде жұмыс істеуге және сот белгілеген қоғамдық жұмыстардың мерзімін атқаруға; тұрғылықты жерінің өзгергені туралы қылмыстық-атқару инспекциясына хабарлап отыруға міндетті екендігін көрсетеді.

Құқық жүргізуші нормалар заңмен белгіленген тәртіп шеңберінде субъектілерге таңдап алу жолын береді. Мысалы, ҚР ҚАК (Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды тергеушілік оқшаулау орнында немесе түрмеде қалдыру) 72-бабының 1-бөлігі жазасын өтеу жалпы режимдегі түзеу колониясына тағайындалған, бес жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдар ерекше жағдайларда өздерінің келісімімен шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін тергеушілік оқшаулау орнында немесе түрмеде қалдыру мүмкіндігін қарастырады.

Тыйым салушы нормалар қылмыстық-атқару заңына сәйкес, құқыққа қайшы, құқық бұзушылық ретінде бағаланатын белгілі бір әрекетті орындаудан бас тартқан субъектілерге қатысты белгеленеді. Мысалы, Түзеу мекеме-

лерінің ішкі тәртіп ережелерінің 18-параграфының 3-бөлігі тергеу мекемелерінде ұстаудағы сотталғандар арасындағы телефонмен сөйлесуге тыйым салатынын; ҚР ҚАК (Колония-қоныстарда бас бостандығынан айыруды өтеудің жағдайлары) 125-бабының 2-бөлігі сотталғандарға тізбесі түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерімен белгіленген нәрселер мен заттарды жатақханаларға әкелуге пайдалануға және жатақханада сақтауға тыйым салынатынын білдіреді.

КӨТЕРМЕЛЕУШІ нормалар қылмыстық-атқару құқығындағы бұл нормаар құқыққа сай мінез-құллық танытатын сотталғандарды көтермелеуге баыталған. Мысалы, ҚР ҚАК (Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қоданылатын көтермелеу шаралары) 109-бабының 1-бөлігі сотталғандарға жақы мінез-құлқы, еңбекке, оқуға адал қарағаны, өзіне-өзі қызмет ету ұйымдарының жұмысына және тәрбие шараларына белсене қатысқаны үшін:

- алғыс жариялау;
- сыйлықпен марапаттау;
- сыйақы беру;
- қосымша посылка немесе сәлемдеме алуға рұқсат беру;
- телефон арқылы қосымша сөйлесуға рұқсат беру;
- қосымша қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді кездесуге рұқсат беру;
- мереке күндері тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомада қосымша ақша жұмсауға рұқсат беру;
- бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алып тастау сияқты көтермелеу шаралары қолданылуы мүмкін екендігін; 4-бөлігі өзінің түзелгенін дәлелдеген сотталғандар жазаны өтеудің шартты мерзімінен бұрын босатуға ұсынылуы, сондай-ақ жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыруға ұсынылуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Бұл нормалардың ерекшелігі құқық лауызымды адамдардың қайткенде де сотталғандарды көтермелеуін міндеттемейді.

ҚОРҒАУШЫ нормалар өзінің мазмұнына қарай бұл нормалар жазаны атқару немесе өтеу кезінде туындай қалған құқықтық қатынастарды қорғауды қамтамасыз етуге жұмылдырылады. Мысалы, ҚР ҚАК (Сотталғандардың жеке басының қауіпсіздігіне құқығы) 11-бабының 1-бөлігі – Сотталғандардың және басқа адамдардың тарапынан сотталушының жеке басына қарсы қылмыс жасау қаупі туындаған кезде ол қамау, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқарушы мекеменің кез келген лауазымды адамына өзін мұндай қатер жоқ қауіпсіз орынға ауыстыру туралы өтініш жасауға құқылы. Бұл жағдайда лауазымды адам сотталушыны қауіпсіз орынға ауыстыру жөнінде дереу шаралар қолдануға міндетті; ҚР ҚАК (Сотталғандардың ар-ождан бостандығын қамтамсыз ету) 12-бабының 3-бөлігі ерекше режимдегі колониялардың карцерлерінде, жалғыз адамдық камераларында, айыптық және тәртіптік оқшаулау орындарында, сондай-ақ камералық үлгідегі үй-жайларда ұсталатын сотталғандарға діни қызметшілер жіберіледі, бұл орайда олардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарт екендігін; (Қауіпсіздік шаралары және оларды қолдану негіздері) 81-

бабының 3-бөлігі өміріне нақты қатер төнгені туралы деректер түскен сотталушылардың сазайын тартырудан қорғау қажет болған жағдайда мұндай адамдарды жалпы негіздерде бір айға дейінгі мерзімде жеке камераларда ұстауға рұқсат етілетіндігін айтады.

Кез келген құқық нормалары сияқты қылмыстық-атқару құқығының нормалары да құрылымына қарай гипотезадан, диспозициядан және санкциядан тұрады.

Гипотеза белгілі бір норма шарттарының қолданылу мүмкіндігін көрсетеді. Қылмыстық-атқару құқығында ол әдетте, заң тарауларының немесе баптардың атауларынан көрініп тұрады.

Нормалар диспозициясы – субъектілерге бөлініп берілген құқықтар және сол құқықтармен жүзеге асырылатын міндеттер арқылы тәртіп ережелерін бейнелейтін баптың бөлігі.

Баптардың санкциясы – бұл белгіленген тәртіп ережелері бұзыла қалған жағдайда пайда болатын теріс зардаптар.

Қылмыстық-атқару құқығы нормаларының ерекшеліктері олардың императивтік (биліктік) сипатқа ие болуы болып табылады. Көптеген құқық нормаларында гипотезе болмайды, ал диспозиция тұрақты түрде болады. Көптеген нормалар жүзеге асырылады, яғни гипотеза мен санкция нақты бір норманың шегіне енеді.

Қылмыстық-атқару құқығының нормалары нақты бір жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын белгілей отырып, жазаны атқару немесе өтеу барысында туындаған қоғамдық қатынастарды мемлекет мүддесіне қарай реттеп, оған құқықтық қатынас сипатын береді.

Қылмыстық-атқару құқық қатынастары құқық қатынастарының өзге түрлерінен ерекшеленіп, сот үкімімен анықталған біршама ұзаққа созылатын сипатқа, нақты әрекет ету мерзіміне ие болады. Сонымен бірге олар тек қана қылмыстық жазаны орындайтын тиісті мемлекеттік органдары мен қылмыстық жазамен сотталған адамдар сияқты субъектілері бойынша ерекшеленеді. Бұл жерде осы құқықтық қатынастардағы субъектілердің жағдайлары олардың теңдігіне емес, сотталғандардың жазаны атқарушы органдарға бағыныштылығына негізделеді.

Осыдан келіп, **қылмыстық-атқару құқық қатынастары** – мемлекет атынан әрекет ететін тисті органдар мен сотталғандардың арасындағы қылмыстық-атқару құқығы нормаларымен реттелеген жазаны атқару немесе өтеу жөніндегі және соған байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар деп айтуға болады.

1.2. Қылмыстық-атқару құқығы – құқықтың дербес саласы. Қылмыстық-атқару құқығының қағидалары

Қылмыстық жазаны орындау заңда бекітілген қолданылатын жаза түрлерінің тізімі бойынша жазалау қажеттігіне ғана емес, сол жазаның мақсатына, оның мазмұнына, сондай-ақ жазаның өзінің орындалуына байланысты. Саяси талаптар Қазақстан Республикасы Конституциясындағы ресми мәлімделген қылмыстық жазаны атқару саласының негізгі қағидаларын, қызмет бағыттарын, мемлекет стратегиясын қамтамасыз етуден, сондай-ақ сотталғандарды тузеудің ғылыми негізделген нормалары мен әдістерін, жазаны атқару кезіндегі сотталғандармен қарым-қатынас ережелерін қамтамсыз етуден туындайды.

Мемлекет қызметінің бағыты ретіндегі жазаны атқару, өз кезегінде арнайы құқықтық реттеуді, сондай-ақ құқықтың өз алдына бөлек, дербес саласының құрылуын және болуын талап етеді. Құқықтың дербес саласының белгілері болып мыналар саналады: өзіне тән құқықтық реттелетін нәрсесінің; құқықтық реттеудің әдістері мен құқықтық нормалардың өзіне тән жүйесінің болуы. Бұл белгілердің бәрі де толық көлемінде қылмыстық-атқару құқығына да тән.

Қылмыстық-атқару құқығын құқықтық реттеудің нәрсесі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қарастырылған қылмыстық жазалардың барлық түрін атқару (өтеу) болып танылады. Жазаны орындау соны атқару міндеттері жүктелген мекеме, кәсіпорын мен ұйымдардың әкімшіліктерімен ғана жүзеге асырылып қоймай, жекелеген азаматтардың, қоғамдық ұйымдардың да әрекеттерімен жүзеге асырылады. Осыған байланысты қылмыстық-атқару құқығын құқықтық реттеу нәрсесі қоғамдық қатынастар деп те айтуға болады.

Жазаны атқару мемлекеттік мәжбүрлеу түріндегі қылмыстық-құқықтық шара болып саналатындықтан және осыған орай құқықтық қатынас субъектілерін атақаратын қызметіне орай теңестіруге болмайтындықтан оның негізгі әдісі императивтік (императивтік – әміршілдік, сөзсіз бағынуды талап ететін) әдіс болып табылады. Құқықтың өзге де салалары сияқты қылмыстық-атқару құқығы да жазаны атқару мен өтеуге байланысы бар қатынастарды реттейтін өзінің нормалар жүйесіне ие болған. Шындығына келгенде айта кету керек, қылмыстық-атқару құқығының құқықтың басқа да салаларынан (қылмыстық, еңбек, азаматтық және де басқа заңдардан) алған нормалары да бар. Олар қолдану барысында осы салаға қарай бейімделіп, мазмұнын өзгертіп, етене араласып та кетті.

Қылмыстық-атқару құқығы құқықтың өзге де барлық дерлік салаларымен тығыз байланысып, етене араласып кеткен деп айттық қой. Міне, осыған байланысты ол басқалармен бірігіп құқықтың кешенді салаларын құрайды. Атап айтқанда: қылмыстық іс жүргізу құқығымен – үкімді орындау, мерзімінен бұрын немесе ауруына байланысты босату мәселелерін реттеуде; әкімшілік құқықпен – мекемелерді басқару саласында; еңбек құқығымен – сотталғандарды еңбекке тарту және олардың еңбегіне ақы төлеу мәселелерін шешкен-

де, азаматтық, отбасылық, қаржы, авторлық және басқа да құқық салаларымен тиісті мәселелерді шешкенде қоян-қолтық араласады.

Қылмыстық-атқару құқығының қағидалары

Мемлекет пен құқықтың жалпы теориясы тұрғысынан алғанда, қағидалар құқықтың жетекші идеяларын, негізгі ережелері мен дербес құқықтық жүйе құру үшін ғана емес, құқықтық нормаларды жүзеге асыратын бастауларды көрсетеді.

Қылмыстық-атқару құқығының қағидалары құқықтың жалпы қағидаларынан және қылмыстылыққа қарсы күреске байланысты құқық салаларының қағидаларынан орын алады.

Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамаларының құқықтық қағидаларының негізіне 1948 жылғы адам құқығының жалпыға бірдей декларациясымен; БҰҰ Бас Ассамблеясының 1988 жылғы 9-желтоқсандағы 43/173 қарарымен бекітілген қандайда болмасын жолмен ұстауға немесе қамауға алынған барлық адамдарды қорғау қағидаларының Жинағы және басқа да сол сияқты халықаралық түрлі актілермен айғақталатын жалпы адамзаттық құндылық жатады.

ҚР ҚАК 6-бабы мына төмендегі қағидаларға негізделген ережелерді бекітеді:

- заңдылық,
- әркімнің заң алдындағы теңдігі;
- гуманизм;
- демократизм мен жариялылық;
- жазаны атқаруды бөлектеу мен жекелеу;
- жазаны түзеу әсерімен байланыстыру.

Қазақстан Республикасы Конституциясы мен халықаралық құқықтық актілер сотталғандармен қарым-қатынас қағидаларын қарастырады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 38-бабының 2-бөлігі жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді. Осы сияқты қылмыстық жазаны атқару заңда көрсетілгеннен басқа мақсатты бетке ұстамайды, ал жазаны орындау ісінің өзі Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген шеңберде жүргізілуі тиіс. Сонымен бірге ҚР ҚК 39-бабында көрсетілген қылмыстық жаза түрлері жеткілікті тізім саналады және қылмыс жасағаны үшін сот бұдан артық басқа жаза қолдана алмайды, осында көрсетілген қылмыстық жазаларды атқару Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексімен реттелген, ол бас бостандығынан айыру орындары әкімшіліктері мен жазаны атқару органдарының құқықтарын белгілеп қана қоймайды, сонымен қатар әртүрлі жағдайдағы заңның қолдналу шеңберін нақты белгілеп, жазасын өтеушілердің құқықтық жағдайларын, әкімшіліктің қызметіне бақылау жасаудың жолдарын және жазаны атқару заңдылығының қағидаларына жата-

тын басқа да ережелерді анықтайды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында мемлекет азаматтарының заң мен сот алдында бәрі тең делінсе, Конституцияның 12-бабы осы қағиданы күшейте түсіп, адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдақ имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс дейді.

Қылмыстық-атқару құқығының гуманизм қағидасы еліміздің заңнамаларында ғана емес, адам құқықтары және сотталғандармен тіл табысу туралы көптеген халықаралық актілерден көрініс тапқан. Атап айтқанда, Азаматтық құқық туралы халықаралық пактісінің 10-бабында мұндай қағида мынадай мазмұнда қалыптасқан: «Бас бостандығынан айырылған адамдардың бәрінің де өздеріне адамзаттық тұлғаларға лайықты гуманистік көзқараспен қаралуына және абыройының құрметтелуіне құқысы бар». Сотталғандардың мүмкіндіктерінің шектелуі мен қылмыстық-атқару жүйесінің лауазымды адамдарына тәуелділігі ескеріле отырып, сотталғандарға қатысты гуманизм кез келген жағдайда оларға қатысты әдепті қараумен, мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін шешуге көңіл аударумен, уақытында және толық мәнде дәрігерлік, заңгерлік, өзге де көмектер көрсетумен, жазасын өтеуден бостандық алып шыққан соң жұмысқа орналасу мәселесін шешуге араласумен көрінуі тиіс.

Қылмыстық жазаның мақсатына жетіп, кері ықпалын тигізбеуін ескерту үшін заң мәні түрлі санаттағы сотталғандардың бұрынғы жасаған қылмыстарының ауырлық дәрежесіне, бұрын сотталғандығына мен қылмыстық әрекеттерін, сондай-ақ мінез-құлқына келіп саятын жазаны атқарудың бәріне бірдей болуы мен жеке өзіне сайықтау қағидасын қолдануды қарастырады.

Сотталған адамның жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқына байланысты әрбір сотталған адамның түзелу дәрежесі, қоғамдық еңбекке араласуы жеке-жеке бағаланады және заң осыған байланысты жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босату, жағдайы жақсартылған орынға ауыстыру немесе теріс тәртібі үшін режимдік шектеуді күшейтуді қолдану мүмкіндіктерін қарастырады.

Сотталған адамның жазасын түзеу ықпалымен байланыстыру қағидасы Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексіндегі түзеу құралдарын қолдану туралы ережеге сәйкес, жазаның түрін, жасалған қылмыстың сипатын, қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінә нысаны мен себептерін, сотталушының жеке басы мен мінез-құлқын ескере отырып жүзеге асырылады (ҚР ҚАК 7-б).

Түйіндей келгенде, мынадай қорытынды жасауға болады: қылмыстық-атқару құқығының қағидалары жалпы, салааралық, салалық және институциональдық құқықтық болып бөлінеді.

Жалпы құқықтық: заңдылық, гуманизм, демократизм.

Салааралық құқықтық: әділеттілік пен жазаның болмау қалушылығы, азаматтардың заң мен сот алдындағы бірдей теңдігі.

Салалық құқықтық: жазаны және оның атқарылуын теңестіру мен жеке өзіне лайықтау, жазаны түзеу ықпалымен байданыстыру; жазаны атқаруға қоғамның қатыстырылуы.

Институциональдық құқықтық: әртүрлі санаттағы сотталғандарды бөлек ұстау, жазаны бір ғана мекемеде өтеп шығу.

1.3. Қылмыстық жазаны атқару саласындағы мемлекеттің саясаты және оның қылмыстылықпен күрес саласындағы алатын орны

Әлеуметтік мақсатқа жету үшін мемлекет Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабының 1-бөлігіне сәйкес Ел Президентімен анықталатын белгілі бір саясатты басшылыққа алады. Ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып саналатын ең жоғары лауазымды тұлға айқындайтындықтан біртұтас болып табылады. Мемлекеттің саясаты қоғамдық және мемлекеттік өмірдің экономикалық, әлеуметтік, ұлттық, мәдени, әскери, қорғаныс, қауіпсіздік, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыстылықпен күрес сияқты салаларынан айқындалып көрінеді.

Мемлекет саясатының жалпы бағыттарының бірі еліміздегі қылмыстылықпен күрес, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясат болып табылады. Осы бағыттағы мемлекет саясатының негізгі ережелерін жасауды Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабы Қазақстан Республикасының үкіметіне жүктейді.

Қылмыстылықпен күрес саласындағы саясат негізгі бағыттарды, міндеттерді, қағидаларды, нормаларды қылмыстылықтың жай-күйіне мемлекеттік бақылау жасаудың әдістерін анықтайды. Ол міндетті түрде Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды құқықтары мен мүдделерін түрлі қол сұғушылықтардан қорғауы тиіс.

Қылмыстық жазаны атқару саласындағы саясат туралы айтқанда, содан туындап және көпсалалы жоспарлы құбылыс болып саналатындықтан, оның қылмыстық саясатпен тығыз байланысты екендігін атап өткен жөн (оны шартты түрде қылмыстылықтың алдын аду саласындағы саясат, қылмыстық-құқықтық саясат, қылмыстық-атқару саясаты, қылмыстық іс жүргізу саясаты деп солайша бөлуге болады).

Қылмыстық саясат қылмыстылықпен күрестің түрлі нысандарын қамтып және әлеуметтік саясат бағыттарының бірі болып танылады. Қылмыстық саясат қылмыстылықпен күрестің негізгі бағыттарын, осы күресті жүргізуге шақырылған мемлекеттік органдардың нормаларын, әдістерін, міндеттері мен мазмұнын анықтайды. Ол қылмыстық заңдылықтың мазмұнын ең бастысы қылмыстық жауаптылық, оның негіздеріндегі, жауаптылықты теңестіру мен белгілі біреуге артудағы, қылмысқа жататындығы және жатпайтын мәселелерді шешуді, қылмыстық жазаның мақсатын, жүйесі мен түрлерін, олардың мазмұнын анықтайды, сондай-ақ жазадан босату мүмкіндігі мен негізін белгілейді.

Мемлекет саясаты қылмыстық жазаны атқару саласында оның мақсаты мен қағидаларын, жазаны атқару саласындағы мемлекеттік қызметтің стратегиясы мен бағыттарын, негізгі нысандары мен әдістерін белгілеп береді.

Қылмыстық жазаны атқару саласындағы саясаттың нысандары мен әдістері, оның дамуы мен қалыптасуы түрлі әлеуметтік факторлар – қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық хал-ахуалына, қоғамдағы адамгершілік құндылықтарына, құқықтық таным деңгейіне, қылмыстылыққа және оның қозғалысына, әрекеті мен қоғамдағы адам құқықтарының, әсіресе, адам құқықтары мен сотталғандарға қарау туралы халықаралық актілердің талаптарының сақталуын бақылайтын ұйымдарға әсер етуіне тікелей байланысты.

Қылмыстық жазаны атқару саласында заң ғылымдарының даму деңгейінің айтарлықтай маңызы бар.

Әлеуметтік қатынастардың түрлі-түрлі олардың масаты мен міндеттері бір деп айтуға болады. Оған Қазақстан Республикасының Конституциясындағы мазмұны жағынан өте жақын әрі ұқсас қағидаларды айғақ етуге болады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабында: «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға. Оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» делінсе, 14-бабында: «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-на, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» делінген.

Қылмыстық жазаны атқару саласы мен мемлекеттің саясаты бір-бірімен өзара тығыз байланыста және сондығынан олар бір-біріне өзара әсер етеді. Бұл әсіресе жаза жүйесінің кйбір жекелеген түрлеріне, нақты бір жазаның мазмұны мен оны тағайындау тәжірибесіне байланысты.

Қылмыстық жазаны атқару саласындағы мемлекеттің саясаты, әсіресе қылмыстық-атқару заңдылықтарды түрлі жолдармен жүзеге асырылады. Қазіргі кезде ол Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде, сондай-ақ түрлі заң актілерінде – Қазақстан Республикасы Үкіметінің жазаны атқаруға байланысты мәселелер жөніндегі қаулыларында, Президенттің жазаны өтеу мен одан босатуға қатысты Жарғыларында бекітілген. Қылмыстық жазаны атқару саласындағы мемлекеттің саясатын жүзеге асыру мен орындау оларды орындау жөніндегі өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп Ережелері, бұйрықтар мен өкімдер); Қазақстан Республикасы соттарының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Пленумының қаулылары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 1997 жылғы 18-желтоқсандағы №2-2/117 бұйрығымен бекітілген «Атқарушылық өндірісі туралы Нұсқауы», сондай-ақ мекемелер мен органдардың қылмыстық жазаны атқаруының заңмен қарастырылған қызметтерінен байқалады.

Сөйтіп, қылмыстық жазаны атқару саясаты жүзеге асырылуы түрлі мемлекеттік органдарға (соттарға, Ішкі істер мен Әділет, Қорғаныс министрліктері, прокуратура органдарына және басқаларға) жүктелетін қылмыстылықты

ескерту және онымен күрес жолындағы мемлекеттік жалпы саясаттың жеке бір бағыты болып табылады.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
4. Бюллетень нормативно-правовых актов, официальное издание Министерства юстиции Республики Казахстан № 7-8 2002 г.
5. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының өсуі: Ел Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 1997. 11-қазан
6. Уголовно-исполнительное право. – М.; 1996.
7. Уголовно-исполнительное право России. – М.; 1997.
8. Исправительно-трудовое право. – М., 1989.
9. **Стручков Н. А.** Курс исправительно-трудового права. Проблемы Общей части. – М.; 1984.
10. **Стручков Н. А.** Курс исправительно-трудового права. Проблемы Особенной части. – М.; 1984.
11. **Бажанов О. И.** Лекции по исполнительно-трудовому праву. – Минск, 1980.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЗАҢНАМАСЫ

2.1. Қылмыстық-атқару заңнамасы ұғымы, мазмұны, міндеттері, нысандары мен қайнар-көздері

Құқықтың жалпы теориясында қандайда болмасын заңдылықтар саласын кең және тар мағынада түсіну жолға қойылған. Заңдылықтар саласын тар мағынада түсіну деп белгілі бір жағдайға қатысты қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекеттің заңдар жиынтығын тануға болады. Осыған орай, қылмыстық-атқару заңнамалары деп жазаны атқаруға (өтеуге) қатысты және сотталушыларға түзеу ықпалының шараларын қолдану барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар жүйесін айтуға болады.

КСРО тарағаннан кейін қылмыстық-атқару заңдылығы елеулі өзгерістерге ұшырады. Оның жүйесінен Еңбекпен түзеу заңнамаларының негіздері, сондай-ақ жазаны атқаруды реттейтін кейбір одақтық заңдар алынып тасталды. Бүгінде қазақстандық заңдылықтары жазаны атқарудың (өтеудің) тәртібін реттеуге жұмылдырылған өзінің заңдар жүйесін құраған. Қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнама Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінен тұрады. Қылмыстық-атқару заңнамалары жүйесіне сондай-ақ Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15-шілдедегі «Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңын жатқызуға болады.

Сөйтіп, тар мағынада қылмыстық-атқару заңнамалары деп жазаны атқаруға (өтеуге) қатысты және сотталушыларға түзеу ықпалының шараларын қолдану барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар жүйесін айтуға болады.

Кең мағынада қылмыстық-атқару заңнамаларын түсіну – сотталушыларға, сондай-ақ қылмыстық жазаны атқаратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына арналған заңның түрлі ережелерін, мысалы белгілі бір жазаны атқарудың нұсқауын, түзеу мекемелерінің ішкі тәртібін және басқаларды нақтылайтын ережелерді анықтап беретін тұрақты қажеттілік. Осындай мән-жайларға байланысты, кең мағынадағы қылмыстық-атқару заңнамасының саласы деп кең мағынада жазаны атқару (өтеу) барысында пайда болатын, өзгертін және қысқартылатын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік актілердің (заңдар мен заң актілері) бүкіл жиынтығы қатысты және сотталушыларға ықпал ету арқылы түзеу шараларын қолдану барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар жүйесін түсінуге болады. ҚР ҚАК 1-бабы Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңдары Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарынан, сондай-ақ жазаны және сотталғандарға қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқару мен өтеудің тәртібін және жағдайын белгілейтін нормативтік актілерден тұратынын айғақтайды.

Қылмыстық-атқару заңнамаларының міндеттері ҚР ҚАК 2-бабында әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасаудың алдын алу екендігі айтылған.

Осы айтылған мақсаттарға сәйкес, қылмыстық-атқару заңнамалары өзінің алдына жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын реттеу, сотталғандарды түзету құралдарын, олардың құқықтырын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсету міндеттерін қояды.

Заңмен қалыптастырылған міндеттер қылмыстық жазаны атқарушы мекемелердің және органдардың өзімен реттеледі. Өз кезегінде жазаны атқару – қылмыстылыққа қарсы күрес жолындағы маңызды кезеңдердің бірі. Түзеу мекемелерінің жүйелері жұмысты қалай істесе, қылмыстылықпен күрес жүргізуші мемлекеттік буындардың іс нәтижелері де соған байланысты болады. Қылмыстық-атқару заңнамалары – жазаның алдында тұрған мақсатқа жетудің құқықтық жұмыс бағдарламасы сонымен бірге, бірыңғай қағидалармен құрылған және тиісті мақсатқа жету үшін қызмет ететін құқықтық кешеннің (қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару құқықтары) бірыңғай құрамдас бөлігі болып танылады. Қылмыстық құқық нормалары қылмыстық жауаптылықтың негіздемелері мен шегін белгілесе, ал құқықтық-атқару құқығының нормалары сот тағайындаған жазалардың жүзеге асыру, атқару тәртібін белгілейді. Сот қылмыстық құқық нормалары негізінде жаза тағайындаса, ал жазаны атқарушы органдар мен мекемелер қылмыстық-атқару құқығының нормаларына сүйенеді.

Құқықтың өзге де барлық салалары сияқты қылмыстық-атқару заңнамаларының негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы құрап, ол қылмыстық-атқару құқығының басты қайнар-көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі Парламентпен қабылданып және 1997 жылдың 13-желтоқсанында Президентпен бекітілген.

Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару кодексінің қайнар-көздерінің қатарына сонымен бірге Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15-шілдеде қабылданған «Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдарға әкімшілік қадағалу жүргізу туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулылары жатады.

Ең соңында қылмыстық-атқару кодексінің қайнар-көздерінің қатарына сонымен бірге Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларын жатқызуға болады.

2.2. Қазақстан Республикасының Конституциясы — қылмыстық-атқару құқығының қайнар-көздері

Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей, демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет құру міндеттері азаматтардың ең негізгі конституциялық құқықтары мен бостандықтары мүмкіндіктерінің құқықтық кепілдемелерін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Конституциялық құқық пен бостандық мазмұнын дұрыс түсіне білу оның ескірген және қайшы келетін нормативтік актілерді жоққа шығару жағдайындағы қазіргі заңдылықтармен кепілдеме беруіне қолданыстағы және жаңадан қабылданған заң актілерінің қолданылуын байланысты.

Қылмыстық-атқару құқығы туралы айтқанда, ең бірінші басқа да құқық салалары сияқты құқықтың осы саласы үшін заңдылық негізі ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы қызмет ететінін ескеруіміз қажет. Конституциялық қағидалардың бірқатары тікелей қылмыстық-атқару заңнамаларының негізгі ережелерін белгілейді. Оған мысал ретінде Конституцияның 12, 15, 18, 22, 29, 33, 44, 54 және басқа да баптарын алуға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен бектілшен ең басты ережелерінің бірі өмір сүру құқығы болып табылады (15-бап): «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңа белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

Құқық қорғау органдарының тәжірибесі мемлекеттің осы бапта көзделген жазаның қолданылуы тегін емес екендігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының әрбір азаматтың табиғат берген құқығына қол сұғушылықты қоғамға сондайлық қауіптілігін ескере отырып, Конституция жазаның ең жоғары түрі тағайындалған адамдарға кешірім жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне ғана берілген. Кешірім жасау шарасы ешқандай реттелмеген, ол жөнінде қылмыстық та, қылмыстық іс жүргізу де, қылмыстық-атқару құқығында да нақты айтылмаған. Бұл – мемлекет атынан білдірілетін гуманизм, мейірімділік, кешірім актісі. Іс жүзінде өлім жазасын қолданудан әлемдік қауымдастықтың 35 елі, соның ішінде бүкіл еуропалық мемлекеттер бас тартып отыр. Дамыған елдер арасынан өлім жазасы Жапонияда және АҚШ-тың 50 штатының 37-інде сақталып отыр.

Ресейде 1993 жылы 157 адам ең жоғарғы жазаға кесілсе¹, 1994 жылы Қазақстанда 47 адамды ату жазасына кесу жөнінде үкім шығарылған. Осылардың арасынан Президент бір адамға кешірім жасады. 1995 жылдың аяғында Қазақстан Республикасында мемлекет атынан 55 қылмыскер өлім жазасына кесілді. Шындығында осылардың барлығы дерлік қасақана кісі өлтіргендер. Тағы да осылардың біреуіне ғана кешірім жасалды. Егеменді Қазақстан КСРО-ның қайта құрылу кезеңіндегіге қарағанда өлім жазасына көбірек кесетін болды. Әрине, содан бері қылмыстылық әлдеқайда өсуде, әлдеқайда қатыгездене, өткірлене түскендіктен мұндай салыстыруды орынды деп те

¹ Гиблое М. Казнить нельзя, помиловать // Аргументы факты. 1975. №7.

айта алмаймыз. Мұндай індет бүкіл ТМД елдерін жегідей жеп барады, солай бола бұрса да көрші Ресейде Қазақстанға қарағанда «мұнараға» кесілгендерге жиірек өмір сыйлайды. Неліктен?²

Бұл жерде, мүмкін, өлім жазасының орнына баламалы түрде өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын енгізуге қаржының тапшылығы қол байлау болып отырған шығар. Расында да мұндай санаттағы қауіпті қылмыскерді берік оқшаулап ұстаудың өзі де аз қаражатты қажет етпейді.

Тергеулік оқшаулығыш бастығы үкімнің заңды күшіне енгені туралы хабар түскен немесе келесі күнінен бастап сотталған адамға өлім жазасының туралы үкімнің заңды күшіне енгені жөнінде хабарлап, сонымен бірге кешірім сұрау құқығы жөнінде және ол жөнінде өтініш білдірудің тәртібін түсіндіруге міндетті.

Сотталған адамның сұрауы бойынша кешірім туралы өтініш жазу жөнінде заңгерлік көмек қажет болған жағдайда сот төрағасының келісімімен оның адвокатпен кездесуіне мүмкіндік жасалады. Сөйтіп, Қазақстан Республикасының әрбір азаматы, қажет болған жағдайда тиісті заңгерлік көмек алуға құқылы болғандықтан ең жоғары қылмыстық жазаға кесілген адам да осындай құқыққа ие болатыны сияқты тағы да бір конституциялық құқық жүзеге асырылады.

Сотталған адамның кешірім туралы өтініші қабылданған күнінен үш күндік мерзімнен кешіктірілмей Президент Аппаратына жіберіледі. Егер жоғары жазаға кесілген адам кешірім сұрау жөнінде өтініш бергісі келмесе немесе жеті тәуліктің ішінде өтініш бермесе, қылмыстық іс жүргізуі заңының белгілеген тәртібі бойынша тергеу оқшаулағышының әкімшілігі кешірім сұраудан бас тартушылық фактісін жоғары тұрған органға аян етіп және сотталушының өтініш беруден бас тартуын анықтап акті жасайды. Актіні тергеулік оқшаулағыш бастығы мен прокурор, қажет бола қалған жағдайда дәрігерді қатыстырып жасайды. Құрастырылған актінің мазмұны үкім кесілген адамға қолын қою апқылы көрсетіліп, актінің өзі жасалған күннен кешіктірілмей үш тәуліктің ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің Аппаратына жөнелтілуі тиіс.

Кешірім сұрау туралы өтініш беруден бас тартқан немесе оны берудің мерзімін өткізіп алған жоғары жазаға кесілген адамға қатысты үкімді орындай Президент Аппаратынан материалды қарау нәтижесі туралы хабар келгенше тоқтатыла тұрады.

Кешірім туралы өтініш қанағаттандырылған жағдайда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты осы жөніндегі Президент Жарлығын үкім шығарған сотқа жібереді, одан әрі ол сотталған адам отырған тергеулік оқшаулағыш бастығына, сондай-ақ кешірім жасау туралы өтініш білдірген адамдарға хабарланады. Өлім жазасына сотталған адамның кешірім жасау туралы өтінішінен бас тарту туралы хабар ҚР Жоғарғы Сотымен атқару үшін үкім шығарған сотқа жіберіледі.

² *Калеева Г.* Отмена смертной казни: индульгенция на убийство? Милосердие? Целесообразность? // Казахстанская правда, 1995. 19-шілде.

Әлемдік тәжірибеде жоғары жазаны атқарудың құқықтық тәртібі өлім жазасы туралы үкімді орындаудың жеті түрлі жолын заң жүзінде бекітті.³

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы әрбір азаматтың еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығын бекітті. Қазақстан Республикасында еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. Олай болса, бас бостандығынан айыруға сотталған адам жазасын өтеп жүрген кезінде еңбек ету бостандығы мен кәсіпті еркін таңдауын жүзеге асыра алмайды, өйткені сотталғанға мұндай құқық берілетін болса, жазаның мәні болмай қалар еді. Мұнымен қоймай еңбек қылмыстық-атқару заңдылығының нормаларына сәйкес, бүгінге дейін тәрбиелік ықпалмен байланысқан жазасын өтеп жатқан сотталған адамды түзеудің негізгі құралдарының бірі саналып келеді. Сонымен бірге қылмыстық-атқару заңдылығы еңбекке деген көзқарасты сотталған адамның түзелу дәрежесін білдіреді деп анықтайды: «Сотталған адамның түзелгендігі туралы қорытынды оның кейінгі кездердегі тәртібіне байланысты емес, түзе мекемесінде жазасын өтеп жатқан барлық уақыт ішіндегі тәртібіне байланысты жасалуы тиіс. Әсіресе, сотталған адамның түзеу мекемесіндегі режимді сақтауы, еңбек пен оқуға көзқарасы, қоғамдық өмірге қатысуы және басқа да жағдайлары ескерілуі тиіс»⁴. Пленум Қаулысының бұл ережесі осы күнге дейін өзінің өміршеңдігін жоғалтқан жоқ деп айтуға болады. Дегенмен, түзеу мекемелерінің көпжылғы қызметінің тәжірибесі түзеу мекемелерінің бүгінгі күнге дейін осы бір ең маңызды деген міндеттердің бірі – сотталғандарды еңбекпен түзеуді тиісті мәнінде жүзеге асыра алмай келе жатқаны жалған емес. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқару жүйесінің өзі сотталғандардың одан әрі кері кетуіне жағдай жасаса⁵, бас бостандығынан айыру орындарының өзі қайталанатын қылмыстардың өнімді фабрикасына айналды. Мұндай фактілер ел басшылары үшін алаңдатушылық тудырып, құқық қорғау органдарының қызметінде қолайсыз жағдай туғызады, ғалымдар мен практиктерден осы теріс құбылыстың себептерін тиянақты талдап, сотталғандарға тәрбиелік ықпал етудің жаңа жолдарын іздестіруді талап етеді. Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы да осындай міндет қояды. Әсіресе сотталғандардың қоғамға жат сана-сезімдерін қайта құруда еңбек пен тәрбиенің атқаратын рөлдерінің арақатынасын жақындату қажет.

Осы уақытқа дейін түзеу мекемелерінің қызметі белгіленген тәрбие жұмыстарының нәтижелерімен және деңгейімен бағаланбай, халық шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі мемлекеттік өндірістік жоспарларды орындау нәтижесімен бағаланып келгені жасырын емес. Бұл заңда жазылған тәрбиелік бағыттағы мақсаттар (түзеу мен қайта тәрбиелеу) шын мәнінде әдістемелермен және білікті мамандармен нығайтылмады, осының бәрі өз кезегінде

³ *Михлин А. С.* Смертная казнь: вчера, сегодня, завтра. – М., 1997. 139-бет.

⁴ Постановление Пленума Верховного суда СССР «О судебной практике условно-досрочного освобождения осужденных...» от 19 декабря 1971 г.

⁵ *Калеева Т.* Это горькое слово «неволя» // Казахстанская правда. 1995. 24-август.

сотталғандар мен түзеу мекемелері қызметкерлерінің арасында тіл табыса алмайтындай шиеленістерді күшейте түсті.

Еңбекпен түзеу мекемелерінің құрылуының өзі осы мекемелер жүйесінің қосалқы халық шаруашылығы кешені ретінде құрылғанын куәландыра түскендей, ал ол әкімшілік-өкімдік жағдайында дамып, өз қызметінде бірқатар қолайсыздықтар тудырды. Осындай орны толмас олқылықтар мен кемшіліктер бүгінгі күні жазасын өтеп жатқандар мен онды жұмыс істейтіндер мен қызмет атқаратындардың маңдайына қатты тиюде. Соның бір мысалы ретінде Қарағанды облысындағы бас бостандығынан айыратын 13 орынның іс жүзінде өндірістік қызметін тоқтатуы куә болғандай, сотталғандарға үнемі жалақы төлемеушілік сотталғандардың тіршілік деңгейін тым төмендетіп жіберді: «Бүгінде тиесілі еттің, майдың, қанттың және басқа да тағам өнімдерінің жарты нормасын ғана беріп отырмыз. Дәрі-дәрмектер мен тамақ өнімдерінің жетіспеушілігі салдарынан – құрт ауруымен ауыратындарды емдеудің жағдайы тіпті жаман»⁶. Мұндай еңбек пен тегін дәрігерлік қызмет көрсету конституциялық құқығын жүзеге асыру туралы жағдайлар, сотталғандардың арасындағы жұмыссыздық Қарағанды облысында ғана емес, республикамыздың басқа облыстарында да қолайсыздық туғызып отыр.

Әрине, бәр осылай екен деп жақсылықпен байқалатын фактілерді де ысырып тастауға болмайды. Еліміздің экономикалық деңгейі мен техникалық әлеуетінің көтерілуі ықпалынан түзеу мекемелеріндегі түрме шеберханаларындағы сотталғандардың қарапайым еңбегі қазіргі заманғы үлгідегі кәсіпорындарға дейін өсті, көптеген жағдайларда техникалық жарактандырылуы осы заманға талаптарға сай келіп жатады, ал сотталғандарды өндірістік-техникалық жағынан оқытып-үйрету кәсіптік-техникалық училищелердегі сияқты жоғары білікті жұмысшылар даярлау деңгейіне жетті.

Сотталғандардың еңбектерінің нәтижесіне баға берудің ең басты аспектісі олардың өздерінің еңбекке деген құлшынысының артуы болды. Олардың көбісінің жұмыс істеуге деген ынтасы түзеу мекемесі әкімшілігінің өнім өндіруді арттыруға деген құлшынысы қандай болса, сондай болды. Мұндай құлшыныстың себебі әртүрлі болды. Біреулері адал еңбек жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босанудың жолы деп түсінсе, енді біреулері сол еңбектен ләззат алып, қуаныш пен жұбаныштың, табыстың көзі, аз да болса бала-шағаның нәпақасы, үй ішіне айтарлықтай көмек деп білді. Алайда, өзін өзі қаржыландыру мен өзін өзі ақтау қағидасы негізінде жұмыс істейтін түзеу мекемелеріндегі өндірістік жағдай құлашты кеңге сермете қоймады. Материалдық-техникалық ресурстардың жетіспеушіліктері қолбайлау болып, өндірістерді қысқартуға әкеп соқтырды. Осының салдары түзеу мекемелерінде жұмыссыздық тудырып, сонымен бірге ішкі режимнің жиі-жиі бұзылуына да әкеп соқты. Тек 2004 жылдың бірінші тоқсанының өзінде ғана сотталғандарға 13 литр спирттік ішімдік пен 765 грамм есірткі өткізудің жолы кесілді (Қарағанды облысындағы түзеу мекемелерінде ғана).

⁶ Шумиленко В. П. Преступности – решительный бой // Индустриальная Караганда. 1995. 12-қаңтар.

Қылмыстық-атқару заңдылығына енгізілген жаңалықтардың бірі сотталғандардың ар-ождан бостандығын қамтамсыз ету туралы ереженің енгізілуі болды. Бүгінде ҚР ҚАК 12-бабы осы құқықты нақтылай түсіп, діни ғұрыптар мен рәсімдерді орындауға, табыну заттары мен діни әдебиеттерді пайдалануға еркіндік берді. Осы мақсатта мекеме әкімшіліктері жеке орын да бөліп берді. Осы құқықты жүзеге асырудың міндеті шарты еріктілік болып танылды. Осы құқықтың жүзеге асырылуы ішкі тәртіпті бұзбауға, сондай-ақ жазасын өтеуші басқа адамдардың құқықтарына нұқсан келтірмеуі тиіс болды.

Дінге сенуші сотталғандар мен қамауда ұсталушылар, сондай-ақ түзеу мекемесіне немесе тергеулік оқшаулағышқа діни шақырылған діни қызметшілер заң талаптары мен ұстау режимінің тәртібін сақтауға міндетті. Ғұрыптар мен рәсімдер егер олардың мазмұны Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін болса, онда оны өткізуге бас бостандығынан айыру орнының әкімшілігі тыйым салады.

Қамау немесе бас бостандығынан айыпу түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдар діни ғұрыптарды жасауға тек қана өздерінің бос уақыттарында немесе әкімшіліктің қарауымен арнайы белгіленген уақытта ғана құқылы. Сонымен бірге бұл нормативтік акт мекеме әкімшілігіне құдайға сыйыну, ғұрыптар мен рәсімдер жасау үшін діни қызметшілер шақыруды, ол үшін белгілі бір уақыт, орын және басқа да жағдайлар белгілеуді міндеттейді.

Ар-ождан бостандығының конституциялық құқығын жүзеге асыру тәртібін анықтай отырып, ҚР Әділет министрлігі түзеу мекемелері немесе тергеулік оқшаулағыш әкімшілігінің міндеттерін белгілеп, онда діни қызметкерлерінің сотталғандармен діни шарларды өткізу жөнінде толық ақпараттар бере білген.

Қазақстан Республикасының Конституциясында сонымен бірге әділ сот жүргізу мәселесіне де баса көңіл аударылған (77-бап). Онда күдіктінің немесе сотталушының кінәсіздік презумпциясы қағидасы бекітіліп былай делінген: «Адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі». Осылайша, Қазақстан Республикасының Негізгі заңы адамның кінәлі немесе кінәсіз емес екендігі жөніндегі сот әділдігі мәселесін еліміздің Конституциясы мен заңдары негізінде сот шешетіндігін белгілейді.

Кінәсіздік презумпциясының бастауы сонау Екартерина-II патшалық еткен заманнан басталады. 1767 жылы реформалық саясат жүргізе отырып, ол «жақсы» заң шығаруға ұмтылып, жаңа заңдар жинағының мәтінін жасауға тапсырма болған, арнайы комиссияға арналған «Өсиетті» өз қолымен жазып, қол қойған. Нақ осы «Өсиетте» алғаш рет күдіктіге, сотталушыға қатысты адамгершілікпен қарау қажеттігі, азаптауға жол бермеу жөнінде ой айтылды және кінәсіздік презумпциясы қағидасы жария етілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабында жария етілген сот әділдігінің бірқатар қағидалары сот қызметінің бірыңғай қағидалары ғана емес, сондай-ақ тергеу мен анықтау жүргізуге негіз болатын ереже болып табылады. Әсіресе, әркімінің жеке басының бостандығына құқығы туралы айтылған Конституцияның 16-бабының мазмұнын келтіре кетейік: «Заңда көз-

делген реттерде ған және тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығы беріледі. Прокурордың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұстауға болады. Бұл конституциялық ереже, ал қылмыс жасағаннан кейінгі қамауда ұстау мерзімін ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі анықтайды. РКФСР ҚІЖК қабылдағанға дейін қамауды ұстаудың мерзімі үш айдан аспайтын, алайда 1958 жылы РКФСР Бас прокуратурына бұл мерзімді тоғыз айға дейін ұзартуға рұқсат етілді. Бірақ бұл да аздық көрсетіп, алдын ала қрытындылау бір жылға дейін созылды. Мұнымен қоймай, 1989 жылдың 28-қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңесі кінәсіздік презумпциясын «күшейтуді» шешіп, 9 тоғыз айдан 18 айға дейін ұзартты.

Дәл осы күні КСРО Жоғарғы Кеңесі адамның конституциялық құқығы – сотта қорғану құқығының жүзеге асырылуы бас бостандығынан айырылуымен өтелетін болып белгіледі. Яғни, айыпталушы мен оның қорғаушысының іс материалдарымен қатысқанға дейінгі бұлтартпау шарасы ретіндегі қамауға алынған мерзімі жалпы сотталған мерзімге қосылмайтын болды. Ресейде 1917 жылға дейін, одан кейін КСРО-дағы 1989 жылдың 28-қарашадағы заңында дейін ешкім де мұндай «қамшымен жазылған» заңды естіп көрмеген еді. Мұндай шешім, «Ешкім де еріксіз тұтқындауға немесе қамауға алынуға тиісті емес. Ешкім де заңда белгіленген негізсіз бостандығынан айырылуға тиіс емес» (9-бабы) деп айтылған Азаматтық және саяст құқықтар туралы Халықаралық пактімен кереғар болды.

Қылмыстық-атқару құқығының қайнар-көзі ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы айтатын болсақ, жасаған қылмысы үшін сотталғандар жазасын өтеу кезінде Негізгі заңға байланысты сотталғандығына қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып қала береді. Кезінде К. Маркс мемлекет азаматтаны қылмыскер жасаған сайын, «адамды мемлекеттің бөлшегі, куәгерді соттың құлақ асатын адамы, жауынгерді қоғам мүшесі, қоғамдық қызмет атқарушы, жанұя басын тіршілік ету тапсырылған және ең соңында бастысы – мемлекет азаматы деп қарауы тиіс» деп айтқан болатын⁷.

Қазақстан Республикасының Конституциясы II-тарауы (Адам және азамат) мемлекет азаматтарының құқықтық жағдайын реттейді. Алайда заңдық фактілерге байланысты мұндай азаматтарды жасаған қылмысы үшін соттау мен жазасын өтеуінің құқықтық жағдайы елеулі түрде өзгеруде. ҚР ҚАК 8-бабының (Сотталғандардың құқықтық жағдайының негіздері) 2-бөлігі «сотталғандар жазаның нақты түрін атқарудың тәртібі мен жағдайларын негізге ала отырып, Республика Конституциясында, Қылмыстық, Қылмыстық-атқару кодекстерінде және өзге де заңдарында белгіленген шектеулермен Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары болады және солардың міндеттерін атқарады» деп белгілеген. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабы әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауы, өзінің және отбасының құпиясы, ар-намысы мен абыройының қорғалу құқығын белгілейді. Әркімнің

⁷ Маркс К., Энгельс Ф. Шығ. Т. 1. 132-бет.

хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу мен телеграф хабарларының құпиясын сақтау құқығын сақтайды. Мұндай құқықтарды шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

Мәселен, хат жазысу, сөйлесу құпияларын бұзуға жедел іздестіру шараларын жүргізу кезінде жол берілуі мүмкін (ҚР «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңды қараңыз), ал бас бостандығынан айыру орындарда мұндай құқықтар туралы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде, Түзеу мекемелерінің ішкі тәртібі туралы Ережелерінде айтылып, сотталғандардың жат-хабар жөнелтуінің ерекше тәртібі белгіленген. Түзеу мекемелерінің ішкі тәртібі туралы Ережелерінің 31-параграфы бойынша сотталғандардың жазған хаттарының конверті пошта жәшігіне аузы желімденбей салынып немесе әкімшілік өкілдеріне берілетін болса, ҚР ҚАК 86-бабы бойынша салынатын хаттары цензурадан өткізіледі, ал 85-бабының 4-бөлігі бойынша посылкалар, сәлемдемелер мен бандерольдер тексеруден өткізіліп жіберіледі.

Қылмыстық-атқару құқығының нормаларына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген кезде сотталғандарды қадағалау, яғни олардың орналасқан жерлерінде (тұрғын-жатын орындарында, айыптық және тәртіптік оқшаулағыштарда, карцерлерде, камералық үлгідегі орындарда) олардың тәртібін сыртынан қарау мен бақылау және барлық сотталғандардың заңмен белгіленген жазаны өтеу тәртібін мүлтіксіз сақтауларын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізіледі. Заң қадағалау шараларын жүргізуге қатысты сотталғандарды сыртынан қарауды ғана қарастырмайды, сонымен бірге тұрғын және өндірістік орындарға тексеру жүргізуді, айдауымен немесе онсыз жүретін сотталғандарға тінту жүргізуді және әшкерелеу мен алу мақсатында олардың жеке мүліктерін қарау, қылмыс жасауының алдын алу сияқты мәселелерді де қарастырады. Сөйтіп, *жазасын өтеу жағдайындағы тұлғаның өміріне, өзінің және отбасының құпиясына қол сұқпаушылық сияқты конституциялық құқығын сақтаудың өзіндік ерекшелігі болады, ал оларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді.*

Қылмыстық жазаны атқару жөніндегі заңды нұсқауды жүзеге асыру кезінде оған қатысы бар әрбір қызметкер Қазақстан Республикасының Конституциясындағы ешкімнің өміріне қол сұғылмайтыны, азапталмайтыны, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайтындығы туралы нұсқауын есте сақтауы керек. Конституциялық норманың мұндай ережелері ҚР Қылмыстық кодексінің 38-бабының (Жаза ұғымы және оның мақсаттары) 2-бөлігінде жаза тән азабын немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді деп көрсетілген. Заң талаптарын бұзушы сотталғандар мен өзге адамдарға қатысты иманжүзділік сонау Ұлы Петрдің патшалық еткен заманында да орын алған болатын еді. Ал оған керісінше, императрица Екатерина-II-нің патшалық еткен тұсында азаптауды қолдану айтуға сөз жетпейдінде дәрежеге жетіп, тіпті оның тиісті әдіс-тәсілдері мен процессуальдық жолдары да ойластырылған болатын еді. Ол өзінің патшалық еткен алғашқы жылдарында кінәліні азаптаудың тәртібін белгілеген Құпия іздестіру істері кеңсесінің құжатын құптады да. Осы құжатқа

сәйкес, жауыздық жасаған адамға арнайы қапас орын белгіленді. Жан-жағы ағаш-талмен безендіріліп көмкерілген қапастың ар жағында адамның шаштары тік тұрарлықтай небір азап-қорлық жасалып жатты. Ондай қапастағы азаптауға судьялар мен азапталушының азуынан шыққан сөздерді тізіп жазып отыратын хатшылар ғана қатысты. Қапастың ішінде адамды төрт тағандап керіп қоятын арнай керме орнатылған. Азапқа ұшыраған кінәлі адам тіпті болмай бара жатса, адапның жанын шығаратында азаптайды көретін болды. Оның бірі – азапталушының саусағын темір қысқышпен қысып, қинап жауап алу болса, екінші түрі төбе шашын ұстарамен тақырлап қырып тастап, адамды тікесінен тік байлап қойып, төбесіне мұздай су тамшылатып қоятын болған. Дегенмен, құқық бұзушылармен мұндай қатыгездікпен күрес жүргізу бәрібір қылмыстылықтың тамырына балта шаба алмады.

Бүгінде біздің еліміздің Конституциясы кез келген адамды зорлық-зомбылықтан қорғай біледі. Мұндай конституциялық талаптардың ережелері жазасын өтеп жүрген сотталғандар мен тергелу үсітіндегі азаматтардың тұлғасына қатысты. Дегенмен, қылмыстық-атқару заңнамалары заң талаптарын бұзушы сотталғандарға арнай құралдарды қолдану мүмкіндігін қарастарады. Мәселен, Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп Ережелерінің 48-1-параграфы мұндай құралдар жаппай тәртіпсіздікті, белгіленген тәртіпке топ болып бағынбау мен оны бұзу әрекеттеріне, мекеме қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге еркін жалдамалы құрамға шабуыл жасау әрекетіне тойтарыс беру үшін, белсенді түрде қарсылық көрсеткен құқық бұзушыларды ұстау үшін қолданылады. Яғни, жазасын өтеп жүрген сотталғандарға күш көрсету тек қана белгілі бір заңдарға сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, жуасытушы арнаулы көйлек кигізу, буырқанып ашуланған адамды ақылға көндіріп немесе басқа да қимыл-әрекеттермен баса алмаған жағдайда ғана қолданылады. Жуасытушы көйлекті қолдану төрт адаммен жүзеге асырылады, олардың үшеуі тулаған адамды ұстап тұрып, ал біреуі көйлекті кигізетін болады. Көйлекті кигізгеннен кейін адамның екі қолын артына қайырып, көйлектің ұзын жеңдерін алдыңғы жаққа әкеліп бір-бірімен байлайды да, одан кейін аяқтарын бір-біріне қосып байлап, адам төсекке тек қана шалқасынан жатқызады. Мұндай көйлектегі адам дәрігердің байқауымен екі сағаттан артық жатпауы керек.

Заңмен белгіленген жағдайда сотталғандар мен өзге де құқық бұзушы адамдарға қару да қолданылуы мүмкін. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арнайы құралдар мен қаруларды, сондай-ақ күш қолдануы бірқатар заңдармен және нормативтік актілермен реттеледі (Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңдық күші бар Жарлығы).

Мемлекеттің қылмыстық жазаны атқарушы түзеу мекемелері мен органдары қызметінің негізіне заңдылық қағидасы алынған. Осы мекемелер мен органдардың барлық лауазымды қызметкерлеріне оны сақтау жөнінде қатаң жауапкершілік жүктелген. Осы органдар мен мекемелердің қызметіндегі заңдылықты қамтамасыз етудің құқықтық кепілдіктері бар, сондай-ақ олардың міндеттерінің орындалуының жай-күйіне арнаулы мемлекеттік органдар мен

қоғамдық ұйымдар бақылау жүргізеді. Мұндай арнаулы мемлекеттік органдардың заңдылықты қамтамасыз етуінің әдістері: прокурорлық қадағалау, соттық бақылау, қала мен аудан әкімшіліктері аппаратының қоғамдық органдарының бақылауы, ведомстволық бақылау, сондай-ақ сотталғандардың берген арыз-шағымдары мен өтініштері болып табылады.

Жалпы, қылмыстық-атақару заңдылығының негізгі қайнар-көзі Қазақстан Республикасының Конституциясы екенін айта отырып, Конституция азаматтардың көптеген міндеттер мен құқықтар жүйесін белгілеп, оларды негізді және конституциялық деп анықтайды. Өздерінің мазмұндары мен сипаттарына қарай олар өмір мен қызмет саласындағы, сондай-ақ қылмыстық жазаны атқару мен өтеуге байланысты түрлі құқықтық қатынастарды реттейді. Қазақстан Республикасының Конституциясы ең басты ержелерінің бірі онымен бекітілген барлық азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі қағидасы (14-бап). Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінен де орын орын алып, режимнің түрлеріне байланысты белгілі бір түзеу колониясында жазасын өтеп жүрген сотталған адамдардың да құқық ауқымын анықтайды. Алайда, бас бостандығынан айыру орнынан қысқа мерзімді босату сияқты құқық жазасын өтеу кезінде өзін жақсы жағынан көрсете білген сотталғандарға ғана беріледі. ҚР ҚАК 93-бабының 3-бөлігі, аса қауіпті қайталап қылмыс жасаған сотталғандарға; өлімге кесу түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға; өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға; СПИД-пен ауыратындарға және ВИЧ жұқтырғандарға; есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын; психикасының бұзылуынан зардап шегуші деп танылғандарға; алкоголизмнен; уытқұмарлықтан; нашақорлықтан, ашық түрдегі туберкулезден, соз ауруынан емделуді аяқтамағандарға жол жүруге рұқсат берілмейді деп, мұндай құқықтың кімдерге берілетіндігін көрсеткен. Мұндай қысқа мерзімді жол жүру өте ерекше жеке жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

Осы кейінгі айтылғанға сенетін болсақ, түзеу мекемесінің шегінен тысқары қысқа мерзімді жол жүру құқығы бас бостандығынан айыру орнындағы сотталғандардың бәріне де беріледі екен. Заң шығарушы мұндай құқықтың кімдерге берілетіндігін жасалған қылмыстық қағамдық қауіптілік дәрежесін және сотталған адамның сипатына қарай шешетіндігін байқауға болады. Мұндай қысқа мерзімді жол жүруге арналған рұқсатты сотталушының жеке басы мен мінез-құлқын анықтайтын құжаттарға сәйкес, түзеу мекемесінің бастығы береді.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
4. Постановление Пленума Верховного суда СССР «О судебной практике условно-досрочного освобождения осужденных...» от 19 декабря 1971.
5. Приказ МЮ РК № 154 от 11 декабря 2001 г. «Об утверждении инструкции по организации надзора и охраны за лицами отбывающими наказание».
6. Приказ МЮ РК № 148 от 11 декабря 2001 г. «Об утверждении в действие Правил внутреннего распорядка ИУ».
7. Комментарий к Уголовному праву и Уголовно-исполнительному праву Республики Казахстан с изменениями и дополнениями от 21 декабря 2002.
8. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының өсуі: Ел Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 1997. 11-қазан
9. Уголовно-исполнительное право Республики Казахстан. – Алматы, 1997.
10. Уголовно-исполнительное право. – М., 1996.
11. Уголовно-исполнительное право России. – М., 1997.
12. **Токубаев З. С.** Некоторые организационно-правовые вопросы совершенствования пенитенциарной системы РК (Актуальные проблемы теории и практики применения права в свете первоочередных мер по борьбе с преступностью и укрепления правопорядка в РК на 1993-95 гг.). – Карағанды, 1998.
13. **Шинкаренко А. Д.** Конституция РК – источник уголовно-исполнительного права // Теоретические проблемы права: Сборник научных трудов. – Караганда, 1996.
14. **Гиблое М.** Казнить нельзя, помиловать // Аргументы и факты. 1975. № 7.
15. **Калеева Т.** Отмена смертной казни: индульгенция на убийство? Милосердие? Целесообразность? // Казахстанская правда. 1995. 19 июля.
16. **Михлин А. С.** Смертная казнь: вчера, сегодня, завтра. – М., 1997. 139-бет.
17. **Калеева Т.** Это горькое слово «неволя» // Казахстанская правда. 1995. 24-тамыз.
18. **Шумиленко В. П.** Преступности – решительный бой // Индустриальная Караганда. 1995. 12 янв.
19. **Кузенный А.** Тюремные «каникулы», или к чему ведет безработица среди осужденных // Советы Казахстана. 1994. 29-наурыз.

3. СОТТАЛҒАНДАРҒА ЫҚПАЛ ЕТУ АРҚЫЛЫ ТҮЗЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАНЫ АТҚАРАТЫН ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ӨЗГЕ ДЕ ОРЫНДАР

3.1. Жаза атқаратын мекемелер мен органдар жүйесінің сипаты.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 39-бабында көрсетілген қылмыстық жаза түрлерінің бәрі міндетті түрде орындауға жатады, ал оларды жүзеге асырудың тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңымен анықталады.

ҚР ҚАК 14-бабы жазаны атқаруға құзыреті бар атқару мен сот билігінің түрлі республикалық құрылымдарына енетін органдар мен мекемелер жүйесін тізіп өтеді. Жаңадан қабылданған ҚР ҚАК-інде жазаны орындауға байланысты айтарлықтай өзгерістер енгізіле қойған жоқ, ҚР ҚАК сол бұрынғы қалпынша соттардың қылмыстық жазаға байланысты орындаушы мекемелер мен органдардың тізімін заң жүзінде бекітті. Әрине, бұл салалар қылмыстық жазаның жаңа түрлерінің енгізілуіне байланысты кеңейтіле де түсті. Мәселен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзырына жазаның қоғамдық жұмысқа тарту, бостандықты шектеу сияқты түрлері берілсе, ал әскери қызметшілерге қолданатын жаза тәртіптік әскери бөлімшеде (дисбат) ұстау, тұтқындау, әскери қызметі бойынша шектеу ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері командованиесінің қарауға берілді.

ҚР Әділет министрлігінің құрамына енетін қылмыстық жазаларды атқарушы мекемелер мен органдар жүйелерінің өзі өз ведомстволарының шеңберіне сай келмейтін сияқты. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың тек бас бостандығынан айыру мен өлім жазасын атқару ғана емес, сол сияқты жазаның белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналасу құқығынан айыру, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу және басқа да түрлердегі жазаны атқару қылмыстық-атқару инспекциясының жүзеге асыратындығы дәстүрге айналған.

Сонымен бірге, осы инспекцияның міндетіне қылмыстық жазаны атқару ғана емес, шартты түрде соттау сияқты қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларды орындау (әсіресе, осы сипаттағы сотталғандарға қатысты бақылау жүргізу) жатады.

Қалыптасқан дәстүр бойынша айыппұл салу мен мүлікті тәркілеу, құрметті, әскери, арнайы немесе өзге де атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден және біліктілік сыныбынан айыру сияқты жаза түрлерін соттар атқарады. Дегенмен айта кету керек ҚР ҚАК 14-бабының 3-бөлігінде айтылған атақтар сыныптар мен шендер соны берген лауазымды адамдардың немесе қызмет орындарының күшімен алынады. Ал оған осыған байланысты заңды күшіне енген сот үкімі негіз болады.

Тергеу мекемелері (түзеу колониялары, тәрбиелеу колониялары, түрмелер мен колония-қоныстар) мерзімді, сондай-ақ өмір бас бостандығынан айыру.

Өлім жазасы түріндегі жаза ҚР Әділет министрлігі мен ҚР Прокуратурасы қатаң белгілеген тергеушілік оқшаулау орындарында немесе түрмелерде атқарылады.

Қылмыстық-атқару инспекциясы түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, белгілі бір лауазымдыболу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаларды атқарады.

Бас бостандығын шектеуге және қамауға алу түріндегі жазаны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелері жүйесінің арнайы мекемелері атқарады. Сонымен бірге, кейбір жекелеген жаза түрлерін белгілі бір, мекеме мен нақты бір адам атқарады. Мәселен, белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімінің талаптарын сотталушының жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігі, сондай-ақ қызметтің тиісті түрлерімен айналысуға берілген рұқсатты қайтып алуға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықты органдар атқарады (ҚР ҚАК 13-б. 2-бөл.).

Құрметті, әскери, арнайы немесе өзге де атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден және мемлекеттік марапаттаудан айыру туралы сот үкімінің талаптарын сол атақтар мен сыныптарды, дәрежелер мен марапаттауларды берген лауазымды адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тиісті органдары орындайды. Бұл органдар, мекемелер мен лауазымды адамдар заң бойынша қылмыстық жазаны атқарушы мекемелер мен органдарға жатпайды, сондай-ақ олар ондай жүйеге де кірмейді, олар тек қана заң нұсқаулары мен сот үкімінің талаптарын ғана орындайды.

3.2. Қылмыстық жазаны атқарушы мекемелер мен органдарның түрлері және олардың қылмыстылықпен күрес жүргізетін органдар жүйесіндегі алатын орны.

Кез келген мемлекетте қылмыстылыққа қарсы күрес қылмысты ескерту жөніндегі арнаулы алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруды, оның жасалуына жағдай туғызушы себептер мен шарттарды анықтауды, тергеуді және жасалған қылмыстарды соттық тәртіппен қарауды, қылмыстық жаза тағайындауды, әрине жазаны атқаруды қарастыратын арнаулы шаралар кешенін қалыптастырумен көзге көрінеді. Осындай арнаулы мемлекеттік шаралар кешенін жүзеге асыру мемлекеттің арнаулы органдарына жүктеледі.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамалары үкімді орындау сол үкімді шығарған сотқа жүктелетінін белгілейді. Әрі қарай соттың үкімді орындау туралы өкімді судьялар немесе сот төрағасы үкімнің көшімесін, оның заңды күшіне енетіндігі жөніндегі анықтама қағазымен бірге үкімді атқару міндеті жүктелген органға жіберіледі. Өз кезегінде үнімді жүзеге асыратын орган, үкім орындалғаннан кейін оның орындалғандығы жөнінде үкім шығарған органға дереу хабарлайды.

Қылмыстық жаза ҚР КК 38-бабына сәйкес соттық үкімімен ғана тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы және жасаған қылмысы үшін са-

зайын тартқызу болып табылады. Жаза қылмыс жасады деп танылған адамға ғана қолданылады және ол қылмыстық заң бойынша қылмыс жасаған адамның құқығы мен бостандығынан айыруды немесе шектеуді қарастырады.

Қылмыстық заңға сәйкес жазалаудың мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды еңбекке адал қарау, заңды бұлжытпай орындау, адамгершілік ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ сотталғандардың да, өзге адамдардың да жана қылмыстар жасауының алдын алу болып табылады.

Соттың үкімін жүзеге асыру үшін тиісті жазаларды атқаратын мемлекеттік органдар мен мекемелер жүйесі құрылады немесе кейбір органдарға, мекемелер мен ұйымдарға өздерінің атқаратын жұмыстарымен бірге соттың үкімін орындау міндеті қоса енгізіледі.

Құқық қолдану мен заң шығару заң шығару теориясында жазаның барлық түрін екі топқа бөлу қалыптасқан:

- сотталғандарды ықпал ету шараларымен түзеумен қатысты жазалар;
- ықпал ету шараларымен түзеуге қатысы жоқ жазалар.

Осының біріншісіне мыналар жатады:

- бас бостандығынан айыру;
- түзеу жұмыстары;
- тәртіптік әскери бөлімде ұстау;
- қоғамдық жұмыстарға тарту.

Екіншісіне мыналар жатады:

- айыппұл салу;
- мүлкін тәркілеу;
- белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;

- арнайы, әскери немесе құрметті атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік марапаттауларынан айыру.

Түзеудің ықпал ету шараларымен байланысты барлық қылмыстар жазалаушы элементерді жүзеге асыру барысында олардың мазмұны сотталғандарға арнайы тәрбиелік әсер етумен сипатталады. Оның ерекшелігі қылмыстық-құқықтық жаза барысында көрінетін құқықтың шектеу жағдайында жүзеге асырылатындығы болып табылады. Бұл жерде атап өту керек, түзеу арқылы ықпал ету шаралары тұтастай алғанда жазалау-тәрбиелеу ісі шеңберінде өтеді.

Жоғарыдағы бірінші топтағы көрсетілген қылмыстық жаза түрлері ҚР ҚАК төмендегі тарауларымен реттеледі:

- түзеу жұмыстары – 7-тараумен;
- бас бостандығынан айыру – 11-тараумен;
- тәртіптік әскери бөлімде ұстау – 20-тараумен.

Қоғамдық жұмыстарға тарту, қамауға алу, бас бостандығын шектеу қазіргі кезде теориялық жазынан әлі толық зерттеліп бола қойған жоқ, сондықтан оларды ықпал ету шараларымен түзеуге байланысты жазалар қатарына жатқызу шартты түрде ғана қолға алынып жүр.

Осы айтылған жаза түрлерінің ерекшеліктері оларды атқару барысында ҚР ҚАК 7-бабында (Сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары) көрсетілген арнайы түзеу құралдары қолданылады.

Екінші топқа жататын жазаларды атқару ҚР ҚАК тиісті бөлімдерімен реттеледі. Бұл жазаларды атқаруды айырмашылық белгілері мынада: оларды жүзеге асыру барысында жазаны өтеу режимі қолданылмайды, жүйелі түрдегі арнайы тәрбие жұмыстары өткізілмейді, жазаны өтеудің негізгі шарттарының бірі сапалатын қоғамға пайдалы еңбекке тартылмайды, сонымен бірге міндетті түрдегі жалпы білім беретін немесе кәсіптік-техникалық оқуға тартылмайды.

Бірінші топтағы жазаларды атқарудың екінші бір ерекшеліктері мемлекет атынан тағайындалған жазаны атқару үшін арнайы мекемелер мен органдардың құрылуында.

Жазаның көбірек қолданылатын түрі бас бостандығынан айыруды атқару үшін арнайы қылмыстылық-атқару жүйесі құрылады. Оның құрамына мыналар енеді:

- түзеу колониялары;
- тәрбиелеу колониялары мен түрмелер.

Бұл мекемелердің қызметі мына төмендегі нормативтік қайнар-көздермен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі;
- Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелері.

Қоғамнан оқшаламай-ақ, бірақ түзеу арқылы ықпал ету шараларымен байланысқан жазаны атқару үшін қылмыстық-атқару органдары жүйесінде аумақтық қылмыстық-атқару инспекциясы жұмыс істейді. Бұл инспекция мынадай жұмыстар атқарады:

- түзеу жұмыстарына, белгілі бір лауазымды болу немесе белгілі бір қызметпен айналасу құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту жазасына, сондай-ақ қызмет көрсетілетін аумақта тұратын шартты түрде сотталғандардың жеке есебін жүргізеді;

- сотталғандардың жалақысынан ұсталатын тиісті төлемнің дұрыс есептелуін және ұсталған соманың кіріске дер кезінде аударылуын қадағалайды;

- кәсіпорын әкімшіліктерінің түзеу жұмыстарын өтеу шарттары туралы заңдылықтарды сақтауын, соның ішінде жазасын өтеп жүрген сотталғандардың еңбек кітапшаларына жазбалардың дұрыс жазылуын қадағалайды;

- сотталғандарға заңмен белгіленген ынталандыру және жазалау шараларын қолданады;

- жазасын өтеуге бөгет жасайтын созылмалы жан күйелісі және басқа аурулармен ауырған сотталғандарға қатысты сотқа арыз-өтініш береді;

- заңмен белгіленген тәртіп бойынша жазасын өтеуден әдейі бас тартқан сотталғандардың түзеу жұмыстары мерзімін бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру жөнінде сотқа ұсыныс жасайды;

- қылмыстық іс жүргізу заңымен қарастырылған жағдайда сот алдында үкімді орындауды кейінге қалдыру жөнінде өтініш береді.

Соттың түзеу жұмыстары жөніндегі үкімі сол үкімнің заңды күшіне енген күннен бастап 10 күннен кешіктірілмей атқарыла басталуы тиіс. Түзеу жұмыстарын өтеуге тарту үшін негіз болатын негізгі құжат сот үкімнің заңды күшіне енгендігі жөніндегі анықтама қағазы болып саналады.

Бұрынғы Қазақ КСР-інің Еңбекпен түзеу кодексінен жаңа ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің айырмашылығы ҚР қылмыстық кодексінің 39-бабында көзделген қылмыстардың ҚР ҚАК 14-бабымен реттелуінде. Онда төмендегіше реттелген:

1. Айыппұл салу немесе мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны үкім шығарған сот, сондай-ақ мүліктің орналасқан жері және сотталушының жұмыс орны бойынша сот атқарады.

2. Белгілі бір лауазымды болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны атқаруды сотталушының тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы, түзеу орталықтары, түзеу мекемесі немесе тәртіптік әскери бөлім жүзеге асырады. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімінің талаптарын сотталушының жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігі, сондай-ақ қызметтің тиісті түрлерімен айналысуға берілген рұқсатты қайтып алуға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықты органдар атқарады.

3. Құрметті, әскери, арнайы немесе өзге де атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дережеден және біліктілік сыныбынан айыру туралы сот үкімінің талаптарын атақты, сыныптық шенді, дипломатиялық дәрежені және біліктілік сыныбын берген лауазымды тұлға атқарады.

4. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны сотталушының тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы атқарады.

5. Бас бостандығын шектеу, қамау және өлім жазасы түріндегі жазаларды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері атқарады.

6. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны қылмыстық-атқару инспекциясы атқарады.

7. Әскери қызметшілерге жазаларды: тәртіптік әскери бөлімде ұстауды – осы үшін арнайы арналған тәртіптік әскери бөлімдер; қамауды – сотталған әскери қызметшілерге арналған гауптвахталарда гарнизондардың командованияесі немесе гарнизон гауптвахталарының тиісті бөлімшелері; әскери қызмет бойынша шектеуді – аталған әскери қызметшілер қызметтен өтіп жүрген әскери бөлімдердің, мекемелердің, органдар мен әскери құрамалардың командованияесі (бұдан әрі – әскери бөлімдердің командованияесі) атқарады.

8. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдырылған сотталғандар жөнінде тергеушілік оқшаулау орындары атқарады.

9. Шартты сотталғандар қылмыстық-атқару инспекциясының бақылауында болады. Шартты сотталған әскери қызметшілерге бақылау жасауды әскери бөлімдердің командованияесі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің санкцияларымен қарастырылған (тәртіптік әскери бөлімде ұстау) баптарға сәйкес қылмыстылық әрекет жасаған әскери қызметшілерге қатысты жазаны атқару тәртіптік батальон немесе тәртіптік рота деп аталатын Қорғаныс министрлігінің арнаулы әскери бөлімдеріне жүктеледі. Тәртіптік әскери бөлімде ұстау түріндегі жазаны атқарудың тәртібі мен жағдайлары ҚР ҚАК 150-164-баптарымен реттелген. Әскери қызметшілерге қатысты басқа жазаларды атқару үшін арнайы мекемелер құрылмайды, ал қамауға алу, әскери қызметі бойынша шектеу түріндегі жазалар әскери қызметші қызмет етіп жүрген әскери бөлімшенің командованиясімен атқарылады.

Сотталған әскери қызметші емес адамға қатысты қамау түріндегі жаза режимі жалпы режимдегі түрмедегі жағдайларға сәйкес келетін қамау үйлерінде атқарылады.

Бас бостандығын шектеу жазасын тұрақты тұратын немесе сотталған жері шегінде қылмыстық-атқару мекемелерінің инспекциясы атқарады. Арнайы, әскери немесе құрметті атақтарынан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік марапаттан айыру жазалары үшін арнайы орган немесе мекеме құрылмайды, алайда осындай жазалардың нақты түрде орындалуын соттық атқарушылар бақылайды.

Айыпшұл салу мен мүлкін тәркілеу түріндегі жазаларды соттар, яғни дұрысырақ айтқанда, соттардың штатында тұратын соттық-атқарушылар жүзеге асырады. Сот шешімдерін орындау тәртібі Әділет министрлігінің 1997 жылғы 18-желтоқсандағы «Атқару жүргізу туралы нұсқау туралы» № 2-2/117 арнаулы бұйрығымен реттелген.

Сот үкімінің талаптарын орындауға міндетті субъектілер ретінде мыналар саналады:

- өздерінің қызметіне қарай үкімдерді орындауға бейімделіп арнайы құрылған мекемелер мен органдар (түзеу мекемелері, қылмыстық-атқару инспекциясы);

- белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналасу құқығынан айыру үкімі шығарылған адам бұрын жұмыс істеген кәсіпорынның, ұйымның немесе мекеменің әкімшілігі;

- айыпшұл салу түріндегі жазаны атқару кезінде жаза тағайындалған адамның өзі;

- арнайы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптың шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік марапаттан айыруға байланысты сол атақтарды, дәрежелер мен марапаттауды берген орган.

Сөйтіп, айтылғандарды түйіндей келе, тәртіп бойынша қылмыстық жазаны атқару Қазақстан Республикасы Әділей министрлігінің арнаулы мемлекеттік органдарына, Қорғаныс министрлігінің тәртіптік әскери бөлімдеріне, сондай-ақ соттық атқарушыларға жүктеледі деген жалпы қорытындыға келуге болады.

Қылмыстылық жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1. Соттың үкімімен шығарылған қылмыстың жаза түрлерін тиісті мәнде атқару;
2. Қылмыс жасаған адамның құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеуда әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру;
3. Сотталғандарды заңды бұлжытпай орындау, еңбекке адал қарау, адамзат өміріндегі тәртіпті құрметтеу рухында түзеу, тәрбиелеу;
4. Сотталғандардың, сондай-ақ басқа адамдардың жаңа қылмыстар жасауының алдын алу.

3.3. Түзеу мекемелері жүйесі және міндеттері. Түзеу колониясы – түзеу мекемелерінің негізгі түрі.

Қылмыстық жазаның бір түрі ретіндегі **бас бостандығынан айыру** – қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп саналған адамды заңды бұлжытпай орындау, адамзат өмірінің тәртібін құрметтеу мен әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталғандардың да өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алу мақсатында соттың үкімімен белгіленген мерзімде, ол үшін арнайы қарастырылған түзеу мекемелерінде мәжбүрлеп оқшалаумен көрінеді.

Атқару түрғысынан алғанда бас бостандығынан айырудың мәні сотталған адамның соттың үкімімен белгіленген мерзімге түзеу мекемесіне мәжбүрлеп орналастырылып және сонысымен оны қоғамнан оқшаулауда.

Бас бостандығынан айыру түрінде жазаны атқару құрамында түзеу колониялары, тәрбиелеу колониялары және түрмелер бар түзеу мекемелері жүйесінде жүзеге асырылады.

Қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларында бекітілген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның мазмұны қылмыскерді еркін жүріп-тұру мүмкіндігінен айырып, қатаң белгіленген түрде сазайын тартқызумен көрінетін арнайы заң жүзіндегі нысан болып саналады.

Қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығы мен заңнамаларында бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жаза деген ұғым жоқ, ал бас бостандығы деген ұғымды заң жүзіндегі мағынада өз еркімен жүріп-тұру, өзінің еркі бойынша тұрғын-жайы мен өзге де дүние-мүлкін пайдалану, кәсібі мен тұрғын жайын өз қалауынша таңдау, мемлекет азаматы ретінде құқығы мен міндеттерін еркін жүзеге асыру деп түсінуге болады. Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану адамның құқықтық мәртебесін өзгертеді, сотталған адамның бәрінен бұрын тұрғылықты жерінен, айналысатын кәсібінен, белгілі бір өмір салтын елеулі түрде шектейді.

Жеке адамның бас бостандығының басты элементтері азаматтың заң жүзіндегі құқықтары мен міндеттері болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы тұлғаның негізгі құқықтары мен міндеттері арқылы бостандықтың, құқық пен міндеттің мазмұнын нақталай түседі. Азаматтардың мұндай құқықтары мен міндеттерін қоғамдық, мемлекеттік мүддесіне

және адамның мүддесіне қарсы пайдалануға болмайды, олай ету заңға қайшы келеді.

Қылмыскердің қоғаммен шиеленісті араласуы қылмыс жасауымен көрініп, ол сол үшін жаза қолдану арқылы шешіледі. Қылмыскерді бостандығынан айыра отырып, мемлекет оның жаңа қылмыстар жасау ниетіне тосқауыл қояды, оның дұрыс жолға түсіп, түзелуіне қолайлы жағдай туғызады.

Жазаның осы түрін жүзеге асыру үшін жасалған қылмыстардың түріне қарай және қылмыскерлердің жас ерекшеліктеріне қарай ҚР қылмыстық-атқару заңнамалары ересектерге және кәмелетке толмағандарға арналған қылмыстық-атқару мекемелерінің екі тобын қарастырады. Өз кезегінде бұл мекемелер ересек әйелдерді және кәмелетке толмаған қыз балаларды қарсы жыныстылардан яғни еркектерден бөлек орындарға бөлінеді.

Сөйтіп, ересек еркектерге арналған түзеу колониялары колония-қоныс, жалпы, қатаң және аса қатаң режимдегі колонияларға бөлінеді.

Колония-қоныс абайсыздықпен қылмыс жасағаны үшін 7 жылдан аспайтын мерзімге сотталған ересек еркектерді, сондай-ақ ересек әйелдерді; қылмыстық-атқару заңына сәйкес тәртіп негізінде жалпы және қатаң режимдегі колониялардан ауыстырылған сотталғандарды (әйелдер мен еркектерді) ұстауға арналған.

Түзеу колониялары кәмелеттен асқан еркек және әйел сотталғандарға айналған.

Жалпы режимдегі түзеу колониялары әдейі жасаған кішігірім немесе орта ауырлықтағы қылмыстар және ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдардың, сондай-ақ абайсызда жасаған қылмысы үшін 7 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың жазасын атқарады.

Әйелдер, бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда, аса қауіпті қайталанған басқалары жазаларын жалпы режимдегі түзеу колониясында өтейді. Аса қауіпті қайталанған қылмыс жасап сотталған әйелдер үшін жазаны өтеу қатаң режимдегі түзеу колонияларында белгіленеді.

Қатаң режимдегі түзеу колонияларында жазаны аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған, сондай-ақ бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген, қылмыстарды қайталаған және аса қауіпті қайталаған еркектер өтейді.

Айырықша түзеу колонияларында қылмыстар аса қауіпті қайталанған жағдайда еркектер, өмір бойы бас бостандығынан айырылғандар, сондай-ақ өлімге кесу түріндегі жазаны кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылып сотталған жазасын өтейді.

Түрмелерде ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін, қылмыстар аса қауіпті қайталанған жағдайда бес жылдан астам мерзімге сотталған, сондай-ақ жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзып түзеу колонияларынан ауыстырылған адамдар жазасын өтейді. (ҚР ҚАК 69-бабы).

ҚР ҚАК 126-бабына сәйкес түрмелерде жалпы және қатаң режимдер белгіленеді. Қатаң режимде осы түзеу мекемесіне келіп түскен сотталғандар мен жалпы режимнен көшірілген сотталғандар ұсталады.

Сотталған жүкті әйелдер мен жанында жас балалары бар сотталған әйелдерді, сондай-ақ I және II-топтағы мүгедектер болып табылатын сотталғандарды қатаң режимде ұстауға болмайды.

Қатаң режимге жазалау мерзімінің кемінде бір жылын өтеуі бойынша сотталғандар жазаны өтеу тәртібін бұзбаған жағдайда жалпы режимге көшірілуі мүмкін.

Тәрбиелеу колониялары бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмағандар, сондай-ақ жиырма жасқа жеткенге дейін тәрбиелеуге қалдырылған сотталғандарға арналған. Тәрбиелеу колонияларының өзі жалпы және қатаң режимдегі колонияларға бөлінеді. **Жалпы режимдегі** тәрбиелеу колониясында бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталған еркектер, сондай-ақ кәмелетке толмаған ұсталады. **Қатаң режимдегі** тәрбиелеу колониясында бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген кәмелетке толмаған еркек балалар ұсталады.

Тәртіп бойынша 18 жасқа толған сотталғандар жасы 20-ға толғанға дейін тәрбиелеу колониясында қалдырылады. Мұндай шара таза тәрбиелік мақсатта көзделген және ол прокурордың рұқсаты бойынша колония әкімшілігімен қолға алынады.

Тәрбиелеу колония орындағы жазаны өтеудің ерекшелігі – мұнда жазаны өтеудің дағыдылы, жеңілдетілген, жеңілдікті және қатаң жағдайлары белгіленеді. Ересек сотталғандар жазасын өтеуге арналған түзеу колонияларымен салыстырғанда, мұнда жазаны өтеудің тағы бір түрі – жазаны өтеудің жеңілдікті жағдайы енгізілген. Осы көрсетілген жағдайлардың әрқайсысына қылмыстық-атқару заңнамасы нақты бір құқықтық шектеулер белгілейді (ҚР ҚАК 128-бабы).

Атап өтетін жай, ересек сотталғандардың бас бостандығынан айыру жазаны өтеуге арналған тәрбиелеу колонияларымен жалпы және қатаң режимдегі тәрбиелеу колонияларындағы жағдайлардың бір-бірен айырмашылығы жоқ, бәрі бірдей. Айырмашылықтар жоғарыдай айтылған жазаны өтеудің төрт түрінің шеңберінде ғана.

Түзеу мекемелерінің барлық жүйесінің міндеттеріне тоқтала келгенде, олардағы үкімді орындау қылмыстық-атқару заңнамасының белгіленген ережелеріне сәйкес жүргізілетіндігін айтуға тура келеді. Бұл жерде мекемелер мен органдар соттың үкімінде көрсетілген жазаны құқықты шектеудің жиынтығы ретінде орындаса, жекелеген жаза түрлері бойынша тәрбиелік ықпал ету шараларын қолданады. Дегенмен мұндай функция тек осы айтылған міндеттермен шектеліп қалмайды. Қылмыстық жазаны атқаратын мекемелер мен органдар мысалы, соттың медициналық сипаттағы мәжбүрлеу, қылмыспен келтірілген шығындарды өндіріп алу.

Жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың маңызді міндеттері сотталушының түзелуін қамтамасыз ету, сотталғандардың өздерінің жалпы білімі мен мәдени деңгейін, денсаулығын, психикалық, құқықтық, рухани дамуын көтеру жолымен олардың өмірлік бағыт-бағдарын, мінез-құлықтық ниеттері мен мақсаттарын бағалауына қолайлы жағдай туғызу, сондай-ақ бас

бостандығын айыру орнында өркениетті өмір жолының деңгейін көтеруді қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл міндеттер қылмыстық жазаны атқаратын мекемелер мен органдардың алдында тұрған сотталғандарды түзету үшін өте маңызы бар, басымдылығы мол міндеттер болып саналады.

Сөйтіп, жазаны атқаратын мекемелер мен органдар келесідей маңызды міндеттерді атқарады: соттың үкімін орындау; сотталғандардың түзелуін қамтамасыз етеді; өзінің және өзге адамдар тарапынан жаңа қылмыстар жасалуын ескертеді. Осы міндеттердің әрқайсының өздерінің жеке-жеке маңызы бар, жалпылай алғанда олар қылмыстық жазаның орындалу процесінің мәні мен мазмұнын ашады.

Бұрынғы қолданыстағы еңбекпен түзеу заңнамасында еңбекпен түзеу колониясы түзеу мекемелерінің ең негізі түрі саналған ереже бекітілген болатын. Жаңа Қылмыстық-атқару кодексінде ондай бекіту жоқ, дегенмен ол жағдайды онша өзгерте қойған жоқ. Бүгінде түзеу колониялары белгілі бір дәрежеде жазаны атқару органдарының алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыруға бейімделген. Бұдан бұрын айтып өткеніміздей түзеу мекемелері әртүрлі бөлінеді. Олар бір-бірінен режимдеріне қарай емес, өзге де жағдайларының мазмұнына қарай, сондай-ақ оларды ұсталатын сотталған адамдардың сапаттарына қарай айырмашылықта болады. Бұл соттарға, одан кейін түзеу мекемелері әкімшілігінің қылмыстық жазаны бірдей тағайындауына ғана емес, жазаны жасалған іс-әрекеттің қауіптілік дәрежесіне, сотталғанның тұлғасы мен жазасын өтеу кезінде көрсеткен мінез-құлқына байланысты атқаруына мүмкіндік береді.

Ұстау мен бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу шарттары бойынша бостандық пен бостандықтан айырудың арасындағы жағдайы жеңілірек орын колония-қоныс болып танылады.

Қылмыстық-атқару заңдылықтарына (ҚР ҚАК 124-бабы) колония-қоныстың екі түрі болады:

- 1) абайсызда жасаған қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға жеті жылдан аспайтын мерзімге сотталғандарға арналған колония-қоныс;
- 2) жалпы және қатаң режимдегі колониядан жақсы мінездемемен ауыстырылған сотталғандарға арналған колония-қоныстар.

Одан әрі қатаңдық дәрежесіне қарай жалпы, қатаң және ерекше режимдегі колониялар тұрды. Олардағы жазаны өтеу жағдайына кейінірек тоқталамыз.

Түзеу колониясын оның бастығы басқарады. Бастықтың: тәрбие жөніндегі, режим жөніндегі жедел жұмыстар жөніндегі және шаруашылық жөніндегі орынбасарлары болды. Колония құрымында кадрлар бөлімі, бухгалтерия, арнаулы бөлім, медициналық-санитарлық бөлім; азық-түлік қызметі және колонияның өзі мен шаруашылығы ойдағыдай қызмет жасауын қамтамасыз ететін тиісті басқа да буындары болады. Сотталғандар тобы өз кезегінде шаруашылықтық немесе мектептік тәртіп бойынша қалыптасатын отрядтарға бөлінеді. Оларды отряд бастықтары, ал шаруашылық бригадаларын сотталғандардың өздерінің арасынан сайланатын бригадирлер басқарады. Түзеу колонияларының (колония-қоныстан басқалары) өз алдын бөлек берік қабыр-

ғамен, шарбақпен немесе тікенек сыммен қоршалған жері, оның ішінде тұрғын орындағы «сотталғандарға арналған жатақханалары), әкімшілік ғимараттары, қызметтік құрылыстары, клуб, асхана, монша, айыпты оқшаулағышы, камералық типтері орын, бақылау-жіберу пункті (КПП) болады.

Жағдайды жақсарту ойластырылғанда тұрғын орынға шаруашылық алаңдары, зауыт цехтары, шеберханалар, фабрика жақынырақ, жалғастырыла салынады. Түзеу мекемелерін (колония-қоныстан басқаларын) сыртқы өмірден оқшаулау ішкі әскер бөлімшелерімен немесе арнайы үйретілген күзет бөлімдерінің күшімен атқарылады.

Өзінің өндірістік бағытына қарай түзеу колониялары фабрика-зауыттық, құрылыстық, ағаш дайындайтын, ауыл шаруашылықтық болып бөлінуі мүмкін. Кейбір түзеу колониялары бас бостандығынан айыру орнын және аурухана қызметін де атқарады, яғни маскүнемдік, нашақорлық, мерез, құрт аурулары және басқа да ауруларға ұшыраған сотталғандарды емдеуге арналады. Осы сияқты бас бостандығынан айыру орындарын жабдықтаудың тәртібі. Түзеу мекемелерінің ішкі Ережелерінің 11-тарауымен реттелген (Астана, 2001).

Жатақхана үйінде жатын орнымен бірге әрбір отряд бастығына арналған арнаулы кабинет жабдыкталады, мәдени-бұқаралық жұмыстар бөлмесі, тамақ өнімдерін сақтайтын және ас қабылдайтын, орындар, шешініп-киінетін орын, дәретхана, киім мен аяқкиім кептіретін орын болады. Колонияның сыртында азық-түлік пен мүлік, жанар-жағар май, сыр-бояу заттарының, сотталғандардың ұзақ сақталатын жеке мүліктерінің, көкөніс қоймалары; наубайхана; гараждар; дәріхана; сотталғандардың кездесуге келген жақын туыстары, сондай-ақ колонияға қызмет бабымен іссапарға келген лауазымды адамдар орналасатын мейманхана үлгісіндегі үйлер орналасады.

Түзеу колониясы – заңды тұлға. Түзеу колонияларының барлығы өзінің жиынтығында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің құрамына енетін қылмыстық жазаны атқару жөніндегі жүйені құрайды (УИС – ҚАЖ). Бас бостандығынан айыру орындарына басшылық жасау үшін әрбір облыста сотталғандардың санына байланысты қылмыстық-атқару жүйесінің бөлімдері немесе басқармалары құрылады. Қазақстан жеріндегі барлық бас бостандығынан айыру орындарына Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі басшылық жасайды. Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасындағы түзеу мекемелері Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бұйрығымен ұйымдастырылып құрылады және таратылады. Осы Ереженің 3-параграфымен түзеу мекемелерінің мөлшері (толықтығы) белгіленеді. Іс жүзінде сотталғандардың сандық мөлшері төмендегі белгіленген көрсеткіштерден аспауы тиіс:

- жалпы режимдегі түзеу колонияларында – 2000 адам;
- қатаң режимдегі түзеу колонияларында – 1800 адам;
- ерекше режимдегі түзеу колонияларында – 1600 адам;
- түзеу колония-қоныстарда – 1000-1500 адам;
- тәрбиелеу колонияларында – 750 адам;
- түрмеде – 2000 адам.

Жоғарыда көрсетілген колонияның түрлері мен оның мөлшеріне, сондай-ақ әйелдер мен кәмелетке толмаған қыздарды ұстауға арналған бас бостандығынан айыруға орындарына қарай отырып, түзеу колониялары шынында түзеу мекемелердің ең негізгі түрі деген қорытынды жасауға болады. Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп Ережелерінің 5-параграфында: «Түзеу мекемелері заңды тұлғалар құқығын иеленеді, оның Қазақстан Республикасының Ел таңбасы бейнеленген және мекеменің атауы жазылған мөрі болады», делінген.

Өзінің күнделікті қызметінде түзеу мекемелері тергеу органдарымен тығыз байланысқан әрекеттестікте болады: олар бұрын бас бостандығынан айыру орындарда болған айыпталушылардың тұлғасын зерттеуге, сондай-ақ сотталғандардың қамауға түскенге дейінгі қылмыстық жауаптылыққа тартылған қылмыстық әрекеттерін ашуға көмек көрсетеді. Түзеу мекемелері соттармен де тығыз байланыс жасасады. Соттар жазаның түрінің, режимінің және түзеу мекемелерінің өзгертіліп немесе ауыстырылуына бақылау жасайды.

Түзеу мекемелерінің өзара әрекеттестігінің маңызды бағыттарының бірін бас бостандығынан босап шыққандардың түзелу нәтижесін бекіте түсу мақсатында полиция аппараттарымен бірлесе отырып жүргізеді (жұмысқа орналастыру, тұрмыстық, тұрғын үй мәселелерін шешуге көмектесу, әкімшілік қадағалау жүргізу және басқалар).

Түзеу мекемелерінің барлық қызметі заң негізінде құрылады, дегенмен сол жағдайлардың бәрі де жіті бақылауды талап етеді.

ҚР ҚАК 17- бабы **атқарушы органдардың бақылауын** белгілейді. Бәрінен бұрын өзінің аумағында орналасқан түзеу мекемелері мен органдарына қатысты кең көлемдегі мәселелер бойынша бақылауды өкімет органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары жүзеге асырады.

ҚР ҚАК 18-бабы **сот бақылауының** нысандарын нақты айтады. Жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату туралы, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түріне ауыстыру туралы, сотталушының ауруына байланысты жазадан босату туралы, адамның жеке басына қарсы жасаған ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін бес жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандарды қоспағанда, жүкті әйелдердің және сегіз жасқа дейін балалары бар әйелдердің жазаларын өтеуін кейінге қалдыру туралы, сондай-ақ түзеу мекемесінің түрін өзгерту туралы мәселелерді шешу кезінде жазалардың атқарылуын сот бақылайды. Жазаны атқарушы мекемелер мен органдар үкім шығарған сотқа сотталғандардың қоғамдық жұмыстарды, түзеу жұмыстарын, бас бостандығын шектеуді, қамауды, тәртіптік әскери бөлімде ұстауды, бас бостандығынан айыруды өтеуінің басталғаны және оның орны, айыппұл салу, белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнайы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру, әскери қызмет бойынша шектеу, мүлкін тәркілеу, өлім жазасы түріндегі жазалардың атқарылуы туралы хабарлайды.

ҚР ҚАК 19-бабы жаза атқарушы мекемелер мен органдардың **ведомство-лық бақылау қызметін** жүзеге асырылуын реттейді. Онда ведомстволық бақылауды жүзеге асыру тәртібі нормативтік құқықтық актілермен белгіленетіндігі айтылған. Мәселен, Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп Ережелерінің 1-параграфының 1-тарауы түзеу мекемелеріне инспекция жүргізудің тәртібін белгілеп, оны орындаушы адамдары және инспекция жүргізу мерзімін белгілейді (кем дегенде екі жылда бір рет және оны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі аппаратының қызметкері басқарады).

Жазаны атқаратын органдары мен мекемелердің қызметіндегі заң бұзушылықтар мен кемшіліктер айтарлықтай әсер ететін тексеріс **прокурорлық қадағалау** болып саналады. Жазаны атқаратын органдар мен мекемелер әкімшіліктері қызметіндегі заңдылықтың орындалу жай-күйін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, оған бағынатын прокурорлар жүзеге асырады.

Бақылау жүйесінде құқықтары ҚР ҚАК 21-бабында белгіленген Қазақстан Республикасының Жоғары лауазымды қызметкерлердің қамау және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқарушы мекемелерде болуына ерекше орын берілген. Заң мұндай болудың тәртібін әбден реттеген: бір жағдайда оларға болуына шек қойылмаса, ал енді бір жағдайларда орналсқан аумағына қарай шек қойылады, ал үшінші жағынан осы мекемелер әкімшілігінің немесе қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органының рұқсаты талап етіледі. Қылмыстық жазаны атқаратын органдар мен мекемелерде болу кезінде сотталғандарды кино, фото және бейнекөрініске түсіру олармен сұхбат жүргізу, соның ішінде аудиобейне техника құралдарын пайдаланынып жүргізу сотталғандардың өз келісімімен жүзеге асырылады.

ҚР ҚАК 10-бабы сотталғандардың құқықтарын тізе отырып, мынадай тәртіп белгілейді: Сотталғандар жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, мемлекеттік өкімет органдарына, мемлекеттік бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға құқылы.

Сөйтіп, қылмыстық жазаны атқарушы мекеме мен органның әкімшілігінің қызметіне бақылау жасаудың мақсаты – соттың үкімімен заңға өте сәйкес белгіленген қылмыстық жазаны, сотталушының құқықтары мен бостандықтарына ешбір нұқсан келтірместен немесе заңды бұзбастан ем қалтқысыз атқару.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.

5. Приказ МЮ РК № 154 от 11 декабря 2001 г. «Об утверждении инструкции по организации надзора и охраны за лицами отбывающими наказание».
6. Приказ МЮ РК № 148 от 11 декабря 2001 г. «Об утверждении в действие Правил внутреннего распорядка ИУ».
7. Комментарий к Уголовному праву и Уголовно-исполнительному праву Республики Казахстан с изменениями и дополнениями от 21 декабря 2002.
8. Уголовно-исполнительное право Республики Казахстан. – Алматы, 1997.
9. Уголовно-исполнительное право. – М., 1996.
10. Уголовно-исполнительное право России. – М., 1997.
11. Советское исправительно-трудовое право. – СПб., 1998.
12. Диденко П. В. Уголовно-исполнительное право РК. – Алматы, 2001.

4. СОТТАЛҒАНДАРДЫ ТҮЗЕУДІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

4.1. Бас бостандығынан айыру орындарында жазаны өтеу ұғымы, оның негізгі функциялары мен қамтамасыз ету әдістері.

Бас бостандығынан айыруға, түзеу жұмыстарына, тәртіптік әскери бөлімшеде ұстауға сотталғандарды түзеу тәрбиелік ықпал ету құралдарын қолданумен жүзеге асырылады. Мұның өзі түзеудің тәрбиелік ықпал ететін негізгі құралдарын қолдануда арнаулы жағдайларды пайдалануды қажет етеді. Осындай жағдай жасауға жазаны өтеу режимі бағытталған.

Қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасы (ҚР ҚАК 1-бабы) жазаны жүзеге асыру жолында «атқару» терминімен бірге «өтеу» деген сөзді қолданады. Осы көрсетілген терминдер сотталғандардың жазасын жүзеге асыруда бірыңғай әрекет көрсетеді, сөйтседе ол қылмыстық-атқару құқықтық қатынастарының түрлі субъектілері мен қатысушыларына қолданылады.

«Атқару» термині өздерінің міндеттеріне қарай жазалаудың барлық ықпалын жүзеге асыратын тиісті органдарға арналады. Ол органдар сотталғандардың құқықтарына нұқсан келтірмейтіндей жағдайда, сот үкімімен белгіленген мерзім ішінде осы сөзді жүзеге асыруы тиіс. Ал «өтеу» сөзі, яғни жазаны өтеу сотталғандарға ғана қатысты. Олар соттың тиісті үкімі негізінде, қылмыстық-атқару заңнамасымен белгіленген міндеттерін орындай отырып, құқықтың тыйым салынған нормаларын бұзбауға тырысып, өзінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырады.

Жазалау ықпалын жүргізу кезіндегі сотталғандардың құқығын шектеу нақты бір жаза түрін өтеу режимімен анықталады. Жазаның мәні мен мағынасын көрсететін жазаны атқару режимі өзінің бағытына қарай көп салалы. Ол сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарының бірі ретінде (ҚР ҚАК 7-бабы) оларға жазалау ықпалын тигізеді және бір мезгілде түзеудің басқа құралдарының нәтижелі қолдануына құқықтық алғышарттар жасайды. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактіде айтылғандай, «жазалау жүйесіндегі сотталғандарға арналған режим оларды шын мәнінде түзеу мақсатын алға тартады» (10-бабы 3-тармағы).

Режиммен сотталғандар ғана емес, сонымен бірге бас бостандығынан айыру орындарында еңбек ететін қызметкерлерінің, сотталғандардың туған туыстарының және осында келіп-кететін өзге де қызметкерлердің міндетті түрде сақтайтын және орындайтын түзеу мекемелерінің ішкі тәртібі белгіленеді. Ол түзеу мекемелерінің ішінде ғана емес, сотталғандар жұмыс істейтін одан тысқары жерлерде де күшіне енеді. Сөйтіп, режим сотталғандардың бүкіл өмір салтын, тиісті бір жазаны атқаратын түзеу мекемелері әкімшілігінің қызметін де реттейді.

Жазаны өтеу (атқару) мәселесі қылмыстық-атқару құқығының маңызды мәселелерінің бірі. Ол қылмыстық жазаны атқаратын мекемелер мен органдарды тәжірибесіне еніп, ол төмендегідей екіұшты мағынада қолданылады:

- органдар немесе мекеме әкімшіліктерінің жазаны атқару тәртібін анықтайтын ережелер жиынтығы ретінде;

- бас бостандығынан айыруға, түзеу жұмысына, тәртіптік әскери бөлімшеде ұстауға сотталғандардың жазаны өтеу тәртібін анықтайтын ережелер жиынтығы ретінде;

Заңдарда «режим» деген сөздің анықтамасы жоқ, ол қылмыстық-атқару құқығы ғылымымен анықталады.

Профессор Н. А. Стручков былайша айтады: «режим» деген сөздің мағынасында сазайын тартыратын жазалау деген түсінік бар. Дейтұрғанмен, режим деген сөз ереженің орындалысын қамтамасыз еткенімен, жазалау деген ұғымның мағынасын бермейді. Бұл атап айтқанда тәртіпті болуға, тазалықты, өзінің жеке басының гигиенасын сақтау жөнінде талап қою. Сонымен бірге режим еңбекпен тәрбиелеуді жүзеге асырудың қажетті шарттары болып саналады⁸.

Профессор Б. С. Утевский тар мағынада режим сөзіне басқаша анықтама берген. Ол былай деп жазады: «режим күн тәртібінен, бас бостандығынан айыру орындарындағы жүріп-тұру тәртібінен, бас бостандығынан айырылғандардың сыртқы дүниемен араласу жолын белгілейтін ережелерден, көтермелеу мен жазалау шаралары жүйесінен туындайды»⁹. Режимнің тек жазалау ғана емес, сотталғандардың бойында жақсы қасиеттер қалыптастыратындай тәрбиелік мәні де бар, сондай-ақ ол түзелуге ықпал ететін шараларды да қамтамасыз етеді. Қылмыстық-атқару құқығы ғылымында режим сөзінің кең және тар мағынадағы екі түрлі анықтамасы болады.

Тар мағынада жазаны өтеу режимі деп қылмыстық-атқару заңнамаларымен және сотталғандардың орындауына міндетті жазаны өтеудің нақты тәртібін анықтайтын ережелерінің жиынтығы деп айтуға болады. Бұл ережелерде қылмыстық-құқықтық жазалаумен көріністер және жазаны өтеу режимінің мазмұнын құрайтын құқықты шектеу шараларының кешендері шоғырландырылады.

Кең мағынада режимді қылмыстық-атқару құқығының нормаларымен басқарылатын, реттелетін норма, белгілі бір ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда жүзеге асырылатын жазалаушы-тәрбиеледіші іс-әрекет деп түсінуге болады. Жазаны өтеу мен түзетудің ықпал етуші шараларын қолданудың тәртібі мен шарттары қылмыстық-атқару құқығы ғылымында жазалаушы-тәрбиелеуші іс-әрекет деген атауға ие болды. Дәл осы жағдайдан да режимнің кең мағынасы туындайды.

Түрлі көзқарастарды талдай келе ғалымдар режимге мынадай анықтама береді: жаза өтеу режим деп, қылмыстық-құқықтық жазалауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, жазаның мақсатына жету үшін сотталғандарға ықпал ету арқылы түзеу шараларын қолдануға жағдай туғызатын қылмыстық-атқару құқық нормаларымен белгіленген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің (атқарудың) тәртібі мен шарттарын айтамыз.

⁸ Стручков Н. А. Советская исправительно-трудовая политика и ее роль в борьбе с преступностью, – Саратов, 1970.

⁹ Утевский Б. С. Советская исправительно-трудовая политика. – М., 1934

Жазаны өтеу режим оның құқықтық қағидалары негізінде ұйымдастырылады. Түзеу мекемелеріндегі режим қағидалары жазаның мақсатына сай келуі тиіс. Режимнің негізгі қағидалары мыналар болып табылады:

- заңдылық;
- гуманизм;
- мақсаттылық;
- жекелендіру;
- теңдестіру;
- жазалау мен тәрбиелеу ықпалын үйлестіру.

Заңдылық қағидасы сотталғандарға, оның мінез-құлқына қатысты заңға негізделген, яғни қылмыстылық-атқару заңнамасында қарастырылған талаптардың ғана қолданылатындығын білдіреді. Құқықтық нормалармен белгіленген жазаны өтеу ережелері, сотталғандарға ғана емес, жазаны атқарушы органдар мен мекемелері әкімшілігінің және барлық қызметкерлеріне де қатысты. Жазаны атқарудағы заңның нақты орындалуын қадағалау төмендегіше түрлі нысандарда жүргізіледі:

- соттық бақылау;
- ведомстволық бақылау;
- қоғамдық бақылау;
- прокурорлық қадағалау;
- сотталғандардың арыз-шағым, ұсыныстар мен өтініш беру мүмкіндігі.

Жазаны өтеу режимін ұйымдастырудағы **гуманизм қағидасы** ҚР ҚАК 2, 8, 10, 11, 77 және басқа да баптарында бекітілген. Ал ҚР ҚК 38-бабы (Жаза ұғымы мен мақсаты) жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Түзеу мекемелеріндегі режимді ұйымдастыру **мақсаттылығы** әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруді, сотталғандарды түзеуді, сотталғандардың да өзге де адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алуды қарастырады. Сотталғандарды түзеу жаза атқарушы органдар алдына белгілі бір мақсатты – заң бұзушыларды заңға бағынатын, қоғамға пайдалы адамдарға айналдыру.

Режимді **жекелендіру** түзеу мекемелерінің қызметінің тиімділігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Жазаны жекелендіру оны атқару сатыларында сотталушының мінез-құлқына байланысты оны ұстау жағдайын өзгертуді ұсынады. (ҚР ҚАК 16-тарауы жазаларды атқарудың дағдылы, жеңілдетілген, жеңілдікті және қатаң жағдайларын қарастырады.

Режимді **теңдестіру** жасаған қылмыстарының қоғамға қауіптілік дәрежесіне, бұрын сотталғандығына, қылмыстарының қайталануына байланысты әртүрлі санаттағы сотталған қылмыскерлерді ұстаудың түрлі немесе тиісті жағдайларын қолданумен көрінеді (дағдылы, қатаң, ерекше режимдер). Бұл қағида сотталғандарды жіктеу және оларды түзеу мекемелері түрлеріне қарай бөлумен жүзеге асырылады.

Режимнің жазалау мен тәрбиелеу ықпалын үйлестіру қағидасы сотталушының барлық құралдардың жиынтығымен құқық бұзушылыққа қарсы тұра алатындай мінез-құлық қалыптастыруға ықпал ететіндей негізгі құрал-

дарының бірі болып табылады. Режимнің жазалаушы ықпалы сотталғандарға оқшаулау, кездесу мен посылка алуға шектеу қою сияқты шектеулер арқылы көрінеді. Ол сотталғандарды қорқытып жаңа қылмыс жасаудың алдын алып қана қоймай, түзелу жолына түсем деген адамның ынтасын арттырып, жоғалтып алған жақсылықтарын қалпына келтіруге ұмтылдыра түседі. Осы айтылғандардан келіп режимнің негізгі функцияларын анықтауға болады. Оларға: сотталғандарды жазалау, тәрбиелеу, ескерту, сондай-ақ өмірге бейімдеу функцияларын жатқызуға болады¹⁰.

Жазалау функциясы сотталғандарға қылмыстық-атқару заңнамасында қарастырылған және сот үкімінен туындайтын құқықтық шектеулер белгілеу көбінесе сотталғандардың субъективті құқық саласын қамтиды. Жасаған қылмысы үшін кінәлі адамға заңмен белгіленген белгілі бір құқықтық шектеулер мен тыйым салушылықпен көрінетін белгілі бір қылмыстық жаза қолданылатын ескеретін болсақ, режимнің негізгі қызметі қылмыстық-құқықтық жазалаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Режимнің жазалаушыықпалы бостандықтан айыру фактісінің өзінен және одан туындайтын шектеулерден өрінеді. Режимнің мұндай қызметі қоғамды және оның азаматтарын екінші рет қайталап қылмыс жасауға бейім тұратын адамдардан қорғайды.

Режимнің тәрбиелік функциясы бірнеше әдістермен жүзеге асырылады. Біріншіден, ол мәжбүрлеу адамды тәрбиелейтін, тәртіпті сақтауға баулитын, жазаны өтеудің ережелерін міндетті түрде сақтайтын, заңға бағынатын мінез-құлық қалыптастыратын болғандықтан жазалауды жүзеге асыру жолымен, екіншіден мемлекеттік мүлікті көздің қарашығындай сақтау, мекеме қызметкерлерін сыйлау, жеке гигиенасының ережелерін сақтау сияқты табиғатына қарай жазалауға жатпайтын әрекет жасау жолымен жүзеге асырылады.

Режимнің тәрбиелік функциясы сотталған адамның бас бостандығынан айрылуына байланысты ұайым мен қайғы-қасіретке душар болғанда имандылыққа бой ұруын жетілдіре түседі; сотталған адамның бойында ұзақ уақыт ішінде қалыптасса да дағдылы сипат алатын өзіне пайдалы дағды мен қасиеттер қалыптастыруға жағдай жасайды; сотталған адамның бойында белгілі бір құқықтық сана-сезімнің қалыптасуына мүмкіндік туғызады; белгілі бір дәрежеде қылмыс жасауға итермелеген жаман қасиеттерден арылуға, қаншама игіліктер мен жақсылықты жоғалып алғанан ұғынуына көмектеседі; сотталған адамның бойында алдағы уақытта қылмыс жасамайтындай сана қалыптастыруы тиіс және ол жазаланған адамның қорқынышы арқылы емес, қылмыстық өмір салтын ұстаудың мәнсіз екенін түсетіндей ой қалыптастыратындай болуы керек.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу (атқару) режимінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін оның талаптары уақытлы және тиісінше атқарылуы тиіс. Түзеу мекемелеріндегі қылмыстық-атқару құқық қатынасына қатысушылардың барлығының тәртібі жазаны өтеу режимін реттейтін қыл-

¹⁰ Стручков Н. А. Курс исправительно-трудового права. Проблемы Особенной части. – М., 1984. 48-65 беттер.

мыстық-атқару құқығы нормаларының талаптарына сай келуі тиіс. Режимнің талаптарын қатаң орындамайынша тәрбиелік ықпал ету шаралары жүйесінің тиімділігі болуы мүмкін емес. Сонымен бірге, түзеу мекемелеріндегі режим сотталғандарды күзету жолымен, оларға қадағалау жасау, көтермелеу мен жазалау, ерекше жағдайларда қауіпсіздік шараларын қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Режимді қамтамасыз етудің әдіс-тәсілдері ҚР ҚАК 77-бабында көзделген талаптарға негізделген тәртіпті сақтауға бағытталған және сонымен бірге түзеу мекемелерінде жалпы құқықтық тәртіпті сақтауға бағытталған. Басқаша айтқанда, режимс талаптарын бұзушылықтың алдын алу жолдарын қамтамасыз ету міндеттері қылмыстық-атқару құқығына қатысушылар тарапынан туындайтын құқыққа қайшы әрекеттерді, заң бұзушылық үшін тиісті шара қолдануға жол бермеу болып саналады.

Режимді қамтамасыз етудің ең басшы құралы – сотталғандардың жазаны өтеу тәртібін қамтамасыз ету, олардың жаңа қылмыстар немесе қоғамға жат бөтен қылықтар жасауын ескерту көмегімен атқарылатын оларды күзету мен қадағалау жасау. Режимді қамтамасыз етудің басқа бір құралдары өз кезегінде сотталғандардың құқыққа бағынушылық мінез-құлықтарын қалыптастыратын, олардың жазаны өтеу тәртібін бұзуларына жол бермеулеріне себеп болатын көтермелеу мен жаза қолдану шарлары болып табылады. Қылмыстық-атқару заңымен көтермелеу мен жазалау шараларының тізімі (ҚР ҚАК 109, 111-баптары), сондай-ақ оларды қолдану тәртібі (ҚР ҚАК 110, 113-баптары) қарастырылған.

Жазалау мен көтермелеу шаралары түзеу мекемелеріндегі белгіленген сотталғандардың түзелу тәртібін қамтамасыз етудің, түрлі құқық бұзушылықтар мен жаңа қылмыс жасауының алдын алудың ең басты құралы болып табылады. Көтермелеу шараларын қолдану – сотталған адамның тәртібін жақсы жаққа қарай өзгертудің және одан әрі түзелуіне ынталандырудың бір жолы. Көтермелеудің тәрбие ісінде игі әсер етуі үшін ол әрбір нақты жағдайда орынды, нақты бір адамға тиісінше ықпал ететіндей, оның қоғамға пайдалы мақсат көздеуіне, ынтасына байланысты, дер кезінде және жариялы болуы керек. Жазалау шараларын қолдану жазаны өтеу тәртібін бұзушыны соны сақтай білуге мәжбүрлейтін құрал болып саналады. Жазаны өтеу режимін елеулі түрде бұзушылықтар қатарына сотталған адамның жұмысқа істеуге шығудан бас тарту, суық қарулар жасау мен оларды сақтау, спирттік ішімдіктер мен есірткілік заттар пайдалану, аймаққа тыйым салынған заттарды алып кіру, әкімшілікке бағындау және оларды келеке ету, ішкі тәртіп ережелерін бұзу және басқалары жатады. Жазаны өтеу режимінің бірде-бір бұзушылығы назардан тыс, әкімшіліктің әсер етуінсіз қалмауы керек. Жазалау шараларын дұрыс қолдана білу сотталған адамның жаңадан қылмыс жасауының алдын алатын, оған қандайда болмасын қылмыстың жазаланбай қалмайтынын дәлелдеп беретін, әкімшілікті алдын алу шараларын жүргізуге мәжбүр ететін болғандықтан айырықша маңызға ие болады.

Сотталғандарға қарсы қару қолдануға олар түзеу мекемесінің қызметкерлерінің және өзге де адамдардың өміріне қауіп төндірген төтенше жағдай-

ларда, егер басқа амалдармен ұстап алуға мүмкіндік болмаған жағдайда түрмеден қашқанда ғана жол беріледі.

Кәмелетке толмағандар мен әйелдерге қашқан кезде оларға қарсы қару қолданылмайды.

Қару қолданылған әрбір жағдайда ол жөнінде дереу прокурорға хабарлануы тиіс.

Режимнің негізгі талаптары ҚР ҚАК 77-бабында анықталған. Ондағы талаптар сотталғандарды күзету мен оқшаулауды қамтамасыз ететін заңда және заңға сәйкес нормативтік құқықтық актілермен белгіленген жазаны атқару мен өтеу тәртібін; оларды ұдайы қадағалауды; өздеріне жүктелген міндеттерді атқаруды; олардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруды; сотталғандар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін; сотталғандардың түрлі санаттарын бөлек ұстауды; сот тағайындаған түзеу мекемесінің түріне қарай ұстаудың түрлі жағдайларын; жазаны өтеу шарттарын өзгертуді қарастырады.

Сотталғандарды қоғамнан оқшаулау дәрежесі әр алуан және ол түзеу мекемелерінің түріне байланысты болады. Колония-қоныстарда мұндай дәреже төмендеу. Сотталғандар күзетсіз, бірақ жіті қадағалаудағы ұстауда болады.

Жабық түрдегі түзеу мекемелеріндегі оқшаулау басқаларына қарағанда күрделілеу, бірақ ондағыларды қоғамнан мүлдем аластатылды, бәрінен бейхабар деп айтуға болмайды. Олар газет-журнал, кітап оқып, теледидар хабарларын көріп, радио тыңдайды, өздерінің ұзақ және қысқа мерзімді кездесу мен хат жазысу туралы құқықтарын жүзеге асырып отбасы мүшелерімен байланысып тұрады. Қатаңырақ оқшаулау заңмен ерекше режимдегі түрмелер мен колонияларда белгіленген.

Түрлі түзеу мекемелеріндегі сотталғандарды бөлек ұстау, біріншіден бір санаттағы сотталғандардың басқа санаттағыларға жаман әсерін тигізбес үшін екіншіден, әр санаттағы сотталғандарды бір-біріне зиян келтірмес үшін жас шамасына, азаматтығына, аса қауіпті қылмыс қайталауына, аса қауіпті қылмыс жасаумен сотталғандығына, жұқпалы аурумен ауруына және басқа да жағдайларына қарай бөлінеді.

Түзеу мекемелеріндегі қадағалау – бұл сотталғандардың жазаны өтеудің белгіленген режимін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы тағайындалған әскери бөлімше нарядтарымен және түзеу мекемесі қызметкерлерімен сотталғандардың орналасқан жерлері мен жұмыс орындарындағы жүріс-тұрысы мен тәртіптерін қарау мен бақылау жүйесі. Оны тұрғын орындардағы, өндірістік алаңдардағы, айыптық оқшаулағыштағы, камералық үлгідегі бөлмедегі, айдауылсыз жүретіндер мен колониядан тыс ұстаудағы сотталғандардың бәрінің үстінен жүргізіледі. Қажет болған жағдайда бақылаушылар сотталғандарға тінту жүргізе алады, тұрғын және жұмыс орындарын, келген посылкалар мен сәлемдемелерді қарап, тінте алады, қысқа мерзімді кездесулеріне қатысады. Қадағалаудың ең қажетті элементі – сотталғандарды ұдайы түгендеп отыру.

Режимнің негізгі талаптарын бұлжытпай орындап отыру сотталғандарды түзеудің басқа да құралдарының ойдағыдай қолданылуын қамтамасыз етеді.

4.2. Сотталғандармен тәрбие жұмысын құқықтық реттеу

ҚР ҚАК 105-бабына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысының міндеттері мынадай болып саналады:

- сотталғандарды түзеу;
- қоғамдық пайдалы қызметпен айналысуға ұмтылысын қалыптастыру;
- еңбекке адал көзқарасын қалыптастыру;
- заңдардың талаптарын және қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелерін сақтау;
- білім және мәдени деңгейін арттыру және одан әрі дамыту.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамалары тәрбие жұмысын сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарының бірі деп анықтайды.

Бас бостандығынан айырылған адамдарды өткізілетін тәрбиелік шараларға тарту мақсатында олар белсене қатысқан жағдайда көтермеленеді және олардың түзелеу деңгейін анықтау кезінде ескеріледі.

Тәрбие жұмыстары түзеу мекемелерінің түріне, ондағы белгіленген режимге қарай жүргізіледі.

Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының негізгі түрлері мыналар саналады:

- адамгершілік тәрбие;
- құқықтық тәрбие;
- еңбек тәрбиесі;
- дене тәрбиесі.

Құқықтық тәрбие сотталған адамның бойында құқықтық мәдениетін көтеруді, заңды құрметтеуді және оны нақты әрі бұлжытпай сақтауға ұмтылыс қалыптастыруды мақсат етеді. Сотталған адамның бас бостандығынан айыру орнында заң талаптарын бұзғандықтан отырғандығын ескеретін болсақ, тәрбиелеудің осы түрінің маңыздылығын асыра бағалау тым артықтау болар еді.

Сотталғандарға құқықтық тәрбие беру дегенді мемлекет заңдарының талаптарын, Қазақстан Республикасының Конституциясын, конституциялық құқықтары мен міндеттерін жоспарлы, мақсатты түрде талдап, түсіндіру, басқа адамдардың заңды мүдделерін де құрметтеуге баулу деп түсінуге болады. Мұндай жұмыстың соңғы нәтижесі сотталған адамның бойында адал ниетті дағдыға ие болуын, заңға бағынушылықты, қоғам үшін пайдалы өмір салтын ұстануын қалыптастыру болып табылады.

Еңбек тәрбиесі сотталған адамның бойында еңбекке деген адал ниетті көзқарас қалыптастыруды мақсат етеді. Еңбек тәрбиесі тұлға мен қоғам үшін адамгершілікке қайшы, бүлдіргіш көзқарастарға тойтарыс беруге жұмылдырылады. Бас бостандығынан айыру орнындағы және одан босағаннан кейінгі адал еңбегі ғана сотталған адамды дұрыс жолға түсуге жетелеп, екінші қайтара қылмыс жасамайтындай қисық жолдан алып шығады.

Дене тәрбиесі бас бостандығынан айыру орындарында тек қана бұқаралық дене шынықтыру шараларын бөлек жүргізіп отыру керек деген ой туғызбайды. Бұл шара өзінің денсаулығы мен дене құрылысын сақтап қалсын деген мақсатта жүргізіледі.

Адамгершілік тәрбие бұл сотталғандар арасында қиынға түсетін және көп еңбекті қажет ететін әрекет. Сотталғандарға адамгершілік құндылықтың мазмұнын түсіндіру қажет. Мұндайда басты назар арамтамақтық өмірдің зияны мен залалына және оған қала қарсы тұру жолдарын, қылмыстық өмір салтынан бойды қалай аластату жолдарына, айналадағы адамдарға құрметпен, сыйластықпен қараудың не беретіне, бір сөзбен айтқанда адамдықтан арылмауға салынады.

Эстетикалық тәрбие бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды өмірден күдерін үзбей әсемдікті, сұлулықты, жақсылықты, өнерді құрметтеу қасиеттерін қалыптастыруға жетелейді, мәдени құндылықтарымызды бағалауға, бұл әлемдегі мәдени дамуға өзінің де үлес қосатында сезімде болуына баулиды.

Жеке жұмыс жүргізу жасаған қылмысын, жас шамасын, білімін, кәсібін және басқа да жеке қасиеттерін ескере отырып сотталған тұлғаны зерттеп білу мақсатында жүргізіледі.

Жеке тәрбие жұмыстарын жүргізу бас бостандығынан айыру орындарында отряд бастығына жүктеледі (ҚР ІІМ 05.03.1993 жылғы №93 бұйрығының ХІІІ-тарауы). Ол жұмыс жоспарыға сәйкес, сабақ, саяси хабар, лекция, баяндама, әңгіме-сұхбат жүргізуді ұйымдастырады. Зандардың қатаң сақталуын, сотталғандардың құқықтық талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді; сотталғандардың құқық бұзушылығының себептері мен жағдайларын анықтайды. Отрядтағы тәртіптің және тәртіптік тәжірибенің жай-күйін талдайды; сотталғандардың өз кінәсін мойындап келу, жасаған қылмыстарымен келтірілген материалдық шығындардың орнын мерзімінен бұрын толтыру жұмыстарына араласады; құқықтық білім негіздері бойынша сабақ өткізуді ұйымдастырады.

Сөйтіп, әрбір сотталғанмен жеке-жеке тәрбие жұмысын жүргізу – сотталған адамның сана-сезіміне ықпал етудің ең тиімді жолы. Тәрбиелік жұмыстарының жалпыға арналған, яғни ұжымдық түрі қанша жақсы ұйымдастырылғанымен, ойлағандай нәтиже бере алмайды. Тәрбие жұмыстарының жеке адамға арналған және бұқаралық түрлерін, сондай-ақ кейбір кездерде оның жақсырақ нәтиже беретін түрлерін пайдалану – педагогиканың негізді талабы. «Мен, – деп, жазады А.С. Макаренко, – тәрбиенің мақсаты дегенді адами тұлғаның бағдарламасы, адамгершілік сипаттың бағдарламасы деп түсінемін... өзімнің тәрбие жөніндегі жұмысымда жалпы бағдарлама болуын, «стандартты» және жеке ұжымның болуы керек екенінін түсіндім»¹¹.

Жеке адамды тәрбиелеу жұмысы онымен айналысатын адамнан жоғары адами және кәсіби қасиетті, адам бойындағы жаман мен жақсыны айыра білуді, қашанда біреуге көмектесуге әзір тұруды, талапшылдық пен сөз табыса білушілікті талап етеді.

Жеке тәрбие жұмысы сотталған адамның тұлғасын терең зерттеп білуді, оның мінез-құлқын, сұранысын, мүдделері мен құлшынысын білуді талап

¹¹ Макаренко А. С. Соч. т. 5. 118-119-беттер.

етеді. Жасаған қылмысының сипатына қарай оның қандай адам екенін әлеуметтік көзқарасының қандай екенін білу қажет.

Халықаралық жағдайдың өзгеруіне қарай заңнамалар да өзгеріп сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысында маңызды орынды діни бағыттағы тәрбие баса бастады. Айта кететін бір жай, қазір бұрынғы саяси бағыттағы тәрбие беру күн тәртібінен алынып тасталды. Алайда, сотталғандарды былай қойғанның өзінде өзге де адамдарды адамгершілік пен моральдық, отансүйгіштік, ұлтаралық қатынас мәдениеті, қоғамдық құбылыстарды объективті бағалау, өзінің көзқарасы мен мінез-құлқын үйлестіре білу рухында тәрбиелеу кейінге қалдырыла қойған жоқ. Осы сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда діни уағыздаулар, жалпы алғанда дінге сенушілік рухани бағытта тәрбие беру саласында ерекше орын ала бастады.

Атап өту керек, діни жолмен ықпал ету сияқты сақтықты қажет ететін істе, мысалы, бұрынғы осы тәрбие жұмысына қызмет етіп келген лениндік бөлмелерді қайтадан ғибадат бөлмесінде айналдыру сияқты науқандық сипаттағы, осы істі қалыпқа айналдырға бағытталған әрекеттен қаша алмайтындай күйге жеттік. Сонымен бірге діни жолмен тәрбиелеуде сотталғандардың православие мен мұсылмандықтан басқа діндердің жолына түсіп кетпеуін қарастыру керек. Адамды бұйрықпен дін жолына түсіріп, дін жолымен тәрбиелеуге мүлдем болмайды. Мұндайда әркімнің еркіне қарау керек. Зорлықпен, қысымшылықпен жүргізілетін тәрбие жұмысы наразылық пен қарсы әрекет тудырудан басқа ешқандай нәтиже бермейді.

Жоғарыда аталған Бұйрықтың 422-бабында былай делінген: «Ешқандай дін мен діни бірлестіктер бір-біріне қатысты артықшылықтарға ие бола алмайды. Дінге байланысты азаматтардың құқықтарын тура немесе жанама түрде кемсіту немесе белгілі бір адамдарға байланысты артықшылық беру Қазақстан Республикасының заңы бойынша жауапқа тартылады».

Жаңа заң бойынша түзеу мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарының аса маңызы барлары қатарынан сотталғандарға жалпы білім беру болып табылады. ҚР ҚАК 7-бабына сәйкес жалпыға бірдей орта білім беру сотталғандарды түзелу жолына түсірудің негізгі құралдардың бірі болып саналады. ҚР ҚАК 108-бабында бас бостандығынан айыруға сотталғандардың орта білім алуын ұйымдастыру нақтылап көрсетілген. Ол 30 жасқа толмаған сотталғандар үшін міндетті түрде болса, ал 30 жастан асқандар мен 1 және 11-топтағы мүгедектер орта білімді өздерінің қалауы бойынша алады. Сотталғандардың орта білім алуға байланысты ұмтылысы көтермеленеді және олардың түзеу жолына түсу дәрежесін анықтау кезінде әкімшілікпен ескеріледі.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың оқуын ұйымдастырудың негізгі нысандары қалалық, аудандық халыққа білім беру бөлімдеріндегі кешкі (сменалық) мектеп немесе оқу-консультация пунктері болды. Сотталғандарға жалпы білім алуын ұйымдастырылуына жалпы басшылықты тергеу мекемесінің саяси органы жүргізді.

Жалпы білім беру сияқты сотталғандарға кәсіптік-техникалық білім беру де сотталғандарды түзеу мен қайта тәрбиелеудің негізгі құралдарына жатады. Дегенмен ол іс жүзінде түзеу мекемелерінің көбінесе ағымды өндірістік

тапсырмаларын орындауға пайдаланылды. Бүгінде Қазақстан Республикасының бас бостандығынан айыру орындарында орта білім алу немесе кәсіптік-техникалық училищелерінде оқу күрделілене түсті. Қаржы тапшылығынан олардың көбісі жабылып, қысқартылып қалды.

4.3. Сотталғандардың еңбегін құқықтық реттеу: оның негізгі қағидалары мен ұйымдастыру жолдары. Еңбек шарттары және оған ақы төлеу.

Түзеу мекемелеріндегі еңбек қазіргі «колониялық» өндіріс үшін білікті кадрлар даярлаудың міндетті түрдегі жүйесімен бірлесе отырып, сотталғандарды түзеуді мейілінше ықпалды құралы болып табылады. Қылмыстық-атқару саясатының негізгі қағидасы ретіндегі еңбекпен түзеудің маңызы оның санау бастау кезінен-ақ белгілі бола бастады. 20-шы жылдардың өзінде-ақ бас бостандығынан айыру орындарының еңбекпен түзеу мекемесі деп аталғаны белгілі. Сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру оларды түзу жолға түсірудің қуатты тәртіп құралы болды және сола болып қала да береді. Бұл жерде қылмыстық-атқару саясатының маңызды қағидасы гуманизм көрініс табады. Бас бостандығынан айыру орындарында толық болмаса да еңбекке деген конституциялық құқықтың бір бөлігі жүзеге асырылады. Өткен жылдың ішінде түзеу мекемелеріндегі 46 өндіріс орындары ашылып, қайтадан жұмыс жасай бастады. 2003 жылы түзеу мекемелерінде 1 миллиард 300 миллион теңгенің өнеркәсіптік өнімдері өндірілді. 30 миллион теңге пайда алынды. 1500 жұмыс орны пайда болды.

Сотталғандардың түзелуінің негізі бола отырып, еңбек қылмыстық-атқару құқығының қағидаларының бірі ретінде көрінеді де, тәрбиелік ықпал етудің басты құралы болып табылады.

Сотталғандарды қоғамдық пайдалы еңбекке тарту нәтижесінде олар өздерін арамтамақтық сезімнен арылтады, еңбек оларды тоғышарлықтан құтқарады, күн көру үшін қажетті материалдық мәселелерді шешеді. Қоғамға пайдалы қызмет сотталған адамның шығармашылық қабілетін арттырады, ерік-жігерін шыңдайды, көпшілдікті қалыптастырады, өзгерлердің алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Бір сөзбен айтқанда, еңбексіз адамның өмір сүруі мүмкін емес. Еңбек, сонымен бірге, адам игіліктерінің қайнар-көзі, экономикалық мәселелерін шешудің негізі, ең қуатты да әсері тәрбиелік фактор болып табылады. Еңбекті сотталғандарды түзеудің негізгі құралы ретінде пайдалану оның объективті мүмкіндігіне, оны сотталған адамның дұрыс қабылдай білетіндей санасы мен моральдық түйсігіне байланысты.

Қоғамға пайдалы еңбек барысында адамдардың бойынша: еңбексүйгіштік, еңбекке адал ниетпен қараушылық, адал еңбек ету өмір салтын ұстай білу, қоғамдық игілікті көздің қарашығындай сақтау мен жеке меншіктілік, ұжымшылдық, өзара көмекті, адамды сыйлап құрметтеу, тәртіптілік, өзін-өзі ұстай білу сияқты асыл қасиеттер қалыптасады. Сондықтан да еңбек барысында

қалыптасқан адамгершілік қасиет тек іс үстінде ғана емес одан тысқары жерде де әрқашан жоғары тұрады.

Еңбек тұлғаны зерттеп-білу құралы ретінде де, тәрбиелеу ісінің тиімділігін тексеру үшін де пайдаланылуы мүмкін.

Еңбек барысында тұлғаның сипаты мен қасиеттерін білуге, сондай-ақ оның кемістіктері: салақтығын, жалқаулығын, салғырттығын, өзімшілдігін және басқа да қасиеттерін білуге болады. Шындығында еңбек қызметінде адамның нағыз бейнесі мен келбеті, ішкі ойы, моральдық және қайрат-жігер қасиеттері ашылады; еңбек қызметінде байсалдылығы мен әділеттілігі, қоғамға пайдалы мақсатқа жету жолындағы табандылығы мен бірбеткейлік қасиеттер қалыптасады.

Шын мәнінде сотталған адамның еңбек етіп, жұмыс істеуі жазалау болып саналмайтындығына қарамастан, оның жағдайында жазалаушы, сондай-ақ жазалаушы емес қасиеттегі шектеулер де болады.

Жазалаушы емес шектеулер: еңбекші, жұмысты таңдау құқығын алатын болсақ, нақты бір жағдайларды түзеу мекемелерінде сотталғандардың бәріне бірдей жұмыс тауып беруге бола бермейді, әсіресе оның кәсібі бойынша: ауырып қалған немесе еңбекке жарамсыз болып қалған жағдайда әлеуметтік қамсыздандыру жолымен ақы төленбейді.

Еңбектің жазалаушы шектеулері: іс жүзінде еңбек демалысы берілмейді; ерекше режимдегі сотталғандарды ауыр жұмыстарға пайдаланады; еңбек түзеу жолына түсудің көрсеткіші болып саналады.

Арнаулы міндеттерді орындау үшін еңбектің жекелеген шарттары сотталғандарды түзеу ісінде, жеке және жалпы ескертуде осы жоғары да аталған шектеулерді пайдаланады. Алайда оның еңбектің мынадай негізгі сипаттарына қатысы жоқ: сотталғандарды еңбек жолымен пайдалануды заң шеңберінде жүргізу, ол жан-жақты қорғалады, ұзақтығына қарай еңбек құқығы шеңберінен және қалыпты жұмыс күнінің нормасынан аспауы тиіс; тапсырылған жұмыс кәсіптік-техникалық және жалпы білімшен үйлесетін болуы керек, кең бәсекелестікке негізделуі тиіс, шығармашылық бастамашылықты дамыту керек, ол материалдық және моральдық сұранысты қанағаттандырушы қайнар-көз болып табылады. Ол мәжбүрлеуші болып саналмайды, бірақ еңбекке жарамды сотталғандар үшін міндетті болып табылады.

Сөйтіп, сотталғандар еңбегі тәрбиелік, тәртіптік рөл ғана атқармайды, сонымен бірге ол қазіргі жағдайда түзеу мекемелерінің қызметін қамтамасыз етуге де елеулі орын алады.

Еңбек қағидасының негізгі талаптарының бірі, ол сотталғандарға ешқандай азап шектірмейтіндей болуы тиіс. Ол бәрінен бұрын белгілі бір мақсатта болып, белгілі бір міндет қоюы керек. Атап айтқанда, сотталғандарды түзелу жолына түсуді мақсат етуі тиіс. ҚР ҚАК 7-бабы сотталғандарды түзеудің бірден бір құралы еңбек болып саналатындығы жөніндегі ережені бекіткен.

Түзеу мекемелерінің әкімшіліктері сотталғандардың еңбегін түзеу құралы ретінде пайдалана отырып, сотталғандардың сипаты мен олардың мамандығы мен кәсібіне қарай әрбір сотталған адамның еңбегін орынды әрі тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырды. Алайда, мұндай қағиданың өзінің кей-

бір ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, ішкі тәртіп ережелері бойынша мына төмендегі жұмыстарға сотталғандарды тартуға тыйым салынды:

- жеке құрам, қару-жарақ пен құжаттар орналасқан штабтар мен арнайы бөлмелерде;

- дәрі-дәрмектер, жарылғыш және ұлы заттардың есебін жүргізу, оларды сақтау мен таратуға байланысты жұмыстарда;

- сотталғандарға еркін жалдамалы қызметкерлер бағынатын қызметтерде.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегін ұйымдастырудың басты қағидасы – сотталғандарды мейлінше еңбекке жақындастыра түсу, ертең бостандыққа шыққанда еңбекті құриеттейтіндей жағдайда тәрбиелеу.

Сотталғандардың еңбегін пайдалану тәртібі ҚР ҚАК 100-бабында (Бас бостандығынан айыруға сотталғандар еңбегінің жағдайлары) реттелген. ҚР ҚАК 99-бабы бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегін пайдаланудың жалпы тәртібін қарастырады: түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғандарды еңбекке жынысына, жас шамасына, қабілеттілігі мен мамандығына қарай орналастырады; сотталған еркектер мен әйелдер, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектер еңбекке Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес тартылады; жазасын түрмеде өтеуші сотталғандардың еңбегі түрме аумағында ғана ұйымдастырылады; сотталғандар тартылатын өндірістік қызмет оларды өкшаулау мен күзету талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылады және түзеу мекемелерінің негізгі міндетін – сотталғандарды түзеуді орындауына кедергі келтірмеуге тиіс.

Сотталғандардың еңбегі құқықтың екі саласымен – еңбек және қылмыстық құқық нормаларымен реттеледі. Еңбек заңына сәйкес, мереке және демалыс күндері сотталғандарды жұмыстан босату тәртібі реттеледі; жұмыс уақытының ұзақтығы; жүкті әйелдер мен емізетін баласы бар аналардың еңбегі; еңбекті қоғау мен қауіпсіздік техникасы мәселелері белгіленеді.

Дегенмен, сотталғандардың еңбегі бас бостандығынан айыру орындарындағы түзеу шарттары мен кейбір нормалардың сәйкеспегендігінен, атап айтқанда, кәсіподақтың жұмысшылар атынан кәсіпорын әкімшілігімен жасасқан келісім-шарты; еңбек келісім шарты, яғни жұмысшылар мен кәсіпорын арасындағы белгілі бір жұмысты белгілі бір ақыға орындау, демалыс беру, жұмыс бойынша бір орыннан екінші орынға ауысу немесе өсу, еңбек дауларын қарау тәртібі туралы келісім-шарттарына байланысты еңбекті ұйымдастыру заң нормаларымен реттеле бермейді.

Сотталғандардың еңбегін құқықтық реттеудің ерекшелігі мынада: сотталғандардың еңбегі бастандықтағы азаматтарға қарағанда қылмыстық-атқару құқығы нормаларымен, ал бостандықтағы азаматтардың еңбегі еңбек туралы заңмен реттеледі. Бостандықтағы азаматтарға қарағанда сотталғандардың жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы қылмыстық-атқару заңымен былайша белгіленеді: тәрбиелеу колониясындағы кәмелетке толмағандардың еңбек демалысы – 18 жұмыс күні, барлық үлгідегі түзеу мекемелерінде – 15 жұмыс күні, колония-қоныстағы кәмелетке толмағандарға да 15 жұмыс күні беріледі. Мұндай еңбек демалыстары жол жүрумен немесе жол жүрусіз де берілуі мүмкін (ҚР ҚАК 93-бабына сәйкес).

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі тәртіпті қарастырған ҚР ҚАК 101-бабына сәйкес, жұмыс уақытының сол кезеңге белгіленген нормасын толық істеген және өздерінің еңбек міндеттерін (еңбек нормаларын) орындаған сотталғандардың айлық жалақысы Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен төмен болмауы керек.

Толық емесе жұмыс күнінде немесе толық емес жұмыс аптасында еңбекке ақы төлеу жұмыс істеген уақытқа пропорциялы түрде немесе істелген жұмысқа қарай жүргізіледі.

Сотталғандарға ақысыз жұмыс істету тергеу мекемесінің аумағын безендіру мен әрлендіру немесе мәдени-тұрмыстық жағдайды жақсартуға байланысты жұмыстарда ған рұқсат етіледі. Мұндай жұмыстардың ұзақтығы кестеге сәйкес және негізгі жұмысынан бос уақытында аптасына екі сағаттан аспауы керек.

Түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың жеке шоттарына барлық ұсталып қалғандарына қарамастан оларға есептелген жалақының, зейнетақының немесе өзге кірістің кемінде 25 пайызы, ал 60 жастан асқан еркектердің, 55 жастан асқан әйелдердің, I және II топтағы мүгедектердің, кәмелетке толмағандардың, жүкті әйелдердің, балалар үйінде балалары бар әйелдердің жеке шотына оларға есептелген жалақының, зейнетақылары мен өзге де кірістерінің кемінде 50 пайызы есептеледі. Сотталғандардың кірісінен ұстап қалу Қазақстан Республикасы заңнамаларында қарастырылған тәртіппен атқару парағы мен атқару құжаттары арқылы қалған соммадан жүргізіледі.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
3. «ҚР Әділет министрлігінің түзеу мекемелері жүйесіндегі жазасын өтеп жүрген сотталғандармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы нұсқауы» ҚР ӘМ 2001 жылғы 11-желтоқсандағы №147 бұйрығы.
4. «Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп Ережелерін бекіту туралы» ҚР ӘМ 2001 жылғы 11-желтоқсандағы № 148 бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы. – Алматы, 1997.
6. Уголовно-исполнительное право: Учебник. – М., 1996.
7. Уголовно-исполнительное право России: Учебник. – М., 1997.
8. Советское исполнительно-трудовое право. Особенная часть: Учебник. – Рязань, 1987.
9. Советское исполнительно-трудовое право / Под ред. Н. А. Стручкова. – М., 1983.
10. *Стручков Н. А., Папуашвили А. В.* Режим в ИТУ и его правовое регулирование. – Рязань, 1985.
11. *Васильев А. И., Саблина Л.С.* Режим в ИТУ. – М., 1982.

12. *Зубков А. И.* Социально-правовые и организационные проблемы труда осужденных к лишению свободы. – Рязань, 1980.
13. *Попов В. И., Попов Г. Л., Цветкова Н. А.* Организация профессионально-технического образования и профессионального обучения осужденных в ИТУ. – М., 1985.
14. *Деев В. Г., Прокопов М. П.* Организация воспитательной работы в ИУ. – М., 1980.

5. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРДЫ ЖІКТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ БӨЛУ.

5.1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды жіктеу ұғымы

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды жіктеу – бұл жазаның мақсатына жету жолында қолайлы жағдай туғызу үшін оларды нақты бір белгілері бойынша белгілі бір топтарға бөлу. Сотталғандарды жіктеу қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығының жазаны жектелеу сияқты қағидасының ретті жүзеге асырылуы үшін қолданылады. Жазаны жекелеу соттың қылмыстық жазаны тағайындау және атқару барысында жүзеге асырылады.

Жазаны атқаруды жекелеу – бұл әрбір сотталушының тұлғалық қасиеттерін сипаттай отырып қылмыстық-атқару құқығының жалпы ережелерінің нормаларымен, сондай-ақ қылмыстық-атқару заңының нормаларымен белгіленген және түзеу ықпалының қағидаларына сәйкес жаза қолдану.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды жіктеу төмендегі көрсетілген жағдайларды жүзеге асыру үшін арналған:

а) қоғамға қауіптілігі жоғары қылмыскерлердің қауіптілігі төмен қылмыскерлерге теріс әсер ету мүмкіндігіне тосқауыл қою мақсатында сотталғандардың түрлі топтарын бөлек оқшаулау;

б) түзеу мекемелері жүйесін тиімді құру;

в) түзету ықпалының құралдары мен әдіс-тәсілдерін қатаң түрде жеке-жеке қолдану;

г) қылмыстың қоғамдық қауіптілігі мен қылмыскердің және жазаның мазмұнын құрайтын шаралардың арақатынастарын дұрыс үйлестіру;

д) жазаны өз мәнінде атқару үшін жағдай жасау.

Осы аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін ғылыми негізделген жіктеу ғана тиісті орнын таба алады. Қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамалары тек қана бас бостандығынан айыруға сотталғандарға ғана арналған жіктеулерді қарастырады. Бұл жерде сот әлі шешім қабылдай қоймаған іс бойынша қылмыскерді қылмыстық-құқықтық тұрғыдан жіктеудің сотпен қылмыстық жазаға кесілген сотталғандарды қылмыстық-атқару тұрғысынан жіктеудің арасындағы айырмашылықтарды ескеру керек. Қылмыстық-атқару жіктеуінің негізі қылмыскерді қылмыстық-құқықтық тұрғыдан жіктеу болып табылады. Қылмыстық-атқару жіктеу мен қылмыстық-құқықтық жіктеудің өзара байланыстылығы мыналармен түсіндіріледі, біріншіден, қылмыстық-құқықтық жіктеудің негізгі өлшемі жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі мен қылмыскердің тұлғасы болса, екіншіден, осы екі жіктеудің де мақсаттары жазаның тиімді нәтижеге жетуін қамтамасыз ету болып табылады.

Қылмыстық құқықтағы қылмыскерлерді жіктеудің негізгі мақсаты – жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігі мен қылмыскер тұлғасының сипаты мен дәрежесіне сәйкес кінәліні қылмыстық жауаптылыққа тарту мен жаза шарасын тағайындау туралы мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз ету. Ал, бас бостандығынан айыру сотталғандарды қылмыстық-атқару жіктеуінің

негізгі мақсаты – сотталғандардың түрлі топтарына қатысты жазаның бірдей атқарылуын және сол жазаның мейілінше тиімді түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Бас бостандығынан айыру сотталғандар заңгерлік (құқықтық), педагогикалық және психологиялық белгілер бойынша жіктеледі. Көрсетілген белгілер жиынтығында физиологиялық (биологиялық) және биологиялық болып белгінің екі түріне бөлінеді.

Заңгерлік белгі бойынша жіктеу – бұл бас бостандығынан айырылғандарды жасаған қылмыстарының қоғамдық қауіптілігі мен оның өзінің қоғамға қауіптілігі дәрежесі мен сипатына қарай жіктеу¹².

Осы белгілер бойынша сотталғандар мен бас бостандығынан айырылғандар мынадай топтарға бөлінеді:

- а) аса қауіпті қайталап қылмыс жасаушылар;
- б) бұрын бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар;
- в) ауыр қылмыстары үшін бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталғандар;
- г) ауыр емес қылмыстары үшін бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталғандар.

Физиологиялық (биологиялық) белгілері бойынша жіктеу – бұл сотталғандарды жынысына, жасына, денсаулығына қарай бөлу.

Осы белгілер бойынша бас бостандығынан айыруға сотталғандар мынадай топтарға бөлінеді:

- а) еркектер мен әйелдер;
- б) кәмелетке толмағандар (18 жасқа толған) мен кәмелетке толмағандар (14-тен 18 жас аралығы);
- в) еңбекке жарамдылар мен мүгедектер;
- г) іс жүзінде дені саулар мен ауыр науқаспен сырқаттанатындар;
- д) әйелдер, жүкті әйелдер мен 3 жасқа дейінгі қоректендіретін балалары бар әйелдер.

Педагогикалық белгілер бойынша жіктеу – бұл бас бостандығынан айыруға сотталғандарға байланысты педагогикалық жолмен ықпал ету құралдары мен әдіс-тәсілдерін қолданылуына қарай бөлу.

Осы белгінің негізінде сотталғандарды жауапқа тартылғанға дейін және түзеу мекемесіндегі еңбек етуге деген көзқарасына байланысты (жұмысты жақсы істейді, еңбек етуге дұрыс көзбен қарайды), түзеу мекемесіндегі тәртібі мен мінез-құлқына қарай (тәртібі үлгілі немесе режимді жиі бұзады) және басқа жағдайларға байланысты бөледі.

Психологиялық белгілері бойынша жіктеу – бұл тұлғасына байланысты топқа бөлу. Мұндай бөлу сипатқа қарай бөлудің жалпы және оқшау психологияның мәліметтеріне сүйенеді.

Түзеу мекемелерінде тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үшін жоғарыда айтылған қасиеттерді біліп қана қоймай, жалпы тұлғаның кім екенін айыра білу керек.

¹² Исправительно-трудовое право /Под ред. Н. А. Беляева и М. Н. Федорова. – М., 1971.

Психологиялық белгілерге байланысты төмендегі мыналарды айыра білген орынды:

а) аса қауіпті мемлекетке қарсы қылмыс жасағаны үшін сотталған мен басқа қылмыс жасаған үшін сотталғанды;

б) қасақана жасаған қылмысы үшін сотталған мен абайсыздықпен қылмыс жасап сотталғанды;

в) адам өміріне, денсаулығына, денесіне қол сұғушылықпен қауіп төндірумен сотталғанды;

г) пайдакүнемдікпен қылмыс жасап сотталғанды;

д) бұзақылығы үшін сотталғанды;

е) бас пайдасын көздемей қызметтік және кәсіби жұмысын орындауға байланысты жасалған қылмысы үшін сотталғанды;

ж) өзге де қылмыстар жасаған қылмысы үшін сотталғандарды.

Сотталғандарды жіктеу сотталғандардың бір тобының екінші бір тобына теріс әсерлерін тигізбейіне жол бермейтін және оларға ықпал ету құралдарын орынды қолдануын дұрыс ұйымдастыруға жағдай туғызады. Қабылданған заңдардағы сотталғандарды жіктеуге сәйкес түзеу мекемелерінің жүйесі құрылады. Қолданыстағы заңнамалар бойынша мұндай мекемелер жүйесі заңға (құқықтық) және физиологиялық (биологиялық) белгілерге негізделген.

Педагогикалық және психологиялық белгілер түзеу мекемелерінің жүйесіне пайдасын тигізбесе зиянын тигізбейді, қайта тәрбиелік ықпалмен түзеу құралдарын орынды қолдануға және сотталғандар арасындағы тәрбие жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру үшін қызмет етеді.

Қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларында қамауда ұстау мәселелерін шешу мен мекемелердің режим түрлерін анықтауда бас бостандығынан айыруға сотталғандардың төмендегі көрсетілген категорияларын бөліп қарауға болады:

1) абайсыздықпен қылмыс жасағаны үшін бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталғандар;

2) ауыр деп саналмайтын қасақана қылмыс жасағаны үшін бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталғандар;

3) ауыр қылмысы үшін бірінші рет 3 жылдан аспайтын бас бостандығынан айыруға сотталғандар;

4) бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққандар, бірақ қылмысты қайталушы деп танылмайтындар;

5) бірінші рет мемлекетке қарсы жасаған қылмыстары үшін сотталғандар;

6) қауіпті қылмысты қайталаушылар;

7) бас бостандығынан айыру орындарында жасаған қылмысы үшін сотталған қылмысты қайталаушылар;

8) өлім түріндегі жазаны кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыру түріне ауыстырылып сотталған адам;

9) өлім түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыру түріне ауыстырылған аса қауіпті мемлекетке қарсы қылмысы үшін сотталған адам;

10) сотталған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар.

Мұндай жіктеулер бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстау жөніндегі мәселелерді шешуде және түзеу мекемелері түрлерін анықтау кезінде пайдаланылады.

5.2. Сотталғандарды түзеу мекемелері түрлері бойынша бөлу.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазаны түзеу мекемелерінің қандай түрінде өткізетіндігін дұрыс анықтау олардың түзелуі мен тәрбиеленуі үшін үлкен маңызы бар. Түзеу мекемелерінің түрлері бір-бірінен құқықтық шектеу көлемімен, жазасын өтеушілердің басынан өткеретін күйзелісімен, еңбекке пайдалану сипатымен, тәрбие жұмыстарының түрлерімен, жалпы және кәсіптік-техникалық білім беретін оқытуларымен ерекшеленеді.

Осының бәрі бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазасын өтеп жүрген кезеңдегі құқықтық жағдайына елеулі түрде әсер етеді.

Түзеу мекемелерінің түрін анықтауға тиянақтылықпен қарау қылмыстық-атқару заңнамаларымен әдетте сотталғандардың бір ғана түзеу колониясында жазаларын өтеуімен түсіндіріледі. Тиісті режиміне сәйкес сотталғандардың қандай түзеу мекемелерінде жазаларын өтеуін анықтайтын бір ғана орган – ол сот.

Жазаны өтеу барысында сотталғандарды ұстау шарттары өзгере қалған жағдайда оларды бір түзеу мекемесінен екіншісіне ауыстыруға тура келеді. Атап айтқанда, сотталғандарды жалпы және қатаң режимдегі колония-қонысқа, айырықша режимдегі колониядан қатаң режимдегі колонияға, тағысын тағы солай ауыстыру. Алайда, мұның бәрі сот анықтап берген режимдерді өзгерту деген ой туғызбаса керек. Соттың белгілеген жіктеуі жаза өтеліп біткенге дейін сол қалпында тұрақты түрінде қалады.

Сотталғандардың бас бостандығынан айыру орындарында жаңадан қылмыс жасай қалған жағдайларында сот үкім шығару және жазаның жаңа түрін тағайындау кезінде түзеу мекемесінің түрін өзгертусіз қалдыруы немесе одан гөрі қатаңырақ ұстау жағдайын белгілеуі мүмкін.

Түзеу мекемесінің түрін тағайындау мен ұстау режимінің түрін анықтауға байланысты сот өз үкімінде қателік жіберген жағдайда жоғары тұрған сот кассациялық тәртіппен немесе қадағалау тәртібімен мекеме түрі мен сотталған адамды ұстау режимінің түрін өзі анықтай алады.

Үкімнің заңды күшіне енген күнінен 10 күн мерзімінен кешіктірілімей немесе атқарылуға жіберілген күнінен бастап сотталған адам бас бостандығынан айыруға орнына жіберілетін болады. Түзеу колониясына жіберуді сотталғанға дейін сотталушы адам отырған тергеу оқшаулағышының (СИЗО) бастығы ҚР Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі басқармасы берген наряд бойынша жүзеге асырады. Нарядта жіберілген сотталғандардың жалпы саны (еркектер мен әйелдер), олардың кесілген жазаларына байланысты заңның баптары көрсетіледі. Нарядқа сотталғандардың отырған тергеу оқшаулағышының арнаулы бөлімімен ашылған жеке іс-қағаздары, сонымен бірге айдаудың (этапирование) негізі, сотталған адамның қай жерден қай

жерге айдалғаны, жеке іс-қағазының нөмірі, аты-жөні, туған жылы, қандай баппен сотталғаны, жаза мерзімі мен түзеу мекемесінің режим түрі жазылған құжат-жөнеуші тізім қоса тіркеледі.

Сотталған адамның жеке іс-қағазында: анкета, дактилокарта, танымдық фотосуреті, үкімнің көшірмесі, анықтау көшірмесі немесе үкімнің заңды күшіне енгені туралы соттың анықтама қағазы, соттылығының бар-жоқтығы туралы анықтама қағазы, медициналық картасы болуы керек.

Түзеу мекемесіндегі сотталғандарды қабылдау мекеме бастығының немесе оның жедел және режимдік жұмыс жөніндегі орынбасарының төрағалық етуімен арнайы комиссия арқылы жүзеге асырылады. Комиссияның құрамына мекемені күзететін түрлі бөлімдер мен қызметтер, әскери бөлімше кіреді. Жеке бөлек немесе шағын топ болып әкелінген сотталғандарды мекеменің лауазымды қызметкерлері (мекеме бастығы, бастықтың орынбасары, бастықтың кезекші көмекшісі) мен әскери бөлімшенің командирі қабылдайды. Комиссия немесе лауазымды адам бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды қабылдау негізде келгендерді сипаттайтын деректердің сәйкестігін, олардың құжаттарының түгел екендігін мұқият тексеріп алады. Түзеу мекемесіне мынадай адамдар қабылдауға жатпайды:

1. үкімдері заңды күшіне енбеген адамдарды;
2. жолдамасы бойынша басқа түзеу мекемесіне жіберуге жататындар;
3. құжаттық деректері нақты фактімен сәйкеспейтіндер (аты-жөні, туған жылы және басқа да деректерінің дұрыс жазылмауы).

Осындай адамдар кездесіп қалған жағдайда ол туралы түзеу мекемесінің қылмыстық-атқару жүйесі басқармасына дереу толтырылған наряд қағазы сұратылады.

Сотталғандарды қабылдау кезінде оларға тінту жүргізіліп, жеке дүние-мүліктері қаралады, содан кейін дәрігерлік тексерістерден өткізіледі. Осы шараларды өткізгеннен кейін сотталғандар карантиннен өткізілетін орынға жіберіліп, онда екі аптадай болады.

Қабылдау өткізілгеннен кейін үш дана акт жасалады: оның бірінші данасы айдауыл бастығына беріледі, екіншісі түзеу мекемесінің іс-қағаздарына тігіледі, үшінші данасы сотталған адамды жіберген бас бостандығынан айыру орнына жіберіледі. Түзеу мекемесіне жаңадан қабылданған әрбір адам жөнінде сотқа 24 сағаттың ішінде сенімхат жіберіледі. Мекемеге келген 10 күннің ішінде сотталған адамның отбасы мен жақын туыстарына мекеменің қай жерде екендігі, посылкамен сәлемдемемен және бандерольмен қандай азық-түліктер мен заттар салуға болатыны, сондай-ақ сотталған адаммен кездесудің негізгі тәртіптері хабарланады.

Сотталған адамды түзеу мекемесіне қабылдау заңгерлік акті ғана емес, ол сонымен бірге тәрбие жұмыстарының басталу кезеңі болып та саналады. Бірінші күні жаңадан келіп түскен сотталғандармен әңгіме өткізіледі, оларды режим ережелерімен, мекеменің ішкі тәртібімен, олардың міндеттері және құқықтарымен таныстырады, тәртіптік жазалау мен көтермелеу шараларын қолдану негіздемелері мен тәртібін түсіндіреді. Мұндай әңгіме сонымен бірге сотталғандар тұлғасымен жеке-жеке танысу мақсатымен карантин кезінде де

жүргізіледі, оны құрамына мекеме бастығы мен оның орынбасарлары, бөлім мен қызмет бастықтары енген арнаулы комиссия жүргізеді. Оларды тұлғалық ерекшеліктеріне, мамандықтарына (мүмкіндігінше), біліміне және басқа жағдайларына қарай отрядтарға бөлу мәселесі шешіледі.

Үкім заңды күшіне енген сәтінен бастап бас бостандығынан айыруға сотталған адам жаңа мәртебеге ие болады. Алайда, іс жүзінде оларға берілген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру, олардың түзеу мекемесіне келіп түскен кезінен басталады. Түзеу мекемесіне сотталғандарды қабылдау фактісінің құқықтық мәні дәл осымен анықталады.

Карантиннен өткеннен кейін түзеу мекемесінің әкімшілік комиссиясы сотталғандарды еңбекке жарамдылығына, мамандығына, тұлғаның жеке психологиялық және өзге де ерекшеліктеріне қарай отрядтарға бөледі. Бұл жерде отрядтың толықтығы, олардағы жататын орындардың бар-жоқтығы ескеріледі.

Ведомстволық нормативтік актілерде, әрбір отрядтағы адамның саны 60-тан аспау керек екендігі белгіленген. Тәрбиелеу колонияларындағы отрядтар 25-30 адамның бөлімшелерге бөлінеді. Сотталғандарды отрядтарға бөлу жөніндегі мәселе мекеме бастығының бұйрығымен шешіледі.

Жаңадан келген адамға байланысты, оның жеке іс-қағаздағы деректері негізінде арнайы дәптер алып, оған байланысты атқарған жұмыстарды жазып отырады. Онымен жеке әңгіме өткізеді. Барлық өткізілген әңгіме-дүкен осы дәптерге отряд бастығының қолымен жазылып отырылады. Дәптерге сонымен бірге сотталған адамға қолданылған жазалаумен көтермелеу шаралары да жазылады, сотталған адам басқа отрядқа немесе басқа мекемеге ауыстырылған кезде, оның дәптері қоса жіберіледі.

Түзеу мекемелерінің ішінде сотталғандарды отрядтық жүйеге бөлу 1957 жылы енгізілді. Ол өзін бірден пайдалы екендігін көрсетіп, қылмыстық-атқару заңымен жазаны атқару тәжірибесінде кеңінен қолданылатын болды.

Отряд қызметін реттейтін нормативтік актілерге сәйкес, оның негізгі міндеті әрбір сотталғандармен жеке-жеке тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін қолайлы жағдай туғызу. Отряд әрбір сотталған адамды заңды, жатақхана ережелерін қатаң сақтау еңбекке адал ниетпен қарау рухында тәрбиелеу ісінің орталығы, жүйе тамыры іспеттес.

Отряд өндірістік үлгіде жасақталады. Ол біртектес жұмысқа немесе әртектес (мысалы, құрылыстағы әртүрлі мамандықтар бойынша) жұмысты атқаратындай құрамда құрылуы мүмкін.

Сотталғандарды отрядтарға бөлу түзеу мекемесі бастығының бұйрығы бойынша жүзеге асырылады. Бір отрядтан екінші бір отрядқа ауыстыру ерекше бір жағдайда ғана мекемесі бастығының себептері көрсетілген бұйрығымен орындалады. Айыптау және тәртіптік оқшаулағышқа немесе камералық үлгідегі үй-жайларға уақытша қамау сотталған адамды отрядтан шығара алмайды.

Отрядты сотталғандардың тәрбиешісі болып саналатын және тәрбиелік ықпалдың түрлі жолдары мен әдістерік пайдалана отырып олардың түзелуіне жауап беретін отряд бастығы басқарады. Бір отрядтағы сотталғандар тәртіп

бойынша бір үй-жайға бөлек орналастырылады. Отряд бастығы олардың әрқайсысына жататын орындарын белгілеп береді.

Отрядтар өндірістік-тұрмыстық белгілеріне қарай қалыптасатын бригадаларға бөлінеді. Бригадир сотталғандардың санына қарай мекеме бастығының бұйрығымен тағайындалып, ауыстырылады. Ол бригададағы тәртіп пен ішкі тәртіптің сақталуына, құрал-жабдықтар мен мүліктің сақталуына, өндірістік тапсырмалардың орындалуы мен жұмыстың сапасына жауап береді. Бригадир тікелей отряд бастығына сонымен бірге, бригада жұмысқа жіберілген жердің басшыларына бағынады.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Приказ МЮ РК № 147 от 11 декабря 2001г. «Инструкция об организации воспитательной работы с осужденными отбывающими наказание в исправительных учреждениях УИС Министерства юстиции РК».
2. Приказ МЮ РК № 148 от 11 декабря 2001г. «Об утверждении в действие Правил внутреннего распорядка ИУ».
3. Приказ МЮ РК № 154 от 11 декабря 2001г. «Об утверждении инструкции по организации надзора и охраны за лицами отбывающими наказание».
4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі.
5. Уголовно-исправительное право Республики Казахстан. – Алматы, 1997.
6. Уголовно-исправительное право России. – М., 1998.
7. Исправительно-трудовое право / Под ред. Н. А. Беляева и М. Н. Федорова. – М., 1971.
8. Уголовно-исправительное право. – Алматы, 1996.
9. Юридическая газета. 1999.

6. ТҮРМЕЛЕРДЕ, КОЛОНИЯ-ҚОНЫСТАР МЕН ТӘРБИЕЛЕУ КОЛОНИЯЛАРЫНДА ЖАЗАНЫ ӨТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

6.1. Түрме – түзеу мекемелері түрлерінің бірі

Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың тәрбиелік ықпалға түсетін түзеу мекемелерінің негізгі түрі түзеу колониялары болып табылады.

Дегенмен осы мекемелердің қызмет ету тәжірибесі олардағы жазаны өтеу жағдайы онша жеткілікті емес немесе кейбір санаттағы қылмысты қайталап жасайтын қылмыскерлер үшін және қоғамға қауіптілігі бар бірінші рет сотталғандар үшін тым жеңіл екенін көрсетеді. Ондайларды қатаңырақ оқшаулау, сондай-ақ, колонияда басқаларға қалыпты өмір сүруіне кеселдерін тигізуіне тосқауыл қою мақсатында оларды колонияларға қарағанда қатаңырақ режимі мен қосымша шектеулері бар түрмелерде ұстау орынды сияқты. Осыған орай заң (ҚР ҚАК 126-бабы) түрмелердің болуын қарастырады.

Түрмеге қамау түріндегі жаза да, бас бостандығынан айыру, түзеу колониясында ұстау жаза түрлері сияқты қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығы қағидаларымен шешіледі. Бірақта түрмеде ұстау жазасы колонияға қарағанда қатаң болады.

Түзеу колониясында жаза өтеуге қарағанда түрмеде ұстаудың негізгі айырмашылығы, түрме жағдайында ұстаудағыларды бәрі сыртқы дүние мен бір бірінен айтарлықтай дәрежеде оқшауланған, сонымен бірге құқықтары да шектеулі.

Қылмыскердің сазайын тартқызу түріндегі сыртқы дүниеден қатаң түрде оқшаулау, түрменің режимі мен оған қатысты шектеулер нағыз тәрбиелік сипаттағы қолданылатын ең қажетті жағдай туғызатын болады. Сонымен бірге жаза да былай алып қарағанда тәрбиелік мәні бар фактор болып табылады. Жазаны атқару қызметін жүзеге асырумен қатар түрме заң шеңберінде сотталғандар арасындағы тәрбие жұмыстарын олар қоғамға жат қылмыстық пиғылдардан, дағдылардан, бейімділіктерден бас тартып айнитындай деңгейде ұйымдастырып, оларды оқуға тартып, мамандық беріп, еңбекке деген ынтасын көтеріп, қажетті кәсіптік тәжірибе жинақтатып және бостандықта адал өмір сүруге нық және тиянақты түрде бейімдей түсуі тиіс.

Бірнеше жыл бойы 1953 жылға дейін түрмелердің басты назары сотталғандарды күзету мен оқшаулау мәселелеріне ғана шоғырландырылды. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар түрмелерде тіптен жұмысқа тартылмады, олармен тәрбие жұмыстарын жүргізуге де аз уақыт бөлінді.

Түрменің қатаң режимі, сотталғандарға деген жоғары талап қою, оларға объективті түрде қарау, ұстау мен тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларын қажетті және орынды түрде шектеу, тәртіптік ықпал ету және басқа жағдайлар осының бәрі басты мақсат – сотталғандарды түзеуге жағдай туғызуы тиіс.

Түрме деген қандай болады?

Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес түрмелердің сыйымдылығы 2000 адам мөлшерінде белгіленген. Түрмені оның бастығы басқа-

рады. Оның міндеті түрменің барлық аппаратына (күзет, арнаулы, жедел, тәрбие, медициналық, шаруашылық, қаржы, кадрлар бөлімі) тікелей басшылық жасау болып табылады. Түрме бастығы түрме жұмысының барлық жай-күйіне жауап береді.

Түрме бастығының орынбасары бөлімдер мен қызметтерге басшылық етеді. Түрме бастығы мен оның орынбасарларының және басқа да лауазымды қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті нормативтік актілермен реттеледі.

Түрменің күзет қызметін түрме бастығының күзет және режим жөніндегі орынбасары басқарады. Күзет құрамына түрме бастығының кезекші көмекшілері, әскери дайындық қызметінің нұсқаушысы, қараушы құрам, қызметші иттерді жетектеуші, өртпен күрес қызметінің қызметкері кіреді. Түрменің күзет қызметі сотталғандарды күзету мен оқшаулауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың үстінен қадағалау жүргізеді.

Арнаулы бөлімді бөлім бастығы немесе аға инспектор басқарады. Олар түрмедегі барлық сотталғандардың ішкі және орталықтандырылған есебіне арналған құжаттарды толтырады, түрмеге бірінші рет келіп түскендердің жеке іс-қағаздарын жүргізеді, сотқа шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға байланысты ұсыныс, белгіленген түрмеде ұстау мерзімі аяқталған жағдайда түзеу колониясына ауыстыру материалдарын жасап, толтырады, сондай-ақ сотталғандардың түрмеден мезгілінде босатылуын қадағалайды.

Жедел бөлімі сотталғандар тарапынан бой көрсетілген түрмеден қашу, кісі өлтіру, әкімшілікке шабуыл жасау, түрме қызметкерлеріне бағынбау және басқа да өрескел әрекеттерін әшкерелеп және ескертеді.

Тәрбие бөлімі сотталғандармен барлық тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Оның құрамына нұсқаушылар, кітапханашылар, киномеханиктер кіреді.

Медициналық бөлім сотталғандарға егу мен камералардағы, тамақ сақтайтын, ас пісіретін орындардағы және басқа да тұрмыстық орындардағы тазалықты сақтау шараларын жүргізу жолымен сотталғандардың ауруларға шалдығуының алдын алу жөніндегі шараларын жүзеге асырады. Ауруға шалдығуды дер кезінде әшкерелеу мақсатында түрмеге жаңадан келген адамдарды қарап-тексереді, амбулаторияларда, түрме ауруханаларында емдеуді қамтамасыз етеді.

Шаруашылық бөлімі тамақ сақтайтын, монша, кір жуатын орын, киім мен аяқкиім жөндейтін, шаруашылық құралдарын жасайтын шеберханалар, сондай-ақ қазандық, гараж және басқа да шаруашылық объектілерінің қызметкерлерін біріктіріп, сотталғандарға материалдық-тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсетуді, түрме ғимараттарының дұрыс пайдаланылуын, олардың ағымды және күрделі жөндеулерін қамтамасыз етеді.

Қаржы бөлімін бөлім бастығы, аға бухгалтер немесе бухгалтер басқарып, ол есепші және бухгалтерлік қызметкерлерден тұрады. Олар ұстаудағы сотталғандар, түрменің жеке құрамы мен түрме ғимараттарын пайдалану үшін бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылауды жүзеге асырады, сотталғандардың ақшалай қаражаттары мен құндылықтарын қабылдауды, есебін жүргізу мен сақтауды, олардың жұмсайтын жеке қаражаттарының есебін жүр-

гізуді қамтамасыз етеді, сол бойынша есеп беріп және сотталғандардың түрме ләпкесінен алған тауарларының есебін жүргізіп отырады.

Түрме қызметкерлерінің қызметі заңнамалар қағидалары мен талаптарына қатаң сәйкестікпен жүргізіледі. Заңдарды және солардың негізінде шығарылған нормативтік құқықтық актілерді орындау сотталғандарға да, түрме қызметкерлеріне де, түрме қатысы бар өзге де лауазымды адамдардың бәріне бірдей тең. Түрмелерде кімдер ұсталады? ҚР ҚАК 126-бабына сәйкес, түрмелерде жаза мерзімінің бір бөлігін түрмеде өтеумен бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандар, сондай-ақ жалпы, қатаң және ерекше режимдегі түзеу колонияларында жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін үш жылға дейінгі мерзімге түрмеге көшірілген сотталғандар өтейді. Сонымен бірге ҚР ҚАК 72-бабында көрсетілген негіздер бойынша жазасын өтеу жалпы режимдегі түзеу колониясына тағайындалған, бес жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдар ерекше жағдайларда өздерінің келісімімен шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін тергеушілік оқшаулау орнында немесе түрмеде қалдырылғандар болуы мүмкін.

Мұндай сотталғандарды шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдыру сотталушының жазбаша келісімі болған жағдайда тергеушілік оқшаулау орны немесе түрме бастығының қаулысымен жүргізіледі. Тергеушілік оқшаулау орнында немесе түрмеде шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдырылған сотталғандар жалпы режимдегі түзеу колониялары үшін көзделген жағдайларда өзге адамдардың оқшау жабылмайтын жалпы камераларда ұсталады.

Түрмеде шаруашылық қызмет көрсетумен қатар басқа адам жасаған қылмыс туралы іс бойынша тергеу іс-әрекеттерін жүргізк қажет болған жағдайда жазасын өтеу колониясында немесе тәрбиелеу колониясында өтеумен бас бостандығынан айыруға сотталушы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген мерзімдік тергеушілік оқшаулау орнында немесе түрмеде қалдырылуы мүмкін.

Түрмеде сонымен бірге басқа адам жасаған қылмыс туралы іс бойынша сот қарауына қалдырылуы мүмкін. Мұндай қалдыруға соттың қаулысы негіз болады, ал оның мерзімі сотта қарауға қажетті уақыт бойынша анықталады.

ҚР ҚАК 126-бабының 2-бөлігі түрмелердегі белгіленетін жалпы және қатаң режимдерді анықтайды.

Қатаң режимде осы түзеу мекемесіне келіп түске сотталғандар мен жалпы режимнен көшірілген сотталғандар ұсталады.

Сотталған жүкті әйелдер мен жанында жас балалары бар сотталған әйелдерді, сондай-ақ I және II-топтағы мүгедектер болып табылатын сотталғандарды қатаң режимде ұстауға болмайды.

Қатаң режимге жазалау мерзімінің кемінде бір жылын өтеуі бойынша сотталғандар жалпы режимге көшірілуі мүмкін.

Түрменің жалпы режимінде мерзімін өтеп жатқан сотталғандар жазаны өтеу мерзімін өрескелдікпен бұзған жағдайда түрме бастығының қаулысымен қатаң режимге жіберілуі мүмкін. Мұндай сотталған адамды қайтадан жалпы

режимге көшіру кемінде бір жылдан кейін жүзеге асырылады. Мұндай жалпы режимге қайтадан көшіруге түрме юастығының қаулысы негіз болады.

ҚР ҚАК 127-бабы түрмедеге бас бостандығынан айыруға сотталған адамның жазасын өтеу шарттарын белгілесе, Түзеу мекемесінің ішкі тәртіп Ережелерінің 10-параграфы түрмені жабдықтады қарастырады. Осы құқықтық нормаға сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар есігі сыртынан бекітіліп жабылатын жалпы камераларда отырады. Қажет болған жағдайда дәлелді себептермен түрме бастығының қаулысы мен прокурордың келісімі бойынша сотталғандар жеке камераларда ұсталуы мүмкін.

Сотталғандарды камераларға орналастыру бөлек ұстау талаптарын сақтаумен жүзеге асырылады (ҚР ҚАК 75-бабы). Бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдар бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген сотталғандардан бөлек ұсталады. Бір түзеу мекемесінде бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған әйелдер бұл жазаны бұрын өтеген әйелдерден бөлек ұсталуы мүмкін. Қылмыстар аса қауіпті қайталанған жағдайда сотталғандар: өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар; өмір бойы бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылып сотталғандар; өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар басқа сотталғандардан оқшау, сондай-ақ бөлек ұсталады.

Түрмеде отырған сотталғандарды сейілдеуге шығару камералар бойынша күндіз, түрменің ауласындағы арнаулы жабдықталған орында, ашық ауада жүзеге асырылады. Түзеу мекемесінің ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес сейілдеу ауласы түрме үйінің жоғарғы қабаттарын орналасуы тиіс. Ал кейбір камералардан сыртынан қадағалап тұруға мүмкіндік болған жағдайда сейілдеу алаңы жадағай, тегіс жерде жабыдықталады.

Режимдік алаң мен шаруашылық ауласы қабырғасының биіктігі 4,5 метр тас немесе кірпіштен қаланады және күзеттің инженерлік-техникалық құрал-жабдықтарымен жарақтандырылады. Режимдік алаңның осындай қабырғалары шаруашылық ауласынан алшақтата тұрғызылады.

Қызмет кабинеттері, бақылап жіберу пункті (КПП), сотталушылар мен олардың туған-туыстарымен және өзге де адамдармен кездесетін бөлмесі әкімшілік ғимаратына орналастырылады. Әкімшілік ғимаратында сонымен бірге түрменің кезекшілік бөлімі де орналастырылады.

Жалпы режимдегі жазасын өтеуші сотталғандарға:

- тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің және жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын үш айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде жұмсауға;

- жыл ішінде екі қысқа мерзімді кездесуге және екі ұзақ кездесуге;

- жыл ішінде екі посылка немесе сәлемдеме және екі бандероль алуға;

- ұзақтығы бір жарым сағаттық сейілдеуді пайдалануға рұқсат етіледі.

Жазасын қатаң режимде өтеуші сотталғандарға:

- тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің және жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын бір айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде жұмасауға;

- жыл ішінде екі қысқа мерзімді кездесуге;

- жыл ішінде бір посылка мен бір бандероль алуға;

- ұзақтығы бір сағаттық сейілдеуді пайдалануға рұқсат етіледі. (ҚР ҚАК 127-бабы).

Түрмеде жазасын өтеуші сотталғандарға ҚР ҚАК 109, 111-баптарында көзделген көтермелеу мен жазалау шаралары қолданылады. Түрмеде жазасын өтеуші сотталғандарға барлық бас бостандығынан айыруға сотталғандарға сияқты ҚР ҚАК 7-бабында көзделген – жазаны атқару мен өтеудің белгіленген тәртібі (режимі), тәрбие жұмысы, қоғамдық-пайдалы еңбек, орта білім алу, кәсіптік даярлық пен қоғамдық ықпал ету түріндегі негізгі құралдар қолданылады.

Түзеу мекемесінің ішкі тәртіп Ережелерінің 55-параграфы түрмедегі сотталғандардың еңбегін пайдаланудың ерекшеліктерін анықтайды. Ондай ерекшеліктер мыналармен байқалады:

1) бас бостандығынан айыруды түрмеде ұстау түрімен өтеушілер еңбегі түрменің өзінің ішінде орналасқан кәсіпорындар мен жұмыстарда пайдаланылады. Жазасын түрмеде өтеуші сотталғандарды түрмеден тысқары жұмыстарға шығаруға тыйым салынады. Түрмелердегі өндірістік цехтар күзетілетін аймақ шегінде оқшауланған ғимараттарға орналасуы тиіс. Аса қауіпті қайталанатын қылмыс жасаушылар мен өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар жұмысқа арнайы жабдықталған цехтарға шығарылады. Мұндай цехтарда жұмыс кезінде басқа сотталғандармен аралас үшін қосымша жабыдықталған орын бөлініп, олар өтек берік оқшауландырылады. Сотталғандары цехтардан және камералардан шығарып-кіргізу кезінде мұқият тексеруден өткізіліп, тінту жүргізіледі.

2) Қажет болған жағдайда түрме әкімшілігі түрмеде жазасын өтеуші сотталғандарды түрмеде шаруашылық жұмыстары үшін қалдырылған сотталғандармен араласпауын қамтамасыз етет отырып, түрме аумағындағы жөндеу-құрылыс жұмыстарын істетуге қолдана алады. Сотталғандардың еңбегін өндірістік цехтарға шығаруға мүмкіндік болмаған жағдайда олардың еңбегін санитарлық нормалар мен еңбекті қорғау ережелерін сақтау отырып камераларында жұмыс істете алады.

Түрмеде ұстау мен бас бостандығынан ауыру жазасын атқару мәселелеріне кейінгі кездері мемлекеттік органдар тарапынан да, қоғамдық тараптар жағынан да көп көңіл аударылып отыр.

Мерзімді баспасөз беттерінде айтарлықтай мәнде жазаны өтеу мәселелеріне арналған материалдар жиі орын алуда, әсіресе бас бостандығынан айыру мәселесімен бірге өлім жазасы туралы жазылған материалдар көзге жиі түсуде¹³.

¹³ *Калеева Т.* Смертная казнь: между «за» и «против» // Казахстанская правда. 1997. 31-қаңтар; *Амирбеков К.* Смертная казнь – мера вынуждения // Казахстанская правда. 1996. 20-сәуір және басқалары.

Бас бостандығынан айыру мәселесі баспасөз назарымен бірге, қоғамның, ғалымдардың және заң шығарушылардың өздерінің күн тәртібінен түсетін түрі жоқ.

Мәселен, 1992 жылғы қараша айының 14 мен 19 күндері аралығында Москва облысындағы Петрово-Дальнее пансионатында «Бұрынғы тотализм елдеріндегі түрме реформасы» деген тақырыпта халықаралық конференция болып өткен. Бес күн бойы Әзірбайжан, Бельгия, Белоруссия, Ұлы Британия, Венгрия, Германия, Дания, Қазақстан, Қытай, Литва, Молдавия, Нидерланд, Норвегия, Польша, Ресей, АҚШ, Тунис, Өзбекстан, Украина, Франция, Хорватия, Швеция, Швейцария сияқты елдерден 200-ден аса сарапшылар қатысып, ГУЛАГ қалдырған қайғы-қасірет мәселелерін ортаға салып талқылады. Бұл конференцияның ерекшелігі мынада болды, оған заңгерлер, криминологтар, социологтармен бірге парламентарилар, түрме ведомстволарының қызметкерлері, атқарушы өкімет өкілдері, судьялар, адвокаттар, құқық қорғаушылар мен бұрын сотталып шыққандар қатысты. Конференцияның барлық күндері дерлік осы айтылған өкілдердің, түрлі көзқарастағы топтардың арасындағы өткір де пайдалы пікірталастар жағдайында өтті. Қазақстаннан бұл конференцияға ҚР ІІМ қылмыстық жазаларды атқару жөніндегі басқармасының бастығы Бауыржан Маратұлы Бердалин, Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиясы мемлекет және құқық институтының бөлім меңгерушісі Гүлсара Тіленшиева, Алматыдағы Хельсинки комитетінің төрағасы Нинель Фокина қатысты.

Конференцияға қатысушылар Москва және Москва облысындағы түрмелер мен түзеу мекемелерінде болып ондағы жағдайлармен танысты, түрмелер жайында бейне фильмдер көрсетіліп, ресейлік түрмелік әндердің кеші өткізілді.

Конференцияға қатысушылар сонымен бірге үкімет басшыларына, парламентариге, бұрынғы КСРО басшылары мен коммунистік блоктарға үндеу қабылдады. «Пікірталастар нәтижелері бойынша негізгі қорытындылау мен ұсынымдар», «Өлім жазасы туралы», «Экономика саласындағы мүмкін болатын қылмыстық заңдылықтарды өзгерту туралы» құжаттар мен Ресей Федерациясы Прокуратурасына Үндеу қабылдады. Сондай-ақ ҚР ІІМ Қарағанды заң институтының кітапханасынан да орын алған осы конференция материалдарының жинағы басып шығарылды.

Осы мәселені конференцияда сөз алған Англиядағы ең ірі түрмелердің бірінің директоры Эндрю Коэлдің мына бір айтқан сөздерімен қорытындылай кеткенді жөн көрдік: «Егер түрмеден шыққан қылмыскер басқалардың құқықтарын құрметтейтін болсын десек, біз оларға әділ көзбен қарауымыз керек, олардың құқықтарын құрметтей білуіміз керек. Әділеттілік – бұл нәзік гүл сияқты, ал түрмелік әділет ол гүден де нәзік, біз осы гүлге өте қамқорлықпен қарауды үйренуіміз керек.

Адам құқығын сақтамаған түрме қашанда өтек тұрақсыз әрі қауіпті орынға айналады. Ондай түрмеде бүлікшілік те, кісі өлтіру де, адамды кепілдікке алу да және басқа оғаш қылықтар болатыны да сөзсіз. Түрме онда онда қызмет

атқаратын адамдар үшін қалай қауіпсіз орын саналатын болса, ондағы қамаудағы отырғандар үшін де сондай болуы керек.

6.2. Түзеу колония-қоныстарында жазаны өтеу

Қылмыс жасаған адамды дұрыс жолға түсіріп, түзеу – күрделі міндеттердің бірі. Оны шешу көбінесе әртүрлі түзеу мекемелерінде сотталғандарды орналастыру үшін жүзеге асырылатын жазалаумен түзеу ықпалының құқықтық және ұйымдастыру жолдарын жетілдірілуіне байланысты болады.

Түзеу мекемелері жүйесінде колония-қоныс сияқты жазаны өтеу түрін енгізу мемлекеттің қылмыстық және қылмыстық-атқару саясатын дамытудағы ең бір кезекті жаңа қадам болып саналды.

Аса ауыр қылмыс үшін және аса қауіпті қылмыскер, қылмысты қайталап жасаушыларға қатысты жазаны қатайта түсудің сөзсіз қажеттігін ескере отырып, әлеуметтік әділеттілік пен гуманизм қағидаларынан туындайтын бірінші рет қылмыс жасаған немесе абайсыздықта ауыр қылмыс жасауға жол беріп алған адамдарға қатысты жазалау шарасын өз орнымен жүргізген дұрыс болып саналады. Сотталғандарды жеңілірек шартты түзеу мекемелеріне ауыстыру немесе жартылай бостандықтағы режимде ұстаумен жағдайларын жақсарту арқылы ынталандыру олардың түзеу жолына ұмтылуына әсер ететіндігі айтпаса да түсінікті.

Колония-қоныс құру идеясының өзі сотталғандардың түзелу жолындағы нәтижелі көріністерін нығайта түсетін ауыспалы саты құру мен бостандыққа қажетті бейімділікке біртіндеп дағдыландыру бағытындағы қалпына келтіру мен тәрбиелеу деп түсінуге болады.

Алғаш рет колония-қоныс 1963 жылы РКФСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1963 жылғы 26-маусымдағы «Еңбекпен түзеу колония-қоныс ұйымдастыру және оларға түзеу жолына нық қадам басқан бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ауыстыру тәртібі туралы» Жарлығына сәйкес құрылған болатын. Осы аталған нормативтік актіге сәйкес колонияның жаңа түрі – жалпы, күшейтілген және қатаң режимдердегі түзеу колонияларынан ауыстырылған сотталғандардың жазаларын өтеуге арналған қолония-қоныс пайда болды. Колония-қонысқа түзелу жолына нық түскен және заңмен белгіленген жаза мерзімінің белгілі бір бөлігін өтеген (үш жылға сотталғандар жаза мерзімінің жартысын өтегенде; бес жылдан артық сотталғандар жазасының 2/3 бөлігін өтегенде) сотталғандар ауыстырылады. Сотталғандарды колония-қонысқа ауыстыру мәселесі қадағалаушы комиссияның келісімімен түзеу мекемесінің өтініші негізінде сот шешетін болады.

Түзеу мекемесінің жаңа үлгісі – колония-қоныс құру бірқатар мақсаттарды көздеді. Біріншіден, сотталғандарды колония-қонысқа ауыстыру түзелу жолына түсіруге ынталандырудың ең маңызды жолы болып табылады. Екіншіден, сотталғандарды күзетсіз еңбекке тартудың бұл жолы соттың мұндай шешім білікті және тиімді болып саналады. Үшіншіден, колония-қоныста жазаны өтеу сотталғандардың отбасымен, еңбек ұжымдырымен әлеуметтік байла-

ныстарын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Төртіншіден, колония-қоныстарда өткізілуіне колония әкімшілігі ғана емес, сотталғандардың туған-туыстары да қатысатын тәрбие жұмыстарын жүзеге асырудың алғышарттары жасалады. Бесіншіден, сотталғандарды күзетсіз, бірақ сыртынан қадағалауда болуы олардың бойында жатақхана тәртібін саналы түрде сақтауға дағдыландырады. Ең соңында осы айтылған мақсаттардың барлығы бір мақсатқа – түзелу жолындағы нәтижелерді нығайтатын және сотталғандардың бойында жазасын өтеп бостандыққа шыққанда ортаға тез бейімделуіне жағдай жасайтындай колония-қоныс құруға келіп саяды.

Мұндай мекеменің қызметі мен жұмыс тәжірибесі іс жүзінде сотталғандардың құқықтарын шамалап шектейтін жартылай ашық түрдегі түзеу мекемесінің өміршеңдігі мен тиімділігін айғақтай түсті.

Түзеу колония-қонысындағы жазаны атқару сотталғандардың қоғамға пайдалы қызметін белсендіре түсетіндей қолайлы жағдай туғызу үшін сенімді бағыт алуды айғақтай түскендей болды.

1971-1974 жылдар аралығындағы эксперимент нәтижелі өткеннен кейін, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1977 жылғы 8-ақпандағы Жарлығына сәйкес абайсыздықта қылмыс жасаған адамдарға арналған колония-қоныс құрылды.

Абайсыздықта қылмыс жасаған адамдардың колония-қоныстарды жазасын өтеуі отбасынан, қоғамнан айыру сияқты ғана келеңсіз жағдай туғызады. Сонымен бірге, қасақана қылмысы үшін сотталғандардан қылмысты абайсыздықта жасаған адамдарды бөлек ұстау түзеудің негізгі құралдарын бірдей қолдануға, сайып келгенде жазасын өтеп шыққандардың бостандықта қылмысты қайталап жасамауына жағдай туғызады. Жүргізілген эксперимент нәтижесінде қылмысты абайсыздықта жасаған адамдарды бөлек ұстау жазаны атқарудың алдында тұрған мақсаттарды жүзеге асырылуына қолайлы жағдай жасалатындығы байқалды.

Колония-қоныстың осы екі түрінде де бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазаларын өтеуді бірдей жағдайда өткізеді.

Бір колония-қоныстың өзінде еректер де, әйелдер де орналастырылуы мүмкін. Қылмысқа қатысушылықпен қылмыс жасап сотталғандар тәртіп бойынша жаза өтеуді бөлек өткізеді.

ҚР ҚАК 125-бабы колония-қоныстарда жаза өтеудің жағдайларын реттейді. Осы заңдық нормаға сәйкес, бас бостандығынан айыруға сотталғандар күзетсіз, бірақ колония-қоныс әкімшілігінің қадағалауында болады; мекеменің ішкі тәртібі ережелерімен ұйқыға бөлінген уақыттан басқа кезде колония-қоныс шегінде еркін жүріп-тұру құқығын пайдаланады; колония-қоныс әкімшілігінің рұқсатымен колония-қоныстан тыс жерге қадағалаусыз, бірақ олардың орындайтын жұмысының сипаты бойынша не оқуына байланысты қажет болса, тиісті әкімшілік-аумақтық құрылым аумағының шегінде қадағалаусыз жүріп-тұра алады; азаматтық киім киіп жүре алады; өзінде ақша мен бағалы заттар ұстай алады; ақшаны шек қоюсыз пайдаланады; посылкалар, сәлемдемелер мен бандерольдар алады, санына шек қойлмай кездесе алады; өздеріне арналған жатақханаларда тұрады.

Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзуға жол бермеген және отбасы бар сотталғандарға колония-қоныс бастығының қаулысы бойынша колония-қоныстың аумағында немесе одан тыс жерде жалға алған немесе өзінің тұрғын алаңында отбасымен тұруына рұқсат етілуі мүмкін. Аталған сотталғандар тіркелу үшін колония-қоныс бастығының қаулысымен колония-қонысқа айна төрт ретке дейін келуге міндетті. Тіркелу кезеңі колония-қоныс бастығының қаулысымен белгіленеді. Сотталғандар тұратын тұрғын үй-жайларда колония-қоныс әкімшілігінің өкілі кез келген уақытта бола алады.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жеке басын куәландыратын белгіленген үлгідегі құжаты болады. Сотталғандардың жеке куәлігі, төлқұжаты мен басқа да жеке құжаттары олардың жеке істерінде сақталады.

Түзеу мекемелерінің ішкі тәртібі ережелері түзеу колония-қоныстардағы сотталғандар тәртібі ережелерінің ерекшеліктерін белгілеп береді. Соған сәйкес ондағы сотталғандар ұжымдық немесе жекеше түрде бау-бақша өсірумен айналыса алады, өнім беретін құстар мен мал асырай алады, оларға сапсыз еркін жүруге, шашын тақырлап алып тастауға, өзінің киімдерін киіп жүруге, кеудеге және жеңге тігілетін белгілерді тақпауға, отбасы бар сотталғандарға колония-қоныстың аумағында немесе одан тыс жерде жалға алған немесе өзінің тұрғын пәтерінде отбасымен бірге тұруына рұқсат етіледі.

Ішкі тәртіп ережелері колония-қоныстардағы сотталғандардың колония-қоныс аумағынан өз бетімен шығып кетуге; кез келген атылытын немесе суық қару сатып алуға, оларды сақтауға, көлік құралын иемденуге және оны пайдалануға тыйым салынады.

Қылмыстық-атқару заңнамасы колония-қоныстағы сотталғандардың еңбегі жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату мен басқа жұмысқа ауыстырудан басқа тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңымен реттеледі.

Сотталғандарды басқа жұмысқа, соның ішінде басқа жерге ауыстыру сол жұмыс істеп жүрген жеріндегі колония-қоныс әкімшілігінің келісімімен жүзеге асырылады.

Сотталғандарға тиісті әкімшілік-аумақтық құрылым аумағының шегінде орналасқан жоғары және орта кәсіптік білім беру мекемелерінде сырттай оқуға рұқсат етіледі.

Колония-қоныстарда жазасын өтеп жүрген адамдардың белгілі құқықтарын шектеу белгіленеді. Оларға:

- колония-қоныс аумағынан өз бетімен шығып кетуге;
- атылатын және суық қарулар сатып алу мен олардың сақтауға, сондай-ақ оларды пайдалануға;
- әскери киім киіп жүруге;
- құмар ойындар ойнауға, спирттік ішімдіктер ішуге тыйым салынады.

Кем дегенде айына бір рет колония аумақтары мен колониядағы барлық ғимараттарға тексеріс жүргізіледі.

Колония-қоныстағы режим талаптарын бұзған сотталғандарға қылмыстық-атқару заңымен қарастырылған жазалау шаралары қолданылады. Алайда, посылка, сәлемдеме мен бандерольдар алу құқығынан айыру сияқты жазалау шарасы айыптық оқшаулағыштарға қамалған сотталғандарға ғана қолданы-

лады. Әкімшіліктің отбасылы сотталғандарды жазалау түрінде колония-қоныс жаттақханасына орналастыруына мүлдем тыйым салынады. Мұндай жазалауды тек қана сотталған адамның жұбайы немесе зайыбы кетіп қалған жағдайда ғана қолдану мүмкін болады.

Колония-қоныстарда камералық үлгідегі арнаулы орын жабдықталмайды, олай болған жағдайда бұл абайсыздықта қылмыс жасаған немесе түзелу жолына түске адамдардың құқығына нұқсан келтіргендік болып саналады.

Колония-қоныстар орналасқан елді мекен аумағында учаскелік инспектор қызметі енгізілген милицияның тірек пункті болуы тиіс.

Түзеу колония-қоныстарында жазасын өтеп жүрген сотталғандарға қатысты мына төмендегі жағдайларды қарастыратын қадағалау жүргізіледі:

- сотталғандардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауын бақылау;
- сотталғандардың жұмыс істейтін, тұратын жеріндегі тәртібін бақылау;
- режимді бұзудың, қашудың және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды болдырмау;
- белгіленген режимді бұзған сотталғандарды тінту және оларды өзгелерден оқшаулау.

Сотталғандарды тексеру мақсатында жеке тінту, олардың жатақханасын тінту, оларға келген посылкаларын тексеру мен жеке үйлерін қарау колония бастығының, не оның орынбасарларының немесе колония бастығының кезекші көмекшісінің рұқсатымен ғана жүргізіледі.

Колония-қоныстағы белгіленген режимнің сақталуы үшін сотталғандардың үстінен қадағалу үшін колония бастығының кезекші көмекшісі, бақылаушылар взводынан наряд басшысы жетекшілік ететін әскери наряд, сондай-ақ наряд бастығының басқарумен қызмет ететін бақылаушылар тағайындалады.

Сотталғандарды еңбекке тартудың жалпы шарттары ҚР ҚАК 14-тарауында (99-103-баптар), сондай-ақ ҚР ҚАК 125-бабында белгіленген. Соған сәйкес, жұмысқа қабылдаудың, жұмыстан босатудың және басқа жұмысқа көшірудің ережелерін қоспағанда, сотталғандардың еңбегі Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарымен реттеледі. Сотталғандарды басқа жұмысқа, оның ішінде басқа жерге ауыстыруды колония-қоныс әкімшілігінің келісімі бойынша өздері жұмыс істейтін кәсіпорынның әкімшілігі жүзеге асыра алады.

Колония-қоныстағы сотталғандармен тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі (105-115-баптары) негізінде жүргізіледі.

Қылмыстық-атқару заңнамаларын мен осы мекемелердің іс-тәжірибесін талдау жалпы және қатаң, ерекше режимдегі колониялардағы құқықтық реттеу тәртібі мен шарттарында елеулі айырмашылық бар екендігін көрсетті.

Сөйтіп, түзеу колония-қоныстар онша қоғамдық қауіптілік тудырмайтын және қоғамнан онша оқшаулауды қажет етпейтін сотталғандарға тәрбиелік ықпал ету нәтижелерін дамыта түсу мен бекітуге арналады деп айтуға болады.

6.3. Тәрбие колонияларының түрі және ондағы жазаны өтеу ерекшеліктері

Біздің мемлекетіміздің барша тарихында (КСРО мен Қазақстан Республикасы) жазаны атқаруды жеклендіру мен бірдейлестіру мәселелері әрқашан заң шығарушылардың басты назарында болды. Дәл осы жағдай сотталғандарды түзеу жолына түсіру міндеттерін орындаушыларды кәмелетке толмаған қылмыскерлерді ұстауға арналған арнаулы мекеме құру мәселесін қарастыруға мәжбүр етті. Өздеріне тән болатын ерекшеліктеріне қарай мұндай мекемелер еңбек колониялары, тәрбие колониялары деген атауға ие болды.

Міне осындай себептерге байланысты тәрбие колониялары түзеу мекемелеріне тән міндеттерді жүзеге асыратын болғандықтан осы мекемелерге қарайды деген ереже толығымен негізді деп санауға болады.

ҚР ҚАК 69-бабы осы ережені бекітіп және кәмелетке толмаған бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазасын тәрбие колониясында өтейді деп бекіткен. Сондай-ақ, осы колонияларда жмырма жасқа дейін тәрбиелеу колонияларында қалдырылған сотталғандар жазасын өтейді.

ҚР Қылмыстық кодексінің 79-бабының 7-бөлігіне сәйкес, кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру он жылдан аспайтын, ал аурлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін немесе қылмыстардың жиынтығы бойынша қылмыстардың біреуі ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейін ауыр емес қылмысты және он төрт жастан он алты жасқа дейін орташа ауыр қылмысты бірінші рет жасаған адамдарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

ҚР Қылмыстық кодексінің 79-бабының 8-бөлігі бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмаған адамдар жазасын жалпы және күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында өтейтіндігін белгілеген.

Жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында жасаған қылмысының ауырлығына қарамастан әйел жынысты кәмелетке толмаған сотталғандар, сондай-ақ бас бостандығынан айыруға сотталған еркек жынысты кәмелетке толмағандар жазаларын өтейтін болады.

Күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында тек қана бұрын бас бостандығынан айыруға сотталған, бірақ он сегіз жасқа толғанға дейін жаңадан қасақаналықпен қылмыс жасап сот бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған еркек жынысты кәмелетке толмағандар ғана жазасын өтейді.

Тәрбиелеу колонияларының қызметі жазалау-тәрбиелеу ісіне ғана емес, сонымен бірге сотталғандардың бұған дейінгі тіршілік кезеңіндегі орын алған кемшіліктерін қалпына келтіріп, жалпы тәрбиелеуге бағытталған.

Кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру жазасын атқарудың ерекшелігі жазаны атқару тәртібін реттейтін құқықтың жалпы нормаларын ғана қолданылып қоймайды, сонымен бірге заң жас өспірімдер мен балалардың адамгершілік, психологиялық және дене дамуының жасына байланысты ерекшеліктерін де ескеріледі.

Тәрбиелеу колониясының қызметіне басшылықты штат бойынша режим жөніндегі, тәрбие жұмыстары жөніндегі, шаруашылық жөніндегі орынбасарлары бар колония бастығы жүргізеді. Тәрбиелеу колониясында жазасын өтеуші кәмелетке толмаған сотталғандар отрядтарға және бөлімшелерге бөлінеді. Отрядты отряд бастығы (аға тәрбиеші), ал бөлімшелерді бөлімше тәрбиешісі – бөлімше бастығы басқарады. Тәрбиелеу колониясындағы бөлімше мен отрядтар «өндірістік мектеп» қағидасымен құрылады, яғни әрбір бөлімше жалпы мектептегідей сыныптарды, ал өндірістік жұмысты бригаданы білдіреді. Бұлайша қарау бөлімшеде немесе отрядта белгілі бір ұжым қалыптастырады, мектепте де, өндірістік жұмыста да тәрбиеленушілерді жалпы мүдде мен міндеттер негізінде біріктіреді, нәтижесінде сотталғандардың түзелуіне игі әсер етеді. Тәрбиеші-ұстаз қызметкерлерінің де қызметі мейілінше ұтымды және өнегелі түрде ұймдастырылады. Бұл жұмыста «ұшбұрыш» деген атауға ие болған тәрбиеші-мұғалім-мастер алқасы ойдағыдай жұмыс атқарады. Колонияның осы лауазымды адамдарының әрқайсысы сотталғандарды түзеу мен олармен тәрбие жұмыстарына белсене араласады.

Түзеу мекемелерінің ішкі тәртібі ережелерінің сотталғандар мен колония қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынастарын реттейтін бөлімінде осы мекеменің тәрбиелеуші қызметкерлері сотталғандармен «сен» деп, «тәрбиеленуші» және атын атап сөйлесетінін белгілеген.

Кәмелетке толмаған сотталғандарға тәрбиелік ықпал ету жүйесінде ең маңызды орынды оқу-тәрбие жұмысы алады. Оған жалпы білім беретін және кәсіптік білім беретін оқыту; сабақтан тыс тәрбие жұмыстары мен жеке алдын алу жұмыстары кіреді. Іс жүзінде ересектерге сияқты кәмелетке толмаған сотталғандарға байланысты тәрбиелік ықпал етудің барлық құралдары ҚР ҚАК баптарында көрсетілген және олар толық көлемінде тәрбиелеу колонияларында іске асады.

ҚР ҚАК 108-бабына сәйкес, түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жүрген сотталғандардың барлығы және 30 жасқа толмаған сотталғандардың міндетті түрде ондағы мектептерге баруы мен орта білім алуы ұйымдастырылады. Осы ережеден келіп, тәрбиелеу колониясындағы кәмелетке толмаған сотталғандардың бәрі де өздерінің еріктеріне қарамастан орта білім алып шығуына міндетті. Сотталғандардың орта білім алуын ұйымдастыру білім беру жөніндегі мемлекеттік органдардың келісімімен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің белгіленген тәртібі бойынша жүзеге асырылады. Мектепте оқитындардың бәрі де оқу, жазу құралдарымен, дәптерлермен және оқуға қажетті басқа да заттармен тегін қамтамасыз етіледі. Емтихан тапсыруға дайындалу үшін олар 20 күн бойы өндірістік жұмыстардан босатылады. Бас бостандығынан айырудың жалпы режимдегі орындары мен тәрбиелеу колонияларда жалпы білім берудің өзіндік қиыншылықтары да бар. Ол кәмелетке толмағандардың қылмыс жасаған кезінде еш жерде оқымай, оқуға деген ынтасын жоғалтып алуымен, сөйтіп олардың көбісінің өз замандастарынан көп артта қалып қойып, оларға қарағанда өте нашар оқитындығымен, білім дәрежесінің жасына сәйкеспейтіндігімен түсіндіріледі. Сотталғандарды мектепке тіркеу жаңа оқу жылынан емес, тәрбиелеу колониясына түскен кезінен баста-

лады. Сондықтан, жаңадан келген кәмелетке толмаған сотталғандарды колонияға қабылдаудың кейбір жағдайларында комиссия оларды бұрынғы сыныбына қайтадан оқуға жіберуі мүмкін.

Сотталғандардың оқуға деген көзқарасы түзелу дәрежесіне қарай ескеріледі және ол мінездемесінде көрсетіледі.

Кәмелетке толмаған сотталушы 18 жасқа толған кезде заң осындай тәрбиеленушіні 20 жасқа толғанша тәрбиелеу колониясында қалдыру мүмкіндігін қарастырады. 18 жасқа толған және нашар мінездеме берілген сотталған жалпы режимдегі түзеу колониясына ауыстырылуы мүмкін, ал қалғандары тәртіп бойынша тәрбиелеу колониясында қалдырылады. Бұл жерде оларға белгіленген жазаны өтеудің барлық жағдайлары, тамақ нормасы, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормасы тиісті мәнде болуы керек. Мұндай шаралар өте-мөте тәрбиелік мақсатта алға қойылған және ол прокурордың рұқсат етілген колония бастығының қаулысымен жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу колониясында режимнің түріне қарамастан жазаны өтеудің әдеттегі, жеңілдетілген, жеңілдікті және қатаң жағдайлары белгіленеді.

Тәрбиелеу колониясына түскен алғашқы кездерде барлық сотталғандар жазаны өтеудің барлығына бірдей арналған дағдылы жағдайында жатақханаларда тұратын болады. Олар тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражатынан ай сайын бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жұмсай алады, жыл ішінде екі ұзақ мерзімді және алты қысқа мерзімді кездесуге ие бола алады, жыл ішінде сегіз посылка немесе сәлемдеме және сегіз бандероль ала алады. Хат алысып тұруларына шек қойылмайды. Жақсы мінездемесі барлар мен жазаны өтеудің белгілі бір мерзімін өтеген кәмелетке толмаған сотталушылар жазаны өтеудің жеңілдетілген түріне көшіріліп, посылка алу, кездесуге шығу, ақша жұмсаудың айтарлықтай өсірілген нормаларына ие болады.

Жазаны жеңілдікті жағдайда өтеу жеңілдетілген жағдайдағы және мерзімінен бұрын босатуға дайындалған адамдар үшін белгіленеді. Жазаны өтеудің мұндай жағдайындағы тәрбиеленушілер тәрбиелеу колониясынан тысқары жерлерде тұра алады, бірақ колония әкімшілігінің ұдайы қадағалауында болады. Оларға заңмен ақшаларын пайдалануға, кездесуге, телефонмен сөйлесуге, посылка мен сәлемдеме алуға ешқандай шек қойылмайды. Алайда, егер сотталушы жазаны өтеудің жеңілдік жағдайында болғанда, ұдайы тәртіп бұзушы деп саналатын болса, ол дағдылы немесе жеңілдетілген жағдайға көшірілуі мүмкін. Жеңілдік жағдайына қайтадан көшіру тек қана жеңілдетілген жағдайдан оралған алты айдан кейін жүзеге асырылады.

Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар деп танылған сотталғандар дағдылы және жеңілдетілген жағдайлардан үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қатаң жағдайларға көшірілуі мүмкін (ҚР ҚАК 128-бабының 7-бөлігі). Қатаң жағдайдағы ұстаудағы сотталғандар үшін ұзақ мерзімді кездесу қайтарылып алынады, телефонмен сөйлесу тек ерекше жағдайларда ғана рұқсат етіледі, ал қалған тиісті нормалар мейілінше қысқартылады. Сонымен бірге олар оқудан және жұмыстан бос уақыттарында сыртынан бекітіліп жабылатын оқшауланған үй-жайларда тұратын болады.

Тәрбиелеу колониясының аумағы түзеу колонияларының аумағы сияқты тұрғын үй-жайларға және тәрбиелеу колониясының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін үй-жайлар мен өндірістік ғимараттардан тұрады. Колонияның бүкіл аумағы негізгі, жасырып бүркемелеуші (жекелеген жағдайларда ескертуші) қашуға ыңғайсыз және бұзуға мықты дуалды қоршаулармен қоршалады. Негізгі дуалды қоршауға күзеттің инженерлік-техникалық құралдар жүйелері орнатылады.

ҚР ҚАК тәрбиелеу колониясының жұмысына қоғамдық бірлестіктердің де араласу мүмкіндігін қарастырады. Бұл жұмыс екі нысанда: қамқорлық кеңесі мен ата-аналар комитеті қызметімен көрінеді. Тәрбиелеу колониясы жанындағы қамқорлық кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекіткен ережелері негізінде қызмет атқарады. Бұл кеңестің міндеті колония әкімшілігіне оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға, мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, сотталғандардың әлеуметтік мәселелерін шешуге, олардың бостандыққа шыққанда еңбек және тұрмыстық жағдайына көмек көрсету болып табылады. Оның құрамына мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар қоғамдық бірлестіктер өкілдері мен жекелеген азаматтар кіреді.

Ата-аналар комитеті әрбір отряд бойынша құрылады және ол колония бастығының бекіткен ата-аналар комитеті туралы ережелері негізінде қызмет атқарады. Оның құрамына кәмелетке толмаған сотталғандардың ата-аналары, олардың орнын басатын өзге де жақын туыстары кіреді. Ата-аналар комитеті тәрбиелеу колониясының әкімшілігіне сотталғандарға тәрбиелік ықпал ету және мекеме қызметінің басқа мәселелері бойынша көмек көрсетеді.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 11-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеуші сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру нұсқауы туралы» №147 бұйрығы.
2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 11-желтоқсандағы «Түзеу мекемелері ішкі тәртібінің Ережелерін қолданысқа бекіту туралы» №148 бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 11-желтоқсандағы «Жазасын өтеуші адамдарды қадағалау мен күзетуді ұйымдастыру нұсқауын бекіту туралы» №154 бұйрығы.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Пленумының 1993 жылғы 24-маусымдағы «Жаза тағайындау кезінде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» қаулысы.
8. Правила внутреннего распорядка ИУ. – Астана, 2001.
9. Уголовно-исполнительное право. – Алматы, 1996.

10. Советское исправительно-трудовое право. Особенная часть. – Рязань, 1987.
11. Уголовно-исполнительное право. – М., 1996.
12. Советское исправительно-трудовое право. – Л., 1989.
13. Тюремная реформа в странах бывшего тоталитаризма. – М., 1993.
14. *Гернет М. Н.* История царской тюрьмы. – М., 1960. Т. 1-5.
15. Тюремные учреждения. – М., 1963.
16. Тюремны и наказания. ЭПК. – Минск, 1996.

7. АЛДЫН АЛА ҚАМАУҒА АЛУДЫ АТҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

7.1. Тергеу оқшаулағышы алдын ала қамауға алудағы негізгі орын ретінде. Тергеу оқшаулағышының пайдаланатын жері, міндеті және құрылымы

Алдын ала қамауға алу туралы ережелердің 4-бабына (Алдын ала қамауға алатын орын) сәйкес, алдын ала қамауға алатын орын деп тұтқындау (қамауға алу) түріндегі бұлтартпау шарасы белгіленген тергеу оқшаулағышы танылады. Осыған орай, тергеу оқшаулағыштары өзінің атауы, мөрі, штаттық кестесі және басқа да рәміздері бар мемлекеттік арнаулы мекеме ретінде заңды тұлға болып табылады. Оларды өздерінің бастықтары басқарады. Қабылдау, орналастыру, қадағалу жүргізу, тұтқындалғандарды қажетті тамақтандыру нормасымен, дәрігерлік қызмет көрсету, жедел-іздістіру шарлары, коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету, тұтқындалғандарды күзету және басқа да алдын ала қамау (тұтқындау) мақсатын қамтамасыз ету сияқты тергеу оқшаулағышындағы барлық жұмыстарды арнайы жасақталып, үйретілген қызметкер адамдар атқарады.

Тергеу оқшаулағыштары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қарамағында болып және тергеу мен сотталушыға қатысты арнайы бас бостандығынан айыру орны болып саналады. Тергелушіге және сотталушыға арналған бостандығынан айырудың мұндай орны 1918 жылғы кеңес үкіметінің алғашқы нормативтік құжаттарының бірі – «Бас бостандығына айыру жаза шарасы ретінде және оны өтеу тәртібі туралы» Уақытша нұсқауында айтылған. Мұндағы бас бостандығынан айыру орындары арасында тергеудегі адамды сотқа дейін уақытша ұстауға арналған тұтқындау үйлері мен жалпы қамауға алу орындары (түрмелер) аталған, бұл жерде онша қауіпті емес ұсталғандар тұтқындау үйінде, ал қауіптілері түрмелерде ұсталатын болған. Тергеудегі немесе соттағы әскери қызметшілер әскери бөлімдер мен гарнизондардағы гауптвахталарда ұсталатын болды. Бұл нормативтік құжат тергеудегі адамды қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдардан бөлек ұстау принципін қарастырды. Алдын ала қамау орындарын дамыту осы орындарды өз алдына бөлек мекеме түріне айналдырумен бірге жүргізілді. Мұндай оқшаулағыштар өз алдына бөлек бас бостандығынан айыру орны болумен бірге басқа да бас бостандығынан айыру орындарында бөлім ретінде де ұйымдастырылды. Жалпы қамауға алу орны, түзеу үйлері, қамау үйлері, тергеудегілерге арналған оқшаулағыштар атап айтқанда бұрынғы ескі түрмелерге орналастырылды. Сол кезден және 1964 жылға дейін түрмелер алдын ала қамауға алу орны мен бас бостандығынан айыру жазасын өтеушілерге арналған еңбекпен түзеу мекемесі ретінде екі қызметті бірдей атқарып келді.

1964 жылдың 1-қаңтарынан алдын ала қамау орындарының өз алдына бөлек дербестігі принципі қалпына келтіріліп, көптеген түрмелер тергеу оқшаулағыштарына қайтадан жабдықталды, ал олардың міндеттері, қызметі

мен тұтқындағыларды ұстау режимінің талаптары арнаулы нормативтік акті – КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1969 жылғы 11-шілдедегі және осы күнге дейін Қазақстан Республикасының аумағында қолданыста жүрген «Алдын ала қамау туралы ережелерінде» құқықтық мәртебеге ие болды. Алдын ала қамау орнына айналған тергеу окшаулағыштары күдікті, айыпталушы және сотталушы деп саналған адамдарды бұлтартпау шарасы ретінде тұтқындауға арналған орын болды.

Айыпталушы – заңмен белгіленген тәртіп бойынша айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шығарылған қылмыстық іс жүргізуге қатысушы адам.

Адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту оны қылмыс жасауды кінәсі бар деген қорытынды емес. Кінәсіздік презумпциясына байланысты адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі (ҚР Конституциясы 77-бабы 3-бөлігінің 1-тармағы). Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 69-бабы «айыпталушы» деген ұғымға нақты анықтама береді. Сол бойынша, өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, не өзіне қатысты сотта жеке айыптайтын қылмыстық іс қозғалған адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адам айыпталушы болып танылады. ҚР ҚІЖК осы нормасы айыпталушының құқық көлемін де анықтайды.

Айыпталушы – қылмыстық жауаптылық пен сотқа тартылған адам. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 69-бабы іс бойынша басты сот талқылауы тағайындалған айыпталушыны сотталған деп атайды.

Сезікті – тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген негіздерді және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған, не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам.

Адамды сезікті деп тану үшін мыналар қажет: адамды қылмыс жасады деп сезіктену үшін негіз болатын дәлелдемелер; ұстау үшін немесе айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасын қолдану үшін заңмен қарастырылған негіздер мен шарттар; бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы, немесе ұстау туралы қаулы, немесе ұстау туралы хаттама.

Сезікті адам деп ұсталғаннан кейін 72 сағаттан және айып тағылғанға дейін бұлтартпау шаралары кезінде 10 тәуліктен артық емес уақыт ішінде ғана саналады (ҚР ҚІЖК 68-бабының 3-бөлігі).

Қамаудағы адамдардың денін дәл осы адамдар (сезікті, айыпталушы, сотталушы) құрайды. Тергеу окшаулағышында бұлтартпау шаралары қолданылған қамауға алынған адамдардан басқа да әртүрлі санаттағы сотталғандар ұсталады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 69-бабына сәйкес, іс бойынша айыптау үкімі шығарылған адам **сотталған адам** деп танылады.

Бұл жерде тергеу оқшаулағышында отырған сотталған адам туралы айтқанда, үкім заңды күшіне енген 10 күн ішінде олар жазаны өтеу орнына жөнелтілуі тиіс екенін естен шығармауымыз керек, алайда кейбір санаттағы сотталғандар тергеу оқшаулағышында ұстала береді. Ондай санаттағы адамдардың қатарына мыналар жатады:

- үкімі заңды күшіне енген тәртіптік әскери бөлімдерде ұстауға сотталғандар;
- жазаны өтеу орындарына айдалуға жататын сотталғандар;
- тергеу оқшаулағышында шаруашылық жұмыстары үшін қалдырылған сотталғандар;
- басқа адам жасаған қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізуге немесе осындай істерді сотта қарауға байланысты түзеу мекемелерінен ауыстырылған сотталғандар;
- жазасын түзеу мекемелерінде өтеп жүрген, бірақ қылмыстық жауаптылыққа тартылған және қамауға алу (тұтқындау) түрінде бұлтартпау шаралары таңдалған сотталғандар;
- соттың анықтауы бойынша арнаулы үлгідегі психиатриялық ауруханаға мәжбүрлеп емдеуге жіберуге жататын адамдар;
- жолшыбай-басқа жерге ауыстырылатын қамалғандар мен сотталғандар;
- өлім жазасына сотталғандар

Осы аталған санаттағы адамдар әр алуан құқықтық жағдайларға ие болады және мұны тергеу оқшаулағышының қызметкерлері жақсы түсіне біліп, заңнамалардың түрлі саласын тиісінше қолдана білулері тиіс. Осыған байланысты олардың арнайы дайындықтары, тиісті іскерлік, имандылық, дене күшіндік және басқа да қасиеттері болуы керек.

Тергеу оқшаулағышына төмендегіше негізгі міндеттер жүктеледі:

- қамауға алынған адамдарды ұстаудың тәртібін ұйымдастырып және оны қамтамасыз ету, сондай-ақ заңды күшіне енген үкімдердің орындалуын қамтамасыз ету;
- тергеу мен соттан жалтаруға немесе қылмыстық іс бойынша шындықты ашуға кедергі келтірмейтіндей, қылмыстық іс-әрекеттер жасай алмайтындай жағдайда, тиісті мәнде қамаудағыларды оқшаулау мен күзету;
- қажетті тіршілік-тұрмыстық жағдай туғызу, белгіленген норма бойынша тамақ беру және басқа да материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету түрлеріне, сондай-ақ ондағы адамдарға дәрігерлік көмек көрсетуге жағдай жасау;
- алдын ала қамауға алу туралы Ережелердің, қылмыстық іс жүргізу заңнамаларының баптарындағы, Әділет министрлігінің нормативтік актілеріндегі нұсқауларды, сондай-ақ тергеушілердің тапсырмаларын, прокурор мен соттың өкімдерін дер кезінде және бұлжытпай орындау;
- тергеу оқшаулағышындағы шаруашылық жұмыстарын орындау үшін қалдырылған сотталғандарға қатысты жазаны атқару.

Тергеу оқшаулағышын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі құрып және жояды. Оған арналған ғимараттарды жобалау мен құрылысы

белгілі бір талаптарға сай жүргізіледі: құрылыс алаңы таңдап алынады – ол тәртіп бойынша қалаға таяу, шеткері, темір жолы немесе басқа да жолдар жақын өтетін, тұрғын үй-жайлардан, мәдени-тұрмыстық ғимараттар мен мекемелерден, ұра-жардан, жерасты коммуникациясы өтетін жерлерден жырақ ыңғайлы орынға орынға орналасуы тиіс. тергеу оқшаулағышының аумағы онда ұсталатын бас бостандығынан айырылған әрбір адамға шаққанда, әрі әкімшілік үй-жайын (штаб, бақылап-өткізу пункті), режимдік корпус, шаруашылыққа арналған ғимараттар (монша, кір жуатын, тамақ сақтайтын орын, аурухана), өндірістік орын, күзеттік дабылдағышы бар қоршау және басқа да құрылыстарды қоса есептегенде 50-70 шаршы метрден келуі керек.

Әсіресе ерекше талаптар режимдік корпустағы камералық орындар құрылысы мен қайта салу жұмысында сақталуы тиіс. Олар сыртқы орта мен аралас бөлмелерден оқшауланып, беріктігі қамтамасыз етілуі керек. Камералар құрғақ, ауа кіретіндей, жарық түсетіндей болуы керек. Тұтқындалғандардың оқшаулағыш ішіндегі жүріс-тұрысын азайту үшін әрбір камерада су құбыры мен дәретхана болуы керек. Қамаудғылардың табиғи қажеттіліктерін ескере отырып оларды таза ауаға шығарып отыру қажет, ол үшін кірпіштен салынған режимдік корпустың жоғарғы қабатында заңмен белгіленген уақыт бойынша сейілдеу алаңы жабдықталуы тиіс.

БҰҰ I-Конгресінде (Женева, 1955 жыл) қабылданып, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 1957 жылғы 31-шілдедегі және 1977 жылғы 13-мамырдағы қарарларында қамаудағыларды ұстаудың төменгі қалыпты тәртібі қабылданып ол осы қарардың 10-14-баптарында былайша белгіленген: «қамаудағылар пайдаланытын барлық орындар, әсіресе барлық жатын орындар санитарлық нормалар мен талаптарға жауап беретіндей болуы керек, бұл жерде басты назар климаттық жағдайға, олар ұсталатын бөлменің көлеміне, оның жарықтығы мен жылылығына, ауа алмасуына салынуы тиіс. Қамаудағылар тұратын және жұмыс істейтін орындарда күндізгі жарықта оқи алатындай және жұмыс істей алатындай тиісті мөлшердегі терезелер болуы керек, жасанды желдеткіштің бар-жоқтығына қарамастан таза ауа кіріп тұруы тиіс; жасанды жарық қамаудағылардың көзіне зақым келтірмейтіндей оқуға және жұмыс істеуге лайық болуы керек. Санитарлық қондырғылар ондағылардың табиғи қажеттерін өтеуге ыңғайлы, таза әрі әрқашанда жұмыс істеп тұруы тиіс.

Монша қондырғылары мен су себелеткіш шүмектер саны жуынатын адамдарға жетерліктей болуы керек, ауа райы ыстық аймақтарда қажет болған жағдайда, ал ауа райы салқын жақтарды ең болмағанда аптасына бір рет тазалық сақтау үшін жуынып-шайынып тұруы тиіс. Қамаудағылар үнемі пайдаланатын жайлар қашанда жинақы және қатаң тазалықта болуы тиіс».

Тергеу оқшаулағышының барлық қызметі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бұйрығымен тағайындалатын тергеу оқшаулағышы бастығының басқаруымен жүзеге асырылады. Оған барлық бөлімдер мен қызметтердің жұмыстарын, жеке құрамның өзара әрекеттестігін, оқуы мен тәрбиесін ұйымдастыру жүктеледі. Ол қызметкерлердің қызметтік дайындығын қамтамасыз етіп, қамаудағыларға ғана емес, барлық жеке құрамға қатысты

заңдылықты сақтауды қатаң бақылайды. Тергеу оқшаулағышы бастығының жедел жұмыстар жөніндегі, күзет және режим жөніндегі, қамаудағылармен тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ жеке құрамның әлеуметтік жұмыстары жөніндегі көмекшісі болады.

Тәрбие бөлімін тергеу оқшаулағышы бастығының орынбасары немесе аға нұсқаушы басқарады. Нұсқаушылардан басқа тәрбие бөлімі жұмыстарын жүргізетін қызмет құрамына клуб бастығы (клуб болса), кітапханашы, кино-механик, радист кіреді.

Арнаулы бөлімді бөлім бастығы немесе аға инспектор басқарады. Ол бірқатар қызметтерді атқаруға арналған, әсіресе мұнда қамалғандар мен сотталғандардың іс-қағаздары толтырылады, тергеу оқшаулығышында ұсталушылардың жеке және жалпы сандық есебін жүргізіп, олардың жүріс-тұрысын бақылайды; тиісті құжаттарды ақпараттық аппараттарға жөнелтіп отырады; сотталушылардың кешірім сұрау, босату туралы өтініштерін жасайды; тергеу оқшаулығышы қызметіне байланысты ведомстволық нормативтік актілер мен құжаттарды сақтап және солардың тіркеу есебін жүргізеді.

Жедел бөлімді тергеу оқшаулағышы бастығының жедел жұмыстар жөніндегі орынбасары немесе жедел бөлім бастығы басқарады. Оның құрамына қамаудағылар мен сотталушылардың режимды сақтау жөніндегі, олардың тарапынан бола қалған құқық бұзушылықтарды ескерту жөніндегі, сондай-ақ жедел қызметтер мен тергеу аппараттарына көмек көрсететін жедел қызметшілер кіреді.

Күзет қызметі тергеу оқшаулағышы ұсталған адамдаға қатысты тиісті күзету мен қадағалауды жүзеге асырады. Бұл қызмет құрамына тергеу оқшаулағышы бастығының кезекші көмекшісі, ауысымдық кезекші бақылаушылар, әскери және арнайы дайындық бойынша аға нұсқаушысы кіреді. Бұл қызметтің қызметкерлері бас бостандығынан айырылғандарды қабылдап, орналастырады, оларды басқа бас бостандығынан айыру орнына, тергеу және сот органдарының шақыруы бойынша жіберуді ұйымдастырады, күнсайынғы сейілдеуге шығарып отырады, орналасқан жерлерін, кездесу орындарын, оқшаулағыш ішіндегі жүріп-тұруын тексеріп бақылайды, тінту жүргізеді, посылка мен сәлемдемелерді қабылдап және оларды таратады.

Қаржы бөлімі тергеу оқшаулағышы қаржы қызметін қамтамасыз етеді, ақша қаражаты мен құндылықтардың есебін жүргізу мен сақтауды қамтамасыз етеді, тергеу оқшаулағышындағы адамдардың сақтауындағы ақша мен құнды заттарды алып, сақтайды.

Медициналық бөлім емдеу-алдын алу мен ауруға қарсы күрес шараларын жүргізуді ұйымдастырып және олардың өткізілуін қамтамасыз етеді. Оны бөлім бастығы әрі аурухананың бас дәрігері басқарып, бүкіл дәрігер-қызметкерлердің жұмысына басшылық жүргізеді.

Шаруашылық бөлімі өзінің бастығының басшылығымен тамақ сақтайтын, монша, кір жуатын орын, киім мен аяқкиім жөндейтін, шаруашылық құралдарын жасайтын шеберханалар, сондай-ақ қазандық, гараж және басқа да шаруашылық объектілерінің қызметкерлерін біріктіріп, судың, электр қуатының, жылудың үнемді жұмсалудың, ғимараттар мен құрылыстардың дұрыс

пайдаланылуын, оларға жөндеу жұмыстарының жүргізілуін, жиһаздармен, керек-жарақ құралдармен қамтамасыз етуді жүргізеді. Мұндай жұмыстарды жүргізу үшін шаруашылық бөлімінің штатында түрлі саладағы мамандар болады.

Кадрлар тобы бақылаушы және еркін жалдамалы қызметкерлерді таңдау мен оларды жұмысқа қабылдауды жүзеге асырады және ол бірнеше инспекторлардан тұрады. Алдын ала қамауға алу туралы Ереженің 4-бабы алдын ала қамауға алу орындарының тізімін береді. Осы Ереже де, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі де алдын ала қамауға алудың ең негізгі орны тергеу оқшаулағышы деп атайды, алайда кейбір жағдайларда бұлтартпау шаралары түріндегі тұтқындауға түскен адамдар түрмеде, уақытша ұстау оқшаулағышында, гауптвахтада ұсталуы мүмкін.

Ереженің аталған бабының 4-бөлігімен жеклеген жағдайларда бас бостандығынан айыру орнында жазасын өтеп жүрген адам мен басқа қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тартылған бұлтартпау шарасы ретінде тұтқындау таңдалаған адамдар түзеу колониясының айыптық оқшаулағышы мен тәрбиелеу колониясының тәртіптік оқшаулағышында ұсталуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда түрмелер де жақын жерде сотталғандарға арналған тергеу оқшаулағышы болмаған кезде бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алынған адамға, сондай-ақ шаруашылық жұмыстарын атқару үшін қалдырылған сотталғандардың қылмыстық жауапқа тартылған жағдайында бұлтартпау шарасы түрінде тұтқындау таңдалғанда тергеу оқшаулағышының қызметін атқарады.

Бұлтартпау шарасы түріндегі тұтқындалған уақытқа ұстау оқшаулағышындағы адамдар онда үш тәуліктен артық болмауы тиіс. Арасының алыстығынан немесе қатынас үшін тиісті жолы жоқ мүмкіндік болмаған жағдайда тұтқындалғандарды ұзағырақ мерзімде, бірақ 30 тәуліктен асырмай уақытша ұстау оқшаулағышында отырғызуға болады.

Қылмыс жасағаны үшін бұлтартпау шарасы түрінде тұтқындау таңдалған әскери қызметшілер гарнизондық гауптвахталарда немесе сотталғандарды отырғызуға арналған гауптвахталарда 20 тәуліктен артық емес уақытқа, ал қажет болған жағдайда тергеу мерзімі аяқталғанша ұстауға болады. Гауптвахталарды жабдықтау, оларда тұтқындалған әскери қызметшілерді қабылдау, орналастыру және ұстау тәртібі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері гарнизондық қарауыл қызметінің Жарғысымен, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тәртіптік жарғысымен және Алдын ала қамауға алу туралы ережелермен белгіленеді.

Сөйтіп, Алдын ала қамауға алу туралы ережелерінің 1-4 баптарын және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексін талдайтын болсақ, Алдын ала қамауға алу туралы ережелерінің 4-бабында көрсетілген жүйедегі тергеу оқшаулағыштары негізгі орын болып саналады да, ал қалғандары (түрмелер, уақытша ұстау оқшаулағышы, гауптвахталар) тек уақытша және белгілі бір жағдайда ғана тергеу оқшаулағышының қызметін атқарады.

Қамауда ұстау мерзімі Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексімен анықталады және ол қылмыстық іс жүргізу курсына оқып-үйрену

пәні болып табылады, сондықтан ол бұл тақырыпта қарастырылмайды. Қарастырылып отырған тақырыптың оқып-үйрену пәні алдын ала қамауға алу-ды орындаудың құқықтық реттелуі, яғни Алдын ала қамауға алу туралы ережелерінің мазмұны болып саналады.

7.2. Алдын ала қамауға алуды атқарудың құқықтық /егіздері, тәртібі және шарттары

Мемлекет өзінің құқық қолдану қызметінде бұлтартпау шараларын заңды және негізді түрде қолданылатындығына кепілдік беруге міндетті. Бұл прокурор мен соттардың бұлтартпау шараларын таңдау мен қолдануында тергеу органдарының шектен шығып кетпеуін көздейтін заңмен белгіленген шаралар тізімінің негізділігімен, шарттарымен және тәртібімен қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық іс жүргізу теориясы тұрғысынан алғанда бұлтартпау шараларын қолданудың негіздемелері жеткілікті негіздер – жалпы және арнайы негіздерді қарастыру болып табылады.

Бұлтартпау шараларын қолданудың жалпы негіздеріне адамды қылмыс жасады деп айыптауға (сезіктенуге) мүмкіндік беретін іс жүзіндегі нақты деректер, яғни қылмыстық іс-әрекеттің жасалу фактісі мен оны жасаған адамды дәлелдейтін дәлелдемелер жатады.

Бұлтартпау шараларын қолданудың арнайы негіздері айыпталушының төмендегі мына әрекеттерді жасайтындығын немесе жасағандығын дәлелдейтін жеткілікті нақты дәлелдер болып табылады:

- анықтаудан, алдын ала тергеуден, соттық талқылаудан немесе үкімді орындаудан жасырынады;
- қылмыстық іс бойынша шындықты ашуға бөгет жасайды;
- өзінің қылмыстық әрекеттерін жалғастырады (ҚР ҚІЖК 139-бабы).

Бұлтартпау шараларын қолдану туралы мәселелерді шешу барысында қылмыстық іс жүргізу заңнамасы қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауызымды адамдарға тек жоғарыда айтылған арнайы негіздерді ескеріп қана қоймай, айып тағудың ауыртпалығын, айыпталушының тұлғасын, оның жас шамасын, денсаулығын, отбасылық жағдайын, кәсібін, мүліктік жағдайын, тұрақты тұратын мекенінің бар-жоқтығын және басқа да мән-жайларды біліп алуды міндеттейді.

Қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын қолданудың құқықтық негіздері туралы айтқанда, олардың елеулі айырмашылықтарына назар аударған жөн. Жоғарыда бұлтартпау шараларын қолдану негіздері қарастырылды, дегенмен, бәрінен бұрын бізді қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын орындау рәсімдері қызықтыруы тиіс, өйткені бұл жерде мәселе бұлтартпау шараларын орындау төңірегінде көтерілмек.

Әкімшілік қамауға алу Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекспен қарастырылады және ол өте ерекше жағдайларда кейбір әкімшілік құқық бұзғанда 15 тәуліктік мерзімде, ал төтенше жағдайларда әкімшілік құқық

бұзғанда 30 тәуліктік мерзімде қолданылады. Осыған байланысты ол әкімшілік жазалардың ең бір қатаң түрі болып саналады.

Тәртіптік қамауға алу әскери қызметкерлердің әскери тәртіпті немесе қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайында қолданылады. Ол мерзімді немесе мерзімнен тыс қызмет ететін солдаттар мен матростарға, сержанттар мен старшиналарға 10 тәуліктік мерзімінде қолданылады. Әскери қызметші-әйелдерге, сондай-ақ полк командирлеріне, 1-рангалы кеме командирлеріне, құрама командирлеріне, командирлердің орынбасарларына, құрама штабының бастықтарына, полковник немесе 1-рангалы капитан сынды аға офицерлерге тәртіптік жаза ретінде гауптвахтаға қамау қолданылмайды.

Қамауға алу процессуальдық бұлтартпау шарасы түріндегі бұл жаза Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген жеткілікті негіздер болған жағдайда Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына қолданылады. Бұлтартпау шарасының бұл түрін қолдану үшін тергеушінің, анықтаушының бұлтартпау шарасын таңдау жөніндегі қаулысы негіз болады. Қаулыда айыпталушының қамауға алудың себептері мен негіздері көрсетілуі тиіс.

Бұлтартпау шарасы ретіндегі қамауға алуды таңдау туралы қаулы материалдар прокуратураға келіп түскен сәттен бастап 6 сағаттың ішінде прокурормен міндетті түрде қарастырылып, шешім шығарылуы тиіс. Бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаралаған қаулы мен қамауға алу негізі мазмұндалған материалдар міндетті түрде айыпталушыдан (сезіктіден) жауап алынғаннан кейін қамауға алу туралы рұқсат беру мәселесі шешіледі немесе рұқсат беруден бас тартылады. Мұндай прокурордың қамауға алуға рұқсаты немесе одан бас тарту жөніндегі белгі соғылған қаулы тергеушіге, анықтаушы жіберіліп және ол дереу атқарылуға жатады (ҚР ҚІЖК 150-бабы 6-бөлігі).

Егер қамауға алу түріндегі мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы мәселе соттық талқылау барысында пайда болған болса, онда сот тараптардың өтініші бойынша немесе өзінің бастамашылығымен шешім қабылдап, ол жөнінде қаулы шығарады. Сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде прокурордың өзі қатысқан жағдайда прокурордың санкциясы талап етілмейді.

Сөйтіп, қамауға алу түріндегі мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін негіз прокурор рұқсат берген қамауға алу түріндегі мәжбүрлеу шарасын таңдау туралы тергеушінің немесе анықтаушының хаттамасы немесе қамауға алу түріндегі мәжбүрлеу шарасын таңдау туралы соттың қаулы болып табылады.

Соттылыққа жатпайтын, жұмыстаны босатуға негіз болып саналмайтын және еңбек өтелімін (стаж) үзбейтін тәртіптік және әкімшілік қамауға қарағанда процессуальдық мәжбүрлеу шарасы ретіндегі қамауға алу (арест) қолданылған кезінен бастап азаматтың кінәлілігі туралы мәселені бұлтартпау шарасының бұл түрін жою немесе өзгерту жөнінде шешкенге дейінгі мәжбүрлеу түрімен көрінентін бас бостандығынан айыру болып саналады. Дегенмен, тергеу мерзімі айтарлықтай ұзақ болғандықтан (бір ай, екі ай, алты ай, бір жыл) мұндай жағдайда жұмыстан босату мен еңбек өтелімін үзілу де мүмкін.

Қамауға алу (арест) қылмыстық жаза мақсатында болмаған басқа жағдайда қылмыстық жаза шарасы саналмайды. Іс жүзінде қылмыстық жазаның бар-

лық түрі қатаң бір мақсат тұтады: атап айтқанда, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталған адамды және басқа адамды қылмыс жасаудан сақтандыру. Қамауға алу көмегімен сотқа дейінгі қылмыстық іске қатысуға, қылмыстық іс жүргізудің нәтижелі барысына кедергі келтірмеу үшін, айыпталушының анықтау жүргізуден тергеуден, соттан жасырынуын ескерту мен болдырмауға, қылмыстық іс бойынша шындықты ашуға, қылмыстық іс-әрекет жасаумен айналыспауға, сондай-ақ үкімнің орындалуын қамтамасыз етуге қолайлы жағдай жасалады.

Қамауға алу түріндегі мәжбүрлеу шарасын таңдау туралы қаулы дұрыс процессуальдық жолмен жасалуы тиіс. Қаулыда қамауға алынған адамның жасаған қылмысының түрі көрсетілмесе, қамауға алу түріндегі мәжбүрлеу шарасын таңдау үшін негіз келтірілмесе, қабылданған шешімнің себебі айтылмаса қаулы заңды деп саналмайды. Егер адамның аты-жөні және басқа да деректері дұрыс жазылмаса да қаулы заңсыз деп саналады. Қаулы, сонымен бірге, егер оған қамауға алу түріндегі мәжбүрлеу шарасын таңдау туралы қаулы қабылдаған адамның немесе органның қолы қойылып, белгісі соғылмаса, прокурормен рұқсат етілмесе, қабылданған қаулыда (анықтауда) шешім қабылдаған адамның дерегі, қаулының қабылданған күні көрсетілмесе де жарамсыз немесе заңсыз болып табылады. Егер қаулыда (анықтауда) көрсетілген кемшіліктер бар болатын болса (бір, екі, үш), онда ол тергеу оқшаулағышының атқаруына жатпайды. Қамауға алу туралы қаулының процессуальдық нысанын қатаң түрде сақтау орынсыз, жөн-жосықсыз қамауға алуды болдырмайды. Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алынған адамдарға қатысты Алдын ала қамауға алу ережесімен қамауға алудың шарттары мен тәртібі, яғни қамауға алу режимі белгіленген. Дәл осы режим істерді тергеудің нәтижелі болуы үшін және соттық қарау мүддесінен туындайтын оқшаулауды қарастырады. Осы санаттағы адамдарға арналған режим талаптары олардың тергеу оқшаулағыштарында қылмыстық іс жүргізу заңнамаларына сәйкес белгіленген мерзім ішінде ғана ұсталуын; арнайы орын – камераларда; қатаң тәртіп ережелерін белгілеуді; тергеу оқшаулағышымен қатысы жоқ мекемелер мен азаматтардың байланысын елеулі түрде шектелуін қажет етеді.

Қарағанды облысындағы тергеу оқшаулағыштарына бірнеше рет болған кезде айыптаушыларды, сотталушыларды, сотталғандар мен сезіктілерді алдын ала қамау жүйесінің бәрі де өте ауыр, дағдарыстық жағдайда екендігіне көз жеткізуге болады. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қамауға алынғандарды ұстау мәселесін жетілдіруге шара қолдануға ұмтылғанымен дағдарыс жағдайы ұзақ уақыттан бері тапжылмаған күйінде. Қамаудағылар мен тергеу оқшаулағыштары қызметкерлерінің арасындағы шиеленісті жағдайдың арты өрши түсіп, кейде кепілдікке адам алу, түрмеден қашу сияқты әрекеттерге ұласып жатады. Тергеу оқшаулағыштары қылмысты қайталаушыларға, есірткі бизнесі өкілдеріне, түрлі нысандағы ұйымдасқан қылмыстық топтарға, құрт ауруларымен ауыратындарға, нашақорлар мен маскүнемдерге лық толған.

Мұндай дағдарыстық жағдайдың бой алуы алдын ала қамауға алынатын жүйелердің халықаралық стандартқа жауап бере алмайтындығы себебінен болып отыр. Әлі күнге дейін құқық қорғау органдары қамалғандарды ұстау саясатын кінәсіздік презумпциясы, гуманизм, әлеуметтік әділеттілік сияқты конституциялық қағидалардан алшақтата жүргізуде, оның үсіне ұсталғандарды қорқыту, мәжбүрлеу, азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін аяқасты етуде. Мақсатқа ғана қайшы емес, тіпті ойға келмейтін сорақылықтар бой алып, бүлікті бұрқ ете түсіретіндей жаппай тәртіпсіздік етек жайған. Қамалғандардың телефонмен сөйлесу, телехабарлар көру, кітап-журнал-газет оқу, өз ақшасын жұмсап пайдалану, таза төсек-орынмен қамтамсыз етілу сияқты құқықтарының шектелуінде шек жоқ. Мұндай келеңсіз жағдайлардың болуы тергеу оқшаулағыштарының тозығы жетіп, күзет қондырғыларының іске жарамсыз болып қалуы, кәсіби ортаның нашарлауы, осының бәрі осы саладағы білікті де білімді мамандардың жетіспеушілігінен деп айтуға болады.

Тергеу оқшаулағыштарының қызметіне қамауға алынғандарды ұстау режимінің, олардың тіршілігінің, денсаулықтарының сақталуы, тамақтандырылуы және басқа да мәселелері жергілікті және сонымен бірге орталық мемлекет органдарының назарларынан тыс, көздерінен таса болып жатқан ведомстволық тұйықтылық та айтарлықтай теріс әсер етеді. «Бүгінгі күні біз ет, май, қант және басқа да тамақ өнімдерінің жарты нормасын ғана беруге мәжбүр болып отырмыз. Дәрі-дәрмектік препараттар мен тамақ өнімдерінің жетіспеушілігінен құрт ауруларынан емдеудің де халі мүшкіл. Түзеу колониялары мен тергеу оқшаулағыштарында мүліктік жабдықтарды, күртелер, шәпкелер, шалбарлар, көрпелер, құстөсектер, ақжаймалар және басқа заттарды алуға қаржы жоқ»¹⁴. Бұл сөздер осыдан бірнеше жыл бұрын Қарағанды облыстық ішкі істер Бас басқармасы бастығының аузымен айтылған еді. «Әлі де сотталғандардың құр аурумен науқастануы жалғасу үстінде. Өткен жылы бас бостандығынан айыру орындарында осы науқастан 1413 адам қайтыс болды, бұл жалпы қайтыс болғандардың 75% құрайды. Өткен жылы сонымен бірге СПИД ауруымен ауырғандар саны өсіп, ол 1020-ге жетті»¹⁵. 1998 жылы «Юридическая газета» деп аталатын баспасөз құралының мәліметтері бойынша түзеу мекемелеріндегі 60 мың сотталғандар мен тергеу оқшаулағыштарына қамалған 15 мың адамның 13539-8-і құрт ауруына шалдығып, 1998 жылдың 8 айы ішінде 962 адам осы аураудан қайтыс болған. Бас бостандығынан айыру орындарындағы медициналық мақсатқа жұмсауға талап етілген 2 миллиард теңгенің 1997 жылы 53 миллионы ғана алынып жұмсалған, ал 1998 жылы жоспарланған 2,8 миллиард теңгенің 160 миилионы ғана игерілді¹⁶.

Сезіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды алдын ала қамауға алу жүйесіндегі дағдарыс осы жүйені түбірімен қайтадан құруды талап етеді. Тергеу оқшаулағыштарына реформа жүргізу қамауда ұстау режимін, орнала-

¹⁴ // Индустриальная Караганда. 1995. 12-қаңтар.

¹⁵ // Сақшы – На страже. 1998. 29-қаңтар.

¹⁶ // Юридическая газета. 1998. 30-қыркүйек.

стыру жағдайларын, тамақтандыруды ұйымдастыру қамауға алынғандарға өркениетті елдердегідей сотталғандарға денсаулығын сақтауға, ойдағыдай тіршілік етуі мен құқықтық қорғалатындығына кепілдік берілетіндей халықаралық стандартқа сай коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетуге жақындастырыла түсуі керек.

Алдын ала қамауға алу тәртібінің ең маңызды кезеңі қамауға алынатындарды қабылдау мен орналастыру болып табылады. Режим талаптарын жүзеге асыру мен сотталған адамдардың санасы мен психологиясына белсенді түрде тәрбиелік ықпал ете бастау қабылдау сәтінен басталады.

Тергеу оқшаулағышына қабылдау мен бұлтартпау шараларын атқару үшін тергеушінің немесе анықтау жүргізген адамдардың қаулы түріндегі прокурордың рұқсат берген шешімі; анықтау немесе айыптау үкімі түріндегі соттың шешімі негіз болады. Осы айтылған құжаттардың бәрі де лауазымды адамдармен қол қойылған және тиісті мекеменің елтаңбалы мөрімен расталған болуы керек.

Басқа жаққа апарылатын сотталғандарды уақытша орналастыруға қабылдау жеке іс-қағаздары мен жөнеуші тізім негіз болады.

Екі жасқа дейінгі балалары бар әйелдердің қолдарында баласының тууы туралы куәлігі мен бала осы әйелдікі екенін растайтын құжаттары болуы керек.

Тергеу оқшаулағышына жеткізілген адамдардың өздері жеке тінтуден, ал олардың жеке заттары қараудан өткізіледі. Бұл камераларға бас бостандығынан айыру орындарында ұстауға тыйым салынған немесе қылмыстық іс бойынша тергеуге кедергі келтіретін, не қашу мен өзге де қылмыстық әрекеттер жасауға мінкіндік беретін заттар мен мүліктері алып өтпеуі мақсатында жүзеге асырылады.

Тергеу оқшаулағышына қабылданатын адамдар арнайы дәрігерлік тексерістен және санитарлық өңдеуден өткізіледі. Оларды камераларға бөліп орналастыру жедел бөлімі бастығының келісімімен, ал кәмелетке толмағандарды тәрбие бөлімінің келісімімен жүзеге асырылады.

Күзетілетін қамауға алынғандарды камераларға орналастыру мынадай талаптарды сақтаумен жүзеге асырылады: бұрын бас бостандығынан айыру орындарында болып шыққандар – ондай жерде болмағандардан; ауыр қылмыс жасады деп айыпталушы немесе сезікті адам – қамаудағы басқалардан; аса қауіпті қылмысты қайталап жасаушылар – басқалардан; сотталғандар сот анықтаған түзеу колониясының режиміне сәйкес – бір-бірінен; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар – Қазақстан Республикасы азаматтарынан; өлім жазасына кесілгендер бір-бірінен және басқа да санаттағы сотталғандардан; бір қылмыстық іс бойынша сезікті немесе айыпты деп саналатындар, егер істі жүргізуші адамның нұсқауы болған жағдайда бір-бірінен бөлек ұсталады.

Осы аталған бір-бірінен бөлек ұсталатын адамдардан басқа: әйелдер – еркектерден, кәмелетке толмағандар – ересектерден; өзімен бірге баласы бар әйелдер мен бес айдан артық мерзімдегі жүкті әйелдер – басқа әйелдерден; ішкі істер; ұлттық қауіпсіздік, прокуратура, сот органдары мен әділет министрлігінің бұрынғы қызметкерлері – сотталғандардан; тергеу оқшаулағышы-

ндағы шаруашылық жұмыстары үшін қалдырылған сотталғандар – басқа сотталғандардан бөлек камераларда, ал басқа жаққа апара жатқан сотталғандар мүмкіндігінше мүлдем бөлек ғимараттарда ұсталуы тиіс.

Сонымен бірге, заңмен белгіленген оқшаулау тәртібі тергеу оқшаулағышы ішіндегі бас бостандығынан айырылғандардың барлық жүріс-тұрысы (оқшаулағыш аумағы мен дәлізде жүріп-тұру, сейілдеуге шығарғанда, санитарлық тазалау, еңбек ету, тәрбиелеу және режимдік шараларды ұйымдастырғанда) қатаң сақталуы тиіс.

Алдын ала қамауға алу орнындағы адамның құқықтық жағдайы Ереженің 6-бабымен анықталады, онда алдын ала қамауға алу орнында ұстаудағы адам Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген міндеттер мен құқықтарға, Алдын ала қамауға алу туралы Ережелер мен қамауда ұстау режимдеріне сәйкес шектеулерге ие болады.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамның құқықтық жағдайы осы азаматтардың Қазақстан Республикасы аумағында болу кезіндегі Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген міндеттер мен құқықтарға, Алдын ала қамауға алу туралы Ережелер мен қамауда ұстау режиміндегі шектеулерге сәйкес анықталады.

Қамауға алынғандар мыналарға міндетті: белгіленген тәртіпті қатаң сақтау мен әкімшіліктің талаптарын бұлжытпай орындау; өзін өзі күтіп, киініп, камералардағы тазалықты сақтау; таңертең тұрғанда төсегін жақсылап жинау; тергеу оқшаулығышының дәлісінде жүргенде қолын артына ұстап жүру; оқшаулағыш қызметкерлерімен және өзара сыпайы сөйлесу; басқару құрамы есігінің алдында сапқа тұру; тергеу оқшаулағышының қызметкерлерімен сөйлескенде «азамат бастық», «азамат майор», «азамат пропорщик» деп сөйлесу керек.

Оларға мыналар тыйым салынады: тергеу оқшаулағышының қызметкерлерімен салғыласып, сөз алмастыруға; көрші камералармен қабырғаны тықылдатып, қағаз жазысып және айқайласып сөйлесуге; камера терезелеріне сыртқа заттар тастауға; қабырғаларға жазу жазып, шимайлауға; камераның есігіндегі тесікке тым жақын келуге немесе оны жабуға; ақша мен құнды заттар ұстауға; спирттік ішімдік пен есірткі қолдануға; карта немесе басқа да құмар ойындар ойнауға; денесіне инемен піскілер жазу жазып, сурет салуға, оқшаулағыш дәлізімен өткенде темекі шегуге. Сонымен бірге оларға қамауда отырған біреудің жеке заттарын өзінің немесе басқаның пайдасы үшін сатуға, сыйға тартуға, айырбастауға немесе иемденуге тыйым салынады.

Алдын ала қамауға алу орнындағы режимнің негізгі талаптары мыналар болып саналады: бас бостандығынан айырылған адамдарды оқшаулап ұстау мен күзету, олардың үстінен ұдайы қадағалау мен бөлек ұстау.

Қадағалау қамауда ұстаудың белгіленген режимін қамтамасыз етуге бағытталған тергеу оқшаулығышы қызметкерлерінің тағайындалған кезекшілерінің сотталғандардың орналасқан және жұмыс істейтін орындарындағы тәртібін үстінен қара мен бақылау жүйесін білдіреді. Қадағалауға мыналар кіреді:

- тұрғын камералардағы, крцерлерлегі, өндірістік объектілердегі және айдау кезіндегі тәртіпті ұдайы қадағалап отыру;
- камералардағы адамдарды түгендеп, тексеру;
- айдауылсыз жүріп тұру құқығына ие болған сотталғандардың (тергеу оқшаулағышындағы шарауашылық жұмыстарын атқару үшін қалдырылғандардың) тәртібін бақылау;
- қамаудан қашу, бағынбаушылық, бұзақылық әрекеттер мен қамауда ұстау режимін бұзудың алдын алу және болдырмау;
- камералардың жабдықталуы мен қамаудан қашуға ыңғайлы-ау деген жерлердің жай-күйін тексеру;
- тергеу оқшаулағышында ұстауға болмайтын заттарды тауып алу мен алу мақсатында қамауға алынғандар мен сотталғандарды тінту;
- көлікке мінгізу мен түсіруді қадағалап, бақылап жіберу пунктіне дейін шығарып салу;
- туған-туысқандарымен және өзге де адамдармен кездесуін өткізу;
- сотталғандардың белгіленген үлгідегі, кеудеге және жеңге тағылған таңбалы белгілері киім киіп жүру тәртібін сақтауды қамтамасыз ету;
- сотталғандармен бірге жұмыс істейтін адамдардың олармен өзара белгіленген қарам-қатынасының сақталуын қадағалай, сондай-ақ кіріп-шығарда және басқа да жағдайларда қылмыстық-атқару заңымен белгіленген тәртіп бойынша жеке заттарын қарап тексеру.

Алдын ала қамауға алу туралы Ережелерімен және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексімен белгіленген режим талаптарын мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін тергеу оқшаулағышының қызметіне сенімді кепілдік болатын шаралар жүйесі қажет. Қамауда ұстау режимін қамтамасыз етудің ондай шаралары мыналар болып табылады:

- қылмыстық жазаны және алдын ала қамауға алуды жүзеге асыратын орындары орналасқан мекемелер мен органдарға қатысты атқару органдары бақылау жасап отырады;
- соттық бақылау;
- ведомстволық бақылау;
- прокурорлық қадағалау.

Сонымен бірге қамауда ұстау режимін қамтамасыз етудің құралдары (шаралары) мыналар болып табылады:

- қамаудағыларды күзету және ұдайы бақылау;
- жазалау шаралары;
- қауіпсіздік шаралары;
- қамауға алынғандарды бөлек ұстау;
- қамаудағылардың өздеріне жүктелген міндеттерін нақты және бұлжытпай орындауы;
- қару қолдану.

Режимді қамтамасыз ету қамауға алынған адамдардан белгіленген ережелер бойынша тәртіпті сақтауды қалайды. Алдын ала қамауға алу туралы Ереже режимді бұзушыларға қатысты қолданылатын жазалау мен қауіпсіздік шараларын режимді қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырады. Осы Ере-

женің 15-бабы қамауға алынған адамдарға қолданылатын жазалау шараларын тізіп көрсетеді. Ондай жазалау шаралары мыналар болып саналады:

- ескерту немесе сөгіс жариялау;
- тұрғын орын ішін жинауға кезектен тыс кезекшілікке қою;
- бір ай бойы тамақ өнімдерін сатып алу және кезекті посылка немесе сәлемдеме алу құқығынан айыру.

Режим талаптарын әдейі бұзушы қамауға алынған адамдар алдын ала қамауға алу орны бастығының дәлелденген қаулысы бойынша 10 тәулік мерзімге карцерге қамалады, ал кәмелетке толмағандар 5 тәулікке қамалатын болса, жүкті әйелдер мен өзімен бірге баласы бар әйелдер карцерге қамауға алынбайды. Жазалау шарасын қолдану жасаған қылықтарының ауырлығы мен сипатына сай болуы керек. Қамауғағы адамдарға дене азабын шектіру мен қадір-қасиетін қорлау мақсатында жазалау шараларын қолдануға жол берілмейді.

Жазалаудың өзінің мәні кінәлінің қылығына теріс баға беріп сынаумен бірге оны өзінің осы сынды көтере білуінде. Жасаған қылығы үшін жазалау ретіндегі шара қолдану әділетті болғанда ғана тәрбиелік мәнге ие болады. Қолданылғын жазалау шарасының әділеттілігі жасалған қылыққа сай келуімен бағаланады. Жазалау мәжбүрлеу шарасын көрсетеді, егер ол заң қағидалары бұзу жолымен қолданылса, сондай-ақ педагогика талаптарына керек келетін болса, онда ол қылмыстық жаза мақсатына қызмет етпейді және кері әсер етуі мүмкін. «Ақылмен ойластырылған жазалау жүйесі, – деп жазады А. С. Макаренко, – ол заңды ғана емес, ол қажет те. Ол мықты адамгершілік қасиет қалыптастырады, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейді, адамның еркін шыңдап, қадір-қасиетін өсіреді, әсіреқызылдыққа салынбай, оны жеңе білуге үйретеді»¹⁷.

Алдын ала қамауға алу орындарындағы мәжбүрлеу шарасы ретіндегі жазалау басқа да әдістермен, әсіресе сенімге тарту әдісімен үйлестіріле қолданылуы тиіс.

Заңмен белгіленген жазалау тергеу оқшаулағыштарындағы қалмалғандарға оның бастығымен немесе оны орынбасарымен, сондай-ақ тергеу оқшаулағышының немесе алдын ала қамауға алу орнының үстінен қарайтын жоғары лауазымды адамдармен қолданылады. Жазаламас бұрын кінәліден жасаған қылығына байланысты түсініктеме жаздырып алынады.

Тағайындалған жазалау шарасы міндетті түрде жүзеге асырылуы тиіс. Ауызша хабарланғаннан басқа жазалау мен көтермелеу шаралары камералық кәртішкеге енгізіліп және қамауға алынған адамдардың жазалау мен көтермелеу шаралары кітабына тіркеледі.

¹⁷ Макаренко А. С. Шығармалары. Т. 5. 399-бет.

7.3. Алдын ала қамауға алу орнынан босату негіздемелері мен тәртібі

Өзінің құқықтық табиғатына қарай алдын ала қамауға алу атқарылуы қылмыстық іс бойынша анықтау, алдын ала тергеу мен соттық талқылауды қамтамасыз ететін міндеттерге бағынышты процессуальдық сипаттағы шара болып саналады. Барлық іс жүргізулік әрекеттер соттың шығарған және заңды күшіне енген айыптау үкімін орындауға әкеп саяды. Бұған дейінгі сәттерде, яғни үкім заңды күшіне енгенге дейін бұлтартпау шаралары қамауға алу түрінде қолданылады.

Тәжірибе көрсеткеніндей, тергеу немесе соттық талқылау барысында мәнжайлар өзгеріп, қамалғанды қамаудан босатуды қажет ететін оқиғалар болып қалуы мүмкін. Бұл көбінесе қамауда ұстаудың мүлдем қажеттігі жоқ, сондай-ақ ол мейілінше жеңілірек түрге ауыстырылғанда болуы мүмкін. Алдын ала қамауға алу туралы Ереженің 18-бабы қамаудан босатудың мынадай себептерін атап көрсетеді:

- а) қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қысқарту;
- б) қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын жеңілірек шараға ауыстыру;
- в) бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алудың заңмен (ҚР ҚІЖК 196-бабы) белгіленген мерзімі егер ол заң тәртібімен ұзартылмай, өтуіне байланысты.

Қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қысқарту сот ақтау үкімін шығарған кезде және қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына сәйкес, сотталушыны ақтау немесе оны жазаға тарту бас бостандығынан айыруға байланысты болмаған жағдайда жүзеге асырылады, мұндай сотталушы адам қамауда ұсталып отырған жағдайда ол дереу тура сот мәжілісі залында босатылады.

Бұлтартпау шарасын өзгерту алдын ала тергеу кезінде немесе айыптау үкімін шығару кезінде де болуы мүмкін.

Осы аталған жағдайлардың кез келгенінде алдын ала қамауға алу орнының бастығы қамаудағы адамды тек қана тиісті құжаттар бойынша шығаруға құқылы. Мұндай құжаттар қатарына анықтау жүргізген адамның, тергеушінің, прокурордың қаулылары, соттың үкімі немесе анықтауы жатады. Алдын ала қамауға алу орнының бастығы өз бетінше емес, міне осындай құжаттар болғанда ғана қамаудағы адамды босата алады. Сонымен бірге ол қамаудағы адамның мерзімі аяқталғанға дейінгі жеті тәуліктің ішінде жазбаша немесе ауызша түрде (телефонограммамен) іс жүргізуді қолына алған адамды немесе органды, қамауға алу орнындағы заңдылықтың сақталуын қадағалаушы прокурорды біліп алуы тиіс. Егер қамауда ұстау мерзімінің өтіп бара жатқанын ескеруді нәтиже бермеген болса, алдын ала қамау орнының бастығы осы орындағы заңдылықтың сақталуын қадағалайтын прокурорға хабарлайды да және соның қаулысы бойынша қамаудағы адамды босатады.

Қамаудан босату туралы құжат мұқият тексеруден өткізілгеннен кейін, ол қамаудағы адамға көрсетіліп, оның қолын қойғызып алынады. Қамаудағы адам босатылған жағдайда үйіне жете алатындай жолақымен қамтамасыз етіледі. Қажет болған жағдайда оған ақшалай жәрдем мен киім де беріледі. Бо-

сатылған адамның қолына оның босатылғандығы жөнінде анықтама қағаз беріледі, оның қамау алдында алынып қойылған заттары, құндылықтары мен құжаттары қайтарылып беріледі.

Сот залынан қамадан босату кезінде төрағалық етуші күзетпен айдау тапсырысына тиісті жазу жазып, оны мөрмен және өзінің қолымен растайды. Босатылған адам тергеу оқшаулағышына өзі келіп, міндетті түрде өзін босату туралы құжаттардың жасалуына және өзінің қамау алдына сақтауға тапсырған заттары, құндылықтары мен құжаттарын алуға араласуы тиіс.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 11-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеуші сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру нұсқауы туралы» №147 бұйрығы.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 11-желтоқсандағы «Түзеу мекемелері ішкі тәртібінің Ережелерін қолданысқа бекіту туралы» №148 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 11-желтоқсандағы «Жазасын өтеуші адамдарды қадағалау мен күзетуді ұйымдастыру нұсқауын бекіту туралы» №154 бұйрығы.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы.

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.

7. Положение о предварительном заключении под стражу // Ведомости Верховного Совета СССР. – 1969. – № 29.

8. Комментарий к Положению о предварительном заключении под стражу / Под ред. профессора С. В. Бородин. – М., 1979.

9. **Булатов Б. Б., Горбцов В. И., Шутков Ю. И.** Правовое регулирование исполнения предварительного заключения под стражу. – Омск, 1985.

10. Уголовно-исполнительное право Республики Казахстан. – Алматы, 1997.

11. Уголовно-исполнительное право. – М., 1996.

12. Уголовно-исполнительное право России. – М., 1997.

13. Учебник уголовного процесса. – М., 1995.

14. **Маслихин А. В.** Следственный изолятор как место предварительного заключения под стражу. – Рязань, 1976.

15. **Евграфов А. П., Данышина Л. И., Малиновкин С. М.** Правовое положение лиц, содержащихся под стражей в порядке применения мер пресечения: Библиотека работника ИТУ. – М., 1981.

8. ТҮЗЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.

8.1. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару құқықтық реттеу (мәні, мақсаты, тиімділігі)

Қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығы ғылымында түзеу жұмыстарының мәнін тыңғылықты және жан-жақты қарастыратын әдебиеттер мен монографиялық зерттеулер жоқ деуге болады. Түзеу жұмыстары қылмыстық жаза ретінде кеңестік мемлекеттің алғашқы заң актілерінде қарастырылғаны белгілі. Уақыт өткен сайын олардың аталуы (міндетті, қоғамдық, мәжбүрлеу, еңбекпен түзеу, түзеу) біресе өзгеріп, біресе жойылып, біресе жаңаша құқықтық шектеулер пайда болып сан құбылды, бірақ осы жазаның негізгі деген сипаты сол қалпында қалды. Көптеген зерттеушілер түзеу жұмыстарын қылмыстық жаза деп пайымдады. Соның кейбіреуіне тоқтала кетейік.

«Түзеу жұмыстарының мәні сотталған адам бұрынғы жұмыс істейтін орнынан, тұратын жерінен аластатылып, қоғамнан оқшауландырылмай-ақ еңбекпен түзеу ықпалына түседі»¹⁸. Түзеу жұмыстары – бұл сотталған адамның тапқан табысының белгілі бір бөлігін ұстапқалу арқылы еңбекке тарту арқылы жүзеге асырылатын жазаның жедел етілген түрі»¹⁹.

«Түзеу жұмыстары – бұл сотталған адамды қоғамнан аластатпай-ақ, оқшауламай-ақ жүзеге асырылатын жазалау мен тәрбиелеу элементтерінің бірлігі, жазалаудың, режимнің еңбекпен түзеу мен идеялық-саяси ықпал етудің жиынтығы»²⁰.

«Түзеу жұмыстары... – бұл... сотталушының өзі тұратын жерінде, міндетті түрде еңбекке қатыстырылуымен, тәрбиелеу жұмыстарын жүргізумен байланысқан, тапқан табысының белгілі... бір бөлігін ұстап қалумен және құқықтарын қайсыбір шектеулермен..., сондай-ақ үстінен ұдайы қадағалап отырумен жүзеге асырылатын жазаның түрі»²¹.

«Түзеу жұмыстарына тән белгісі сотталушыға еңбектің ықпалымен тәрбие беру болып табылады. Мұндай жазамен сотталған адам, оны өтеуге қатысты белгілі бір шектеулерге (еңбек ақысынан ұстап қалу және тағы басқалар) тап болады. Осы айтылған екі ерекшеліктердің жиынтығының өзі-ақ қарастырып отырған жаза түрінің мәні мен міндеттерін анықтап береді»²².

«... жаза түріндегі түзеу жұмыстары сотталушының еңбек ақысының белгілі бір бөлігін ұстап қалуды және оның мүліктік және еңбек құқықтарына

¹⁸ Советское уголовное право. Общая часть. – М., 1969. 281-бет

¹⁹ Курс советского уголовного права. Общая часть. – Л., 1970. Т.2. 281-бет.

²⁰ **Баунов А. П.** Вопросы теории и практики исправительных работ без лишения свободы в советском праве: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – М., 1966. 9-бет.

²¹ **Гуськов В. И.** Назначение и исполнение исправительных работ как мера уголовного наказания: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – М., 1966. 9-бет.

²² **З. Бушув И. А.** Исправительные работы. – М., 1968. 26-бет.

еңбекке міндетті түрде қатысуымен..., оның өзі тұратын жерінде бақылауда болуымен байланысқан шектеулер қоюды және тәрбие жұмыстарын жүргізуді қарастырады»²³.

Осы айтылған анықтамаларды қорытындылай келе, бұл жаза түрінің ең маңызды деген төмендігедей белгілерін атап аламыз:

1. түзеу жұмыстарына сотталған адамның еңбек ету міндеттілігі;
2. жазасын өтеп жүрген кезінде сотталған адаммен міндетті түрде тәрбие жұмыстарын жүргізу;
3. түзеу жұмыстарын өтеу сотталған адамның белгілі бір мүліктік құқығынан айырумен байланысты болуы тиіс (мемлекет пайдасына табысынан ұстап отыру);
4. сотталғандардың түзеу жұмыстарын негізгі жұмыс орнында өтеуі.

Түзеу жұмыстарының құқықтық мәртебесі оның өзінің мағынасынан-ақ көрініп тұр, яғни сотталған адам ерекше бір түзеу жұмыстарын атқаруы тиіс. Сонымен бірге, сотталғандар жұмыс істеп, оған төленетін ақының белгілі бір бөлегі мемлекет пайдасына ұсталып отырады. Егер мемлекет пайдасына сотталған адамның табысының белгілі бір бөлегі аударылмай, түспей жатқан болса, онда жазаның өтелу мерзімі жүріп жатыр деп санауға болмайды, сондықтан сотталушы еңбек етуге мәжбүр болады. Сотталушының еңбек ету міндеттілігі жазаның ерекшелігіне тән және ол мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылады.

Еңбек ету қажеттігінен туындайтын осы жазаның ерекшеліктерін ескере келіп, кез келген еңбек қылмыстық жаза мақсатына, яғни сотталған адамды түзеуге қызмет етеді. «Еңбек қайта тәрбиелеуі және түзеуі үшін, – деп жазады И. А. Бушуев – сотталған адам өзінің сол еңбегінің бір жағынан қоғам үшін, екінші жағынан өзі үшін пайдалы екендігін түсініп, сезіне білуі керек. Қоғамға пайдалы еңбек қана бұрынғы қылмыскерді жөнге салуды берік құралы бола алады»²⁴.

Осы бір мән-жайларды ескере отырып, заң шығарушы жазаның мұндай түзеу жұмыстары сияқты түрінің болуын негізге ала отырып, тек қана өзінің жұмыс істейтін орнында еңбек ету міндетін жүзеге асыру қоғамға және сотталушыға пайда әкеледі.

Түзеу жұмыстарының мәні еңбек етуге мәжбүрлеу сипаты, сотталған адамның тапқан табысының бір бөлігін мемлекет пайдасына ұстап қалу және жазаның осы түрін атқару кезіндегі кейбір құқықтық шектеулердің қолданылуы болып табылады. Түзеу жұмыстары белгілі бір мерзімге тағайындалады (екі айдан екі жылға дейін), ал үкім заңды күшіне еніп, қылмыстық-атқару инспекциясына соттың тиісті өкімінің көшірмесі түскен күннен бастап он бес күннен кешіктірілмей атқаруға алынады. Заңның осындай ережелеріне байланысты түзеу жұмыстарына сотталған адам өзінің тұрғылықты жеріндегі қылмыстық-атқару инспекциясына есепке тұруы тиіс.

²³ Михлин А. С., Гуськов В. И., Киримова И. А. и др. Көрсетілген еңбек. 97-бет.

²⁴ Бушуев И. А. Көрсетілген еңбек. 25-бет

Түзеу жұмыстарын тікелей өзінің еңбек етуінсіз өтеу мүмкін емес. Міне, сондықтан мұндай жазаны өтеуге тек жұмысқа жарамды адамдар ғана жіберіледі. Бұл дегеніміз еңбек түзеу жұмыстары институтының құрылымында материалдық негіз ғана болып қоймай, сотталған адамға тәрбиелік ықпал ететін негізгі құрал болып саналады.

Түзеу жұмыстары еңбекке жарамсыз деп танылған, тұрақты жұмыс орны жоқ немесе өндірістен қол үзбей жоғары оқу орындарында оқитын адамдарға тағайындалмайды. Мұндай жағдайда сотталған адамды қоғамдық пайдалы еңбекке тарту қылмыстық жазаның мақсатқа жетуінің құралы болып саналатынын ескеретін болсақ, жұмыс істеуден бас тарту сотталған адамның құқықтық жағдайын нашарлата түседі де осы жерде құқық қорғау органдары тарапынан белгілі бір санкция қолдануға тура келеді. Сотталған адам еңбегінің және еңбекке мәжбүрлеп тартудың **бірінші** айырықша ерекшелігі осымен көрінеді. Ол тек амалыздықты ғана емес, оның еңбегінің мәжбүрлі сипатын да анықтайды. «Түзеу жұмыстары» деген жазаның өзі оны өтеу кезінде сотталған адамның белгілі бір жұмыс түрін сапалы орындауын талап етуді, өзінің объективті қабілетіне қарай еңбектің адамды түзетуде шешуші рөл атқаратынын білдіреді. Сотталған адам еңбегінің **екінші** өзіне тән ерекшелігі осында. Дәл осыған байланысты сотталған адам осы жаза түрін атқарушы органның келісімінсіз өзі қалаған, таңдаған жерінде жұмыс істей алмайды.

Кез келген жаза түрлері сияқты қылмыстық жазаның да белгілі бір мақсаты болады, өзіндік мәжбүрлеу шарасы бар және ол сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарынан айырады немесе шектейді. Ол белгілі бір дәрежеде ақылға сыйымды, істеген әрекетіне қарай лайықты, тән азабын шектіруді және сотталған адамның қадір-қасиетін қорлауді мақсат етпеуі тиіс, сондықтан ол жазаны атқарушының ойлағанындай емес, заңға негізделген болуы керек.

Жағдайды ескере отырып қылмыстық заңның 38-бабы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамның еңбекке адал қарау, заңды бұлжытпай орындау, адамзат қоғамының тәртібі мен ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеуді мақсат етеді. Жаза сонымен бірге сотталған адамның, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандырудың құралы болып табылады.

Міне, өзінің «жұмсақтығына» қарамастан түзеу жұмыстары да қылмыстық жаза ретінде жоғарыда айтылған мақсаттарды алға қояды.

Сотталғандарға жаза қолдана отырып, мемлекет жалпы қоғамға және жәбірленушілерге қатысты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіреді. Ол айып салу, мүліктерді тәркілеу, түзеу жұмыстарын және басқа да жаза түрлерін атқару арқылы мемлекетке және адамға келтірілген шығынның орнын біршама толтыруға ықпал етеді. Жәбірленушіге қатысты әлеуметтік әділеттілік оның құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғау, келтірілген зиянның орнын толтыру, оның тартқан азабына сай кінәліні жазаға тарту сияқты жолдармен қалпына келтіріледі.

Жасаған қылмыс үшін кінәләге жаза қолдану одан өш, кек алу болып саналмайды. Аяғын жаңылыс басқан адамның белгілі бір жағдайда қылмыс

жасағаны үшін жазасын алып, оны өтеп, қоғамдағы тіршілілін одан әрі жалғастыратынын мемлекет түсіне біледі. Ең бастысы, оның жазасын өтеп қана қоймай, өмірге қатысты жақсы жақтарына қарай бет бұрып, түзеудің мақсатына қарай дұрыс жолға түскені қажет. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 7-бабы сотталғандарды түзеу – оның бойында құқық ұстанушылық мінез-құлықты, жеке адамға, қоғамға, еңбекке, адамзат қоғамының нормаларына, ережелері мен дәстүрлеріне оң көзқарастарды қалыптастыру деп қастарады. Сотталған адамның түзелуі деп оның бойындағы қоғамға жат пиғылдарының арылуы, көзқарасының, дағдыларының, сенімінің жақсы жағынан қалыптасып, жаңа қылмыстар жасауға итермелейтін мінез-құлықтан арылуы танылады. Жазасын өтеп шыққан адамның жаңа қылмыстар жасауын ескерту сол адамның ендігі жасаған үшін одан да гөрі қатаңырақ жазаланатымен және тағыда моральдық және материалдық тұрғыдан зардап шегетіндігімен түсіндіріледі.

Ал басқа да адамдардың қылмыс жасауын заңның ескертуі кім қылмыс жасамаса оған жаза қолданбайтындығымен, қылмыс жасаған жағдайда жазаланбай қалмайтындығымен көрінеді.

Түзеу жұмыстары – жазаның жиі қолданылатын түрлерінің бірі. Осыған байланысты, осы жазаның тиімділігі қандай деген сұрақ туындауы мүмкін. Шындығына келгенде, түзеу жұмыстарының тиімділігі туралы айтатын болсақ, сотталып шыққандардың енді қайталап қылмыс жасамайтындығына сүйенеміз. Сонымен бірге түзеу жұмыстары жазасының тиімділігі сотталған адамның жазасын өтеп жүрген кездегі және жазасын өтеп шыққаннан кейінгі мінез-құлқымен бағаланады.

Түзеу жұмыстарының тиімділігін мына бір мәліметтермен көрсетуге болады. 2002 жылы Қазақстандағы түзеу жұмыстарына сотталған 1000 адамның жазасын өтеуі бас бостандығынан айыру орындарына ауыстырылыпты. Яғни, бұл көрсеткіш барлық сотталғандардың 1% көрсетеді.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазасын өтеп жүрген 600 адам жаза өтеудің шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін 600 сотталған адам бас бостандығынан айыру орнына ауыстырылған, ал 400 адам жаңа қылмыстар жасағаны үшін жазаларын қатайтып алған.

2003 жылы облыстағы қылмыстық-атқару инспекцияларында есепте тұратын (8895 адам) жартысынан астамы түзеу жұмыстары түріндегі жазаға тартылған. Қарағанда облысы бойынша осы жылы 17 сотталған адам жаңадан қылмыс жасағаны үшін, 68 сотталғандар жазаны өтеу шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін ауыр жазалау орындарына көшірілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жаңадан қабылданып және оның күшіне енгізілуіне байланысты Қарағанды облысының соттарымен ҚР ҚК 5-бабы бойынша 2381 адам түзеу жұмыстары түріндегі жазаларын өтеуден босатылып, 32 адамның жазасы айып салуға өзгертіліп, 198 адам шартты түрде соттауға ауыстырылды.

Әрине, бұл көрсеткіш сандар түзеу жұмыстарының тиімділігін толығымен көрсетіп береді деп айтуға болмайды, бірақ дегенмен жазаны атқаруда қол жеткізілген нәтижелер бар деуге болады. Қарағанды қаласы мен облыстағы

қылмыстық-атқару инспекцияларындағы жазаның осы түрінің тәжірибесін оқып-зерттеген кезімізде түзеу жұмыстарының тиімділігіне кері әсерін тигізген елеулі кемшіліктер Қазақстан Республикасы 43-бабының 4-бөлігі бойынша соттардың бас бостандығынан айыруды ауыстыру туралы материалдарды дер кезінде қарамағандығы байқалды. Көбінесе мұндай материалдар соттарда қаралуын күтіп жатып қалатын болған. Қылмыстық-атқару инспекциялары сотқа ол жөнінде өтініш берген адамдар, жұмыс орнынан босатылып жіберіліп, қоғамға жат өмір салтын кешіп, ал кейбіреулері жаңадан ауыр қылмыстар жасауға дейін барған. Түзеу жұмыстарының тиімділігіне соттардың жазаны атқару туралы өкімдер мен үкімнің көшірмелерін дер кезінде жібермеуі көп кері әсерін тигізеді. Біздің байқағанымыз, заңды күшіне енген сәттен жіберілген үкімдер мен соттардың жазаны атқару жөніндегі өкімдері аз болып шықты. Сонымен бірге, үкімді орындау жөніндегі соттың өкімі келіп түскенше жазаға тартылғандардың көбісінің жұмыс істемейтіндіктері анықталды, осы мезетте олардың үстінен ешқандай қадағалау жүргізілмей, соның салдарынан олардың жаңадан құқық бұзушылықтары мен қылмыстар жасауларына жол беріліп жатты.

Қылмыстық жаза түріндегі түзеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 39-бабында қарастырылып, оның мазмұны осы кодекстің 43-бабында анықталған. Бұл бапқа Қаз КСР Қылмыстық кодексіндегі 25-баптағы мазмұнына қарағанда айтарлықтай өзгеріс енгізілген. Жазаны атауы өзгеріп, сотталушының осы жазаны өтеу орны оның жұмыс істеп жүрген жері болатындығы белгіленді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі осы жаза түрінің мазмұнының өзіне де өзгеріс енгізді.

Заң жыл сайын осы сотталғандарға еңбек демалысын беріп отыруды, сондай-ақ осы мәселе бойынша қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қосымша демалыс беруді де қарастыратын болды. Ал бұрынғы Қазақ КСР Еңбекпен түзеу кодексінде мұндай еңбек демалысына шығару мүлдем көзделмеген болатын.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу мерзімі сотталған адамның еңбек өтеліміне (стажына) енгізілмеген болатын еді. Бұл мерзім жалпы еңбек өтеліміне соттың арнайы қабылдаған шешімі бойынша және сотталған адамның адал еңбегі мен үлгілі тәртібі ескеріліп қана енгізілетін еді.

Қазіргі кезде түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу мерзімі жалпы негізді жалпы еңбек өтеліміне енетін болды. Сонымен бірге заң бұрынғы жұмыс орнынан қылмыстық-атқару инспекциясының жазбаша келісімінсіз өз еркі бойынша жұмыстан босатуға тыйым салу түрінде шектеуді қарастырды. Мұндай шектеу сотталған адамның жазасын өтеуден бас тартуын ескерту мақсатындағы заң жүзіндегі әрекет болып саналды, бірақ бұл сонымен бірге сотталушының өзінің қарауынша жұмыс істейтін орын таңдау құқығын елеулі түрде шектейтін жазалау түрі іспеттес болып көрінеді.

Сотталғандардың тапқан табысынан мемлекет пайдасына ұстап қалу сол бұрынғы қалпынша 5-тен 20 пайызға дейін күйінде қалды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 43-бабының 3-бөлігі түзеу жұмыстары тағайдауға болмайтын адамдардың тізімін келтіреді: еңбекке жарамсыз деп танылған, тұрақты жұмысы жоқ немесе оқу орнында өндірістен қол үзіп оқитын адамдарға түзеу жұмыстарын тағайындауға болмайды. Дегенмен, бұл жағдай кешкі және сырттай оқитындарға қолданылмайды. Заң сонымен бірге соттардың түзеу жұмыстарын жазаның айып салу түріне ауыстыру құқығын қарастырады. Мұндай мүмкіндік түзеу жұмыстарын тағайындау туралы үкім шығару кезінде ғана емес, жазаны атқару барысында да жасалады.

Түзеу жұмыстарына сотталған адам жазасын өтеуден әдейі жалтарған жағдайда сот түзеу жұмыстарының өтелмеген мерзімін нақ сол мерзімге бас бостандығын шектеу, қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру түрінде жазалауға ауыстыра алады.

Сотталушы адам түзеу жұмыстарын өтеуден әдейі жалтарған жағдайда сот оны қылмыстық-атқару инспекциясының берген материалдарына сәйкес жаза мерзімінің өтелмеген бөлімі бойынша бас бостандығын шектеуге, қамауға алуға немесе бас бостандығынан айыруға ауыстыра алады.

Қазақстан Республикасы Жоғары Соты Пленумының 1993 жылғы 24-маусымдағы «Соттардың жаза тағайындау кезінде заңдылықты сақтауы туралы» № 3 қаулысың 8-тармағы түзеу жұмыстары жазасынан жалтырау және әдейі жалтару ұғымын түсіндіреді.

Түзеу жұмыстарын өтеуден жалтарушы деп қылмыстық-атқару инспекциясына есепке отырған 15 тәуліктің ішінде орынсыз себептермен жұмысқа кіріспеген немесе орынсыз себептермен қылмыстық-атқару инспекциясына есепке тіркелуден жалтарған, қыдырымпаздыққа салынған, жұмысқа алкогольдік ішімдік ішіп, есірткі қолданып мас болып келген сотталғандар адамдар танылады. Бас тарту мен жалтару фактілері анықталған жағдайда қылмыстық-атқару инспекциясы сотталушының түзеу жұмыстарын жазаның басқа түріне ауыстыру туралы жазбаша түрде ескерту жасайды.

Қазақстан республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабының 4-бөлігі түзеу жұмыстарына сотталған адам жазасын өтеуден әдейі жалтарған жағдайда сот түзеу жұмыстарының өтелмеген мерзімін бас бостандығын шектеу, қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру түрінде жазалауға ауыстыру мүмкіндігін береді. Әдейі жалтару деп сотталған адамның жазбаша ескерту жасағаннан кейін жоғарыда аталған әрекеттерді қайталауы немесе жалғастыруы, не тұрақты тұрғылықты жерінен жасырынып, жүрген жері белгісіз болған жағдай танылады.

8.2. Түзеу жұмыстарын өтеудің құқықтық режимі.

Қылмыстық жазамен сотталған кез келген азамат белгілі бір құқықтық мәртебеге ие болады. ҚР ҚАК 8-бабына сәйкес, сотталғандар жазаның нақты түрін атқарудың тәртібі мен жағдайларын ала отырып, Республикасында, Қылмыстық, Қылмыстық-атқару кодекстерінде және өзге де заңдарында бел-

гіленген шектеулермен Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары болады және солардың міндеттерін атқарады.

Түзеу жұмыстарын атқару іс жүзінде қолданылатын құқықтық режим, яғни атқарудың тәртібімен шарттары сотталғандардың мойнына артылған міндеттерді, яғни қылмыстық жаза ретіндегі түзеу жұмыстарының мазмұнын көрсететін құқықтық шектеулерді білдіреді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабына сәйкес, түзеу жұмыстары екі айдан екі жылға дейінгі мерзімге белгіленеді және сотталған адамның жұмыс орны бойынша өтеледі. Соттың үкімімен белгіленген мерзім ішінде сотталған адам төмендегідей құқықтық шектеулерді басынан кешіеді:

- қылмыстық-атқару инспекциясына айына екі тіркелуге келіп отыруы тиіс;

- тұратын және жұмыс орны өзгере қалған жағдай 10 тәулік мерзім ішінде қылмыстық-атқару инспекциясына хабарлауы тиіс;

- бұрынғы жұмыс орнынан қылмыстық-атқару инспекциясының жазбаша келісімінсіз өз еркімен жұмыстан босатылмауы тиіс;

- соттың үкімімен белгіленген мөлшері бойынша ай сайын тапқан табысынан ұсталып отыруы тиіс;

- қылмыстық-атқару инспекциясының келісімінсіз жұмыс істеп жүрген орының әкімшілік ұйымы сотталған адамды жыл сайынғы еңбек демалысына, сондай-ақ қысқы мерзімді және қосымша демалыс бере алмайды.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару мәселелерін зерттеген И. В. Бууев өзінің «Исправительные работы» деген еңбегінде²⁵ түзеу жұмыстарының жеті элементі бар екендігін атап өтеді. Міне, содан бері біраз жылдар өтіп, қазіргі кезде жазаның осы түріне байланысты заңдар да, оның элементтері де өзгере түсті. Өзінің табиғатына қарай қылмыстық жаза қылмыс жасаған адамың сазайын тартырумен көрінетін мемлекет тарапынан мәжбүрлеу шараларын білдіреді. Қылмыстық жаза сотталған адамды құртып жіберуді мақсат етпейтіндігіне қарамастан, осы түзеу жұмыстарын өтеп жүрген сотталған адамдардың белгілі бір шектеулер және айырумен көрінетін элементтері болады.

Бұл жерде сотталған адамның құқығынан айыру мен оны шектеу әкімшіліктің немесе жекелеген лауазымды адамның қалай болса солай ойлағанындай белгілене салмайды. Ол міндетті түрде қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығының нормаларына негізделген болуы керек.

Жазалаудың бір элементі ретіндегі заңмен белгіленген шектеулер сотталғандарға белгілі бір жан күйзелісін әкеліп қана қоймайды, ол оны сонымен бірге тәрбиелейді, заң мен қоғамды құрметтейтіндей қажетті бір сезім ұялатады.

Солай бола тұрса да қылмыстық жаза түрі ретіндегі түзеу жұмыстары сотталған адамға белгілі бір ауыртпашылық пен айыру арқылы шектеу қоятын жазалау элементі – мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен көрініс табады. Олар мыналармен көрінеді:

²⁵ Бууев И. В. Исправительные работы. – М., 1968.

1. Мемлекет атынан сотпен шығарылған айыптау үкімі айыпталушы адамның мінез-құлқына теріс баға бергендей болады. Және дәл осы факті сотталушыны моральдық күйзеліске ұшыратады.

Жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеген сотталған адамдармен салыстырғандағы түзеу жұмыстарына сотталған адамдардың айырмашылығы – олар көпшіліктің ортасында, сол бұрынғы жұмыс орнында жазасын өтейді, ал мұның өзі де сотталған адамның көңілінде, психологиясында белгілі бір дақ қалдырып, көпшіліктің үкіміне ұшырағандай күйде жүреді. Мұндай моральдық күйзеліс адамды ойландырып, өзімен бірге жұмыс істейтін жұртшылық алдында айыбын ақтауға, жаман, теріс қылықтар мен дағдылардан арылуға себеп болады.

Жазаның мұндай қасиеті үкімді халыққа жария етумен, оны сотталған адамның жұмыс орнындағы қоғам арасына тарату қажеттігімен байланысты. Бұл ҚР ҚАК 38-бабының 2-бөлігінде айтылғандай, жазаны өтеу жөнінде сотталған адам жұмыс істейтін ұйым әкімшілігі сот үкімінің (қаулысының) көшірмесін алған күннен басталады. Дәл осы жағдай сотталған адам үшін жеңіл тимейді, сөз жоқ оның моральдық күйзеліске түсуіне әкеп соғады.

2. Түзеу жұмыстарының мерзімін өтеу элементі болады. Оның ұзақтығы соттың үкімімен анықталады, дегенмен екі айдан кем және екі жылдан артық тағайындалуы тиіс емес. Түзеу жұмыстарының мерзімі көп болған сайын, оның жазалаушылық қасиетінің де мол болатындығына сөз жоқ.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 43-бабының 2-бөлігіне, сәйкес, түзеу жұмыстарына сотталған адамның табысынан соттың үкімімен белгіленген мөлшерде, бес пайыздан жиырма пайызға дейінгі шекте мемлекеттің кірісіне ұстап қалу жүргізіледі. Қарағанды облысындағы соттардың тәжірибесінде неге екені белгісіз осы мөлшер тұрақты түрде ең жоғарғы шекте 20 пайызбен алынады. Мұндай табыстан ұстап қалуды сотталған адамның жұмыс орнының бухгалтериясы атқару құжатындағы көрсеткішке сотталған адамның шағымына қарамастан, істеген жұмыс түрлеріне есептеген табыстарынан ұстап қалып отырады. Табыстан ұстау ай сайын жалақы берілетін кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының «Ақтару ісін жүргізу және соттық атқарушылардың мәртебесі туралы» 1998 жылғы 30-маусымдағы Заңы сотталған азаматқа өтем ұсталғаннан кейін қалған жалақысының дәл 50 пайызы беріледі, ал қалғандары өтеп ұстаушы ұйымның керек-жарағын қанағаттандыру үшін ұстап қалынады. Сөйтіп, жалақы тең екіге бөлінеді де, бір бөлігі сотталған адамның өзіне ал қалғаны өтем алушыларға тең бөлінеді, айта кету керек бұл жерде алимент бар болса, ол бірінші кезекте ұсталып қалынады.

Бұрынғы қолданыстағы еңбекпен түзеу заңнамасында түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу мерзімі заң бойынша зейнетақы алуға және басқа да жеңілдіктерге құқық беретін жалпы еңбек өтеліміне (стажына) енбейтін.

Ал қазіргі қолданыстағы қылмыстық-атқару заңы бойынша түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу мерзімі зейнетке шығуға құқық беретін жалпы еңбек өтеліміне енгізілетін болуы, алайда жаза өтеу кезіндегі қызмет еткен жылдарына қосымша және сыйақы есептелмейді, ал бір мезгілдік сыйақы

түзеу жұмыстарын өтеу жылдары шығарылып тасталған қалған жылдарына қарай беріледі²⁶.

Қылмыстық-атқару заңы бойынша түзеу жұмыстары түрінде жаза өтеуші сотталған адамға жыл сайынғы еңбек демалысы берілмейтін. Кейіннен мұндай шектеу жойылып, сотталған адам жыл сайын еңбек демалысына шығатын болды, алайда оны беру міндетті түрде қылмыстық-атқару инспекциясының жазбаша келісімімен шешіледі.

4. Түзеу жұмыстарының белгілі бір элементі – ол сотталған адамның жазаны бұрынғы сол жұмыс орнында өтеу міндеті болып табылады. Бұрынғы қылмыстық-атқару инспекциялары белгілейтін түзеу жұмыстарын басқа жұмыс орнында өтеу тәртібі жойылған. Дегенмен, жұмыс орнында жаза өтеу міндеті, сондай-ақ жұмыс орны мен тұратын орнын таңдауға шек қояды. Сонымен бірге сотталған адамға қатысты ол жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі кейбір шектеулер қоятын жағдайлары да кездеседі.

Мұндай шектеулер түзеу жұмыстарын өтеу ұйымдары әкімшілігі белгіленген міндеттерінде көрсетілген (ҚР ҚАК 39-бабы).

Түзеу жұмыстарын өтеу орындары әкімшілігіне мыналар жүктеледі:

- мемлекет кірісіне ұсталған ақшаларды дұрыс және уақытында ұстап отыру мен аударып отыру міндеті. Қылмыстық-атқару инспекциясы осыған байланысты мемлекет кірісіне ұсталатын ақшаның дұрыс әрі дер кезінде ұсталуы мен аударылуына бақылау жасап отыруға құқылы;

- сотталғандардың өндірістік жұмыс кезінде тәртібінің үстінен бақылау жасап отыруға және сотталғандармен тәрбие жұмыстарын жүргізуде көмек көрсетіп отыруға міндетті. Сотталғандармен тәрбие жұмыстарын сотталған адам жұмыс істейтін орынның әкімшілігі, еңбек ұжымы, қоғамдық ұйымдары, сондай-ақ, қылмыстық-атқару инспекциясының инспекторлары жүргізеді. Сотталғандармен, соның ішінде түзеу жұмыстары түріндегі жазасын өтеп жүргендермен тәрбие жұмыстары сотталғандардың тұлғасын, тағайындалған жаза мерзімін, қылмыс жасауының мән-жайлары мен жағдайын ескере отырып бәрімен бірдей жүргізілуі тиіс. Тәрбие жұмыстарының жолдары психологиялық-педагогикалық әдістерге негізделіп жеке, топтық және жалпыға бірдей нысанда жүргізілуі мүмкін. Бұл жұмыс қылмыстық жазаның мақсатына жетуін қамтамасыз ететіндей болуы керек;

- әкімшіліктің Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару кодексінің 37-бабында көрсетілген жазаны өтеу шарттарын сақтау міндеті;

- қылмыстық-атқару инспекциясына сотталғандарға көтермелеу мен жазалау шараларын қолдану туралы, жазаны өтеуден жалтару фактілері туралы, хабарлап, сондай-ақ, сотталған адамды жұмысынан босату және басқа жұмысқа ауыстыру туралы ниеттерді алдын ала қылмыстық-атқару инспекциясына ескертіп қою міндеті.

5. Қылмыстық жазаны өтеудің қалдыратын зардабы – соттылық. Дәл осы соттылық пен одан туындайтын кейбір құқықтық шектеулер қылмыстық жа-

²⁶ Сборник нормативных актов. – М., 1965. 375-бет

засын өтеп шыққан адамдарға ыңғайсыздық тудырып, кейбір жағдайларда олардың мүдделеріне нұқсан келтіреді.

Бұл жерде сотталған адам үшін соттылық заңдық факті реті жағымсыз рөл атқарып қана қоймай, тиісті жазасын өтеп шыққаннан кейін моральдық жағынан да белгілі бір дәрежеде өміріне әсер ететінін есте сақтау керек.

ҚР ҚАК 38-бабы түзеу жұмыстарының мерзімі сотталған адам жұмыс істеген және оның табысынан ақы ұстап қалған айлармен және жылдармен есептелетінін белгілейді. Сотталушының жұмыс істеген күндерінің саны соттың жаңа мерзімін белгілеген әрбір айындағы жұмыс күндерінің санынан кем болмауға тиіс. Мысалы, 2002 жылғы жұмыс уақытының балансы 41 сағаттық бес күндік апта бойынша жылына 257 күнді құраса, алты күндік бойынша 308 күнді құраған және 36 сағаттық апта бойынша да сондай. Сондықтан, 2002 жылы түзеу жұмыстарында жұмыс істеген сотталғандардың жұмыс күндерінің қосындысы белгіленген мөлшерден аспауы тиіс. Егер сотталушы көрсетілген күндер санында жұмыс істемесе және жұмыс істелмеген күндерді жаза мерзіміне есептеу үшін Кодексте белгіленген негіздеме болмаса, түзеу жұмыстарын өтеу сотталушының тиісті жұмыс күндерінің сапында толық жұмыс істегенге дейін жалғастырады. Осылайша, егер сотталған адам орынсыз себептермен жұмыс істемеген болса, онда сол жұмыс істемеген күндері жазаны өтеу мерзіміне қосылмайды да, ол сол күндерін толтыру үшін жұмысын жалғастырады. Сондықтан, мысалы 12 жылға сотталған адам осы жылдар ішінде 45 күн жұмыс босатса, сол күнді толтыру үшін тағы да қалдырылады.

Түзеу жұмыстары түріндегі жаза мерзімінде мыналар есепке алынбайды:

- сотталған адамның жұмыс істемеген күндері (ауырып қалуы, жүктілігі мен бала тууы, ауру туған-туыстарын күту сияқты орынды себептерден басқа);

- алкогольдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық масаңдаудан болған немесе соларға байланысты іс-әрекеттерден болған ауру уақыты;

- жазаны өтеу кезінде басқа іс бойынша бұлтартпау шарасы тәртібінде қамауда болған уақыты.

Түзеу жұмыстарына сотталған адамдардың жалақысынан ақы ұстау кезінде ақы олардың басқа да қосымша табыстарынан емес тек қана жалақы мөлшерінен ұсталатынын есте сақтау керек (ҚР «Атқару ісін жүргізу және соттық атқарушылардың мәртебесі туралы» 1998 жылғы 30-маусымдағы Заңын қараңыз).

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны тиісінше жүзеге асыру үшін қылмыстық-атқару заңнамасы жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін және жазаны өтеуден әдейі жалтарғаны үшін жауаптылықты белгіленген. ҚР ҚАК 42-бабы мұндай заң бұзушылыққа мыналардың жататынын белгіленген:

- жазбаша ескертуден кейін дәлелді себептерсіз қылмыстық-атқару инспекциясына келмеу;

- жазбаша ескертуден кейін ҚАК белгіленген міндеттерді бұзу (ҚР ҚАК 9-бабының 1-бөлігі);

– жұмысқа келмеуі немесе мас күйінде немесе нашақорлық не уытқұмарлық масаң күйде келу.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу кезінде осы аталған тәртіп пен ережелерді бұзғаны үшін сотталған адамға түзеу жұмыстарын жазаның басқа түрімен ауыстыру туралы жазбаша ескерту түріндегі жаза қолданылады.

Егер осы аталған тәртіп пен ережелердің кез келгенін бұзғаны үшін жазбаша ескерту хабарланғаннан соң түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін қайталап бұзуға жол берген, сондай-ақ тұратын жерінен жасырынған, жүрген жері белгісіз адам түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден қасақан жалтарушы деп танылады.

Мұндай сотталғандарға қатысты жағдайда қылмыстық-атқару инспекциясы түзеу жұмыстарын ҚР ҚК 43-бабының 4-бөлігіне сәйкес қылмыстық жазаның басқа түріне ауыстыру туралы сотқа өтініш түсіреді.

Егер сот түзеу жұмыстарын бас бостандығынан айыру түріне ауыстырған жағдайда тергеуші түзеу жұмыстары жазасын өтеуден әдейі жалтарған адамға қатысты өзінің шешімімен іздестіру шараларын хабарлайды, жаңа жазаны атқарудың заң жүзіндегі кепілі болып саналатын қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау жөнінде қаулы шығарады.

Егер, сотталған адам, түзеу жұмыстарын өтеп жүрген кезде жаңа қылмыс жасайтын болса, онда сот ҚР ҚК 60-бабының 1-бөлігіне сәйкес, тағайындаған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігін толық немесе ішінара қосады. Бас бостандығынан айыру жазасы мен түзеу жұмыстары түріндегі жазаны қосқанда, бас бостандығынан айырудың бір күні түзеу жұмыстары жазасының үш күнімен теңестіріледі.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
3. Постановление Пленума Верховного суда Республики Казахстан «О соблюдении судами законности при назначении уголовных наказаний» от 24 июня 1993 г.
4. *Бушуев И. А.* Исправительные работы. – М., 1968.
5. *Богданов В. Я.* Деятельность инспекции исправительных работ и трудоустройства по перевоспитанию осужденных. – М., 1981.
6. *Потемкина А. Т.* Условия отбывания исправительных работ без лишения свободы. – М., 1978.
7. *Алексеев Г. А.* О повышении эффективности исполнения исправительных работ без лишения свободы // Конституция СССР и дальнейшее повышение эффективности норм уголовного права: Межвузовский сб. научн. трудов. – Свердловск, 1980.
8. *Иванова А. Т.* Исполнение наказания в виде исправительных работ // Советская юстиция. – 1986. – № 22.

9. **Иванова А. Т., Бондарь С.** Практика назначения и исполнения наказания в виде исправительных работ без лишения свободы // Советская юстиция. – 1984. – № 22.

10. **Мельникова Ю., Устинова Т.** Эффективность применения исправительных работ // Советская юстиция. – 1986. – № 21.

11. Исполнение приговора суда инспекцией исправительных работ: Учебное пособие. – М., 1988.

12. Уголовно-исполнительное право РК. – Алматы, 1997.

13. Уголовно-исполнительное право России. – М., 1999 г.

9. СОТТАЛҒАНДАРДЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРНЫНАН БОСАТУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ. СОТТАЛҒАНДАРДА ТҮЗЕУ ЫҚПАЛЫНЫҢ ӘСЕРІН ҚАЛДЫРУ.

9.1. Сотталғандарды жазасын өтеуден босату: құқықтық және тәрбиелік мәні

Қылмыс жасады деп танылған адамға үкім шығара отырып, сот мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылатын және сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеумен көрінетін жаза тағайындайды.

Жаза тағайындау кезінде сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәлінің тұлғасы мен жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын істің мән-жайларын ескереді. Осы айтылған мән-жайлардың біреуінің бар болуы Ерекше бөлімдегі баптардың санкциялары шеңберінде жазаның нақты мөлшерін көрсетеді және жаза мақсатына жету мүмкіндігіне қарай жаза тағайындалады.

Сонымен бірге, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру түріндегі жазаның мақсатына жету үшін жазаның мерзімі мен кінәліні талқылау фактісінің өзі де белгілі бір мәнге ие болады. Кінәліні босату сәті жақындаған сайын (мерзімнің аяқталуы немесе мерзімінен бұрын) жаза айтарлықтай дәрежеде өтеле түседі, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру қанағаттандырылуына байланысты қылмысқа деген қоғамдық көзқарастың өткірлігі азаяды және азаматтардың ол туралы ұмыта бастайды. Осыған байланысты ең бастысы жаза өтелгеннен, мақсатқа қол жеткізілгеннен кейінгі жағдайда өткенді қайта көтерудің қажеттігі жоқ сияқты болып көрінеді. Осыдан келіп, заң белгілі бір жағдайда «соттың үкімімен белгіленген мерзімінің өтуі бойынша сотталған адамды жазаны өтеуден босату»²⁷ ретіндегі мерзімінен бұрын босату мүмкіндігін шешеді.

Жазадан мерзімінен бұрын босату мәселесі аса маңызды әлеуметтік, тәрбиелік және заңдық мәнге ие болады.

Бүгінгі материалдық жағынан қиын жағдайдағы мерзімінен бұрын босату отбасы жайының, отбасындағы материалдық жағдайлардың, көптеген мұқтаждықты қанағаттандыру және сол сияқты мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызады. Атап айтқанда, отбасына балаларды тәрбиелеу ісіне араласатын, отбасы мүшелерін белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етіп, асырайтын әке немесе шеше оралады. Әдетте, мерзімінен бұрын босап шыққандардың көбісі лайықты өмір салтын құрады, еңбекке араласады, қылмыс жасамауға тырысады. Әлбетте, бұған мерзімінен бұрын босатудың әлеуметтік негізділігі мен осы институттың пайдалы екендігіне көз жеткізуге болады.

²⁷ Михлин А. С. Проблемы досрочного освобождения от отбывания наказания. – М., 1982. 6-бет.

Жазадан мерзімінен бұрын босатуы ұғым туралы айтқанда, бұл жерде кейбір құқықтық институт бойынша оның шектеуден аз да болса арылмай қалатынын сөз етуге болмайтын сияқты.

Бұл тұрғыда өзара кейбір шектеулері бар қылмыстық жауаптылықтан босату, жазадан босату және жазаны өтеуден босату сияқты ұғымдар бір-біріне жақын сияқты.

Оқымысты құқықтанушылар қылмыстық жауаптылық сатысын үш кезеңге бөледі: біріншісі – айыпталушы ретінде адамды жауапқа тартқаннан кейін қылмыстық іске алдын ала тергеу жүргізу кезінде; екіншісі – сот әділдігін жүзеге асыру кезінде; үшіншісі – жазаны өтеу кезінде. Қылмыстық жауаптылықты бұлайша үш кезеңге бөлу қарастырып отырған босату түрлерін шектеу үшін айтарлықтай маңызы бар.

Егер қылмыстық жауаптылықтан босату бірінші сатыда жүзеге асырылатын болса, онда адам келесі сатылардың бәрінен де босатылады. Егер осының соңғысы орындалатын болса, онда адамның жалпы қылмыстық жауаптылықтан босатылатыны туралы сөз болады. Мұның бәрі айыпталушының жасаған қылмысының құрамын талдау, оны қылмыстың заң баптарының мазмұнымен және алдын ала тергеу жүргізген тиісті органдардың тиісті қорытындыларымен салыстыру барысында көрінеді. Мұндай нәтиже қылмыстық істі негізді түрде қысқарту жасалуымен көрініс табады.

Екінші сатыда, қылмыстық іс енді сотта қаралғанда, кінәліні қылмыс жасады деп тану мен жазаның түрі мен мөлшерін тағайындау туралы мәселе шешіледі. Сотталушыны осы сатыда босату жазадан босату болып табылады. Бұл қылмыстық істің барлық материалдарын талдаудан өткізу кезінде сотталушы жаза алғанға дейін соттың оны жазадан босату туралы шешім шығаруымен түсіндіріледі, яғни сот белгілі жағдай бойынша жаза тағайындамайды, керісінше жазадан босату туралы шешім қабылдайды және сотталушы үшін жазаны өтеу міндеті туындамайды, өйткені ол тағайындалған жоқ.

Үшінші сатыда қылмыстық жауаптылықтан босату соттың тағайындаған жазасын өтеу кезінде жүзеге асырылады. Сондықтан, бұл жерде тек қана сотталған адамның жазаның нақты бір түрімен белгіленген құқықтары мен бостандықтарын шектелуіне шыдау міндеттерінен босату туралы сөз қозғауға болады.

Біздің қарастырып отырған мәселеміз жазаны өтеуден босату болып отырғандықтан, босатудың басқа түрлері де ең бастысы босатудың осы түріне келіп саяды.

Жазаны өтеуден босатудың қылмыстық жауаптылықтан босату сияқты бірқатар жалпы ерекшеліктері бар. Бұлардың ең басты ұқсастықтары мынада, адам қылмыстық жауапқа тарту мен жазаны өтеуге байланысты туындайтын қажет емес зардаптардан құтқарады. Сонымен бірге, осы екі жағдайда да сөз жылмыс жасаған адам жөнінде болып отыр ғой. Жазаны өтеуден босату кезінде бұл соттың үкімінің заңды күшіне енуімен куәландырылатын болса, ал қылмыстық жауаптылықтан босатуда бұл сот-тергеу органдарының қаулысымен айғақталады.

Ең маңызды айырмашылықтардың бірі босату негізіне байланысты. Кінәліні қылмыстық жауаптылық пен жазадан тек қана қылмыстық жауаптылықты, соның ішінде жазаны өтеуді одан әрі жүзеге асырудың қажеті жоқ деп саналғанда ғана негіз бар деп есептеуге болатыны белгілі. Бұған егер, мәселені шешер кезде адамның қауіптілігі онша емес деген жағдайда ғана жол беріледі. Мысалы, алғаш рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам, егер ол қылмыс жасағаннан кейін айыбын мойындап өз еркімен келсе немесе қылмысты ашуға жәрдемдессе, немесе келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін (ҚР ҚК 65-бабы). ҚР Қылмыстық кодексінің бұл бабы жазалануға тиісті әрекет жасаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босатудың жаңа түрі болып табылады. Бұл жағдайдағы босатудың мәні қылмыстық ізге түсуді, қылмыстық жауаптылықтан босатуды жүзеге асыратын органдардың шешім қабылдауында және сотқа жүгінуі міндеті мен белгіленген жаза шарасына шыдауында болып отыр.

Мұндай шешім тиісті органдардың қылмыстық іс қозғаудан бас тарту немесе қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысымен хатталады.

Заң қылмыстың жасалу фактісін белгілейтін болғандықтан қылмыстық жауаптылықтан босатудың бұл түрі іс жүзінде ақтаушы болып саналмайды, бірақ қылмыс жасағаннан кейін шын өкініп айыбын мойындап келгеннен кейін және оның мінез-құлқы дәлелдегеніндей оның қоғамға қауіптілігі жоқ болуына байланысты қылмыстық жауаптылыққа тартудың орны жоқ деп саналғандықтан оны жауаптылықтан босату ҚР ҚК 65-бабында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады. Заңда көрсетілгендей айыпталушының жанын сала шын өкінуі мыналардан байқалады: айыбын мойындап өзінің келуі; қылмысты ашуға жәрдем көрсетуі (қылмыс жасаған қарулары мен құралдарын өз еркімен тапсыруы, қылмыстың жасалған жерін хабарлауы, ұрланған мүліктің қайда, қашан жасырылғанын көрсетуі, қылмыс жасауға басқа да қатысушыларды көрсетуі). Ол сонымен бірге келтірілген шығынды өз еркімен өтеумен, бүлінген мүлікті жөндеумен, жойылған заттың орнын дәл сондай затпен толтырумен, келтірілген моралдық нұқсанды қалпына келтірумен, жәбірленушінің емделуіне көмек көрсетумен және басқа да жағдайлармен жүзеге асырылады.

Мұндай жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатуға жасалаған қылмыс пен оны жасаған адамның онша қауіпті еместігі негіз болып саналады: кішігірім немесе орташа ауырлыққа жататын қылмыстың бірінші рет жасалғандығы. Жазасын өтеуден босату кезінде босатылушы адамның жасаған қылмысының қауіптілігі жоғары да болуы мүмкін.

Қарастырып отырған бұл институттың айырмашылығы сол, қылмыстық жауаптылықтан босатуда адам әлі сотталған жоқ және жазасын өтеп жүрген жоқ. Жазаны өтеуден босатылушы іс жүзінде заңмен белгіленген бойынша жазаның ең болмағанада аз бөлігін өтеген болуы керек.

Сонымен бірге қылмыстық жауаптылықтан босатылатын адам сотталған деп саналмайды да, ал жазаны өтеуден босатылатын адам сотталған деп қала береді.

Сөйтіп, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату түрлерін арасындағы айырмашылықтарды төмендегі шектеулер бойынша көрсетуге болады:

- 1) шын өкінуіне байланысты (ҚР ҚК 65-бабы);
 - қажетті қорғану шегінен асуына байланысты (ҚР ҚК 66-бабы);
 - жағдайдың өзгеруіне байланысты (ҚР ҚК 68-бабы);
 - ескіру мерзімінің өтуіне байланысты (ҚР ҚК 69-бабы);
- 2) жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуіне байланысты (ҚР ҚК 72-бабы);
 - ауруға шалдығуына байланысты (ҚР ҚК 73-бабы);
 - төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыруға байланысты (ҚР ҚК 74-бабы);
 - айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты (ҚР ҚК 75-бабы);
 - рақымшылық жасалуына байланысты (ҚР ҚК 76-бабы);
 - кешірім жасалуына байланысты (ҚР ҚК 76-бабы);
 - кәмелетке толмағандарға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдануға байланысты (ҚР ҚК 81-бабы);
 - шартты түрде соттауға байланысты (ҚР ҚК 63-бабы);
- 3) жазаны өтеуден босатылатын топтар:
 - шартты түрде сотталғандар (ҚР ҚК 63-бабы);
 - мерзімінен бұрын-шартты түрде босату (ҚР ҚК 70-б, ҚР ҚАК 168-б);
 - рақымшылық жасауға байланысты (ҚР ҚК 76-б, ҚР ҚАК 168-б);
 - кешірім жасауға байланысты (ҚР ҚК 76-б, ҚР ҚАК 168-б);
 - жаза мерзімін өтеуіне байланысты (ҚР ҚАК 168-бабы);
 - іс бойынша ақтау үкімі шығарылған немесе іс жүргізудің қысқартылуына байланысты сот үкімінің күші жойылғанда (ҚР ҚАК 168-бабы);
 - жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыруға байланысты (ҚР ҚК 71-б, ҚР ҚАК 168-б);
 - ауыр сырқат немесе мүгедектік (ҚР ҚАК 168-бабы);
 - заңда көзделген өзге де негіздер (ҚР ҚАК 168-бабы);

Негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың барлық түрлері жазаны тағайындау мен атқаруды біреудің мойнына арту, жекелеу мен бірдейлеу, қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару нормаларының гуманизм қағидаларын жүзеге асыру үшін қызмет атқарады. Сонымен бірге, жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату мен жазаны өтеу түрлерінің қызметі бірдей – олар соттың үкімінде көрсетілген мерзім өткенге дейін немесе заңда көрсетілген жағдайдың қолданылмауына байланысты қызмет етеді. Осылардың бәрі де гуманизм қағидасының іске асырылуы деп саналады және көп жағдайда ол сотталғандарды түзелу ынтасын көтеруге бағытталған.

9.2. Сотталғандарды түзеу мекемелерінен мерзімінен бұрын босатудың құқықтық негіздері мен тәртібі

Бұдан бұрын атап өткеніміздей, мерзімінен бұрын босату жазаның мақсатқа жетуіне сай келуі тиіс. Заң шығарушы дәл осы жағдайды мерзімінен бұ-

рын босатудың негізі ретінде алып және осыған байланысты босату негіздемелерін қалыптастырады.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босатуды реттейтін ҚР ҚК және ҚАК баптарының мазмұндарын талдай отырып, заң шығарушының жазаны өтеуден босатудың екі негіздемесін көрсететіндігін байқауға болады: формальды – соттың үкімімен белгіленген жаза мерзімінің белгілі бір бөлігін өтеуі және материалдық – сотталған адамның түзелу дәрежесі, яғни сотталған адамның тұлғасын сипаттайтындай мәліметтер болуы тиіс, сондай-ақ, оның мінез-құлқы, жазаны өтеудің бүкіл кезеңіндегі еңбек пен оқуға деген көзқарасы.

Атап өту керек, заңда босату негіздемелерін босатудың түрлеріне қарай қолдану бірдей емес, ал мерзімінен бұрын босатудың қалған барлық түрлерінің бұл негіздемелерге мүлдем қатысы жоқ.

Мерзімінен бұрын босатудың формальды негіздемелері. Мерзімінен бұрын босатудың формальды және материалдық негіздемелерді қарастыра отырып, мына бір фактіге назар аудару керек, екеуі де айтарлықтай дәрежеде бір-бірімен өзара байланыста, бірінші негіздеме белгілі бір дәрежеде екіншісіне бағынышты. Сотталған адамның тұлғасын толық әрі жан-жақты зерттеу үшін және оның түзелу дәрежесі туралы қорытынды жасау үшін көбірек мерзім қажет – тым ауырырақ қылмыс жасаған болса, оның сотталған кезге дейінгі әлеуметтік жағынан босансуы молырақ, яғни жаза мерзімі де ұзағырақ болатыны заңды.

Әрине, өмір тәжірибесінде қауіпті қылмыскер нағыз мінезін жасырып жорта тәртіпті болып, сотталғандығына жалған өкініп, өзінің түзелгендігін өтірік көрсетіп, бостандыққа шығып кетуге ұмтылатын адамдар да болады. Алайда, бас бостандығынан айыру мерзімі ұзақ болған сайын мұндай жорта істеу мен алдаудың жолы қысқа, мұндай мінезді ашудың мүмкіндігі молая түседі.

Дегенмен, мерзімнің бір бөлігін өтеудің өзі дербес мәнге ие болады, өйткені осы мерзімі ішінде сотталған адамға оның жасаған қылмысының ауырлығына қарай жазалау-тәрбиелеу ықпалы көрсетілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы қылмыс жасады деп танылған адамға заңмен белгіленген мөлшерде және ҚР ҚК Жалпы және Ерекше бөлімінің ережелерін ескере отырып әділетті жаза тағайындалады.

Олай болса, қылмыскер неғұрлым ауыр қылмыс жасаған болса, соғұрлым оның тұлғасы қауіпті болып көрінеді, соған орай сотталғанда ол жазаның да соғұрлым көбірек бөлігін өтеуі тиіс. Бұл ережені мерзімінен бұрын-шартты түрде босату мәселесін қарастырған ҚР ҚК 70-бабының 3-бөлігі төмендегідей жағдайда шектелуін айғақтай түседі:

- кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;
- ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;
- аса ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін, сондай-ақ бұрын жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға, егер мерзімінен бұрын-шартты түрде босату тағайындалған

жаңа мерзімнің кемінде төрттен үшін нақты өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталып, жазасын өтеп жүрген адам негізінде жазаны өтеуден мерзімінен бұрын мерзімінің кемінде 25 жылын өтегеннен кейін босатылады.

Көптеген жағдайда заң ауыр науқасқа ұшыраған сотталған адамды жазасын өтеуден босату кезінде жазаның өтелмеген бөлігіне қатысты өтеуді мұндай жағдайды мерзімінен босатудың ерекшелігі деп санап, соған байланысты талаптарды қарастырмайды (ҚР ҚК 73-бабы).

ҚР ҚК 76-бабы өзінің мазмұнына қарай азаматтарды рақымшылық пен кешірім жасау жолымен босатуға байланысты негіздемені реттемейді. Кешірім жасау туралы өтініші Қазақстан Республикасы Президентінің атына жазасын өтеп жүрген кез келген уақытында жолданады. Ал рақымшылық жасауға келетін болсақ, онда іс жүзінде жазаның өтелген бөлігін ескеру қолданылады.

Мерзімінен бұрын босатудың материалдық негіздемелері. Егер іс жүзінде жазаның өтелген мерзімін есептеу ешқандай қиындық туғызбайтын болса, ал сотталғандардың түзелу дәрежесінің материалдық негіздемелерін анықтау күрделірек болып саналады. Заңнамаларда мұндай мәселе жөнінде ережелер жоқ болса да тәжірибе сотталған адамның өзінің сотталу фактісіне қалай қарайтынын, жазасын өтеуін, бас бостандығынан айыру кезіндегі мінез-құлқын режим талаптарын қалай орындайтынын, қоғамдық-пайдалы еңбекке араласуын сипаттайтын мінездемесіне сүйенеді.

Сөйтіп, мерзімінен бұрын-шартты түрде босату кезінде материалдық тұрғыдан алғанда, сотталған адамның түзелгендігі және оның сотталуы мен жаза қолданылуына себеп болған қоғамдық қауіптіліктің жоғалғандығы туралы дәлелдеме негіздеме болып табылады. Сотталған адамның түзелу дәрежесіне оның жазасын өтеп жүрген кездегі еңбекке адал ниетпен араласуына, қоғамдық жұмыстарға қатысуына, өзінің міндеттерін орындауына байланысты жазаны атқарушы лауазымды адамның берген мінездемесі бойынша баға беруге болады. Материалдық негіздеме жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босатуды жүзеге асыру үшін сотталған адамды мерзімінен бұрын босату туралы әкімшіліктің сотқа жолдаған өтініш-ұсынысы болуы керек.

Мерзімінен бұрын босату мәселесінде қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларының нормаларында кейбір келіспеушілік те кездеседі. Ол әсіресе, қылмыстық жазаның мақсаттарының бірі сотталушыны түзеу болып саналатындығы туралы ережеде тура көрсетіледі, солай бола тұрса да қылмыстық құқық нормаларында да, қылмыстық-атқару құқығының нормаларында да сотталған адамның түзелу дәрежесіне сипаттама беретін көрсеткіш жоқ. Заңның айтуынша, сотталған адамның түзелуі деп оның бойында құқықты құрметтейтіндей, адамға, қоғамға, еңбекке, нормаларға, ережелер мен адамзат қоғамының дәстүрлеріне деген дұрыс көзқарас қалыптастыратындай мінез-құлық пайда болуы керек. ҚР ҚАК 7-бабының 1-бөлігінде қалыптастырылған сотталған адамның түзелуі ұғымы сайып келгенде, адамның бойында сол айтылған қасиеттерді орнықтыру болып көрінеді.

Шындығына келгенде, сотталған адамның түзелуін тек қана жоғарыда тізілген қасиеттердің қорытындысымен ғана емес, сол түзелу тәрбиесін бере білген мекеме әкімшілігінің өздерінде жазасын өтеп шыққан адамдардың енді қайтып қылмыстық жолға түспейтіндігіне, түзелу жолына анық түскендігіне, бұдан бұлай олардың мұндай бас бостандығынан айыру орындарына түспейтіндіктеріне деген сенімділігі бойынша да анықтауға болады.

Жалпы ережелерді талдай келе, қылмыстық жауаптылықтан босату ұғымының ауқымы кең деп айтуға болады, сондықтан да ол өзінің мазмұнына қарай жазаның өзі қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың бір жолы болғандықтан ол жазадан босатуды да қамтиды.

Қолданыстағы заңнамалар бойынша жазадан босату – бұл «адамды сазайын тартқызудан, жазаның мазмұны болып табылатын және жазаны өтеу кезіндегі сотталған адамның шын мәнінде сезініп, басынан өткізетін белгілі құқықтарын шектеу мен айырудан, сондай-ақ соттылықтан – тағайындалған жазаны өтеудің, соттаудың құқықтық зардаптарынан босату»²⁸.

Заң шығарушы жазаны өтеуден босатудың негіздемесін тұжырымдай отырып, өзінің назарын босату ұғымының формальдық және материалдық жағына аудармайды және сондықтан ҚР ҚАК 168-бабында жазаны өтеудің төмендегідей тізімі берілген:

1. сот үкімі бойынша тағайындалған жаза мерзімін өтеу;
2. іс бойынша ақтау үкімі шығарылған немесе іс жүргізудің қысқартылуына байланысты сот үкімі күшінің жойылуы;
3. жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату;
4. жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру;
5. кешірім жасау немесе рақымшылық жасау;
6. ауыр сырқат немесе мүгедектік;
7. заңда көзделген өзге де негіздер.

Заң жазаны өтеуден босатудың негіздерін анықтағанда тағайындалған жаза мерзімінің өтуін, соттың шартты-мерзімінен бұрын босату туралы шешімін, рақымшылық актісінің хабарлануын қажет етеді екен. Өзінің сипатына қарай босату негіздердің құқықтық нысандардан айырмашылықтары, яғни әкімшіліктің сотталған адамды босату жөніндегі әрекетін жүзеге асыруға негіз болатын босату негіздері бекітілген тиісті құжаттары болады.

Сот үкімі бойынша тағайындалған жаза мерзімін өтеуі бойынша босату. ҚР ҚАК 173-бабына сәйкес, бас бостандығынан шектеуге, қамауға және бас бостандығын айыруға сотталғандар, жаза мерзімінің соңғы күнінің бірінші жартысында босатылады. Егер жаза мерзімі демалыс немесе мереке күні бітетін болса, сотталушы жазаны өтеуден демалыс алдындағы немесе мереке алдындағы күні босатылады. Жазаның мерзімі айлармен есептелген жағдайда ол соңғы айдың тиісті күнінде, ал егер бұл айда тиісті күн болмаса – сол айдың соңғы күнімен бітеді.

²⁸ Зельдов С. И. Освобождение от наказания и его отбывания. – М., 1982. 9-бет.

Сотталған адамға босатылған кезде оған тиесілі заттары мен құндылықтары, оның жеке шотында сақтаулы ақшасы мен жеке құжаттары, сондай-ақ жазасын өтегені туралы немесе жазадан босатылғаны туралы құжат беріледі.

Бас бостандығын шектеу, қамау немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан босатылған сотталған адамның жеке ісінде сақтаулы тұрған төлқұжаты немесе жеке басының куәлігі, еңбек кітапшасы мен зейнеткерлік куәлігі оған босатылған кезде қолына беріледі. Сотталған адамның жеке ісінде төлқұжаты, жеке басының куәлігі, еңбек кітапшасы мен зейнеткерлік куәлігі болмаған жағдайда жазаны атқарушы мекеменің әкімшілігі олардың алынуына алдын ала шаралар қолданады..

ҚР ҚАК 175-бабына сәйкес, жазасын өтеген соттылығы бар адамдар үшін көзделген шектеулермен Қазақстан Республикасының азаматтар үшін белгіленген міндеттерді орындап, құқықтары пайдаланылады. Мұндай шектеулер тек заңда ғана көзделуі мүмкін.

Түзеу мекемелерінің тәжірибесінде бас бостандығынан босату кезінде мекеме бастығы немесе оның орнын басатын адам әрбір босатылатын адаммен жеке-жеке әңгіме өткізеді, босату туралы құжаттарының дұрыс толтырылуын тексереді, әкімшілікке деген арыз-шағымын сұрастырып біледі, әкімшілік қадағалау жасалуы мүмкіндігін ескертеді, сондай-ақ қажет болған жағдайда әкімшілік қадағалау жасау туралы заңның ережелерін түсіндіреді.

Жаза мерзімін өтеу – жазадан босатудың ең кең орын алған түрі. Заңмен қарастырылған кейбір жағдайларда мерзімінен бұрын жазадан босату жүзеге асырылады. Мерзімінен бұрын босату түрлерінің бірі іс бойынша ақтау үкімі шығарылған немесе іс жүргізудің қысқартылуына байланысты сот үкімі күшінің жойылуы болып табылады.

ҚР ҚІЖК 438-бабының талаптарына сәйкес, айыптау үкімі ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігіндегі 1-12-тармақтарында және 38-бабының 1-бөлігінде көзделген негіздер болғанда жойылуы және қысқартылуы мүмкін.

Әдетте, тәртіп бойынша істің қысқартылуына байланысты үкімнің жойылуы арыз-шағым мен наразылық білдіру бойынша кассациялық іс жүргізуде орын алуы мүмкін. Әрине, сот ҚР ҚІЖК 431-бабында көзделген басқа да шешімдермен бірге істі кассациялық тәртіппен қарай отырып, заңда көрсетілген негіздер бойынша үкімнің күшін жоя және істі қысқарта алады (ҚР ҚІЖК 37 және 38-баптары).

Мұндай негіздердің қатарында ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігінде көрсетілген төмендегі қылмыстық ізге түсуді болдырмайтын жағдайлар жатады:

- қылмыс оқиғасының болмауы;
- әрекетте қылмыс құрамының болмауы;
- егер ол жасаған әрекет үшін жаза қолдануды жойса, рақымшылық ету актісінің салдары;
- мерзімнің ескіруіне байланысты;
- ҚР ҚІЖК 33 және 34-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жәбірленуші шағымының болмауы;

- жеке айыптаушының ҚР ҚІЖК 33-бабының 2-бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша айыптаудан бас тартуы;
- өзі туралы белгілі бір айыптау бойынша соттың заңды күшіне енген үкімі не қылмыстық ізге түсудің мүмкін еместігін белгілейтін соттың күшін жоймаған қаулысы бар адамға қатысты;
- белгілі бір айыптау бойынша қылмыстық ізге түсу органының қылмыстық ізге түсуден бас тарту туралы күшін жоймаған қаулысы бар адамға қатысты;
- қылмыстық іс қозғау оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін қажет жағдайларды қоспағанда, қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі кіресілі-шығасылы жағдайда жасаған адамға қатысты;
- әрекет жасаған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмаған адамға қатысты;
- іс бойынша іс жүргізу қайтыс болған адамды ақтау немесе істі басқа адамдарға қатысты тергеу үшін қажет жағдайларды қоспағанда, қайтыс болған адамға қатысты;
- ҚР ҚК ережелеріне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамға қатысты.

ҚР ҚІЖК 38-бабы қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін және ақтамайтын жағдаяттар бойынша қылмыстық жауаптылықтан босататын қылмыстық істі қысқартатын мән-жайларды қарастырады. Мұндай жағдайда сот сотталушы адамды қылмыстық жауаптылықтан босату жөнінде айыптау үкімін шығаруға құқылы.

Іс жүзіндегі қылмыстық атқару тәжірибесінде мерзімінен босату түрінің *шартты-мерзімінен бұрын босату мен жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы* жиі қолданылады.

ҚР ҚАК 169 бабы шартты-мерзімінен бұрын босату мен жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру тәртібін қарастырады. Сотталған адамға қатысты бұл тұрғыдағы шартты-мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы мәселені шешу үшін жазаны атқарушы мекеме немесе орган белгіленген тәртіп бойынша шартты-мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы сотқа ұсыныс жасайды.

Шартты-мерзімінен бұрын жазаны өтеуден босату туралы, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы және рақымшылық жасау туралы ұсыныста сотталған адамның тұлғасын, жазаны өтеудің бүкіл мерзіміндегі тәртібі мен еңбек пен оқуға деген көзқарасын сипаттайтын деректердің бәрі көрсетілуі тиіс. Мерзімінен бұрын босатудың мұндай түрі үшін міндетті түрдегі формальды негіз жазаның белгіленген бөлігі өтелген болуы керек.

Шартты-мерзімінен бұрын босатудан жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру түрінің айырмашылығы ол тек қана бас бостанды-

ғынан айырылуға сотталған адамдарға қолданылады. Жазаның басқа түріндегі жазаларға неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру қолданылмайды.

Жазаны ауыстырудың негізі сотталған адамның түзелуі болып саналады, ал оның одан әрі түзелуіне бас бостандығынан айыру жазасын өтеу жағдайындағы емес, жазаның неғұрлым жеңіл түрі себеп болады.

ҚР ҚК 71-бабының мазмұнына қарайтын болсақ, заң бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру мына төмендегідей екі жағдай болуы керек:

- сотталған адам кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін жазасын өтеуші болмауы керек;
- сотталған адам сот тағайындаған мерзімнің үштен бірін өтеген болуы керек.

Бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру тәртібі шартты-мерзімінен бұрын босату түрімен бірдей. Бас бостандығынан айыруды жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру соттың міндеті емес, құқығы.

Шартты-мерзімінен бұрын босатудың немесе неғұрлым жеңіл жазаға ауыстырудың бастапқы мәселесі ең әуелі отрядта, содан кейін мекеменің әкімшілік комиссиясының қарауымен осы мәселенің дұрыс шешілген нәтижесі туралы шешімі ұсыныс ретінде сотқа тапсырылады. Мәселе нәтижесіз шешілген жағдайда екінші қайталап қарау 6 сағаттан кейін қолға алынады. Бұл жерде ұсынысты қарудың барлық әрекеті жаңадан басынан бастап басталуы тиіс.

Сот шартты-мерзімінен бұрын босату мен жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы істі тәртіп бойынша түзеу мекемесінде, жұмыс пен оқудан қолы бос басқа сотталған адамдардың және мекеме өкілдерінің міндетті түрдегі қатысумен ашық сот мәжілісінде қарайды. Істі бұлайша қарау сотталған адамдарды мерзімінен бұрын босату түрінің тәрбиедік тиімділігін арттыра түседі.

Сотталған адамды мерзімінен босатудың бұл түрінің негізі соттың анықтауы болып табылады.

Жазаны өтеуден рақымшылық жасау немесе кешірім жасау тәртібімен босату. Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабының 6-тармағына сәйкес, азаматтарға рақымшылық туралы акті шығару құқығы Қазақстан Республикасы Парламентінің үлесіне тиеді. Парламент актісінің үлгісі Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабының 1-бөлігінде көрсетілген. Рақымшылық мемлекеттік құқықтық акті ретінде белгілі бір жеке адамдарға қатысты хабарланады, мысалы, абайсыздықта қылмыс жасаған әйелдерге, кәмелетке толмағандарға, Ұлы Отан соғысына қатысушыларға қолданылады.

Рақымшылық актісі қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылықтан, ал сотталғандар мен жазасын өтеп жүргендерді жазаны өтеуден босату мүмкіндігін қарастырады. Сонымен бірге, рақымшылық тек қана белгілі бір жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін: жазаның белгілі бірі бөлігі өтелген шақта, сотталушыға жақсы мінездеме берілгенде және басқа жағдайларда. Рақымшылық туралы актімен жазасын өтеп жүргендер қосымша жазадан

босатылуы, ал негізгі жаза мерзімі қысқартылып немесе жазаның жеңілірек түрімен ауыстырылуы мүмкін. Жазасын өтеп шыққан адамдар немесе оны одан әрі өтеуден босатылғандардан соттылығы алынып талалуы мүмкін.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамаларына сәйкес рақымшылық актісі белгілі бір бір қылмысқа жаза қолданбауды белгілеген болса, ондай қылмысқа қылмыстық іс қозғалмайды, қозғалған іс қысқартылады. Мысалы; Қазақстан Республикасының «Халықаралық отбасы жалына байланысты рақымшылық жасау туралы» 1994 жылғы 5-қазандағы Заңының 12-тармағы былай деп қаулы еткен: «Осы Заң күшіне енгенге дейінгі осы Заңның 1-3-баптарында көрсетілген адамдар жасаған қылмыстарға байланысты тергеу істері мен соттар әлі қарамаған істер қысқартылсын». Осы Заңда көрсетілген адамдар қатарына бұрын жауапқа тартылмаған кәмелетке толмағандар, бас бостандығынан айырумен қатысы жоқ жазаны өтеп жүрген әйелдер, әскери борышын өтеп жүрген кезде қаза тапқан әскери қызметкерлердің жесірлері, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер, 60-тан асқан еркектер мен 55-тен асқан әелдер, I және II-топтағы мүгедектер және басқа да санаттарғы сотталғандар жатады.

Қылмыстық іс сотта жатқан жағдайда ол қысқартылмайды, соттың үкім шығаруымен және жаза тағайындауымен қарастырылады, бірақ сотталған адам рақымшылық актісінің негізінде негізгі және қосымша жазаны өтеуден соттың үкімінде міндетті түрде көрсетілген тәртібі бойынша босатылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 168-бабында рақымшылық жасау мен кешірім жасауды сотталған адамды жазадан босатудың негізі ретінде қарастырады, алайда рақымшылықты қолданудың тәртібі рақымшылық актісін қабылдаған органмен анықталады.

Қазақстан Республикасының азаматына кешірім жасау Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 15-тармағы бойынша Президентпен жүзеге асырылады.

ҚР ҚК 76-бабының 3-бөлігі белгілі бір жеке адамға ол жөнінде айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда кешірім жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Президенті шығаратындығын белгілейді.

Кешірім жасау туралы акті өлім жазасына кесілген адамдарға ғана қатысты емес, жазаның басқа да барлық түрлерін атқаруға қатысты қолданылады. Тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қылмысы үшін сотталған адамдардың жазасын толығымен өтеуден босатылатындығы туралы Жарлық шығарады. Президент қызметінің өзінің ерекшеліктеріне қарай кешірім жасау мәселесімен оның Аппаратындағы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы мен Жоғарғы сотымен кешірім жасау туралы ұсыныстарды алдын ала қарастыратын арнайы басқарма айналысады.

Кешірім жасау актісімен жазасын өтеп шыққан адамдардың соттылығы да алынып тасталады.

Ауыр сырқат немесе мүгедектігіне байланысты жазаны өтеуден босату. ҚР ҚК 73-бабы адамды ауруға шалдығуына байланысты жазадан босатуды қарастыратын болса, ал ҚР ҚАК 168-бабы жазаны өтеуден босатудың

негіздерінің біріне сотталған адамның ауыр сырқаты немесе мүгедектігі болуын жатқызады.

ҚР ҚК 73-бабының мазмұны бойынша ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін және соттық талқылау әлі өткізілмеген жағдайда ғана орын алады. Сондықтан адамды мұндай босату сотталған адам жазасын өтей бастағанда қолға алынады.

ҚР ҚАК 168-бабы мазмұнының ерекшелігі, бұл жағдайда сотталған адам сот тағайындаған жазаны одан әрі өтеуден босатылады. Бұл жағдайда адамның сотталу фактісінің басталғаны ғана емес, тағайындалған жазаны оның өтеп жүрген фактісі болуы керек. Нақтырақ айтқанда, осы екі жағдайда екі түрлі құқықтық қатынас субъектісі болады.

Сондықтан қылмыстық жазаны өтеп жүрген адамдарға қатысты босату тек қана ауыр сырқаттағы немесе I және II-топтағы мүгедек адамдарға қолданылатынын білуіміз керек.

ҚР ҚАК 169-бабының мазмұнына сәйкес ауруына байланысты жазаны өтеуден босату мына төмендегілерге қолданылады:

- жүйкесінің бұзылуы салдарынан ауруға шалдыққан жазасын өтеп жүрген адамдарға;
- ауыр сарқатқа шалдыққан жазасын өтеп жүрген адамдарға;
- жазасы бас бостандығынан айыруға қатысты емес I және II-топтағы мүгедектігі бар жазасын өтеп жүрген сотталғандарға.

Осы айтылған барлық негіздер болуы үшін жазасын өтеп жүрген сотталғандардың жазасын өтеуді одан әрі жалғастыруға мүмкіндік бермейтіндей ауыр сырқаты болуы тиіс.

Жүйкесінің бұзыла бастауы, яғни психикалық есі дұрыс еместіктің басталуы сотталған адамның жазасын өтеуді одан әрі жалғастыруға мүмкіндік бермейді. Оны жеке оқшаулағышқа қамау мен өзге де түзеу-тәрбие жұмыстарының бәрі де ешқандай нәтиже бере алмайды. Мұндай сотталғандарды басқа сотталғандардан бөлек арнайы емдеу мекемелерінде ұстаған жөн.

Жүйкесінің бұзылуымен ауырған сотталған адамдарды босату үшін арнаулы нормативтік актімен қарастырылған осындай аурумен ауыратындығын анықтаған арнайы дәрігерлік комиссияның қорытындысы негіз болады. Мұндай жағдайда бас бостандығынан айыру жазасын атқарушы орнның немесе органның әкімшілігі жазадан босату туралы сотқа ұсыныс жасайды. Ұсыныспен бірге сотқа дәрігерлік қорытынды мен сотталған адамның жеке ісі жіберіледі.

Сот мұндай жағдайда сотталған адамды одан әрі жазасын өтеуден босатуға міндетті. Бұл жерде сотталған адамның жаза мерзімінің қаншасын өтегені, жазасын өтеп жүргенде өзін қалай ұстағандығы ешқандай рөл ойнамайды.

Ауыр сырқат салдарынан сотталған адамды жазасын өтеуден босатудың тәртібі бірсыдырға басқаша. Мұнда сотталған адамның ауруын айғақтайтын арнайы дәрігерлік қорытындымен бірге жазасын өтеп жүрген кездегі тәртібін сипаттайтын мінездеме де рөл атқарады. Бұл жағдайда жазаны одан әрі қарай өтеуден босату соттың міндеті емес, құқығы, ендеше мұндай адамның не

босатылуы не босатылмауы да мүмкін. Сот шешімінің нәтижесінде мұндай сотталған адам жазасын өтеуден босатылмай-ақ арнайы дәрігерлік мекемеге емдеуге жіберілуі мүмкін.

ҚР ҚАК 169-бабының 7-бөлігіне сәйкес сотталған адамды жазасын одан әрі өтеуден босату негізі ретіндегі мүгедектікті ескеру қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту мен бас бостандығын шектеу түріндегі сотталған адамдарға ғана қолданылуы мүмкін. Бұл жоғарыдағы осы айтылған жаза түрлерінің барлығының басты шарты сотталған адамның қоғамдық-пайдалы еңбекке міндетті түрде қатысуы болса, алайда адамның мүгедектігі осы аталған жаза түрлерін өтеуге кедергі жасайды және бұл жерде жазаның өзінің кейбір мағынасы жоғалатыны сөзсіз. Сондықтан, қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту немесе бостандығын шектеу түріндегі жазамен сотталған адамдарды I және II-топтағы мүгедек деп тану үшін жазаны өтеуші мекеме немесе орган сотталған адамды жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босату жөнінде ұсыныс жолдайды, ал тәртіп бойынша сот мұндай ұсынысты қанағатандыруға тиіс.

Заңмен қарастырылған *өзге де негіздерге байланысты жазаны өтеуден босату*, мысалы қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту мен бас бостандығын шектеу түріндегі сотталған әйелдердің жүкті екендігі анықталған жағдайда қолданылуы мүмкін.

Мұндай әйелдерді жазасын өтеуден босату мүгедектікке байланысты босату сияқты жүзеге асырылады, бірақ сотқа өтініш білдіргеннен бастап емес, заңда қарастырылған жүктілігіне байланысты демалысқа жіберілген кезінен басталады.

9.3. Түзеу ықпалының нәтижелерін нығайта түсу.

Түзеу мекемелерінен босатылған адамдарды еңбекке орналастыру және тұрмыстық жайғастыру

Жазаны өтеуден босату азаматтардың көптеген құқықтыры мен міндеттерін қалпына келтіруді талап етеді. Сотталған адам жазасын өтеп шыққаннан кейін өзінің қарауынша тұратын жерін, кәсібін таңдай алады, өзінің керегінше тапқан табысын жұмсай алады, біреулермен таныса, отбасы құра алады.

Осыған қарамастан, жазасын өтеп шыққан мұндай адамдар үшін бәрібір оның құқықтарына белгілі бір шектеулер жасайтын, біраз үзіліп қалған әлеуметтік жағдайларды қалпына келтіруді талап ететін басқаша құқықтық мәртебе пайда болады.

Бостандыққа шыққан азамат дәл босаған кезінде құқықтарын қалпына келтіру ауызбен айтқанда ғана оңай түскенін көргенімен қалың өмірге араласқан бастапқы кезеңде біраз қиыншылықтарды басынан кешіріп, әлеуметтік байланыстарын қалпына түсіру үшін тырысып, көп еңбектенуіне тура келеді.

Бостандыққа шыққан адамның әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіруді жүзеге асыру үшін оған тән біраз құқықтар мен міндеттер қажет болып есептеледі.

Жазасын өтеп шыққан адамның құқығы туралы айтқанда, кейде оларға қандайда болмасын құқық беруге қандай негіз бар, сотталып шыққандарға басқаларға қарағанда ерекше көңіл аударудың қажеті бар ма деген күмәнді сауал туындайды.

Ал енді осы сауалға жауап іздеуге келгенде, жазасын өтеп жүрген кезде олар онсыз да қоғамдық қатынастардан қол үзіп, бірқатар құқықтарынан айырылып қалды емес пе, ендеше адамгершілік жолына түскен болса, соларды неге қайтарып бермеске деген ой туады. Кейбір құқықтары сотталып шыққанан кейін қолданылмай қалады. Олардың қоғамға сол бұрынғысынша қайтадан қосылып, араласуы үшін сол құқықтарын қалпына келтіру үшін арнайы соларға тән бірқатар құқық топтары қарастырылған. Оларды дербес үш топқа бөлуге болады:

1. *Материалдық көмек алу құқығы.* Бұл құқық тұратын немесе жұмыс істейтін орнына, ал мүгедектер мен қарттарға соарға арналған мекемелерге жетуі үшін тегін жолақы; баратын жеріне жеткенше тамақпен немесе оларды сатып алатын ақша; қажет ететіндерге маусымдық киім мен аяқкиім берумен көрінеді.

Қажет болған жағдайда бостандыққа шыққан сотталған адамдар өздерінің өтініштері бойынша түзеу мекемесімен есеп айырысу кезінде белгіленген мөлшерде қосымша ақшалай жәрдемақы ала алады.

Егер бас бостандығынан айыру орнынан баласы бар әйел босатылатын болса, оған бала үшін тегін тамақ, маусымдық киім береледі.

2. *Тұратын жеріне жету үшін көмек алу құқығы.* Бұзылмайтын тәртіп ретіндегі бұл құқық ҚР ҚАК 177-бабының 5-бөлігінде былайша тұжырымдалған, түзеу мекемелерінен босатылатын, денсаулық жағдайы бойынша ұдайы күтімге мұқтаж адамдар, сондай-ақ он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар тұратын жеріне туыстарына немесе алып кетуге келген өзге адамға не түзеу мекемесі қызметкеріне ертңп жіберіледі.

3. *Еңбекке орналасу мен тұрмыстық жайласу көмегін алу құқығы.* Екінші қайталап қылмыс жасаудың алдын алу жүйесінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды дер кезінде еңбекке орналасуы мен тұрмыстық жағдайын шешу мәселелері бірінші кезектегі орын алады.

Мұндай мәселелерді сотталып шыққан адамдардың көбісінің өздері өз бетімен шешеді. Алайда, еңбекке орналастыруда да, тұрмыстық жағдайын жайғастыруда да көмек қажет ететін босатылатындар мен босатылғандар жеткілікті. Әдетте, мұндай жағдайды ұзақ мерзімді бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шыққандар, бірнеше мәрте сотталғандар, туған-туыстары жоқтар, сондай-ақ ескі заңнамалар бойынша тұрғын-жайларынан айырылып қалғандар басынан кешіріп жатады. Осындай көмекті сотталғанға дейін тұрақты жері болмаған I және II-топтағы мүгедектер мен жасы жеткен қарттар, сондай-ақ бұрынғы тұрған жеріне барғысы келмейтін босатылғандар қажет етеді.

Материалдық және тұрмыстық сипаттағы көмек көрсету туралы мәселені шешу жазасын өтеп шыққан адамның өмірін қалыпқа келтіруде айтарлықтай маңызға ие болатыны сөзсіз.

Түзеу мекемелерінің қызмет тәжірибесінде босатылғандарға мұндай көмек көрсету мақсатында ауқымды іс атқарылады, өмірлік маңызы бар мұндай мәселені шешпейінше, жазасын өтеп шыққан адамды бірнеше рет түрме есігінен көруге болады. Әдетте, босатылғандардың көбісі өздерінің отбасына оралуға тырысады, тіпті тағдыры жараспағандардың өздері де алғашқы ұясына кешірім сұрап келіп жатады. Отбасының жазасын өтеп келген мүшесін лайықты қарсы алып, қабылдай білуі оның мінез-құлқын түзетіп, дұрыс жолға түсуіне көп септігін тигізеді. Сонымен бірге мұндай ниет пен көрініс сотталған адамның өзінің бойына және оны ұстаған әкімшілікке сенім ұялатады. Енді оның қоғамның сенімді бір азаматы болып шығатына деген үміт нығая түседі. Ахуалы дұрыс ортаға енген ол көп кешікпей жұмысқа да орналасады, тұрғын-жайы да болады. Сөйтіп, адал өмір сүруге жол ашылады.

Атап өту керек, өмірге лайықты бейімделудің міндетті түріндегі жағдайларының бірі тұрмыстық жайғастыру еркектер мен әйелдер үшін әртүрлі шешіледі. Әйелдер үшін бейімделу процесі өте күрделі өтеді, олардың отбасылық пен туысқандық байланыстарын қалыпқа келтіру қиынға түседі. Осындай жағдайдағы, яғни сотталған әйелдерге байланысты өмірде отбасы шырқының бұзылуы жиі кездесіп жататыны аян. Жалғыз басты әйелдер тұрмыс құра алмай, өзінің жағдайын өзгерте алмай далада қалатын кездер де көп кездеседі.

Сондықтан ондайларды босатар кезде күні бұрын, алдын ала олардың тұрмыстық жағдайының ойдағыдай болуын ойластырған да жөн сияқты.

Жазасын өтеп шыққандардың еңбекке орналасуына көмек көрсету олардың өмірі үшін өте қажетті мәселе. Адамның қоғамдық-пайдалы еңбекке араласа отырып, ең бастысы өзінің тіршілігіне қажетті табыс табады, өзінің материалдық моральдық мұқтаждықтарын қанағаттандырады. Ұжым арасында олардың бойында өмірге, еңбекке, адамға, заңды құрметтеуге дұрыс көзқарас қалыптасады. Көпшілікпен бірге өндірістік міндеттерді орындауға араласып, өмірден өз орындарын табуға тырысады.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі
5. *Стручков Н. А.* Советское исправительно-трудовое право. Особенная часть. – М., 1985.
6. Уголовно-исполнительное право России. – М., 1999.
7. Уголовно-исполнительное право. – М., 1996.
8. Уголовно-исполнительное право России. – М., 1997.

9. *Михлин А. С., Потемкина А. Т.* Освобождение от наказания: права, обязанности, трудовое и бытовое устройство: Учебное пособие. – Хабаровск, 1989.
10. *Иногамов Ш. Х.* Наказание отбыто. Как жить дальше? – М., 1990.
11. *Водяников Д. П., Кузнецова Л. В.* Условно-досрочное освобождение от наказания и замена не отбытой части наказания более мягким. – М., 1990.

10. ЖАЗАСЫН ӨТЕП ШЫҚҚАН АДАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУ

10.1. Жазасын өтеп шыққан адамның әлеуметтік бейімделуінің негізгі мазмұны

Әлеуметтік бейімделу мазмұны туралы мәселеге жауап беру үшін ең әуелі мұндай бейімделудің не қажеті бар деген мәселені анықтап алуымыз керек. Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаның мәнін алатын болсақ, ол адамды қоғамнан алшақтатып, онсыз да қыры кеткен адамның өміріне айға таңба басқандай дақ салып, өмірге деген көзқарасын өзгертіп, белгілі бір шектеулер мен бейімсіздікке бастайтыны белгілі. Осындағы шектеулердің қатарына туған-туыстары және отбасымен қарым-қатынастың тарылуы ғана емес, тіпті мысалы әдебиет пен өнерден, білім мен ғылымнан хабардар болып, оны одан өрістету, еңбек ұжымдарында адамдармен араласудың және басқа да әрекеттердің нәтижесінде келетін қоғамдағы рухани байлықтарымен байланысу мүмкіндіктерін де жатқызуға болады. Әділетсіз, жазықсыз күйзеліске ұшырататын құбылыс ретінде көрінетін бас бостандығынан айыру жазасы сотталған адамды қоғамнан алшақтатып, жағдайын қиындата түсетіні сөзсіз. Сотталған адамның жағымсыз субъективті жай-күйі мен күйзелісі көптеген жағдайда олардың ортаға деген сенімсіз көзқарасымен, ыза-кегімен, ұру мен соққыға жығыламын, бейшара күйге түсемін деген қорқыныш сезімімен, ал өзін жәбірлеген адам жазаланбайды деген ойлармен көрініп, білініп тұрады. Осыған орай, дәрекілік пен шектен шығушылық, қоқан-лоққы жасаушылық бас бостандығын айыру орындарындағы тамырына балта шауып, мүлдем құртатын мәселеге айналғалы қашан.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы тым жоғары психологиялық шиеліністер, үнемі жанжал тудыратын себептер, адамгершілік қасиеттің бұзылуы сияқты көріністермен бірге сотталғандардың тұрмыстық жағдайларының нашарлығы, бассыз кеткен тәртіп пен тіршілік, біреудің біреуден қорқып-сескенуі осының бәрі өте қолайсыз жағдай туғызады. Айналысын үнемі небір бұзық мінезді адамдар қоршаған сотталған адам өзіне-өзі келе алмай, не істерін білмей, алдағы болашағын болжай алмайтындай көңілсіз күйге түседі. Мұндай жайдың бәрі бас бостандығынан айыру орындарында бір ғана жынысты, небір бұзылған, шектен шыққан адамдардың бір жерге шоғырлану салдарынан пайда болады.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы тұрмыстық жағдайға келетін болсақ, ол өте шектеулі, жұтаң, күйкі тірлікті, жабайы, дәрекі, бір сөзбен айтқанда басқа халықтың тіршілігімен салыстырғанда тым кері кеткен. Бұл көбінесе сотталғандарды тамақтандыруға, емдеуге, тазалығын ұстауға жағдайдың жоқтығымен, әсіресе әйел затына деген жағдайдың ойластырылмауымен, жалпы алғанда пайдалы іспен айналысуға мүмкіншіліктің жұтаңдығымен көзге ұрып тұрады.

Қазіргі кезеңдегі түзеу мекемелеріндегі өндірістік базалардың осалдығы, сотталғандардың бәрін бірдей қоғамдық-пайдалы еңбекпен қамтамасыз ету мүмкіндігінің жоқты жағдайды күрделілендіре түсуде.

Шиеленісті, ыза тудыратын, ыңғайсыздық жағдайлардың объективті және субъективті себептерінің жиынтығы келіп қамаудағы сотталғандардың арасында алауыздық тудырып, бір-біріне күш көрсетумен тынады. Бір сөзбен айтқанда, сотталғандардың өміріне қажетті материалдық факторлардың қанағаттандырылмауы психологиялық жағымсыз әрекеттерге әкеп соқтырып жатады. Күш көрсету, зорлық-зомбылық жасау осындай себептердің салдарынан тамырын тереңге жайған келеңсіз көріністердің бірі. Шын мәнінде бас бостандығынан айырудың өзі де күш көрсету мен зомбылық.

Біріншіден, өйткені шектелген уақытта және шектелген кеңістікте адамгершілігі жағынан ең нашар бір жыныстағы адамдар тобы еріксіз, күштеп шоғырландырылған (тек қана еркектер немесе тек қана әйелдер, немесе тек қана кәмелетке толмағандар). Олар өздерінің әлеуметтік мәніне қарай өте нашар жағдайда бірге тұруға, бірге жұмыс істеуге жинастырылған қылмыскерлер болып табылады. Бұл жерде қылмыс бұл адамдардың өміріндегі алға қойған мақсаты емес, өздерінің қамын ойлап, күпкөріс, тіршілігі үшін амалсыздан жасалатын іс-әрекет. Мұны кейбіреулері бірнеше қайталап та жасап жатады.

Екіншіден, күш көрсетуге, зорлық-зомбылыққа сотталғандар қауымдас­тығы құрылымының өзі мен нақты бір белгіленген әлеуметтік топтар итермелейді. Мұндай топтардың құрылымның реттілігі соншама, ондағы сотталғандардың әрқайсысы өз орындарын біледі, басқа сотталғандарға қатысты мұнда кейбір сотталған адамдар мен топтардың күшпен бақыланатын және қолдау тауып отыратын мәртебелері де болады. Бұл түрлі заңы. Ол өте қатаң, ырыққа көнбейді, күш көрсету соның негізінде қаланған, ал осы заңның өзі де күш көрсетуге сүйенеді. Бұлар бірінсіз бірі болмаған болар еді.

Адам бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуге түскенде, дәл осындай сөзге тұрғысыз жағдайға тап болады. Мұндай жағдай оны түзеп қана қоймай, көп ретте моральдық жағынан азғындыққа түсіріп бұзады, қалыпты адамгершілік қасиеттен арылып қалады. Міне, сондықтан сотталған адамға әлеуметтік бейімделу қасиетін дарыту қажет болады.

Әлеуметтік бейімделу дегеніміздің өзі адамның белгілі бір әлеуметтік ортаға үйренуі, оның ережелері мен нормаларын игеріп орындай білуі, осы ортаға тән көзқарасты ұстана білу, бас бостандығынан айыру орнынан босап шыққаннан кейін лайықты өмір сүруге бет бұру, жағымды дағдылар қалыптастыру²⁹.

Сонымен бірге, сотталған адам жазасын өтеу жағдайындағы оқшаулауда өзінің өміріне лайықты ешқандай шешім қабылдай алмайды, өйткені бұл жерде оның өмірінің ережесін әкімшілік анықтап, белгілейді. Оның өзінің қаржы-қаражатын қажетінше жұмсай алатындай мүмкіндігі болмайды,

²⁹ Уголовно-исполнительное право: Учебник. – М., 1996. 97-бет.

өйткені оның қалтасында ақшасы жоқ. Осыған орай көлікке де міне алмайды, тойып ішетін, жылы киінетін киім де ала алмайтындай жағдайға душар болып, қоғамның әлеуметтік жағынан бейімсіз бір мүшесі болып қала береді.

Адам бас бостандығынан айыру орнынан жазасын өтеп шықты делік. Ал енді оның одан әрі қалай өмір сүруі тиіс? Мұндай сауал түзеу мекемесінен босап шыққан әрбір адамға қатысты қоюға тура келеді. Кейбіреулер, өз басына өзі бәле тілеп алды, енді не істесе соны істесін, дұрыс жолға түсіп, қоғамының лайықты азаматы боламын десе өзі білсін деп өз еркіне жіберуге тағы болмайды. Аса маңызы бар мұндай мәселеге көз жұмбайлық жасауға болмайды. Әрине онсыз да әркім ала көзбен қарайтын адамның өмірден өз орнын тез таба қойып, қалырты өмір арнасына түсе қою оңайлықпен келмейді. Ішкі істер органы қызметінің тәжірибесінде мұндай мәселеге көз жұмбайшылық жасауды кері әсерін тигізетінін көрсетіп жүр. Жазасын өтеп шыққан адам жұмысқа орналаса алмай, сергелдеңге түсіп, амалсыздан қылмыстық топқа еніп, солармен бірге жаңадан қылмыс жасайтын жәйттер жиі кездеседі. Ал енді кейбіреулері өзінің қателігін түсіне біліп, дұрыс жолға түсіп, адал еңбек еткісі келеді, заңды құрметтеп, оны бұзбауға тырысады.

Не істеу керек? Неге, кімге сенуге болады? Олардың қолында қандай құқық пен міндет бар? Ал соны жүзеге асыру үшін үкімет пен мемлекет тарапынан қандай көмек бар? Мұндай адамдарды әлеуметтік бейімделуін қандай жолмен жүзеге асыруға болады? Қатты толғандыратын мәселе осы.

Әлеуметтік бейімделу – бұл дегеніміз, жеке адамның топтардың тәртібі мен мінез-құлқын сол қоғамдағы, таптағы, әлеуметтік топтағы жоғары ұстайтын нормалары мен құндылықтарына бағындыру, икемдендіру. Ол әлеуметтендіру барысында (қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қызмет етуге мүмкіндік беретін белгілі бір білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін игеру барысында), сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қосылатын әлеуметтік бақылау механизмінің көмегімен жүзеге асырылады. Өз кезегінде әлеуметтік бақылау қоған мен оның бөлімдері (топтары, ұйымдары) көмегімен бұзылуы әлеуметтік жүйенің қызметіне нұқсан келтіретін белгілі бір шектеулерді (шарттарды) сақтауды қамтамасыз ету механизмін білдіреді. Мұндай шектеулер ретінде құқықтық және моральдық нормалар, әдет-ғұрыптар, әкімшілік шешімдер көрінеді. Әлеуметтік бақылау әрекеті осы шектеулерді бұзушыларға түрлі жолдармен тосқауыл қою арқылы қолданылады. Жазасын өтеп шыққан кейбір адамның тәртібі мен мінез-құлқы жазалау-тәрбиелеу ықпалдарының нәтижесіне емес, оның қамаудағы дағдыларынан арылып, жаңа өмірге бейімделе бастауына байланысты. Кейбіреулері тәрбиелеу ықпалын бойынан жоғалтпай, дұрыс жолға түсуге бет бұрса, енді біреулері керісінше қамаудағы бойына дарытқан жаман дағдыларын өнер көріп, есерленіп, қайтадан қылмыс жасап алғанын байқамай да қалады.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы бас бостандығынан айыру орындарында жүргізулер мынадай жағдайды көрсеткен: ұзақ мерзімді бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған 297 адамның 8,2%-ның босатылып шыққанға дейін отбасы сақталған, 84 пайызының есеп шотында небәрі 200-ақ теңге болған, 42,5 пайызы дәл босатылар кезде жазаны өтеу режимін бұзу-

шылыққа барған, 6,1 пайызы қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп шыққан, 25,9 пайызы қылмыс жасауда өздерінің кінәлі екендігін мойындамай, жасаған әрекеті үшін өкініш білдірмеген, 51 пайызы 5 жылдан 10 жылға дейінгі жазасын өтеу мерзімін толық аяқтап шыққан³⁰.

Жыл сайын бас бостандығынан айыру орындарынан мыңдаған адам босап шығып жатады. Олардың арасында өткеніне өкініш білдіретіндер де, әділетсіздіктің құрбаны болып кеткеніне ренжитіндер мен ыза-кек ұстанғандар да, қорлық-зорлық пен моральдық мазақ көргендер де, күні көре алмай далада қалатындар да бар. Міне осындайлар нарықтың тарықтыратын қыспағына түскен ортаға келіп, өз орнын таба алмай біраз сергелдеңге түсетіні белгілі. Істейін десе жұмыс жоқ, ішейін десе тамақ жоқ, жатайын десе орын жоқ. Осындай күйге түскендердің көбісі ырықсыз тағы да қылмыс жолына түсіп, қайтадан босап шыққан жеріне оралып жатады.

Бұрын заңды ұстана білетін, білгір маман, өз ісінің шебері атанған адамдардың өздері дақ түскен мінез-құлқымен өзінің бұрынғы жұмыс орнына да орналаса алмайды. Оған себеп көптеген өндірістік орындар тоқырап жабылып қалған, жабылмағаны жеке меншікке көшкен. Мұндайда өз қамын ғана ойлайтын шаруашылық қожайыны түрмеден шыққан адамды қайтсін.

Міне, осы сияқты босатылған адамдардың құқықтарын реттеуді жетілдіру мен олардың әлеуметтік бейімделу мәселесін тік көтеруді қажет етеді. Мұндай жағдайлардың орын алуы қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының құқық жүйесінде жазасын өтеп шыққан адамдардың еңбек етуге, денсаулығын сақтауға, әлеуметтік қамсыздандырылуға байланысты конституциялық құқығы дер кезіне және толығымен жүзеге асырылуын, жалпы алғанда гуманизм мен әлеуметтік әділеттілік қағидаларына жауап беретіндей дәрежесінде реттелмеуі басты себеп болып отыр.

Қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі жазасын тізіп қана көрсетеді, бірақ оның атқарылуына қандай кепілдік берілетіні айтылмайды. Осыған байланысты ішкі істер органдарының қызметкерлеріне. Жазасын өтеп шыққан адамдарға әлеуметтік бейімделу кезінде көмек көрсету туралы мемлекет тарапынан белгілі бір шаралар қарастыратын заң жобасын жасап және оны қабылдауды ұсынуда.

Мұндай заң бірқатар шет мемлекеттерде бар. Мысалы, Жапонияда бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан адамдарды еңбекке орналастыру және тұрмыстық жайғастыру мәселесімен осы елдең Әділет министрлігі «Қамаудан шыққандарға қамқорлық туралы» Заңының негізінде айналысады. Заңда жазасын өтеп шыққандарды жұмысқа орналастыру, емдеу, бос уақыттағы демалысын ұйымдастыру, босатылғаннан кейінгі алты ай бойы материалдық көмек беру сияқты қалпына келтіру мәселелері қарастырылған. Англия мен тағы басқа бірқатар елдерде сотталғандарды әсіресе шартты мерзімінен босатуға дайындық кезеңінде ұстайтын ашық үлгідегі түзеу меке-

³⁰ *Жорабеков С. Ж.* Проблемы социальной адаптации освобожденных от наказания в современных условиях // Право и государство. – 1997. – № 8.

мелер құрылып, қызмет көрсетеді. Ондағы сотталғандарға жартылай еркіндік берілген, оларға мекемеден тысқары шығып тұруға рұқсат беріледі. Сонымен бірге сотталғандардың алдағы бостандықты өмір салтына үйрене беруі үшін ұстау режимі бірсыдырғы жеңілдетілген. Мұндай мекемелер Германия, Чехия, Словакия елдерінің бас бостандығынан айыру орындарында да бар.

АҚШ-та жаза мерзімін өтегендер мен шарттымерзімінен бұрын босату құқығына ие болғандар еркін өмірге етіп үйрете беруі үшін арнайы ұйымдас-тырылған қоғамдық түзеу орталығына орналастырылады. Мұндай орталықта болған кезде сотталғандар өздеріне жұмыс іздей бастайды, туған-туыстары-мен және өзге де тамыр-таныстарымен байланыс орната бастайды. Босатыл-ған алғашқы кезеңде жұмысқа орналасқанға дейін күніне екі рет тегін тамақ беріледі, ал жұмысқа орналасқандар бастапқы күндері тегін тамақтандыры-лады. Орталық қызметкерлері жұмыс күні бойы сотталып шыққандардың жұмыс-тұрысы мен тәртібіне үнемі бақылау жасап отырады. Орталықта болу мерзімі-алты ай. Швецияда, мысалы, бас бостандығынан босап шыққандарды ақтау орталықтары құрылған. Онда арзан бағаға өзінің жұмысқа орналасу мен тұрмысын жайғастыру мәселесі шешілгенше тұрған жай мен тамақ алып тұруға болады. Осындай шведтің ақтау орталықтарына ұқсас мекемелер ре-сейдің Санкт-Петербург, Самара, Ярославль, сондай-ақ өзбектің Бұхара қала-ларында да ашылды. Эксперимент ретінде осындай орталық Оңтүстік Қазақ-стан облысының ішкі істер басқармасында да құрылған болатын, бірақ ол заң жүзінде ешқандай реттеліп, бекітілмеген соң эксперимент эксперимент түрін-де қала берді.

Осыларға қарап мынадай қорытынды жасауға болады; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылып шыққан адамдарды әлеуметтік жағынан бейімдеу мәселесін тек қана ішкі істер органдарының күшімен жеке қою мүмкін емес, мұндай іске жұмыс бағыттарын жария етіп қана қоймай, оның жүзеге асырылуына кепілдік беретіндей, босатылғандардың құқығын толық мәнде жүзеге асыруды қамтамасыз ететіндей көмек көрсетіп, осы салада қыз-мет ететін лауазымды адамдардың жұмысын жақсарту үшін бүкіл қоғам бо-лып, жалпы мемлекет болып мүдделі болу керек.

Мұндай орталықтардың қажет екендігі жөнінде Қазақстан Республикасын-дағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасында да айтылған, бі-рақ бұл жөніндегі ережелер, жинақталған тәжірибенің бар екендігіне қара-мастан жүзеге асырылмай қалды. Шындағына келгенде, әлеуметтік бейім-делудің өте қажет екендігі босатылғандардың көбісінің ауруға шалдығуына, мүгедекке айналуына, зейнеткерлік жасқа жетулеріне байланысты өткірлене түсуде. Бүгінде Қазақстан жеріндегі түзеу мекемелерінде бостандықтағы адамдардың денсаулығына айтарлықтай дәрежеде қауіп төндіретін 15 мың-нан аса құрт ауруымен (туберкулез) айыратын сотталып шыққан адамдар бар. Осындай бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың көпшілігі арнайы дәрігерлік көмекті қажет етеді, әлеуметтік пайдалы байла-ныстары – туған-туыстарынан ажырасып, айырылып қалғандар қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлеріне орналастыруды қажет етеді, алайда мұндай мекемелердегі орындардың толықтығынан олардың көбісі орналаса

алмайды. Соның салдарынан қаңғыбастыққа салынып, қайыр сұрап қордаларда, вокзалдар мен бекеттерде, шатырлар мен жертөлелерде, жылу құбырларының құдықтарында түнеп күн кешуге мәжбүр болады. Олар сонымен бірге айналысындағы адамдарға жұкпалы ауру тарататындай қауіп төндіреді.

Міне, осындай мазасыздандырып отырған мәселе қылмыстылықтың өсуінің басты себептерінің бірі. Ал онымен әзірше полициядан басқа ешбір қызмет айналысып отырған жоқ. Мемлекеттік басқа субъектілер мұндай маңызды мәселеге көңіл аудармағандықтан осы бағыттағы көптеген істер орындалусыз, шешусіз күйінде қалуда.

Босатылғандардың еңбекке орналасуы мен тұрмысын жайғастыру мәселелерін дер кезінде және толық көлемінде шешуге қатысты жазаны атқару органдарының ойлаған істерін жүзеге асыра алмай отырғандығының көптеген себептері бар. Солардың ең негізгі деген, қажет деген үшеуіне тоқталып өтейік:

1) ішкі істердің аумақтық органдары түзеу мекемелерінің хабарлары мен хабарламаларына, босатылғандардың ауданға немесе қалаға келіп, онсыз да қиюы кетіп отырған қылмыстық жағдайды күрделілендіре түседі деген себептермен онша көңіл аударғылары келмейді. Осы жөнінде түзеу мекемелерінің салған сұраулары мен тапсырыстарына жергілікті ішкі істер органдары «Тұрғын-жай құқығын жоғалтқан», «Туған-туыстары жоқ», «Құрт ауруымен ауырады» деген және басқа да сылтаулармен босатылғандарды қабылдаудан бас тартып жатады.

2) өздерінің өндірістік орындарындағы еңбек тәртібінің, тұрмыстық хал-ахуалдың бұзылу қаупінен сескенген кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары өздеріне артық жауапкершілік пен қосымша міндетті алғылары келмейді.

Қылмыстық жазаларын өтеп шыққан адамдарды еңбекке орналастыру мен тұрмыстық жайғастырудағы, еңбек ұжымдарына бекітудегі, олардың тәртібін бақылап отырудағы жіберілген елеулі кемшіліктер босатылғандардың қаңғыбастыққа салынуының, арамтамақтық күн кешуінің, қайтадан жаңа қылмыс жасауының басты себептері болып саналады. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылып шыққандардың мұндай тәртібі мен мінез-құлықтары жалпы сипат алғаны жасырын емес және ол қоғамдық өмірдің түрлі саласына жағымсыз сипат беріп, кері әсер етеді, жалпы қоғамға экономикалық және моральдық жағынан елеулі түрде нұқсан келтіретіні рас.

Кезінде, жазушы Михаил Алпатов өзінің «Маздақ жанады» деген кітабында «... өмірдегі ең қиын нәрсе – құпия сақтау, өкпені ұмыту және бос уақытыңды дұрыс пайдалану», деген екен. Еріксіз бостандық пен бос уақытты дұрыс әрі ұтымды пайдалана алмау, қоғамдық өндірістегі қолы бостық – қылмыстылықтың ең маңызды факторы. Бас бостандығынан айыру орындарында болып келу жағдайды қиындыты түседі, соны салдарынан елде ішінде өзін өзі керексіз, далада қалған сияқты сезінеді, еңбек ұжымына етене араласып, үйренісіп кетуде де біраз қиыншылықтар көреді. Мұның себептері жеткілікті: тұрмыстық жағынан жайғастырылмауы, кәсіби шеберліктің төмендігі, айналасындағылардың оны түсінбеушілігі және басқалар.

3) Босатылғандардың еңбекке орналастыру жағдайының қанағаттандырылмауының негізгі себептерінің қатарына оның тұрғын-жай алып және төлқұжат тіркеуіне тіркеле алмауы жатқызуға болады. Сотталған адам тұрғын-үй алуға құқылы болғанымен әлі күнге дейін бұл мәселе тиісті шешімін таба алмай келеді. Түрлі рақымшылық пен кешірім жасауларға да қарамастан, бұл мәселе сол күйінде қалып отыр. Осындай санаттағы жасы жеткен адамдарды интернат үйлеріне орналастырудың өзі де қиынға түсуде. Оғана себеп, орынның жетіспеушілігі ғана емес, түрмеде отырып шыққандардың осындай мекемелердегі ішкі тәртіп ережелерін бұзып, басқа тұрғындардың мазасын алып, тып-тыныш ахуалға нұқсан келтіру қорқынышы.

10.2. Түзеу мекемелерінен босатылғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі аға инспектордың қызметін құқықтық реттеу

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан адамдарға көмектің тиімділігін арттыу мақсатында 1973 жылы түзеу мекемелерінің штабына босатылғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі аға инспекторы деген қызмет лауазымы енгізілді. Аға инспектор еңбекке және тұрмыстық орналастыру мәселелерін шешумен бірге босатылғандардың әлеуметтік пайдалы байланыстарын қалпына келтіру, жұмыс пен тұрмысқа лайықты қарым-қатынасын, отбасы тіршілігіне араласуын, бостандықта адал еңбек етуін ұйымдастыруға, босатылғаннан кейін тағы да қылмыс жасаудың алдын алу мен ескертуге бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асырып, көмектеседі.

Өзінің жұмыс жүргізуін аға инспектор Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамалары, ҚР ПМ еңбекке және тұрмыстық орналастыру мәселелері жөніндегі бұйрықтары негізінде ұйымдастырады.

Аға инспектор қызметінің құқықтық базасын ҚР ПМ 1993 жылғы 5-наурыздағы «Қазақстан Республикасы ПМ-нің бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстық жазаны атқаруды ұйымдастыру жөніндегі Уақытша нұсқауын бекіту мен қолданысқа енгізу туралы» бұйрығы құрайды. Осы бұйрықтағы талаптарға сәйкес аға инспектор қызметін жоғара немесе орта арнулы білімі бар мамандар атқара алады делінген. Ол оның жұмысына басшылық жасайтын мекеме бастығына тікелей бағынады.

Сотталғандарды босатуға дайындық жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу кезінде аға инспектор:

а) сотталағандар арасында босатылғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру, оларға әкімшілік қадағлау жасау туралы заңдылықтары бойынша түсіндіру шараларын жүргізеді;

б) сотталғандар арасында түзеу мекемелері қызметкерлерінің, сот, прокуратура, полиция, кәсіпорын, құрылыс, ұйымдар мен мекемелер өкілдерінің күшімен еңбекке және тұрмыстық орналастыру, олардың одан арғы өміріне арналған әңгімелер, тақырыптық кештер, кеңестер өткізуді ұйымдастыру;

в) мекеме аумағының ішінде кәсіпорындардың жұмыс күшін қажет ететіндігі, олардағы еңбек пен тұрмыс жағдайы, жұмысқа қабылдау шарттары туралы ақпараттар мен хабарландыру стендісін жабдықтап және оны тұрақты түрде жаңартып отырады;

г) мекеме әкімшілігін, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдарды босатылғандардың еңбекке және тұрмыстық орналастыру мәселелеріне көмектесуге жұмылдырады;

д) сотталғандарды босатуға дайындық жұмысында бұқаралық ақпарат құралдарын, бұрын сотталып шыққан адамдардың хаттарын, сондай-ақ босатылатындардың жақын-туыстарының хат-хабарларын пайдаланады;

е) ішкі істер органдарына жеркілікті әкімият басшылары арқылы сотталғандарға тұрғын-жай мен жұмыс беру мәселелерін шешу жөніндегі мекеме бастығының қол қойған хатын әзірлеп және жөнелтеді;

ж) босатылғандарға дер кезінде босату туралы құжаттарын, жолақысын, баратын жеріне жететіндей азық-түлік немесе ақша алуына, маусымдық киім мен аяқкиіммен қамтамасыз етілуіне, түскен кезде тапсырған жеке заттары мен құжаттарын алып беруге көмектеседі. Апарып салу үшін біреудің көмегін қажет ететін 16 жасқа толмай кәмелетке жетпегендерді және басқаларды күні бұрын анықтайды;

з) қызметтік міндеттеріне байланысты қарастырылған басқа да шараларды орындайды.

Өзінің жұмысын аға инспектор өзі жасаған және мекеме бастығы бекітіп, қол қойған жоспар бойынша жүргізеді.

Дайындық жұмыстарын жүргізгенде аға инспектор мыналарға: кәмелетке толмағандарға; бұрынғы тұрғын орындарына оралудан бас тартқан қарттар мен мүгедектерге; сотталғанға дейін тұрғын және жұмыс орны болмағандарға; үш реттен артық сотталып, бас бостандығынан айыру жазасын өтеудің ұзақ мерзімінде болған аса қауіпті қылмыс жасауды қайталаушыларға; әкімшілік қадалағауға алуға жататындарға; түзу жолға түсе алмағандарға немесе қылмыстық жолдан шығуға уәде бере алмағандарға баса назар аударады.

Аға инспектор Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамаларын жақсы біліп және оның талаптарын өзінің жұмысы барысында қатаң сақтауы тиіс. Ол сотталғандардың жеке іс-қағаздарымен және оған қатысы бар басқа да материалдармен танысуға, өзінің құзырына сәйкес сотталғандарға қатысты мәселелерді қарау мен шешуге қатысуға, әкімшілік атынан ішкі істер органдарында, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда өкілеттік етуге құқылы.

Аға инспектор еңбекке орналастыруды және тұрмыстық жайғастыруды қажет ететін сотталғандардың есебін жүргізетін журнал ашуға, таяудағы үш айдың ішінде босатылатын сотталғандардың тізімін жүргізуге, олармен өткізілетін шаралардың есебін жүргізетін журнал ашуға міндетті.

Өзінің жұмыс нәтижесі туралы мерзімді түрде мекеме бастығы өткізетін жедел кеңестерде есеп беріп отырады, сондай-ақ кемшіліктер мен оларды жою жөніндегі атқарылған шаралардың есебін жүргізеді.

10.3. Түзеу мекемелері мен мемлекеттік органдардың әлеуметтік бейімделу мен қайталанып жасалатын қылмысты ескерту мәселелері бойынша өзара әрекеттестігі

Мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі қылмыстылықты түбірімен жою болса, осыған байланысты құқық қорғау органдарының да бірінші дәрежедегі міндеттері жұмыстың барлық буындарында, әсіресе босатылғандардың бостандық жағдайына әлеуметтік бейімделуінің бастапқы кезеңінде қайталанылатын қылмыстармен күрес жүргізу мәселесінде күштерін белсендірек біріктіре түсу болып табылады. Осындай міндеттерді жүзеге асыруда сотталғандарды бостандыққа шығаруға дайындау мен оларды жазасын өтеп шыққаннан кейін орналастыру мәселесімен айналысатын түзеу мекемелері мен ішкі істер органдарына ең басты орын беріледі. Олар қылмыстардың қайталануы себептері мен жағдайына әсер ететіндей алдын алудың арнайы көлемді шараларын жүзеге асырады. Бұған олардың қарауындағы тәрбиелік және алдын алу шараларынан бастап, қудалау сипатындағы шараларға дейін барлық күрес жолдары мен құралдары қолданылады. Жұмыс тиімділігінің кепілі жазасын өтеп шыққандар мен түзеу жолына түспегендердің қайталап қылмыс пен құқық бұзушылықтар жасауын қысқарту жолында дер кезінде шара қолдануы мен сотталғандармен тәрбиелеу және алдын ала жұмыстарын нәтижелі жүргізудегі барлық қызмет түрлері мен ішкі істер органдарының өзара әрекеттестігі болып табылады.

Түзеу мекемелері мен ішкі істер органдарының босатылатындар мен босатылғандардың әлеуметтік бейімделу кезеңіндегі алдын ала ескерту қызметіне олардың енді қайталап қылмыс жасамас үшін әрқайсысымен жеке-жеке жұмыс жүргізуді жатқызуға болады. Мұндай қызмет мынадай жұмыс жүргізумен көрінеді: бұрынғы тәрбиелік ықпалды бекіте түсу; әбден түзелу жолына түсіру; босатылғандардың жұмысқа орналасуы мен тұрмыстық жайғасуына, кәсіби біліктілігі мен шеберлігін, білімін, мәдениетін көтеруге көмектесу; жаңа жағдайға үйренулеріне, формальды және формальды емес жаңаша топтарға кіруге, жаңаша ілеуметтік пайдалы қарым-қатынастар мен байланыстарға кіруге көмектесу; жазадан босатылғандардың тәртібіне, өмір салты мен қарым-қатынастарына тиімді әлеуметтік бақылау жүргізу; босатылғандардың бойындағы жаман пиғылды дағдыларынан арылту.

Кішігірім құқық бұзушылықтарға жол беріліп, енді жаңадан қылмыс жасауға анық қауіп төнген шақтағы кейінірек тікелей өткізілетін алдын алу шараларымен салыстырғанда ерте басталатын алдын алу шаралары еңбекпен түзеу мекемелерінің қызметімен тығыз байланыста болады. Сөйтіп, ішкі істер органдарының жаңа жағдайдағы жұмыстары сол байырғы тәрбиелік ықпал ету жолымен жүргізіліп келеді. Кейінгі кездері бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар арасындағы қылмысты ескерту мәселелерін шешуде түзеу мекемелері мен ішкі істер органдарының рөлі айтарлықтай өсті. Олардың өзара бірлескен қимыл-әрекеттері мына төмендегі бағыттарда кең тарала түсті:

а) өзара мүдделі ақпараттар алмасу;

б) босатылғандардың еңбекке орналасуы мен тұрмыстық жайғастыру, әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіру сияқты өміріне қажетті ең негізгі деген мәселелерін алдын ала шешу;

в) колонияларда өткізілетін босатылуға тиіс сотталғандарды дайындау шараларына ішкі істер органдары қызметкерлерінің тікелей қатысуы;

г) жазасын өтеген адамдардың өмір салтын тексеру жұмыстары;

д) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандармен ішкі істер органдары қызметкерлерінің жүргізетін шараларына түзеу мекемелері қызметкерлерінің қатысуы;

е) қылмыстардың қайталанып жасалу себебі мен жағдайларын зерттеу.

Осы айтылғандарға байланысты олардың өзара әрекеттестігінің мынадай негізгі бағыттарын көрсетуге болады:

1) аймақтағы қайталанатын қылмыстылықты ескертудің жалпы шаралары кешенінде түзеу мекемелері мен аймақтық ішкі істер органдары шараларын билік органдарының жоспарлауы;

2) олардың қызметін қала мен аудан әкімшіліктерінің үйлестіруі мен басшылық жасауы;

3) түзеу мекемелері мен ішкі істер бөлімшелерінің Мәслихаттың түрлі комиссиясының жұмыстарына қатысуы;

4) босатылғандарды еңбекке орналастыру мен тұрмыстық жайғастыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.

Түзеу мекемелері мен аймақтық ішкі істер органдарының өзара әрекеттестігі мен ынтымақтастығы қылмыстылықпен күрестің, қылмыстың қайталануының көпфакторлы себептері мен шарттарына жұмыла ықпал ету қажеттілігінің жалпы мақсатына негізделген. Мұндай өзара әрекеттестіктер осы құқық қорғау органдары өкілдерінің жеке қарым-қатынастары мен олардың жұмыстарын үйлестіру мүмкін болған жағдайда белгілі бір әкімшілік аймақ шеңберінде жүзеге асырылады. Бұған, мысалы, сотталғандарды босатуға дайындық пен түзеу жұмыстарының нәтижелерін орнықтыру жөніндегі келісілген және бірлескен қызмет (босатылғаннан кейінгі олардың өмір салтын тексеру, түрлі бағыттағы алдын алу шараларын өткізу, еңбекке орналастыру мен тұрмыстық жайғастыруға, әлеуметтік-пайдалы байланыстырын қалпына келтіруге көмектесу) арқылы қол жеткізуге болады.

Өзара әрекеттестік қарым-қатынастар нақты бір жалпы міндеттерді шешуге негізделген. Олай болса, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар арасында ішкі істер органдары түзеу мекемелерінің өзара әрекеттестігін үйлестіруші органдар қолдайтын және қамтамасыз ететін, қайталанатын қылмыстарды арнаулы-криминалистикалық ескерту жүйесіндегі жалпы міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, нормативтік актілер мен қылмыстың алдын алуды ғылыми түрде басқаруға негізделген әкімшілік жағынан бір-біріне бағынышты емес ішкі істер органдарының келісілген немесе бірлескен қызметі деп айтуға болады. Түзеу мекемелеріндегі бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын және босатылғандарды әлеуметтік бейімделуін басқару мәселесімен (еңбекке орналастыру мен тұрмыстық жайғастыру; әлеуметтік пайдалы байланыстарын ретке келтіру, босатылған-

нан кейінгі алдын алу жұмыстарын жүргізу және т.б.) айналысуға әдетте, тәрбие аппаратының қызметкерлері; бастықтың тәрбие жөніндегі орынбасары; босатылғандарды еңбекке және тұрыстық орналастыру жөніндегі аға инспектор; отряд бастығы, жедел-ескерту жұмыстарымен режимдік және жедел бөлімнің қызметкерлері айналысады. Мысалы, бастықтың тәрбие жөніндегі орынбасары мекеме әкімшілігімен құқық қорғау органдары өкілдерінің сотталғандарды босатуға дайындау мектебіндегі жұмыстарын үйлестіреді. Босатылғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі аға инспекторы босатылатындардың әлеуметтік пайдалы байланыстарын қалпына келтіру мәселелерімен, осы санаттағы адамдар жұмысқа орналасатын еңбек ұжымының өкілдерімен сөйлеседі, босатылғандармен хат алмасып тұрады, олардың бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейінгі өмір салтын тексереді.

Аумақтық ішкі істер органдарында мұндай субъектілер болып: ішкі істер бөлімі бастығының бірінші орынбасары; қылмыстық-атқару инспекциясының қызметкерлері; учаскелік инспекторлар; қылмысты іздестіру аппараты мен төлқұжат бөлімінің қызметкерлері саналады. Қайталанатын қылмыстардың алдын алудың көптеген мәселелерін шешу осы лауазымды адамдардың жалпы шараларды орындау жолындағы белсенділігіне, бірауыздылығы мен мүдделілігіне байланысты.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, түзеу мекемелері қылмыстық жазаларды атқара және қылмыстың қайталанудың криминогенді факторларына ықпал ете отырып, тікелей ескертудің негізін қалыптастырады. Қамау саласына бағытталған және аумақтық ішкі істер органдарымен шешілетін шаралар көмекші сипатқа ие болады.

Түзеу мекемелерінің әкімшілігі үшін бұл – қылмыс жасаған, адамның қылмыстық жауаптылығын жүзеге асырудың соңғы, қорытынды кезеңін қамтитын жалғыз ғана процесс.

Қылмыстық-атқару заңнамалары мен ведомстволық актілерге сәйкес, бұл процесті бірнеше кезеңге бөлуге болады, ол кезеңдердің әрқайсысы төмендегідей нақты бір алдын алу шаралардан тұрады.

I. Жазаны атқару, бас бостандығынан айыруға сотталған адамды түзеу, олардың тұлғаларын зерттеу, жаза өтеуге себеп болған қылмысының себептері мен жағдайларын ашу:

II. Босатылардан алты ай бұрын басталатын жалпы дайындық, ең бастысы босатылатын сотталғандардың әлеуметтік психологиялық және құқықтық дайындық.

III. Міндетті үш сағаттық дайындық – түзелу нәтижесінің соңғы бағасы, қорытынды мінездеме жазу, олардың тәртібін, еңбекке орналастыру мен тұрмыстық жайғастырудың алдын ала шешімдері бойынша жұмыстарды бағдарлау, әкімшілік қадғалауға жататын босатылатындар тобын анықтау, олардың соттық және басқа да тиісті құжаттарын дайындау, босатылатын адамның таңдаған тұрғылықты орнынан ақпарат алу және жіберу.

IV. Босатуға 1-3 күн қалғанда басталатын соңғы қорытынды дайындық (босатылғандардың өндіріспен есеп айырысуы мен оларға материалдық

көмек көрсету, бас бостандығынан айыру орнынан босату рәсімін өткізу; босатылғандарды таңдаған жеріне жіберуді ұйымдастыру).

V. Түзеу мекемелері әкімшілігінің босатылғандардың босағаннан кейінгі тәртібі мен мінез құлқын бақылау, соотталғандарды түзету ықпалының нәтижелерін бекіту бойынша жұмыстар.

Осы аталған кезеңдердің нәтижелі жүзеге асырылуы барлық құқық қорғау жүйесінің қайталанып жасалатын қылмыспен күрестегі қызметінің деңгейін көтерудің шарттары болып саналатын түзеу мекемелері мен ішкі істер органдарының мамандануы мен тиісті дәрежеде өзара әрекеттесе қимыл жасауын тереңдете түседі.

10.4. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау мен оны жүзеге асыру тәртібі

Әкімшілік қадағалау дегеніміз бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан және әлі де қоғамға қауіптілігі бар адамдардың сыртынан әлеуметтік бақылау жүргізіп отыру нысаны болып табылады. Сонымен бірге ол бас бостандығынан айыру орнынан шыққан әлі де қылмыс жасайды-ау және басқалардың да қылмыс жасауына себепші болады-ау деген күмән тудыратын адамдармен жүргізілетін алдын алу шарасы болып табылады.

Әкімшілік қадағалаудың мақсаты – заңмен белгіленген құқықтық шектеу қойылған бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамдардың қайталап қылмыс жасауының алдын алу. Әкімшілік қадағалау бас бостандығынан айыру орнынан босатылған ересек адамдар үшін қолданылуы мүмкін.

Әкімшілік қадағалау институты Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15-шілдедегі «Бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңымен реттеледі.

ҚР ҚАК 179-бабы әкімшілік қадағалау құқықтық институтының қажет екендігін анықтай отырып және оны былайша анықтайды, бас бостандығынан айыру орнынан босатылған, аса қауіпті қайталап жасаған қылмысы үшін, ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін жазаларын өтеуші немесе қасақана жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотталған адамдарға, егер олардың жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқы өздерінің түзелу жолына қасақана түскісі келмейтіндігін және қоғам үшін қауіпті болып қала беретіндігін дәлелдесе, әкімшілік қадағалау тағайындалады. Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15-шілдедегі «Бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңының 2-бабы әкімшілік қадағалау жасалатын адамдардың төмендегіше тізімін береді:

а) сотпен аса қауіпті қайталап қылмыс жасаушы деп танылған адам;

б) ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адам; қасақана жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотталған, жазасын өтеу кезінде мінез-құлқы өздерінің түзелу жолы-

на қасақана түскісі келмейтін және қоғам үшін қауіпті болып қала беретін адам;

в) ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адам; қасақана жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотталған, жазасын өтегеннен немесе шартты-мерзімінен бұрын босатылғаннан кейін ішкі істер органдарының ескертулеріне құлақ аспай, қоғамдық тәртіп пен құқықты үнемі бұзатын немесе өзге де құқық бұзушы адам;

Жоғарыда аталған заңға сәйкес әкімшілік қадағалау жасау үшін төмендегілер негіз болады:

1) Заңның 2-бабының «а» тармақшасында көрсетілген аса қауіпті қылмысты қайталап жасаушы деп танылған адамға қатысты заңды күшіне енген соттың үкімі;

2) Заңның 2-бабының «б» тармақшасында көрсетілген адамға қатысты түзеу мекемесінің материалдары;

3) Заңның 2-бабының «в» тармақшасында көрсетілген адамға қатысты ішкі істер органдарының материалдары;

«А» және «б» тармақшаларында көрсетілген адамдарға қатысты әкімшілік қадағалау бас бостандығынан айыру орнынан босатылған кезде, ал «в» тармақшасында көрсетілген адамдарға қатысты әкімшілік қадағалау босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша бас бостандығынан айыру орнынан босатылған күннен бастап үш күннен кешіктірілмей тағайындалады.

«А» және «б» тармақшаларында көрсетілген адамдар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде мүзеу мекемесі орналасқан жердегі сотқа күні бұрын әкімшілік қадағалау тағайындалатыны туралы материалдар жіберіледі.

Түзеу мекемесінің әкімшілігі қадағалау тағайындау туралы ұсыныспен бірге сотқа босатылған сотталған адамның, әкімшілік өкілінің, сондай-ақ, егер босатылған адам өтініш білдіретін болса адвокаттың келуін қамтамсыз етеді.

Судья, әкімшілік қадағалау туралы өтініш білдірген әкімшіліктің өтініші мен сот мекемесіне келген адамның түсініктемесін тыңдағаннан кейін шешім қабылдап, кеңесу бөлмесінде қаулыны жария етеді.

Әкімшілік қадағалау тағайындау туралы қаулы орындалу үшін әкімшілік қадағалау жөнінде ұсыныс еткен адамға қатысы бар түзеу мекемесінің бастығына ғана жіберіледі. Өз кезегінде, мұндай қаулыны қабылдап алған мекеме әкімшілігі сотталған адамды босату жөніндегі құжаттарды жасау кезінде әкімшілік қадағалау жүргізілетіндігі жөніндегі құжаттарды да жасайды. Босатылғандығы туралы анықтама қағазында тиісті жазбаларды толтырып, белгі соғады, босатылған адамнан белгіленген ережелерді сақтау жауапкершілігі туралы қолхат береді.

Әкімшілік қадағалау 6 айдан 1 жылға дейінгі мерзімде төмендегі құқықтық шектеулер бойынша тағайындалады:

а) ішкі істер органдары белгілеген уақыт ішінде тұрғын-жайдан кетіп қалуға тыйым салу;

б) қаланың, ауданның белгілі бір орындарында болуға, сондай-ақ қадағалау жүргізетін ішкі істер органның рұқсатынсыз қаланың, ауданның шегінен шығуға тыйым салу;

в) жергілікті ішкі істер органына айына бір реттен төрт ретке дейін міндетті түрде келіп, тіркеліп отыру.

Мұндай құқықтық шектеу босатылған адамның өмір сүру салтына, үйі мен тұрғын орнындағы мінез-құлқына, қадағаланушының тұлғасын сипаттайтын басқа да міндеттемелеріне байланысты толық көлемінде немесе ішінара қолданылуы мүмкін. Жоғарыда аталған Заңның 9-бабына сәйкес, түзеу мекемесінің әкімшілігі қадағаланушы адамды босатар алдында ішкі істер органына соттың қадағалу тағайындау туралы қаулысын жібереді және оның тұрғылықты жеріне қашан баратынын хабарлайды.

Соттың әкімшілік қадағалу тағайындау немесе оны ұзарту туралы қаулысы, немесе құқықтық шектеу көлемінің өзгертілуі қадағаланушы қол қою арқылы хабарланады.

Әкімшілік қадағалау тағайындалған адамдарды тіркеу мен есебін жүргізуді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің белгілеген тәртібі бойынша аумақтық ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері әкімшілік қадағалауды жүзеге асыруда төмендегідей міндеттер мен құқықтарға ие болады:

1) қадағаланушылардың тәртібін тұрғылықты жері бойынша үнемі бақылап отыру;

2) қадағаланушылар тарапынан қоғамдық тәртіпті бұзушылықты, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруді ескертіп және болдырмау;

3) әкімшілік қадағалау тәртібін бұзған жағдайда белгіленген тәртіп бойынша хаттама толтырып және оны қарау үшін сотқа жіберу;

4) жұмыс істейтін орындары әкімшіліктерінен, ұйымдарынан, тұратын жерінен, сондай-ақ басқа да азаматтардан қадағаланушының тәртібі туралы сұрап, біліп отыру;

5) қадағаланушыларды ішкі істер органдары бөліміне шақырып алып, туған-туыстарының қатысуымен әңгіме өткізу;

6) әкімшілік қадағалау ережелерін орындауға байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсініктеме талап ету;

7) тәртібі мен белгіленген құқықтық шектеулерді сақтауын тексеру мақсатында тәуліктің кез келген уақытысында қадағаланушының тұрғын-жайына кіру.

Бұл жерде заңмен қарастырылмаған өзге жағдайларда қарау мен тінту жүргізуге жол берілмейді. Әкімшілік қадағалау төмендегі негіздерге байланысты тоқтатылуы мүмкін:

- мерзімінің аяқталуы бойынша;
- қадағаланушы түзелу жолына нақ түскен болса және тұратын жері мен жұмыс орнынан жақсы мінездеме берілген жағдайда, мерзімінен бұрын;
- қадағаланушыдан соттылығы алынып тасталған немесе жойылған жағдайда;

- қадағаланушының арнаулы түзеу мекемесіне мәжбүрлеп емдеуге жіберілуіне байланысты;
- қадағаланушының бас бостандығынан айыруға сотталуына байланысты;
- қадағаланушының қайтыс болуына байланысты.

Соттың немесе ішкі істер органының әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулысы қадағаланушыға қолын қойғызып алу арқылы таныстырылады. Заңның 16 және 17-баптары қадағаланушылардың төмендегідей құқықтары мен міндеттерін белгілейді:

- сотта әкімшілік қадағалау мен құқықтық шектеулер тағайындау туралы материалдармен танысуға;
- түсінктеме беруге, дәлелдемелер келтіруге;
- қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату, құқықтық шектеуді жою, тұрғылықты жерінен басқа жерге барып келу жөнінде өтініш білдіруге;
- ішкі істер органдарында әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулымен танысуға **құқылы**;
- өзіне қатысты тағайындалған құқықтық шектеулерді сақтауға;
- ішкі істер органының шақыртуы бойынша белгіленген мерзімінде келуге, әкімшілік қадағалау ережелерін атқаруға байланысты ауызша және жазбаша түсініктеме беруге;
- тәулік ішінде ішкі істер бөліміне өзінің тұрғын орнын ауыстыруы, жеке басының және қызмет бабының ісімен әкімшілік қаладан немесе ауданнан басқа жерге баратындығы жөнінде хабарлауға;
- ішкі істер бөлімінің рұқсатымен басқа елді мекенге барып, онда бір тәуліктен аса уақыт болатын жағдайда сол жердегі ішкі істер бөлімінде тіркелуге **міндетті**.

Әкімшілік қадағалу тағайындалған адам қадағалау ережелерін немесе белгіленген құқықтық шектеу тәртібін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауапқа тартылады.

2003 жылы Қарағанды облысы бойынша әкімшілік қадағалау туралы кейбір мәліметтерді қарастырайық:

	01.01.03 жылы есепте тұрды	Соның ішінде тармақша бойынша	Жыл ішіндегі әкімшілік қадағалау		Қылмыс жасады	
			барлығы	«в» тармақшасы бойынша	Барлығы	ҚР ҚК 362-бабы бойынша
Қарағанды қаласы	232	А– 1, Б– 11, В–220	530	510	25	24
Қазыбекби ауданы	131	А – 0, Б – 3, В–128	257	253	13	
Теміртау қаласы	93	А – 2, Б – 3,	182	176	3	3

		В – 88				
Балқаш қаласы	41	А – 1, Б – 2, В – 38	61	54		
Жезқазған қаласы	20	А – 0, Б – 1, В – 19	63	61	10	9
Ақтоғай ауданы	3	А – 1, Б – 0, В – 2	6	5		

Қазақстан Республикасының «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңына сәйкес, ішкі істер органдары бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққандар мен бостандықта бұрыннан жүргендерге қатысты әкімшілік қадағалау тағайындау туралы сотқа материалдар түсіруге құқылы, бірақ ол белгілі бір уақыт өткеннен кейін, үш жылдың ішінде ондай адам ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің ескертулеріне құлақ аспай, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың құқықтарын үнемі бұзатын болса ғана жүзеге асырылады.

Мұндай адамдардың тізімі Заңның 2-бабының «в» тармақшасында келтірілген, олардың қатарына мыналар жатады:

- ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққандар;
- екі және одан да көп рет қасақана жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан адамдар;
- ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің ескертулеріне құлақ аспай, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың құқықтарын үнемі бұзатын және өзге де құқық бұзушылық жасайтын жазасын өтеуді шартты-мерзімінен бұрын босатылғандар.

Әкімшілік қадағалау ішкі істер бөлімінің дәлелді өтініштеріне сәйкес соттың қаулысымен әрбір 6 ай сайын ұзартылады, бірақ ол екі жылдан аспауы тиіс. Ұзартылған әкімшілік қадағалау құжаттары бастапқыда көрсетілгендей толтырылып, жасалады.

Сөйтіп, әкімшілік қадағалау ең маңызды алдын алу және ескерту шаралары болып саналады және ол қатаң түрде Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
5. Қазақстан Республикасының «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңы
6. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы. – Алматы, 1997.

7. **Жорабеков С. Ж.** Проблемы социальной адаптации освобожденных от наказания в современных условиях // Право и государство. – 1997. – №8.
8. **Писарев В. Б.** Ресоциализация освобождения от отбывания наказания // Исполнение наказаний и социальная адаптация освобожденных: Сб. научных трудов ВНИИ МВД СССР. – М., 1990.
9. **Михлин А. С., Гуськов В. И.** Подготовка к освобождению лишенных свободы и закрепление результатов их исправления. – М., 1972.
10. Отбыл наказание. Как дальше жить? // Социалистическая законность. – 1991. – № 11.
11. Советское исправительно-трудовое право. – Л., 1989.
12. **Южанин В. Е.** Взаимодействие ИТУ и милиции в подготовке осужденных к освобождению: Сб. научных трудов ВНИИ МВД СССР, Вып. 7.

М А З М Ұ Н Ы

1. ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ ҰҒЫМЫ, ПӘНІ, ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛЕРІ.....	1
1.1. Қылмыстық-атқару құқығы нормалары ұғымы мен мазмұны..	1
1.2. Қылмыстық-атқару құқығы – құқықтың дербес саласы. Қылмыстық-атқару құқығының қағидалары.....	5
1.3. Қылмыстық жазаны атқару саласындағы мемлекеттің саясаты және оның қылмыстылықпен күрес саласындағы алатын орны.....	8
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЗАҢНАМАСЫ	11
2.1. Қылмыстық-атқару заңнамасы ұғымы, мазмұны, міндеттері, нысандары мен қайнар-көздері.....	11
2.2. Қазақстан Республикасының Конституциясы — қылмыстық-атқару құқығының қайнар-көздері.....	13
3. СОТТАЛҒАНДАРҒА ЫҚПАЛ ЕТУ АРҚЫЛЫ ТҮЗЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАНЫ АТҚАРАТЫН ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ӨЗГЕ ДЕ ОРЫНДАР	23
3.1. Жаза атқаратын мекемелер мен органдар жүйесінің сипаты....	23
3.2. Қылмыстық жазаны атқарушы мекемелер мен органдарның түрлері және олардың қылмыстылықпен күрес жүргізетін органдар жүйесіндегі алатын орны.	24
3.3. Түзеу мекемелері жүйесі және міндеттері. Түзеу колониясы – түзеу мекемелерінің негізгі түрі.	29
4. СОТТАЛҒАНДАРДЫ ТҮЗЕУДІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ	37
4.1. Бас бостандығынан айыру орындарында жазаны өтеу ұғымы, оның негізгі функциялары мен қамтамасыз ету әдістері.....	37
4.2. Сотталғандармен тәрбие жұмысын құқықтық реттеу.....	43
4.3. Сотталғандардың еңбегін құқықтық реттеу: оның негізгі қағидалары мен ұйымдастыру жолдары. Еңбек шарттары және оған ақы төлеу.	46
5. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРДЫ ЖІКТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ БӨЛУ.....	51
5.1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды жіктеу ұғымы...	51
5.2. Сотталғандарды түзеу мекемелері түрлері бойынша бөлу.....	54
6. ТҮРМЕЛЕРДЕ, КОЛОНИЯ-ҚОНЫСТАР МЕН ТӘРБИЕЛЕУ КОЛОНИЯЛАРЫНДА ЖАЗАНЫ ӨТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	58
6.1. Түрме – түзеу мекемелері түрлерінің бірі.....	58
6.2. Түзеу колония-қоныстарында жазаны өтеу.....	64
6.3. Тәрбие колонияларының түрі және ондағы жазаны өтеу ерекшеліктері.....	68
7. АЛДЫН АЛА ҚАМАУҒА АЛУДЫ АТҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ.....	73

7.1. Тергеу оқшаулағышы алдын ала қамауға алудағы негізгі орын ретінде.Тергеу оқшаулағышының пайдаланатын жері, міндеті және құрылымы.....	73
7.2. Алдын ала қамауға алуды атқарудың құқықтық /егіздері, тәртібі және шарттары	79
7.3. Алдын ала қамауға алу орнынан босату негіздемелері мен тәртібі..	87
8. ТҮЗЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.....	89
8.1. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару құқықтық реттеу (мәні, мақсаты, тиімділігі).....	89
8.2. Түзеу жұмыстарын өтеудің құқықтық режимі.....	94
9. СОТТАЛҒАНДАРДЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРНЫНАН БОСАТУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ. СОТТАЛҒАНДАРДА ТҮЗЕУ ЫҚПАЛЫНЫҢ ӘСЕРІН ҚАЛДЫРУ.	101
9.1. Сотталғандарды жазасын өтеуден босату: құқықтық және тәрбиелік мәні.....	101
9.2. Сотталғандарды түзеу мекемелерінен мерзімінен бұрын босатудың құқықтық негіздері мен тәртібі.....	104
9.3. Түзеу ықпалының нәтижелерін нығайта түсу. Түзеу мекемелерінен босатылған адамдарды еңбекке орналастыру және тұрмыстық жайғастыру.....	113
10. ЖАЗАСЫН ӨТЕП ШЫҚҚАН АДАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУ	117
10.1. Жазасын өтеп шыққан адамның әлеуметтік бейімделуінің негізгі мазмұны.....	117
10.2. Түзеу мекемелерінен босатылғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі аға инспектордың қызметін құқықтық реттеу	123
10.4. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау мен оны жүзеге асыру тәртібі.....	128

Зайролла Сембайұлы ТОҚЫБАЕВ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ**

Лекциялар курсы

Редакторы Ә. Д. Тұрғанбеков

Теруге 09. 07. 04 ж. берілді. Басуға 15. 09. 04 қол қойылды. Шартты баспа табағы 8, 9. Нақты баспа табағы 9, 1. Қалыбы 60x84 1/6. Қағазы офсеттік. Басылымы 200 дана. Тапсырыс № _____. Бағасы келісімді.